Әдебиет тарихының педагогикалық мәні – педагогикалық үдеріс барысында өскелең ұрпаққа көпғасырлық сөз өнер тәжірибені жеткізуді, сонымен қатар жеке тұлғаның шығармашылық санасының, әрекетінің, «сөлеу мәдениетінің тазалығын сақтауға жауапкершілігін білуден және тілдік «сырқаттардан» қорғау сезімін тәрбиелеуді көздейтін әдебиеттану мен педагогикадағы жаңа ғылыми – тәжірибелік бағыт» [1. 15]. Басқаша айтқанда, педагогикалық әдеби үдеріс субъектілерінің өзара әрекеті барысында сананы, қоршаған ортадағы поэтикалық құбылыстарды, олардың заңдылықтарын және ауытқыған құбылыстарды тану мақсатына бағытталған үдеріс. Жоғары оқу орны студенттердің әдебитанымдық құзыреттілігін қалыптастыру «Әдебиет

тарихы» элективті курсы арқылы іске асырылады. 6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығы студенттеріне арналған «Әдебиет тарихы» курстың мақсаты – қазіргі қазақ әдебиеттану саласында жеке зерттеуді қажет ететін үлкен саласының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттанудағы зерттеулердегі тың ізденістер мен жаңашыл көзқарастарды оқыту өзекті болып саналады. Тәуелсіз әдебиеттанудағы тың зерттеулер мен соған қатысты жаңашыл көзқарасты білу, мегеру, аналитикалық талдау жасай білу айрықша қажет. Ұлттық әдебиеттанудағы тың зерттеулер мен соған қатысты қалыптасқан жаңа концепция, тың тенденцияларды қазіргі уақыт талабына сай меңгере білу магистранттардың басты міндеттерінің бірі.

Пәннің міндеті - әдебиеттер байланысын танып, білуге, талдау жасауға үйретіп, көркем әдебиеттегі бағыт, ағым, тәсіл, әдіс және жанр мәселелерінің әдеби дамуымен байланысын толық меңгеруге тиіс сол үшін төмендегідей міндеттер алға қойылады:

а) әдебиет тарихындағы жаңалық, жетістік, жанрлық ерекшеліктер мен сөз қолданыс, көркемдігі туралы мәлімет беріп, келелі мәселелерін жүйелілігі мен заңдылықтарын меңгеру;

ә) Кезең қамтитын шығармалар туралы, ақын – жазушылар шығармашылығы туралы және сол кезеңге қатысты зерттеулер мен пікірлер туралы толық ақпарат беру. тіл мен әдебиетті оқытудың қазіргі заманғы талаптарын анықтау;

б) Студенттер тәуелсіздік кезеңінде қалыптасқан ұғымдармен, пікірлермен танысады, қазіргі әдебиеттанудағы тарихи кезеңдер ерекшеліктерін, ғылыми негіздері туралы теориялық мәселелерді игереді;

в) Пәнді оқыту барысында зерттеуші – ғылымдардың еңбектері жеке талданады. Пәннің бүгінгі жай-күйі ғылымдардың көзқарастарымен қарастыратын негізгі мәселелері айқындалады

Пән дәріс, тәжірибелік сабақтарын, СОӨЖ, СӨЖ-ді қамтиды. Жоғары оқу орнында теориялық білім берудің негізгі формасы дәріс.

Курс барысында «Әдебиет тарихының ғылыми әдіснамасы» тақырыбында өткізілген дәріске тоқталар болсақ, студенттердің оқу- танымдық әрекетінің психологиялық құрылым ерекшелігіне ұйымдастырылады:

**Дәріс** - өзекті мәселелерді игеру мен меңгерудің теориялық мәселелерін қарастыратын сабақ түрі. Дәрісбаян (лекция) – көлемді материалды монологтық жолмен баяндау. «Дәрісбаянның басқа сөздік әдістерден өзгешелігі – қатаң құрылымды, мол ақпаратты, баяндалуы қисынды, білім мәнін ашу жүйелікке негізделеді. Дәрісбаян ғылыми-көпшілік және академиялық болып ажыратылады. Өткен материалды қорытындылауға, қайталауға шолу дәрісбаяндары қолданылады» [2. 97]. Ол болашақ мамандық тұрғысынан студенттерді өмірден алынған теориялық мәселелерді шешуге бағыттайды. Қазіргі таңда дәріс интербелсенді әрекетке құрылады және дәрістің негізгі ұстанымы- білімді студенттің өздігінен игеруіне жетелеу, бағыт- бағдар ұсыну, мүмкіндік беру, білімдерін дамыту және терендету болып табылады. Себебі студенттер бағдарламада берілген ақпарат бойынша дәріс тақырыбы мен қарастырылатын мәселелерді, тақырып бойынша ұсынылған әдебиеттерді біледі, дәрістің қысқаша мәтінімен танысып, барынша дайындалып келеді. Ал дәріс олардың білгеніне негізделіп, сол білімдерін өрбітуді мақсат тұтады.

бекітуге, үйреншікті дағдыға айналдыруға машықтанады.

**Тренинг** қатысушыларда (студенттерде, қызметкерлерде) арнайы практикалық дағдыларды қалыптастыруға арналады, мұнда жұмыстың жалпылама әдістемесі қарастырылмайды [162].

Тренингтердің басты мақсаты-үйренудің ең тиімді жолдарын игеру. Тренингте студенттер өз әрекеттерін тиімді түрде ұйымдастыру мен жұмыста оң нәтижеге жету жолдарын іздеумен айналысады. Сондықтан тренингтерде оқу материалы тәжірибеге

негізделеді. Тәжірибе арқылы студенттер қажетті практикалық білім мен дағдыларды бекітіп, өздерінің өмірлік тәжірибелері мен жұмыс тәсілдеріне өзгерістер енгізеді.

Тренингтердің соңында үйренушілер үйренген дағды мен машықтары тұрғысында пікір алмасып, олардың тиімділігі мен маңызы туралы өз ойларын ортаға салып, талқылайды. Мұндай жұмыс әр үйренушінің өз ойлары мен пікірлерін қағазға түсірумен аяқталады. Тапсырмаға сәйкес студенттер берілген уақыт ішінде өз әрекеттерін талқылап, жоспарлап, өз шешімдерін жағдаятты көрсету, оны рөлдерге бөліп ойнау арқылы басқаларға жеткізеді.

Біз бағдарлама бойынша «Әдебиет тарихы және тарихи тұлға», «Қарахан дәуірі әдебиеті» тақырыптарын тренинг арқылы меңгерттік.

Тренингте тарихи тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін факторлар талданды. Тренингтерде студенттер жеке немесе топтық жұмыстардың нәтижелерін басқаларға таныстырудың әдістерін меңгерді. Мәселен, бір топ бірлесе отырып тарихи ортаның шығармашыл тұлға қалыптасудағы маңызын плакатта кесте, кластер түрінде кескіндеп, өз ұстанымын топ өкілі (шешен, спикер) арқылы түсіндірді. Бұл жерде басты назар жариялаудың қандай әдістер мен тәсілдер арқылы нақтылы, ұтымды әрі баршаға анық болатындығына аударылды. Студенттер тәсілдерді іс жүзінде игерді.

Әдеби шығарманың адам санасын дамытуға ықпалы, эмоциялы поэтикалық шарттары студенттерге жаңа дағдыларға үйрену тренингі арқылы меңгертілді. Бұл студенттік топ (немесе кафедра, ұйым, мекеме, фирма, кәсіпорын ұжымдары т.б.) мүшелерінің қандай да бір жаңа білік пен дағдыларға үйренуі үшін өткізілетін жаттығулар жиынтығы. Мұндай тренингтің мақсаты-топтың жұмыс жасау деңгейін (ұжымның бәсекеге қабілеттілігін) арттырып, студенттердің оқу мен жұмыстың жаңа тәсілдеріне үйренуі. Тренинг барысында студенттер өз ойын әдеби шығармашылық ойлау қағидасын сақтай отырып жеткізуге дағдыланды. Сондай-ақ сабақта топ құрамында бірлесе жұмыс жасау, өзгелермен тіл табысу, ортақ мәмілеге келу, жанжалдардың алдын алудың тәсілдерін меңгерді.

Қазіргі сабақтарда қолданатын оқытудың белсенді әдістері

**«Миға шабуыл»** – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Миға шабуыл» хабарландыруды анықтау керек болғанда және/немесе қатысушылардың белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Өткізу алгоритмі:

1. Қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру.
2. осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау.
3. Айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек). Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез-келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).
4. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек, және қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек.
5. Қатысушылардан, олардың пікірі бойынша алынған нәтижеден қандай қорытынды жасауға болатынын және тренингтің тақырыбымен байланысты оның қалай болатынын сұрай отырып жұмысты аяқтау қажет.

«Миға шабуыл» аяқталғаннан кейін (көп уақытты алмай, орташа 4-5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және келесілерін таңдау қажет. «Миға шабуыл» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

- даулы мәселелерді талқылау

- талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
- қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау;

**Шағын топтардағы жұмыс.** Алдын ала сақтандыру оқуы процесін оқушыларға шамамен жобалап құру қажет. Аталған жағдайда ең тиімдісі топтарда жұмыс істеу. Мұндай жағдайда оқытушы диагностика мен мониторингті қамтамасыз етеді, оқу-жаттығу ортасын ұйымдастырады, алғашқыда басқа ресурстар болмаса қолдау (кеңес, нұсқаулар береді) көрсетеді.

Ұқсастығын немесе белгілі бір құбылыстардың айырмасын жариялау қажет болса, жұмыстың мұндай нысаны қолданылады, қатысушылардың әр түрлі топтарының бір және сол мәселеге қатынасын анықтайды.

Білім процесінің субъектісі ретінде топтың интерактивті режимін енгізу не береді? Бұл, ең алдымен:

Қарым-қатынас жасау және өзара әрекет ету машығын дамытады.

Топтың бағалық-бағыттаушылық бірлігін қалыптастырады.

Жағдайға байланысты әлеуметтік рөлдер сменасының икемділігін кеңейтеді.

**Тест сынағы.** Тест сынағы әдісінің көмегімен жастардың хабарландырылу деңгейін немесе олардың талқыланатын тақырыпқа қатынасын анықтайды. Тест сынағын дұрыс жасау әдісі орынды болуы тиіс: олар сауатты, анық, ұғынықты тілде жасалуы қажет және оқушылардың сезімін қорғауы керек.

Тест сұрақтарын ала отырып оқушылар оларды назар сала оқулары және тиісті графада өздерінің жауап нұсқаларын: «дұрыс», «дұрыс емес», «білмеймін» деп белгілеулері тиіс.

Содан кейін, егер тест жасырын болмаса, жауаптары сабақтарда немесе топтарда талқыланады. Жасырын тест сынағы қорытындысын оқытушылар (тренерлер) шығарады. Ал кәдімгі тест сынағы қорытындысын – жауаптарын оқушылармен бірге талқылағаннан кейін оқытушылар (тренерлер) шығарады.

**Рөлдік ойын.** Рөлдік ойын - бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы.

Рөлдік ойындар шағын топтарда (3-5 қатысушы) жүргізіледі. Қатысушылар карточка арқылы (тақтада, қағаз парақтарда және т.б.) тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойнайды және барлық топқа ұсынады (көрсетеді). Оқытушы балалардың мінез-құлқын ескере отырып рөлді өздері бөледі.

Бұл әдістің артықшылығы сол, әрбір қатысушы өзін ұсынылған рөл жағдайында көрсетеді, сол не басқа жағдайды айтарлықтай шынайы байқайды, сол не басқа әрекеттердің салдарларын сезінеді және шешім қабылдайды.

Жұмыстың аталған нысаны ойын жағдайларын құрастыру жолымен, тапсырылған шарттармен алдын ала белгіленген мінез-құлқын, сол немесе басқа жағдайларда адамдардың мінез-құлқы мен эмоционалдық реакциясын бейнелеу үшін қолданылады.

**Жобаны әзірлеу.** Бұл әдіс қатысушыларға ойша сыныптан шығып, талқыланатын мәселе бойынша өз әрекетінің жобасын жасауға мүмкіндік береді. Ең бастысы, топ немесе жекелеген бөлімшелердің өз жобасын қорғайтын, басқалардың алдындағы өзінің артықшылығын дәлелдейтін және достарының пікірін білуге мүмкіндігі болады.

Мысалы: өзінің қаласындағы дүлей апаттың қаупін төмендету жөнінде жоба жасау.

Қатысушылардың мамандандырылған мекемелерден кеңес алуға, кітапханалардан әдебиеттер алуға және т.б. алуға мүмкіндіктері бар.

Қатысушыларға газеттен тақырып мәселелеріне қатысы бар басылымдар, суреттер, мақалалар жинауға, содан кейін бұл материалдарды топ болып талқылауды ұсынуға болады.

**Бейнефильмдерді көру және талқылау.** Сабақтарда дүлей апаттардың қаупін төмендету жөнінде көркем және деректі бейнефильмдерді, олардың фрагменттерін, сондай-ақ бейнероликтер мен бейнесюжеттерді пайдалануға болады.

Тиісті мазмұндағы бейнефильмдерді тек қана қосымша материалдар ретінде емес, сабақтардың және тренингтердің кез-келген түріне оның тақырыбы мен мазмұнына сәйкес пайдалануға болады.

Фильмді көрсетер алдында оқушылардың алдына бірнеше (3-5) шешуші сұрақтар қою керек. Бұл келесі талқылауға салудың негізі болады. Алдын ала таңдалып алынған кадрлармен фильмді тоқтатып, пікір сайыс өткізуге болады.

Соңында оқушылармен бірігіп міндетті түрде жиынтығын шығару және қорытындысын жариялау керек.

**Ширату.** Ширату денеге және психологияға түскен салмақты кетіру мақсатында қолданылады. Ширату сондай-ақ коммуникативтік машықты (қарым-қатынасты) дамытуға мүмкіндік береді. Олар мазмұны, іс-әрекеттің нысаны және ұзақтығы бойынша ретті болуы тиіс. Мысалы, айталық, зейінді жинақтауды талап ететін жаттығудың алдында көп қимылды керек ететін ширату ойынын жүргізудің керегі жоқ.

**Кері байланыс.** Кері байланыс қатысушылардың талқылап отырған тақырыптарының реакциясын ұғынуға, оқуды ұйымдастыру мен өткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын көруге, нәтижелерін бағалауға мүмкіндік береді.

Қатысушылар (ерікті түрде) өткізілген жаттығулар, ақпараттық блок, нақты күн немесе барлық тренинг бойынша өз ойларын айтуды ұсынады.

Әрқайсысының сезімдері мен қобалжуларына назар аударып отыру маңызды.

Барлық айтылған пікірлер тренерлер тарапынан да, басқа қатысушылар тарапынан да үнсіз, даусыз, түсініктемесіз және сұрақсыз тыңдалуы тиіс. Әрбір сөйлеушіге айтқандары үшін алғыс айтқан дұрыс. Басқалармен тең дәрежеде тренерге де кері байланыс ұсынған дұрыс.

Қорыта айтар болсақ, ЖОО-да өгілетін сабақта студенттің белсенділігін арттырып, қызықтыру үшін әртүрлі әдіс – тәсілдер қолдануға болады. Өзгеру- бұл заман талабы, ескілікпен қалып кететін болсақ, онда алға қарыштап басу, даму мен ілгерілеушілікте болмасы хақ. Еліміз өркендеп өссін десек, ел тізгінін білімді де білікті мамандар ұстасын десек, туы мен рухын биік ұстайтын азаматтарымыз болсын десек, онда оқыту жүйесіндегі өзгерістерге оң қарап, оны дұрыс қабылдап, заман талабына, қоғам сұранысына сай бейімделуіміз қажет. Бүгінгі студент - ертеңгі тұлға. Сондықтан студенттеріміз жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдістен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену үшін оқытушыларға зор міндеттер жүктеп отыр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Смағұлов, Ж.Қ. *Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы.* - Алматы : Отан, 2018. - 400б.

2. Байтанасова, Қ., Айтуғанова С. *Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.* – Астана : Фолиант, 2018. – Б.160.

**Айтенова Д.О.**

#### **АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ В ПРЕПОДАВАНИИ ЛИТЕРАТУРЫ В ВУЗЕ**

*В статье анализируется педагогическое значение преподаваемого в вузе предмета истории литературы и проблемы методики обучения, комплексно рассматриваются виды и функции используемых на уроке методов, делаются конкретные теоретические выводы. Выбраны и наглядно показаны рациональные методы обучения студентов литературоведению*

**Aitenova D.O.**

## **ACTIVE METHODS USED IN TEACHING LITERATURE IN UNIVERSITY**

*The article analyzes the pedagogical significance of the subject of literary history taught at the Higher Educational Institution and the problems of teaching methods. The types and functions of the methods used during the lesson are comprehensively considered, and specific theoretical conclusions are made. Rational methods of teaching literary studies to students are selected and clearly shown.*

ӘОЖ 371.268

**Абдрахманова А.**

«№ 2 «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернатының» қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[araika\\_1983@bk.ru](mailto:araika_1983@bk.ru)

## **ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ КІЛТІ**

*Өзектілігі – тапсырмалар негізінде оқушының өз ісіне мақсат қоя отырып, оны іске асыру үшін әртүрлі кедергілерден шығу жолдарын анықтай алу, оңтайлы шешім қабылдап, өз шешімін бағамдай алу біліктілігі және зияткерлік, жаңашылдық, коммуникативтік құзыреттілігін арттыру. Мақсаты – мәтінмен жұмыс түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы шығармашылық тұрғыда ойлай алатын танымдық мәдениеті биік, ұлттық мәдениетті жете меңгерген, зияткерлік өрісі жоғары, өзін-өзі үздіксіз жетілдіре алатын белсенді, құзыретті тұлғаның дамуын қамтамасыз ету. Тапсырмалар арқылы оқушылардың білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін арттыруда зор маңызға ие екенін ерекше атауға болады.*

Оқу сауаттылығын қалыптастыру мектепте білім берудің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Оқу сауаттылығы – өз бетінше оқуға және қазіргі ақпараттық әлеммен толық араласуға арналған тәсіл. Оқылымның құзыреттілігі басқа пәндердің мазмұнын меңгеруге қалыптастырушы дағды ретінде септігін тигізіп қана қоймай, ЖОО-да оқығанда академиялық мақсаттарға жетуіне септігі тиері сөзсіз. Басты мақсаты – мәтінмен жұмыс түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың алған білімдерін өмірде тиімді қолдана білу, яғни функционалдық сауаттылық дағдыларын шыңдау. Оқу сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмалар құрастыруда түрлі тақырыптарға арналған мәтіндер мен сан алуан тапсырмалар түрлерін қамтуға болады. Оқушыларға мәтін сұрақтарын шешудің жолдарын меңгертуге, алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында қолдана білуіне мүмкіндік береді.

Тапсырмалар оқушылар бойында қолданбалы білімді өмірдің әр саласындағы мәселелерді шеше алу, кез келген жағдаятты әр қырынан қарастыра білу қабілет-дағдыларын дамытуға, осы қабілет арқылы өмірге бейімделуіне, өзекті, тың идеяларды ұсына алуына, белгілі бір мәселе жөнінде болжам жасай алуына септігін тигізеді.

2021 жылы 7-сыныптарға оқу сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар құрастырдым. Тапсырмалар жинағы бүгінгі таңда сабақтарда қолданылып, сараптама жасалуда. Оқу сауаттылығын дамытуға және тексеруге арналған түрлі тапсырмалар типтері бар. Дамытылатын дағдылары мен құзыреттіліктеріне сай тапсырмалардың бірнеше түрлерін қамтуға тырыстым: тест, көп таңдауы бар, сәйкестендіру, ақпаратты толықтыру, қате мәтінді қайта дұрыстау, ашық сұрақтар т.б.

Оқу сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылық дағдыларын шыңдап, халықаралық зерттеулерге дайындық деңгейін арттыруда көмекші құрал болып табылады. Тапсырмаларды құрастыруда оқушылардың пәндік, теориялық білімінен басқа дүниетанымдық білімін бағдарлауға арналған критерийлер ескерілген.

Сұрақтар жеңілден күрделі деңгейге дейін сатыланып берілген. Оқушылардың толық жауабы мен өзіндік көзқарасын дәл жеткізуді талап ететін ашық сұрақтар, жабық сұрақтар сурет, сызба, кесте түрінде аралас ұсынылған. Оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе білу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткішін арттыруға баса назар аударылған.

Ұсынылған үлгідегі тапсырмаларды жүйелі орындау арқылы оқушылар қисынды ойлап, ойларын ауызша, жазбаша сауатты жеткізуге дағдыланып, алған білімдерін өмірлік қажеттілікке қарай икемді қолдана алады деген болжам жасауға болады.

### **1-тапсырма.**

#### **Полкан деген ит**

Біз оқып жүрген шағымызда, ұстазымыздың қорасында бір Полкан деген зор ит бар еді. Терезеден қарап тұрғанымызда, әлгі Полканға бір кішкентай қанден ит келіп, өршеленіп үріп, аяғын тістеп, үстіне секіріп тиісе бастады. Сонда мен тұрып айттым:

– Тоқта, қанденім, ойнақтағаныңды қоймасақ, Полкан сазайыңды берер, – деп. Біраз қарап тұрсақ та, кішкентай қанденнің ойнақтағанына, тістегеніне Полкан ашуланып қозғалмады. Түрегелсем, арт жағымда ұстазымыз келіп, менің әлгі сөзімді естіп тұр екен, маған қарап айтты:

– Көрдің бе, анау Полканның сенен көрі көңілі жұмсағырақ. Сен өзіңнен кіші балалармен ойнасаң, ақырында біреуін жылатасың немесе ренжітесің. Полкан ит те болса, өзінен кіші әлсіздерді ренжітуді ұятсынып, қанденге тимей тұр, – деді.

Ы.Алтынсарин

**1. Шағын әңгімеден қандай ой түйдіңіз? 4-5 сөйлеммен жазыңыз.**

---

**2. Полканның есті адамнан артықшылығы неде?**

1)


2)

**3. Ұстаздың жауабымен келісесіз бе? Неліктен?**

**Иә, келісемін. Себебі...**

**Жоқ, келіспеймін. Себебі...**

**4. Полканның қанденге тиіспеу себебін болжап көріңіз.**



**5. Мәтін мазмұнына сәйкес мақал-мәтелді табыңыз.**

- A) Алыстағы дұшпаннан, аңдып жүрген дос жаман.
- B) Иті семіз, малы арық — жер азғаны, ынтымағы болмаса — ел азғаны.
- C) Ішің ауырса аузыңды тый, көзің ауырса қолыңды тый.
- D) Кең болсаң, кем болмайсың.
- E) Ит – жеті қазынаның бірі.

**2-тапсырма.** 2014 жылдан бастап 2090 жылға дейін ұйықтап қалдым деп елестетіңіз. Жаңа ғана оянып, айналадағылардың бәріне таңқалып тұрсыз. Бұрынғы мен қазіргі өмірді салыстыра отырып, шытырман оқиғаға құрылған әңгіме жазыңыз.



**3-тапсырма.**



Кино	Кинотеатр	Уақыты	Бағасы
ТРОЯ Жылы: 2004, Елі: АҚШ, Малта Режиссері: В.Петерсен	Кинопарк		1000 т.
Ала киімді балақай Жылы: 2008, Елі: Ұлыбритания Режиссері: М.Херман	Сарыарқа		1200 т.
Су адамы Жылы: 2018, Елі: АҚШ Режиссері: Д.Уон	Kinoplexx City Mall		2000 т.

**1-тапсырма.**

Киноафиша мен кестеге назар аудар. Қай фильмдер туралы ақпарат жетіспейді?

- A. Кек алушылар
- B. Жүректер әміршісі
- C. Ала киімді балақай
- D. Келісімшарт
- E. Қос мұнара

**2-тапсырма.**

Айдар мен Арманға қолайлы уақытта қандай кинолар ұсынар едіңдер? Қай кинотеатрда? Топта талқылап, өз ойыңмен бөліс.



### 3-тапсырма.

Сұрақтарды оқып, өз ойыңмен бөліс.

1. Арман мен Айдарда бар 5000 теңге бар. Біріне ұнаған киноға екіншісі барғысы келмейді. Достарға қандай кеңес берер едіңдер?
2. Ұсынылған кинолардың қайсысын қарап көрдің?
3. Балаларға қай киноны көруге кеңес берер едің? Неліктен?

Ұсынылған үлгідегі тапсырмаларды жүйелі орындау арқылы оқушылар қисынды ойлап, ойларын ауызша, жазбаша сауатты жеткізуге дағдыланып, алған білімдерін өмірлік қажеттілікке қарай икемді қолдана алады деген болжам жасауға болады.

Күтілетін нәтиже

Функционалдық сауаттылықты дамытуда басшылыққа алынатын негізгі құзыреттіліктер:

- көшбасшылық (проблеманы шешу қабілеті);
- ақпараттық (өз бетінше ақпарат көздері арқылы үнемі ізденісте болу, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау);
- коммуникативтік (ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау);
- әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті)
- тұлғалық (өзіндік «менінің» қалыптасуы, өз-өзіне сын тұрғысынан баға беруі);
- азаматтық (ұлттық санасының қалыптасуы, туған елі мен жерінің алдындағы борышын түсінуі).

Қорыта келгенде, тапсырмалардың оқушылардың білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін арттыруда зор маңызға ие екенін ерекше атауға болады. Оқушылардың бойында білімді өз бетімен алу дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның ойлау жүйесін дамыту, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы – заман талабы.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Ф.Смағұлова, Г.З.Әкімбекова. Қазақ әдебиетінен 5-сыныпқа арналған блум таксономиясына негізделген тапсырмалар жүйесі. Қ., 2015.
2. Оқу сауаттылығы. ЖОО-ға дайындыққа арналған оқу құралы. EduCon басылымдары. Алматы, 2019.
3. Ы.Алтынсарин. Кел, балалар, оқылық. Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: «Атамұра», 2006. – 168 бет.
4. Т.Н.Ермекова, Н.Ә.Ильясова, Г.Б.Боқтыбаева. Қазақ тілі. 7-сынып.
5. Қазақстан еліне сиқырлы саяхат. Ш., 2003.
6. [www.massaget.kz](http://www.massaget.kz) сайты

**Абдрахманова А.**

### **РАЗВИТИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ – КЛЮЧ К СОВРЕМЕННОМУ ОБРАЗОВАНИЮ**

*Актуальность данной работы заключается в том, что основана на заданиях, где главной целью является определение способности ученика находить выход из различных ситуаций, принимать, реализовать и оценивать оптимальные решения, повышать свою интеллектуальную, инновационную и коммуникативную компетентность.*

*Цель - обеспечить развитие компетентной личности, способной творчески мыслить, обладающей высоким уровнем познавательной культуры, хорошо разбирающейся в национальной культуре, обладающей высоким интеллектуальным мышлением, способной к постоянному самосовершенствованию путем систематической организации видов работы с текстом. Нужно отметить, что*

*задания имеют большое значение в повышении способности учащихся в применении своих знаний и умений в жизненных ситуациях.*

**Abdrakhmanova A.**

### **DEVELOPING READING LITERACY IS KEY TO MODERN EDUCATION**

The relevance of this work lies in the fact that it is based on tasks where the main goal is to determine the student's ability to find a way out of different situations, make, implement and evaluate optimal solutions, improve their intellectual, innovative and communicative competence. The aim is to ensure the development of a competent person, capable of creative thinking, possessing a high level of cognitive culture, well versed in national culture, possessing high intellectual thinking, capable of constant self-improvement through systematic organization of types of work with the text. It should be noted that the tasks are of great importance in enhancing students' ability to apply their knowledge and skills in life situations.

ӘОЖ 81'366

**Абдрахманов Р.Х.**

«Bolashaq» академиясы

қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, п.ғ.м.

**Абильгазин С.И.**

Мартбек Мамыраев атындағы мектеп-интернаттың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, п.ғ.м., Қарағанды, Қазақстан Республикасы

### **МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТЕРМИНДЕР**

*Мақалада терминологиялық сөзжасам жай сөзжасамға қарағанда күрделі процесс екендігі сөз етіледі. Егер жай сөзжасамда сөзжасаудың белгілі бір тәсілін пайдаланумен шектелсе, термин үшін терминдік атаудың сөздік мәнін ашу, яғни ұғымға анықтама беру қажет. Жалпы әдеби тілмен салыстырғанда терминологиядағы сөз жасайтын жұрнақтардың қызмет аясы кеңірек екендігі, олар топтастырушы қызмет атқаратындығы, дәлірек айтқанда, ұғымның белгілерін көрсететіндігі аталып өтеді.*

**Тірек сөздер:** сөзжасам, жай сөзжасам, морфология, термин, тіркесті термин, тілдік жүйе, қосымша, жұрнақ, терминология.

Қазақ тілінде морфологиялық тәсіл арқылы сөзжасау 20-30 жылдары жедел дамығаны белгілі. Сөзжасамның бұл тәсілі алғаш А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, Е.И.Шипова, Ғ.Қалиев, Н.Оралбаева, Е.Жанпейісов, Қ.Есенов, А.Қалыбаева, З.Бейсенова, А.К.Хасенованың еңбектерінде зерттелінді. Соңғы жылдары осы мәселеге арналған А.Салқынбайдың тарихи сөзжасам, яғни сөздік құрамның бүкіл негізін құрайтын туынды сөздердің жасалуы мен тарихи қалыптасу, даму заңдылықтарын айқындап беретін зерттеуінің маңызы зор.

Терминологиялық сөзжасам жай сөзжасамға қарағанда күрделі процесс. Кез келген әдеби тілдегі сөзжасамдық жүйе оның арнайы лексикасына да ортақ құбылыс. Сөзжасамның морфологиялық тәсілі деп түбір сөзге түрлі жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасауды айтамыз. Осы тәсіл қазақ тіліндегі терминдерді жасауды елеулі орын алады.

Қазақ терминология жүйесіндегі туынды терминдерге жалғанған қосымшалардың санына қарай оларды былай топтап көрсетуге болады:

1. Жұрнақ жалғануы арқылы жасалған туынды терминдер: адал+дық, ұмыт+у, шын+дық, дос+тық, ер+лік, жас+тық, өмір+лік, мүгедік+тік, жұмыс+шы, қызмет+ші,

ұсын+ыс, кәсіп+кер, тәбіл+ші, сарап+шы, заң+гер, бүлік+ші, әмір+ші, бол+ыс, бір+лік, бодан+дық, әдебиет+ші.

үбірге екі жұрнақ жалғануы арқылы жасалынған туынды терминдер: зейін+ді+лік, маза+сыз+дық, қажет+ті+лік, абстрак+ті+лік, ізден+паз+дық, сана+сыз+дық, жұмыс+сыз+дық, заң+сыз+дық, кәсіп+шіл+дік, зейнет+кер+лік, әдебиет+тану+шы, жаңа+шыл+дық.

үбірге үш жұрнақ жалғануы арқылы жасалған туынды терминдер: адам+гер+ші+лік, ұқ+тып+ты+лық, жауап+кер+ші+лік, дыбыс+таң+ба+лау, ес+те+лік+гер т.б.

үбірге төрт-бес жұрнақ жалғану арқылы жасалған туынды терминдер: мен+сін+беу+ші+лік т.б.

Міне, осындай түрлі қосымшалар арқылы жасалған туынды терминдерді түбір /Т/ және қосымша /Қ/-ның бірігуі арқылы берілетін мынадай үлгіде көрсетеміз.

+Қ: дос+тық, ер+лік, жас+тық, өмір+лік, мүгедек+тік, жұмыс+шы, қызмет+ші, ұсын+ыс, кәсіп+кер, тәбіл+ші, сарап+шы, заң+гер, бүлік+ші, әмір+ші, бол+ыс, бір+лік, бодан+дық, әдебиет+ші.

+Қ+Қ: әуес+қой+лық, зейін+ді+лік, маза+сыз+дық, қажет+ті+лік, абстрак+ті+лік, ізден+паз+дық, сана+сыз+дық, талғам+паз+дық, жұмыс+сыз+дық, заң+сыз+дық, кәсіп+шіл+дік, зейнет+кер+лік, құрыл+тай+шы, дыбыс+таң+ба, әңгіме+леу+ші, әдебиет+тану+шы, жаңа+шыл+дық.

+Қ+Қ+Қ: адам+гер+ші+лік, ұқ+тып+ты+лық, жауап+кер+ші+лік, дыбыс+таң+ба+лау, ес+те+лік+гер.

+Қ+Қ+Қ+Қ: мен+сін+беу+ші+лік.

Сөз тудырушы қосымшалардың терминжасамдағы қолданысы бірдей емес. Қазақ тіліндегі терминдерді жасауға қатыстырылатын жұрнақтарды өнімді және өнімсіз жұрнақтар деп екіге бөліп қарастырамыз [1].

Термин жасайтын өнімді жұрнақтар:

**-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік**, жұрнақтарының түрлі тілдеріндегі ең өнімді жұрнақтар екендігін ғалымдар дәлелдеген. Аталған жұрнақтар әсіресе дерексіз ұғымдарды жасауда ерекше белсенділік танытады. Осы жұрнақтардың көмегімен жасалған терминдердің сан ғасырлық тарихы бар. Бұл туралы Р.А.Үрекенова «қазақ тіліндегі **-лық** жұрнағының көне түркі тілдерінде **-лығ, -лиғ, -луғ, -лүг** түрінде белгілі болып, сын есім және зат есім жасалғандығын» атап көрсетеді. Көне түркі ескерткіштері сөздігінде *ерлік, жастық, адалдық, шындық, достық, біліктілік* т.б. сөздердің кездесетіні ғалым сөзін дәлелдей түседі. Ал қазақ терминологиясында терминдердің басым бөлігі жоғары дәрежедегі дерексіздігімен ерекшеленетінін ескерсек, оның қалыптасуына негіз болған дерексіз лексика екендігі анық [2].

Қазақ тіліндегі терминдердің қалыптасуының қай кезеңі болмасын

**-лық** қосымшасының өнімділігін байқау қиын емес. **-лық** жұрнағы арқылы дерексіз ұғымдар жасаудың тамаша үлгісін Абай шығармаларынан кездестіреміз. Б.Алтынсарин дерексіз ұғым атауларын жасауда **-лық** жұрнағын шебер пайдаланып, *тапқырлық, салақтық, ұқыптылық* сияқты атауларды ұсынады. **-лық** жұрнағының дерексіз мәндегі терминдер жасаудағы орны Шәкәрім еңбектерінен де байқалады.

20-30 жылдарда **-лық** жұрнағының термин жасауда қызметі арта түседі. Осы жұрнақтың көмегімен ұғымдарды беру үлгісін А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлының еңбектерінен ұшырастырамыз. Мысалы: *икемділік, шыдамсыздық, батылдық, қозғалыстық, өзімшілдік, қажеттілік, белсенділік* т.б. Бұл аталған сөздердің ішіндегі *қажеттілік, белсенділік* сияқты сөздер осы кезеңнің туындысы болса керек, ал басқалары ауыз әдебиетінде жиі кездесетін сөздер. Дегенмен, бұл сөздерге терминдік мән үстемеленіп, арнайы әдебиет, оқулықтарда қолданылады.

50-70 жылдарда **-лық** жұрнағымен адалдық, ептілік, әділдік, қайырымсыздық, арамдық, даналық, албырттық тәрізді сөздер термин болып қалыптасты. Аталған

уақыттан күні бүгінге дейін **-лық** жұрнағы түрлі терминологиялық лексикада кеңінен қолданылып келеді.

А.Н.Кононовтың **-лық** жұрнағы дерексіздік мағынадағы зат есімдер мен қатыстық сын есімдер жасайды деген пікірімен келіспеуге болмайды. **-лық** қосымшасының қызметі ең алдымен зат есім, қатыстық сын есім тудыруда артты. Осы айтылғандар қазақ тілінде термин жасауда **-лық** жұрнағы үнемі жиі пайдаланылғанын дәлелдей түседі [3].

**-лық** жұрнағының басты ерекшелігі - оның лексикалық қабаттың қай түріне болса да емін-еркін жалғануында болып отыр. Ең бірінші кезекте **-лық** қосымшасы қазақтың төл сөздеріне жалғанып, терминдер жасайды: *ұлттық, қоғамдық, әлеуметтік, пайымдылық, жастық, көрегендік, алғырлық, арамзалық, аңқылдақ, алаяқтық, арсыздық, бақталастық; бейімділік, белсенділік, бойкүйездік, биязылық, бейпілауыздық, өжеттілік, дарындылық, дәрекілік, өзімшілдік, ебедейсіздік, елгезектік, енжарлық, жалқаулық, жауапсыздық, заңсыздық, панасыздық, жұмыссыздық, мүгедектік, қажеттілік, кәсіпшілік, біліктілік, инабаттылық, қайырымдылық, бейімділік, кепілдік, кешенділік, тәртіпсіздік, суықтық, беріктік, ашуланишақтық, құмарлық, сараңдық, талапсыздық, қайғысыздық* т.б.

**-лық** шығу тегі шығыстық болып келетін араб, парсы сөздеріне жалғанады: *адалдық, данышпандық, әлеуметтік, қажеттілік, зейінділік, адалниеттілік* т.б. Сондай-ақ, **-лық** орыс тілінен енген кірме терминдерге де еркін жалғана береді. Қазіргі тілімізде сын есім туғызатын өнімді жұрнақтардың қатарына **-лық, -лік, -дік, -дық, -тық, -тік** аффиксін қосуға болады. Әсіресе, орыс тілінен енген зат есім түбірлеріне жалғанып, олардан қатыстық сын жасайтын амал ретінде соңғы жылдары ерекше кең қолданылады.

Біз өз тарапымыздан автор пікірінің дұрыстығын, қазақ терминологиясының жүйесін **-лық** жұрнағының көмегімен *абсолюттік, позитивтік, психикалық, факторлық, вестибулярлық, бисцеральдық, потологиялық, дистанттық, референттік, рефлекттік, ассоциациялық, оптикалық, аутогендік, сенсорлық* т.б. терминдердің кездесетіндігімен дәлелдегіміз келеді.

**-лық** жұрнақты терминдер жасайтын түбірлердің құрамы зат есім (*қоғам-дық, әлеумет-тік, нәресте-лік* т.б.), сын есім (*әдемі-лік, сезім-дік, адал-дық*), етістік (*үйірсек-тік*), модаль сөздер (*мүмкін-дік, қажетті-лік*) болып келеді. Сөйтіп, олар әр қилы сөз таптарынан зат есім және қатыстық сын есім (*әділдік, әлеуметтік*) тудырады.

Сын есім болатындары жеке тұрып жұмсалмайды, олар бағыныңқы сыңарда анықтауыштық қатынаста қолданылады. Мысалы: *танымдық есеп, көркемдік талғам, кәсіптік оқыту, әлеуметтік бейімделу, қоғамдық көңіл күй, сезімдік қабылдау, эмоциялық ес, қимылдық ес, бейнелік ес* т.б.

**-лық** жұрнағы жалғанатын тұлғалардың морфологиялық құрылымы да әркелкі болып келеді.

**үбір+лық:** *ұлт+тық, қоғам+дық, биязы+лық, әлеумет+тік.*

**үбір+ды/-ді/+лық:** *қажет+ті+лік, табан+ды+лық, зейін+ді+лік, нысап+ты+лық, ұқып+ты+лық, бейім+ді+лік, белсен+ді+лік* т.б.

**үбір+паз+лық:** *талғам+паз+дық* т.б.

**үбір+сыз (болымсыздық мағынасында) +лық:** *сана+сыз+дық, жауап+сыз+дық, маза+сыз+дық, зейін+сіз+дік, ұстам+сыз+дық*, т.б.

Тіркесті терминдерге **-лық** жұрнағы жалғанғанда терминдер анықтауыш сөздің басында, ортасында, соңында келеді.

А) сөздің басында келетініне мысал: *әлеуметтік бейімделу, азаматтық хал актілері, маусымдық жұмыс, әлеуметтік жағдай, әлеуметтік оңалту, тұрмыстық жарақат, біліктілік талаптары, езулік дауыссыз, езулік дауысты, еріндік дауыссыз, еріндік дауысты, лексикалық бірлік, логикалық екпін, мағыналық бірлік, морфологиялық бірлік, синтаксистік бірлік, тілдік бірлік, фонетикалық бірлік, т.б.*

Ә) Сөздік ортасында келетініне мысал: *әдебиеттің көркемдік мәні, ғылыми фантастикалық әдебиет, көне түркілік әдеби тіл, еңбекке жарамсыздық парағы, алты*

күндік жұмыс аптасы, ақылы медициналық жәрдем, аралас біліктілік алқасы, әлеуметтік, бастапқы медициналық құжаттар, біртұтас мемлекеттік әсер қоры, бірыңғай мемлекеттік саясат, ерекше құқықтық режим, алғашқы қауымдық сана, жоғары аттестациялық комиссия, жоғары техникалық оқу орны, зерттеудің математикалық әдістері, көркем шығармашылық психологиясы, қос факторлық теориясы т.б.

Б) сөздің соңында келетініне мысал: *әлеуметтік шыдамсыздық, эмоциялық қозғыштық, әлеуметтік қажеттілік, әлеуметтік жинақылық, әлеуметтік белсенділік, әскери міндеттілік, әсіре саясатшылдық, бір жақты жеңілдік, бір топқа қатыстық, бірлескен кәсіпкерлік, т.б.*

**-лық** қосымшасымен жасалған тіркесті терминдерге қатысты айтатын тағы бір мәселе, олардың арнайы оқулықтарда, әдебиеттерде жазылуы. Сөздікте (1976) олар *абсолют сезгіштік, абсолют табалдырық, оператив бейне, репродуктив әрекет* түрінде жұрнақсыз жазылады. Осындай терминдерді С.Әлісжанов «қазақ тілінде ежелден бар модельдер (қол сағат, төс қалта) арқылы берілген» деп жазады. Біздіңше, сөздікте (1976) тіркесті терминдердің (абсолют сезгіштік т.б. түрінде жұрнақсыз) берілуінің себебі қазақ тілінде ежелден бар үлгілерге (қол сағат) сүйеніп жасалынды дегеннен гөрі, Х.Жұбанов жасаған терминологияның 10 принципінің 7-шісіне, яғни «сын есімнен жасалған -ский, -ный жұрнақты анықтауыштық қызметтегі халықаралық терминдерді қысқартып, жұрнақсыз қабылдау керек, мыс.: «абсолютная истина - absolut sama» деген принципінің негізінде жасалды деу дұрыс [4].

Бұл мысалдардан **-лық** қосымшасының жалғануы орынды әрі қажет екендігі байқалады. Келтірілген мысалдағы сөйлемдерде жалғаусыз «абсолют сезгіштік» үлгісінде беруге де болар еді, бірақ **-лық** жұрнағы жалғанғанда басынқы сыңардың дерексіздік қызметі айқындала түскенін мойындамасқа болмайды. Осыдан барып, **-лық** қосымшасының терминдік мағынаны дәл беруі үшін қажет екендігі көрінеді.

Жалпы алғанда, **-лық** жұрнағымен жасалған терминдер дерексіздікті білдіріп, жинақылық мәнде жұмсалады (табандылық, төзімділік, жомарттық т.б.).

**шылық/-шілік** жұрнақтары есімдерден зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар екені белгілі. Дегенмен, қазақ тіліндегі терминдердің морфологиялық сипатын қарастыруда бұл жұрнақтың есімдерден ғана емес, етістіктерден де зат есім тудыруға бейім екендігін байқадық. Мәселен, -у формалы тұйық етістіктерге жалғанып, *тұқым қуалаушылық, табалаушылық, көре алмаушылық, менсінбеушілік, әкімшілік құқық бұзушылық, өндірістік жарақаттанушылық, азаматтық бағынбаушылық, дипломаттық тиіспеушілік құқығы, мұғалімнің ұйымдастырушылық іс-әрекеті*, т.б. тәрізді есімдер туғызады. Бұл қосымша арқылы бір нәрсеге бейімділікті білдіретін терминдер жасалады.

**-шылық** жұрнағы дерексіз ұғымдарды да білдіреді. Мысалы: *адамшылық, кемшілік, күншілік т.б.*

20-30 жылдарда **-шылық** қосымшасы орыс тіліндегі **-изм** қосымшасының орнында жүруі, оның терминжасамда кең қолданылуына себін тигізеді. Мысалы: интеллектуализм - *зердешілік*, пессимизм - *күйікшілік* т.б. Бірақ, кейінгі уақытта **-изм** жұрнағын қазақ терминологиясында сол күйінде пайдалану **-шылық** қосымшасының терминдік мүмкіндігінің бәсеңдеуіне әкеліп соқты. Бірақ, қазақ терминологиясы жүйесінде **-шылық** жұрнағы өнімді жұрнақтардың қатарына жатады. Соңғы кездері философия ғылымында **-шылық** жұрнағымен қоса қатыстық сын есім тудыратын **-и** қосымшасы жарыса қолданылса /адамгершілік -адами/, психологияда **-шылық** жұрнағы белсенділік танытады. Мысалы: адамгершілік, көпшілік, жауапкершілік.

ермин жасауда **-у** қосымшасы өнімді жұрнақтардың біріне саналады. Етістіктің **-у** тұлғасы есім сөздерге жақын екені белгілі. Сондықтан да бұл тұлғаны қимыл есімдерін жасайтын жұрнақ деп атаймыз. Қимыл есімдері істің я әрекеттің нақтылы процесін білдірмей, тек оның атауы ретінде қызмет етеді.

тұлғалы терминдер таза зат есімдік сипат алып, дерексіздікті білдіреді.

жұрнағы бұйрық райдан кейін келіп жалғанғанда белгілі бір іс- әрекеттің аттарын білдіреді. Мысалы: *үндесі, үйлеспеу, ұяңдану, толғау, терістеу, сөз жасау, жоқтау, сөйлеу, стильдеу, кейінтеу, сыңсу, терминдендіру, теңеу, байқау, болжау, даму, қабылдау, пайымдау т.б.*

Орыс тілінен енген кірме терминдерге -у етістік тудыратын -ла, -ле жұрнағынан кейін келіп те жалғана береді: *абстракция+ла+у, биологизация+ла+у т.б.*

Сондай-ақ -у етістіктерде басқа да қосымшалардан соң тұрып жалғана береді. Мысалы: *нерв байланысын актуалдандыру/Сөздік, 1976/.* жұрнағымен келген тіркесті терминдер сөздің басында келіп анықтауыш қызметін атқарады. Мұндай тіркесті терминдер екі немесе одан да көп сыңардан туады. Мыс.: *еліктеу ойыны, даму стратегиясы, азарту дәуірі, есептеу уақыты, жинақтау жүйесі, байланысу типтері, баяндау әдісі, бейнелеу әдісі, тергеу практикасының психологиясы т.б.*

ерминдер жасауда өнімді болып табылатын жұрнақтардың бірі - етістіктерге жалғанатын -ыс, -іс, -с қосымшалары.

-ыс қосымшалы терминдер дерексіздік ұғымды білдіретін терминдер болып келеді. Бұл қосымшалардың тіркесімділік қабілетінің артуы терминдер жүйесінде олардың белсенді терминдер екенін аңғартса керек. Мысалы: *қозғалыс, байланыс, сөгіс, т.б.*

ағы бір өнімді жұрнақтардың қатарына -ым/-ім/-м қосымшаларын жатқызуға болады. Мысалы: *таным, ұғым, білім, сенім, сезім, т.б.*

рыс тілінен тілімізге көптеген жаңа жұрнақтар ауысты деген пікір бар. Осы пікірдің негізсіздігін І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаевтар былай деп дәлелдейді. «Сөз жасайтын жұрнақтар лексика-грамматикалық категорияларға жатады. Сондықтан олар басқа тілге тез ауысатын категориялар емес. -изм, -ист жұрнақтары қазақ тілінде қазақтың байырғы түбір сөзінен бір де сөз жасамайды... Орыс тілінен қазақ тіліне жұрнақ ауысқан жоқ» [5].

Шындығында, қазақ терминологиясы жүйесінде -изм, -ация жұрнақтарымен келген бір де бір қазақтың сөздері жоқ. Олардың бәрі орыс тілі арқылы енген кірме терминдерде кездеседі. Сондықтан да, біз мұндай жұрнақтар мен сөз алды қосымшаларын /префикс/ кірме сөздермен бірге алып қарастырамыз. Мысалы: *конформизм, детерминизм, волюнтаризм, деперсонализация, абстракция, конвергенция, идентификация, антиципация, апперцепция, аккомодация, ассоциация, галлюцинация т.б.*

Сондай-ақ, қарама-қарсылық мәнде жұмсалатын еуропалық *анти-* /антипатия/ мен жаңа деген ұғымды білдіретін *нео-*/неофрейдизм/ сөз алды қосымшалары және парсылық *бей/би* (бейқамдық, бейтараптық) сөз алды қосымшаларының термин жасаудағы қызметі туралы көзқарасымыз да жоғарғыдай.

Морфологиялық тәсіл арқылы термин жасаудың тағы бір түрі сөздердің бірігуі, яғни, екі, кейде үш толық мағыналы түбірлердің бірігуі нәтижесінде терминдер жасалынады. Олардың мағыналары құрамындағы сыңарлардың мағынасымен анықталады. Мысалы: ата мекен, мінез тану, жеке адам, егде жас, т.б. [6].

Бұлар сияқты терминдерді талдамас бұрын, қысқаша күрделі терминдер мәселесіне, яғни, туынды және күрделі терминдердің сол сияқты күрделі терминмен тіркесті терминнің арақатынасына, олардың бір-бірінен ерекшелігіне тоқтала кетуді жөн деп есептейміз.

Күрделі термин туынды терминнен өзінің құрамы жағынан ажыратылады. Егер туынды термин түбірге жұрнақтар жалғануы арқылы жасалынатын болса, күрделі термин мен тіркесті терминнің ара жігін ажырату үлкен қиындық туғызады. Өйткені екеуі де екі немесе одан да көп сыңарлы болып келеді.

Сырттай қарағанда, күрделі терминдерді құрастырушы компоненттердің бір-біріне қатысты анықтаушы, анықталушы қатынас тәрізді болып көрінеді де, олар тіркесті терминмен шектесіп жатады. Күрделі термин мен тіркесті терминнің арасындағы бұл

ұқсастық – сырттай ұқсастық. Ал мазмұны мен табиғаты жағына келсек, күрделі термин – тіркесті терминнен басқаша құбылыс.

Күрделі термин мен тіркесті терминнің бір-бірінен айырмашылығын синтаксистік қана емес, семантикалық қатынастан да іздеу қажет.

Бұлардың арасында сырттай ұқсастықтың болуына мынадай себеп бар: күрделі термин шығу тегі жағынан еркін сөз тіркесіне барып тіреледі. Еркін сөз тіркесінің сыңарларының арасындағы әуелгі синтаксистік қатынас атап айтқанда, анықтаушы және анықталушы қатынас біртіндеп күңгірттеніп, ақыр аяғында ол қатынас мүлдем жойылады да, осының нәтижесінде біртұтас күрделі термин жасалынады.

Тіркесті терминдердің арасында синтаксистік байланыс, яғни бағыныңқы сыңар басыңқы сыңарға тәуелді болады, ал күрделі терминдер арасында мұндай байланыс болмайды. Осыған байланысты тіркесті терминнің әрбір сыңары жеке сөз қызметін атқарады, ал күрделі терминдегі мұндай сыңарлар бір ғана сөзді білдіреді.

Тіркесті терминнің мағынасы оның сыңарларының мағыналарынан шығады, ал күрделі терминнің құрамындағы сыңарлардың мағыналық дербестігі мен грамматикалық дербестігінің күңгірттенуі немесе жойылуы терминдердің бұл түрінде - семантикалық тұтастықтың пайда болуына әкеледі.

Күрделі терминді басқалардан ажырату үшін, олардың семантикалық тұтастық, морфологиялық тұтастық, синтаксистік тұтастық тәрізді белгілері болуы шарт. Күрделі терминнің құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы әр басқа лексикалық мағынаны емес, біріккен күйінде бір бүтін лексикалық мағынаны білдіреді. Тіркесті термин жеке сөздерден құралады және оның мағынасы осы сөздердің мағыналарының бірігуінен пайда болады.

Морфологиялық құрылымы жағынан алғанда да күрделі терминнің барлығы біртұтас сөз ретінде танылып, олар құрылымдық тұтастық қасиетімен сипатталады. Күрделі терминнің сыңарлары орнын алмастырып, қалыптасқан күйінен басқаша тіркесе қалса, онда ол өзіне тән мағынасынан айырылады да, күрделі термин болудан қалады. Сондықтан, күрделі термин – лексикалық бірлік, ал тіркесті термин – синтаксистік бірлік болып табылады.

Ойымызды жинақтай келе айтарымыз, күрделі терминдерді тіркесті терминдерден бөліп алып, жеке өз алдына қарастырудың бүгінгі таңда пісіп жетілгендігін ескерткіміз келеді.

Қысқасы, морфологиялық жолмен жасалған терминдер қазіргі қазақ тіліндегі термин жүйесінен елеулі орын алады. Бұл – қосымша арқылы сөз жасаудың термин шығармашылығындағы негізгі көз екендігімен түсіндіріледі. Қазақ тіліндегі терминнің жасалу жолдарының ішіндегі өнімді тәсілдерінің бірі болып саналады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

*айдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - А., 1998.*

*ұрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Астана, 2004.*

*еңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. - А., 1975. -304 б.*

*ұрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясындағы варианттылықтың сыры неде? // Терминологиялық хабаршы, №2. Астана-2002. 9-14 б.*

*ыздықова Р. Сөздер сөйлейді. - А., 1994. -272 б.*

*сенқұлов А.Е. Қазақ тіліндегі әдебиеттану терминдерінің даму жолдары // Терминдер және олардың аудармалары. - А., 1990. - 55-60 б.*

**Абдрахманов Р.Х., Абиьгазин С.И.**  
**ТЕРМИНЫ, ОБРАЗОВАННЫЕ МОРФОЛОГИЧЕСКИМ ПОДХОДОМ**

*В статье говорится, что терминологическое словообразование более сложный процесс, чем простое словообразование. Если простое словообразование ограничивается использованием определенного способа словообразования, для термина необходимо раскрыть словарное значение имени термина, то есть дать определение понятию. Отмечается, что по сравнению с общим литературным языком словообразовательные суффиксы в терминологии имеют более широкую сферу деятельности, выполняют группирующую функцию, а точнее, проявляют признаки понятия.*

**Ключевые слова:** словообразование, простое словообразование, морфология, термин, фразовый термин, языковая система, дополнение, суффикс, терминология.

**Abdrakhmanov R.Kh., Abilgazin S.I.**  
**TERMS FORMED BY THE MORPHOLOGICAL APPROACH**

*The article states that terminological word formation is a more complex process than simple word formation. If it is limited to the use of a certain way of Word formation in simple word formation, it is necessary to reveal the dictionary value of the term name for the term, that is, to give a definition of the concept. It is noted that in comparison with the general literary language, word-forming suffixes in terminology have a wider scope of activity, they perform a grouping function, or rather, they show signs of the concept.*

**Key words:** word formation, simple word formation, morphology, term, phrasal term, Language System, addition, suffix, terminology.

ӘОК 821.512.122.09

**Абыкенова М.К.**

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,  
Өскемен, Қазақстан Республикасы  
E-mail:meruert.abukenova@mail.ru

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА КОММУНИКАТИВТІК  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

*Бұл мақалада қазақ әдебиеті сабағында коммуникативтік-шығармашылық қызметті ұйымдастыру әдістері келтірілген. Мақала қазақ әдебиеті сабағында инновациялық технологияларды оқытуда нәтижелерді арттыру және шығармашылықты дамыту құралы ретінде қолданудың мәнін анықтайды. Қазақ әдебиеті сабағында белсенді қолданылатын коммуникативті оқытудың бірнеше әдістері туралы айтылған.*

**Тірек сөздер:** коммуникативтік-шығармашылық қызмет, инновациялық технологиялар, әдістер.

Бұл мәселенің өзектілігі оқытудың инновациялық формалары жоғары коммуникативті мүмкіндіктермен және оқушылардың оқу іс - әрекетіне белсенді қатысуымен сипатталуы, оқушылардың коммуникативті құзыреттілік дағдыларының тиімді дамуы. Бұл қазіргі әлеуметтік жағдайларға бейімделуге ықпал етеді, өйткені қоғамға қазіргі әлемде тез бағдарланатын, тәуелсіз және бастамашыл, өз қызметінде жетістікке жететін адамдар қажет. Кез - келген инновациялық қызметтің негізінде шығармашылық бастама жатыр. Шығармашылық қызмет тұлғаның эмоционалды және интеллектуалды салаларын дамытуды қамтиды. Мектептегі оқу қызметі осы



мәселені шешуді қамтамасыз ететін нақты технологияларды қолдануды талап етеді. Оқытудың инновациялық формалары: рөлдік ойын, Жоба әдісі, драматизация, АКТ, сыни ойлау технологиясының әдістері.

Педагогика тарихында шығармашылыққа қабілеттіліктің қалыптасу мәселесі әрдайым көптеген пікірталастарды тудырған және бүгінгі күні әртүрлі ерекше көзқарастармен сипатталады.

Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үрдісін В.И. Андреев, Ю. К. Бабанский, В. П. Беспалько, Л. Г. Вяткин, В. А. Слостенин, В.Ф. Шаталов, М. П. Ердниев зерттеген [3].

Оқу-шығармашылық қызметінің заңдылықтарын В. И.Андреев, Т. В. Кудрявцев, Ю. Н. Кулюткин, В.Г. Разумовский, А. И. Матюшкин, М.И. Махмутов анықтаған.

Негізгі мақсат - оқушылардың белсенді танымдық іс - әрекетін ынталандыру әдістерін таңдау, инновациялық іс-әрекетте әр қатысушысының шығармашылық әлеуетін іске асыру.

Инновациялық қызмет - бұл оқушыларда коммуникативті құзыреттілік дағдыларын дамытудың ең қол жетімді және тиімді формаларының бірі, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, шығармашылығы мен белсенділігін дамыту үшін жағдай жасайды. Маңызды компонент-білім алушы өзінің табыстылығын, интеллектуалдық тұрақтылығын сезінетін қолайлы психологиялық жағдайлар жасау [1].

Баланың оқуы оның қарқынды жеке даму кезеңімен сәйкес келетін мектептің орта және жоғарғы буыны үшін жоба әдісін, рөлдік ойындарды, көрініс қоюды қолдану өте маңызды.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын, оқуға деген ұмтылысты дамытатын әдіс-тәсілдер әртүрлі жобаларды жүзеге асырумен байланысты. Бұл әдіс-тәсілдерді қолдану сыныптағы жұмыстың барлық мүмкін формаларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді: жеке, топтық, ұжымдық, бұл балалардың өз бетімен жұмыс жасауын және шығармашылығын ынталандырады.

Қазақ әдебиеті сабағында сыни ойлау технологиясының әдістері оқушыларға өз қызметін ұйымдастыруды, ойлау қабілетін дамытуды, сауатты және мағыналы оқуды үйретеді. Қазақ әдебиеті сабағындағы басты мақсаттардың бірі - интеллектуалды дамыған шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты мұндай тұлғаға қойылатын талаптар - шығармашылық, әлеуметтік жауапкершілік, дамыған интеллектке ие болу, танымдық іс - әрекеттің тұрақты мотивациясы бірінші орынға шығады. Бала мен жасөспірімді ересек өмірге дайындау - бұл, ең алдымен, оның шығармашылық белсенділігін дамыту, сұрақтарға өз бетінше жауап іздеу, өмірдің кез-келген қиындықтарын шешу, олардың қабілеттерін жетілдіру және жүзеге асыру.

Шығармашылық, шығармашылық қызмет, шығармашылық тұлға ұғымдары нені білдіреді? Пән саласындағы шығармашылықтың нақты көріністерін белгілеу мағынасы бар. Қазақ әдебиеті сабағы оқушылардың шығармашылық әлеуетін толық дамытуға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділікті дамытуға ықпал етеді, барлық оқушыларды сабақта оқу іс - әрекетіне тартады.

Қазақ әдебиеті сабағында белсенді қолданылатын коммуникативті оқытудың бірнеше әдістері бар.

1. Оқушылармен мақсаттарына жетуін ғана емес, сонымен бірге ұнаған, ұнамаған нәрселерді де талқылау - неге, нені өзгерту керек.

2. Оқушы жауабының дұрыстығын ғана бағалау емес, сонымен қатар оқушы қандай әрекет әдісін қолданғанын, қалай ойлағанын да бағалау. Бағалау параметрлері келесідей: дұрыстығы, өзіндік құны, өзіндік ерекшелігі.

Қазақ әдебиеті сабақтары бірнеше жұмыс түрлерін қамтиды: оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу. Тапсырмалардың көптігі іс - әрекеттің жиі өзгеруіне мүмкіндік береді,

бұл бүкіл сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын сақтауға көмектеседі, осылайша оның тиімділігін арттырады.

Маңызды жұмыстардың бір түрі -оқу. Мәтіндік материалмен жұмыс үш кезеңде жүзеге асырылады: мәтінге дейінгі, мәтіндік және мәтіннен кейінгі.

Мәтіндік кезең мәтіннің мазмұны бойынша әртүрлі жаттығуларды қамтуы мүмкін, олар оқушыларды шығармашылыққа, мәселені шешудің өзіндік нұсқаларын табуға итермелеуі мүмкін.

Оқығандары негізінде әңгіме құрастыру-тілдің барлық элементтерінің өзара әрекеттесуінің және оқушылардың импровизация қабілетін жүзеге асырудың тағы бір тәсілі. Мәтіннен кейінгі кезеңдегі тапсырмалар ретінде пікірталас, рөлдік ойын ұйымдастыруға, пікірлерге сауалнама жүргізуге, хат, эссе, түйіндеме, эссе, өлең жазуға болады.

Оқушылардың қазақ әдебиеті сабағына деген қызығушылығын арттыруда коллаж, ақпараттық немесе жарнамалық парак, презентация түрінде ұсына алатын мәтін тақырыбы бойынша қосымша ақпаратты іздеумен байланысты шағын жобалық жұмыстар сияқты заманауи технологияларды пайдалануға болады.

Жобалық оқыту сонымен қатар білім мен дағдыларды жаңа жағдайға ауыстыруды қамтиды. Оқушылардың жобаны құруға қатысуы, оларға бұрын алған білімдерін пайдалануға ғана емес, сонымен бірге жобаға тартылған әрбір адамның шығармашылық қызметіне кең мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар жобада бірлесіп жұмыс істеу кезінде коммуникативті дағдыларды, өз ойларын жазбаша және ауызша түрде нақты жеткізе білу қабілетін дамытады.

Шығармашылық қабілеттерін дамытудың шарттарының бірі-сәттілік атмосферасын құру, өйткені оның болмауы оқуға деген ұмтылыстың құлдырауына әкеледі. Сәттілік жағдайын құру оқушылардың көңіл-күйіне ғана емес, олардың білім сапасына да әсер етеді.

Сонымен қатар, оқу процесінің мақсаты көп деңгейлі тілдік құралдар жүйесін меңгеруге негізделген сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын жетілдіру, қазақ әдеби тілінің ережелері мен нормаларын, сөйлеу этикеті ережелерін сақтау болып табылады, бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді.

Мұның бәрі мектептің негізгі міндеттерін шешуге қолайлы жағдай туғызады: балалардың жан-жақты дамуының негізін қалау, еркін, саналы, мәнерлеп оқу, сауатты жазу, мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету, ілім мен еңбекке көзқарасы адал, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың эстетикалық дамуын және олардың қоршаған табиғатты тануын жақсарту.

Ұстаздар алдында күнделікті міндет қазақ әдебиеті пәніне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті ояту болып табылады. Белсенді, шығармашылықпен оқыту дегеніміз-сабақтарда көрнекілік құралдарын, оқушылардың санасы мен сезімдеріне әсер ететін ойын-сауық элементтерін қолдану

Қазақ әдебиеті сабақтары оқушылардың оқуға, ойлауға, талқылауға және өз бетінше оқуға арналған әдеби шығармалар мәтінімен жұмысты қамтиды.

Бүгінгі таңда мұғалім үшін сөзге деген қызығушылықты ояту, балаларға оның шынайы дәмі мен мақсатын сезінуге үйрету өте маңызды. Әрине, бұл процесс ұзақ және ауыр, белгілі бір жүйені, әдістемелік тапқырлық пен өнертабысты, практикалық тәжірибені қажет етеді. Қазақ әдебиеті сабақтарында балаларды сөзді дұрыс қолдануға, оны түсінуге және сезінуге, өз сөйлеуін дамытуға, сөйлеу шығармашылығын жетілдіруге үйрету керек.

Белсенді сөйлеу әрекеті олардың бақылаулары, ойлары, әсерлері, сезімдері, тәжірибелері туралы айту қажеттілігінен туындайды. Мұндай қажеттілік баланың өмірі әртүрлі танымдық қызығушылықтар мен әсерлерге толы, рухани және эмоционалды бай болған кезде пайда болады және дамиды. Демек, баланы сөйлеуге

үйрету дегеніміз-көру мен байқауға, ойлауға және сезінуге үйрету - бұл оның өмірлік тәжірибесін кеңейту.

Оқушылардың сөйлеуін дамыту міндетін тек қазақ әдебиеті сабағы аясында шешу мүмкін емес. Айналадағы өмір-білім көзі және сонымен бірге оқушылардың сөйлеуін байыту. Оқушылардың табиғат пен қоғам өміріндегі маңызды нәрселерді байқау, байқау қабілетін дамыта отырып, оқушылардың білім деңгейін үнемі арттыра отырып, олардың сөйлеуін байытуға қол жеткізуге болады. Оқушылардың сөйлеуі олардың ойлауын дамытумен, білім көлемін кеңейтумен бірге дамиды. Сондықтан жанартылған білім мазмұны бойынша қазақ әдебиетін табысты оқытудың қажетті шарты оқушылардың өмірлік тәжірибесімен, олардың айналасындағыларды тікелей көріп, үлкендердің әңгімелерінен немесе теледидардан естіп, кітаптардан үйренуімен байланысты болып табылады.

Қазіргі жағдайда қазақ әдебиетіне оқу пәні ретінде Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жоғары сана дәрежесіне ие рухани - адамгершілік тұлғаны тәрбиелеудің ерекше миссиясы жүктеледі. Бүгінгі күннің қоғамдық атмосферасында адамның рухани-адамгершілік жаңғыруы - бұл республиканың болашағының шешілуіне байланысты проблема.

Қазақ әдебиеті әрқашан халықтың мақтанышы, ар-ожданы болды, өйткені біздің ұлттық психологиямыз жанға, ар-ожданға, жарқын және нақты сөзге көбірек көңіл бөлумен сипатталады.

Мектептегі қазақ әдебиеті өз мақсаттары мен міндеттері бойынша полифункционалды, мазмұны жағынан полифониялық: онда жыраулардың, ақындардың, тарихи дәуір жазушыларының дауыстары естіледі.

Онда халық тарихының негізгі маңызды кезеңдері, оның рухани және материалдық мәдениетінің дамуы көрініс тапты.

Халықтың тарихи тәжірибесін, оның рухани мәдениетінің қазыналарын, ғасырлар мен мыңжылдықтар арқылы өткен әдеби мұраны зерттеу және игеру қазіргі жас ұрпақ үшін өте маңызды және бұл оқушылардың бойында коммуникативтік шығармашылықты дамытуға ықпал етеді.

Қазақтар, әлемнің басқа халықтары сияқты, дамудың ең көне бастаулары бар ерекше, ерекше материалдық және рухани мәдениетке ие.

Біздің халқымыз әлемдік дәуірге, өнер мен әдебиетке үлес қосты, әлемдік деңгейдегі ғалымдарды, жазушылар мен ақындарды тарихи сахнаға шығарды.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің негізінде балаларға қолжетімді, нақты құрылымы бар, заманауи дидактикалық талаптарға жауап беретін материалды іріктеуді көздейтін кең мәдени базада құрылған бірыңғай білім беру жүйесі жатыр деп айтқым келеді. Әдебиет сабақтары оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға белсенді әсер ете отырып, олардың рухани, коммуникативтік-шығармашыл және адамгершілік иол болып қалыптасуына ықпал етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Альмухамбетов Б.А. *Қазіргі уақытта әртүрлі технологияларды қолдану арқылы оқушылардың жеке басын дамыту / "Салыстырмалы білім: әдістеме, сұрақтар және қазіргі тенденциялар" VI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.* - Алматы, 2014.-С. 192.

2. Аульбекова Г.Д. *Мұғалімнің педагогикалық техникасы.* Алматы, 2005.

3. Бабанский Ю.К., *Педагогика, Москва, Просвещение, 1983.*

4. Гойхман, О.Я. Надеина Т.М. *Сөйлеу байланысы.* – М. ИНФРА-М, 2001.

5. Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П..- *Мәдениетаралық коммуникация негіздері: А. П. Садохиннің редакциясымен университеттерге арналған оқулық.* – М.: бірлік-ДАНА, 2002.

**Абыкенова М.К.**

## **ОРГАНИЗАЦИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА УРОКАХ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ**

*В данной статье представлены методы организации коммуникативно-творческой деятельности на уроках казахской литературы. Статья определяет сущность использования инновационных технологий на уроках казахской литературы как средства повышения результатов и развития творчества. Речь идет о нескольких методах коммуникативного обучения, активно используемых на уроках казахской литературы.*

**Ключевые слова:** коммуникативно-творческая деятельность, инновационные технологии, методы.

**Abykenova M.K.**

## **ORGANIZATION OF COMMUNICATIVE CREATIVE ACTIVITY IN THE LESSON OF KAZAKH LITERATURE**

*This article presents the methods of organizing communicative and creative activity in the lessons of Kazakh literature. The article defines the essence of the use of innovative technologies in the lessons of Kazakh literature as a means of improving results and developing creativity. We are talking about several methods of communicative learning, actively used in the lessons of Kazakh literature.*

**Keywords:** communicative and creative activity, innovative technologies, methods.

ӘОК 81367

**Абылбаева Б.А.**

«Bolashaq» академиясы

қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, п.ф.м.,

Қарағанды, Қазақстан Республикасы

abylbayeva.ba@mail.ru

**Мейрамова Ж.М.**

«Bolashaq» академиясы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКЕМЕЛЕРДЕ ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН МОДУЛЬДІК ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*Мақалада тілді меңгеруде пайдаланылатын заманауи технологиялар мен ұтымды әліс-тәсілдер арқылы білім алушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және оның тиімділігі қарастырылады. Сонымен қатар қазіргі қоғам талабына сай, оқыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды қолданудың өзектілігі ашып көрсетіледі.*

**Кілт сөздер:** модуль, технология, өркениет, тіл, үйренушілер, білім, кеңістік, ақпарат, шығармашылық, тиімділік, білім.

Білім беру жүйесі – әр елдің даму болашағын айқындайтын, әлемдік өркениетке жетудің негізгі бағыттарын көрсететін біртұтас құрылым. Білім алу – адамзат әрекетінің ең маңызды бір түрі. Білім алуда адамның ішкі мүмкіндігі мен қабілетінің дамуы, қалыптасу үрдісі байқалады. Осыған орай, қазіргі таңдағы жаңалықтар білім беру жүйесіне жаңа технологияларды әкелгені барша қазақ еліне мәлім. Оған білім

стандарты, инновациялық технологиядан іздену, әлемдік білім кеңістігіне ену жұмыстарын жатқызуға болады. Міне, сол білімнің ішінде тіл үйрету жұмысы – өте күрделі процесс болып табылады. Сондықтан тіл үйрету барысында жүргізілетін жаттығу жұмыстарының барлығы бір-біріне байланысты, жеңілден ауырға қарай, сатылап жүргізілуі қажет. Қазіргі ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқан қазіргі заман адамы үшін оқыту әдістері оның өмірінің ажырағысыз бөлігіне айналғаны сөзсіз. Міне, сондай қоғамда отырып, тілді үйретудегі модульдік оқытудың басты мақсаты: өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту болып табылса, модульдік оқытудың технологиясының ерекшеліктері мынадай:

1. Кіріспе бөлімінде оқытушы модульдің құрылымы мен оны таныстыру бағыттарының мақсаттарына, не үшін керек деген мәселелерге назар аударады;

2. Диалог кезеңі тәрбиелік мәні бар мәселелерді кешенді түрде игеруге арналады;

3. Диалог бөлімінде қайта оралу принципі ұсталады. Ол қайталау емес, әр қайта оралғанда тәрбиелік тақырыптардың мазмұны күрделенеді.

Жалпы, «Модуль дегеніміз – қандай да бір жүйенің, біршама дербес бір бөлігі» (С.И.Ожегов). Ал, «технология» гректің «шеберлік» деген сөзі. Модуль латынның «өлшем», «шама», «мөлшер» деген сөзі. Модуль жүйесін оқу процесіне кіргізудің өз мақсаттары бар. Олар:

- Оқытудың тиімділігін арттыру;
- Берілген материалды терең меңгерту;
- Оқушыны ойлату, ойланту, ой салу;
- Өзін-өзі оқытуға мүмкіндік туғызу;
- Оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау;
- Ұстаз бен оқушы арасында тепе-теңдікті қалыптастыру;
- Оқушының алдында мақсат қойғызып, оны міндетті түрде орындату.

Модульдік технология тілді үйретуде тіл үйренушінің өз бетімен білім алуына тікелей басшылық жасайтынын ұғындыру, жадына сақтау, ой-пікір дамыту, қисынды ойлау қабілетін күшейту, шығармашылық тапсырмалар орындату үшін мүмкіндігі мол әдіс-тәсілдерді пайдалану – бүгінгі күннің ең тиімді жолы деп айтсақ болады. «Модульдік оқу технологиясы» деп педагогикалық технология нұсқасын жасағанда, «толық меңгеру» әдістемесінің негізгі қағидалары ұсынылған. «Толық меңгеру» әдістемесінің негізгі идеяларын 1960 – жылдары америкалық психологтары Д.Ж.Кэрролл және Б.Блум ұсынған. Кейіннен дидактиканың қазіргі талаптарына баланысты бірқатар өзгерістер енгізілді: балаларды оқытуға емес, тұлғалық – бағытталған, танымдық қызметін ұйымдастыруға, оқу процесін өзара сөйлесу негізінде құруға бағыттылған. Осыдан келіп мұғалімнің оқу процесін құрудағы жұмысының өзгеруі туындайды. Қайта жаңғыртылған оқу циклі ретінде модуль үш құрылымдық бөлімнен: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады.

Сызба түрінде көрсетсек, оқу модулі былайша болады:

<b>Кіріспе бөлімі</b> (модульге, тақырыпқа енгізу)
<b>Сөйлесу бөлімі</b> (оқушылардың танымдық қызметін өзара сөйлесу негізінде ұйымдастыру)
<b>Қорытынды бөлім</b> (бақылау)

Ал енді, біздің зерттеуіміз мен пайымдауымыз бойынша тілді меңгеруде М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясының маңызы ерекше. Олай айтуымыздың себебі, аталмыш технология әдістері тіл үйренушілерді өз бетімен жұмыс

істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелей отырып, өзін-өзі және өзгені бағалай білуге үйретеді. М.М.Жанпейісованың технологиясында модуль 3 құрамды бөліктен тұрады:

1. Кіріспе.
2. Сөйлесу.
3. Қорытынды.

Кіріспе бөлімінде жалпы модульдің мақсат міндеттерімен таныстырады. Сөйлесу бөлімінде оқу материалдарымен жұмыс істей отырып, өз қабілетін, ынтасын, ауызша, жазбаша тілін дамытуға мүмкіндік беру. Сөйлесу бөлімінде білім дәрежесін бағалауда өзін-өзі бағалау, топтық бағалау, бірін-бірі бағалау әдістері пайдаланылады. Сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында сөйлесуді қамтамасыз ету үшін тілдік орта болу жағдайларын жасап, тіл үйренушілердің қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқыта үйрену ойындары жүргізіледі. Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы негізінен білім алушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Білім алушылардың танымдық қызметі әрбір білім алушының әр сабақта үш күрделілік деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, жазу, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылған. Оқытудың ойын түрінде ұйыдастыру және әр түрлі белсенді формаларды қолдану-оқытудың міндетті шарты болып табылады. Сөйлесу бөлімінде алғашында оқу материалын қайта жаңғырту және қарапайым білік пен дағды алыптастыру мақсатында кейінен – алынған білімді талдау, жинақтау және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданады. Оқу модулінің сөйлесу бөлімі тарауды тұтас оқып үйренудің екінші-операционалдық- танымдық кезеңнен іске асыру болып табылады. Модульдің үшінші бөлімі қорытынды, бақылау бөлімі. Бұл

бөлімде білім-білік дағдыларын тексеруге арналған бақылаудың бірнеше түрлері ұйымдастырылады. Атап айтсақ:

1. Тест.
2. Диктант, мазмұндама, шығарма, эссе.

3. Нәтиже сабақтары (сайыс, әр түрлі интелектуалды ойындар). Тілді үйретуде тілді үйрету негізгі мақсат болады да, жұмыс осы мақсатқа сай ұйымдастырылады. Осы жұмыстардың негізгілеріне сөйлеу жаттығулары жатады. Тілдік жаттығулардың міндеті – тілдің грамматикалық материалдарын меңгерту, тілдік тұлғаларды дұрыс, ойланбай қолдану дәрежесіне жеткізуді көздейді. Адам сөйлеуінде қолданылатын тілдің нұсқалары – дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің тілді оқуыдағы негізгі мәселелері екендігі анық. Тілдік жаттығулар ол тілдік тұлғаны таныстырады, оны қолданып үйренуге жаттықтырады.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Дамыған техниканың уақытында бұл бізге қиындық туындатпауы керек. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға білім алушының білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Модульдік оқыту технологиясы – белсенді оқу қызметін ұйымдастырады, білім алушы өз әрекетін жоспарлай, талдай және өзі бақылай білуге үйренеді. Сонымен қатар жоғарыда атап айтылған технологияның ерекшелігі – дарынды баллармен тұрақты және жүйелі жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады. Атап айтқандай, оқу модулінің құрылымы кіріспеден, диалог (сөйлесу) және қорытынды бөлімнен тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, оқу процесінде жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын енгізу мен жеке тұлғаның шығармашылығын дамытуға үлкен мән берудің өзі еліміздегі болып жатқан өзгерістерді жаңаша тұрғыдан қарастыруды талап етуде. Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу моделі ақпараттар аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының

нұсқауларынан және білім алушының іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология. Сонымен қатар айта кетерлік мәселе, модульдік оқыту технологиясын қолдану арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізуге болады:

1. Уақыт үнемделеді;
2. Сабақтың сапасын көтереді;
3. Оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік тудырады;
4. Білім алушылардың белсенділігі мен қызығушылықтарын арттырады.

Міне, осындай жетістіктерге жеткізетін қазіргі қоғам талабына сай, оқыту процесін тиімді ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды қолдану керек екендігі сөзсіз. Оқытушының әдістеме түрлерін әр сабақтың қоятын мақсатына сай шеберлікпен тиімді қолдануы білім алушылардың қызығушылықтарын арттырып, тілге қабілетін, өзіндік ізденістерін дамытуға ықпал етеді. Жаңа технологияларды қолдану барысында білім алушылардың пәнге деген ынтасы, белсенділігі артып, білім сапасы жоғарылайды. Ізденімпаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттері дамиды. Модульдік оқыту технологиясының берері көп. Менің ойымның түйіні: қазіргі кезеңде мұғалімге білімді, білікті, шығармашыл болған аса қажет. Ал, ұстаздың әр сабағы – оның ізденісінің, еңбегінің айнасы. Уақыт талабын ескерсек, оқытудың жаңа технологиялары түрлерін меңгеру және оны ендіруге әрбір оқытушы жауапты. Бұл технологияның тиімділігі – білім алушының құзіреттігін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар: жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталады және оқытушы мен білім алушының арасында ізгілікті қарым-қатынас орнауы және білім алушының өздігімен білім алуына жағдай жасалып, алған білімге сын көзбен қарау, білімді сапалы түрде алумен қатар, ойын ашық айта алуға, пікір айтуға, алмасуға үйренетіні сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы 2006 ж.
2. Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жолдары. Ғылыми-практикалық жинақ. Алматы, 2008 ж.
3. Қамзина М. «Модульдік оқыту технологиясы». Тәрбие құралы. 2005 жыл №4.
4. Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы»-Ақтөбе, 1999 ж.
5. Қайырбекова А., Барақова Қ. «4-сыныпқа арналған қазақ тілін оқыту әдістемесі»-Алматы, 2004 ж.

**Абылбаева Б.А., Мейрамова Ж.М.**

#### **ЭФФЕКТИВНОСТЬ МОДУЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ, ПРИМЕНЯЕМОГО ПРИ ОВЛАДЕНИИ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ В УЧРЕЖДЕНИЯХ С КАЗАХСКИМ И РУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ**

*В статье рассматривается формирование речевых навыков обучающихся и их эффективность с помощью современных технологий и рациональных подходов, используемых при овладении языком. Также раскрывается актуальность применения новых технологий для эффективной организации учебного процесса, отвечающих требованиям современного общества.*

**Ключевые слова:** модуль, технология, цивилизация, язык, изучающие, знания, пространство, информация, творчество, эффективность, знания.

Abylbayeva B.A., Meiramova Zh.M.  
**THE EFFECTIVENESS OF MODULAR LEARNING USED IN MASTERING THE  
LANGUAGE OF INSTRUCTION IN INSTITUTIONS WITH KAZAKH AND  
RUSSIAN LANGUAGES OF INSTRUCTION**

*The article discusses the formation of students' speech skills and their effectiveness with the help of modern technologies and rational approaches used in language acquisition. The relevance of the use of new technologies for the effective organization of the educational process that meet the requirements of modern society is also revealed.*

**Keywords:** module, technology, civilization, language, research, knowledge, space, information, creativity, efficiency, knowledge.

ӘОК 81367

**Абылбаева Б.А.**

«Bolashaq» академиясы

қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.,

Қарағанды, Қазақстан Республикасы

abylbayeva.ba@mail.ru

**Мұхамеджан Ә.Ә.**

«Bolashaq» академиясы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының  
4 курс студенті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛІНДЕ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКЕМЕЛЕРДЕ  
ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

*Мақалада қазақ тілін ойын арқылы оқыту тәсілдері қарастырылған. Әсіресе сабақты ойын арқылы жүргізудің тиімділігі мен беретін нәтижесі сөз етіледі. Сонымен қатар ойын арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мен сабақ барысында сол тәсілдерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері де ашып көрсетіледі.*

**Тірек сөздер:** әдіс, проблемалық жағдай, белсенді оқыту, ойын технологиясы, оқыту формалары.

Қазақ тілі мұғалімінің алдында тұрған маңызды міндеттің бірі, ол - оқушыларды қазақ тілінде сөйлеуге үйрету. Адамның сөздік қорында кемінде 1000 сөз болған жағдайда ғана басқа тілде сөйлеу мүмкіндігі бар екенін бәрі біледі, яғни мұғалімнің негізгі міндеті – оқушыларға барынша көп сөздерді есте сақтауға көмектесу.

Оқушылардың білімге ықыласын, ынтасын, қызығушылығын және сонымен қатар есте сақтау қабілетін арттырудың ең жақсы жолының бірі – сабақта ойындарды қолдану.

Ойын – оқушының шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді («Мен оқушымын», «Мен және менің отбасым», «Мен жолаушымын», «Біз жолаушымыз», «Адамдардың кәсібі», «Мен кәсіпкермін», «Біз қонақтамыз»). Мұндай ойын түрлерінің ерекшелігі – жоғары көңіл күйде ойналатын рөлдер шынайы сезімге, ойға, ниетке толы болады және бала үлкендер сияқты дәрігер, эколог, жол көрсетуші болғысы келеді. Бұл ойындарда оқушылардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттері реттеледі. Ойын іс-әрекетінің мотивациясы еркіндікті, таңдау мүмкіндігін, қажеттілігін, өз-өзіне сенімін, өзін-өзі дамытуын қамтамасыз етеді.

Кейбір педагогтар мен психологтардың жоғары сынып оқушылары мен студенттердің ойын жасынан өтіп кетті деуі бекер. Зерттеулер көрсеткендей, дәстүрлі ұйымдастырылған оқу процесіне қарағанда, кез-келген тіл үйренуші ойынға қатыса



отырып, неғұрлым аз шаршайды, оқу қызметінен жағымды эмоциялар алады, есте сақтай алады және өткен материалды тез есіне түсіре алады. Өйткені ойынның кейбір элементтері ұзақ сақталады сол арқылы сөздер есіне тез түседі.

Ойын арқылы оқыту – дәстүрлі оқыту технологиясына сәйкес келетін оқытудың ең табысты, болашағы зор түрлерінің бірі. Оқыту ойыны кезінде балалардың шығармашылық күштері жұмылдырылады, олар оқу материалын оңай меңгереді.

Ойын арқылы оқытудың мақсаты – оқушылардың белгілі бір дағдылар мен қолданбалы білімдерді меңгеруі. Ойынмен оқытудың формалары мен әдістері өте көп. Ойынның дидактикалық құбылысы оның өзі ойында өздігінен, ойыншыға қарамастан, өмірдегідей дерлік пайда болатын проблемалық жағдайлардың пайда болуына жағдай жасауында жатыр. Ойын барысында туындайтын проблемалық жағдайларға қарсыластың күтпеген әрекеттерімен байланысты ойыншылардың психикалық шиеленістерінің белгілі күйлері және қабылданған шешімнің күшін жою мүмкін еместігі жатады. Оқытушы оқушының өз бетінше жұмысын дұрыс бағыттап отырып, оны басқара алады. Ойында оқушы ойын туралы қажетті білім алады, белгілі бір дағдыларды игереді, жоспарлар мен комбинацияларды құруды үйренеді, т.б. проблемалық жағдайлардың туындауын алдын ала болжай білу қабілетін дамытады.

Ойын проблемалық жағдайлардың тамаша генераторы болып табылады, ал қарсылас үшін жоқ мәселені көре білу ойында жеңіске әкеледі. Ойын – белсенді жарыс сипатына ие, ойыншылар ортақ мақсатқа ұмтылатын, бір құралдармен әрекет ететін, бір ережелерді сақтайтын және қатаң бекітілген нәтижелерге қол жеткізетін арнайы ұйымдастырылған әрекет.

Қазақ тілі сабағында қолданып жүрген танымдық ойындардың бірі «Не жоқ?» деп аталады, ол оқушылардың сөздерді, емлесін жаттауда өте тиімді.

Ойынның мәні келесідей:

Ойынға 10-12 карточка қажет, бір жағында заттардың суреттері (белгілі бір тақырыптар бойынша) «Менің отбасым», «Мектеп» т.б., екінші жағында заттардың аттары қазақ тілінде жазылған. 6 оқушы шақырылады. Ойынды бастамас бұрын мұғалім сөздерді анық оқып, аударуы керек, содан кейін хормен оқиды. Балалар сөздерді есте сақтауға тырысады. Қабілетті оқушылардың бірі көзін жұмады, ал екінші ойыншы бір картаны алып тастайды, барлығы «сіз бе?» деп сұрайды. Әрі қарай, ойыншы көзін ашқанда, бәрі бірге сөздерді оқиды және аударды - бұл ойынның негізгі мәні, мұнда балалар заттардың атын және олардың емлесін еріксіз есте сақтауға тура келеді. Оқушы қай сөзді алып тастағанын болжауға тырысады. Енді бірінші ойыншы басқа ойыншымен ауыстырылады және ойын жалғасады. Екінші айналымда карталар аударылады, енді ойыншылар затқа қарап, заттың атын есте сақтап, айтуы керек. Бірінші раундтағыдай ойыншы көзін жұмып, екіншісі бір емес, екі картаны алып тастайды. Ал ойыншы не жоқ деген сұраққа жауап бермес бұрын, балалар хормен айтады: «Дәптер бар, кітап бар», Бұл сәт маңызды, өйткені оқушылар сөздерді еріксіз есте сақтайды және оны жақсы пысықтау керек. Кейіннен сұрақ күрделі болуы мүмкін.

Бұл қарапайым ойын емес, тәрбиелік мәні бар ойын. Мұғалімнің алдында қиын, бірақ қол жетімді міндет тұр, сондықтан балалардың дамуы мен өзін-өзі тәрбиелеуі үшін ойлау мен сезімнің ең күрделі ойынына оңай қабілеттілік.

Белсенділік – адамның ойын процесіндегі физикалық және интеллектуалдық күштерінің белсенді көрінісін білдіретін ойын әрекетінің негізгі принципі. Көңіл көтеру – адамға күшті эмоционалды әсер ететін және ойынға қатысудың немесе оның барысын бақылаудың негізгі мотивтерінің бірі бола алатын ойын әрекетінің қызықты көріністерін көрсетеді. Ойын сөздерді тезірек есте сақтайтын жарыс элементтерін қамтуы мүмкін.

Кез келген тілді меңгеру қиынырақ, өйткені лингвист мұғалім оқушыларға ережелерді практикада қолдануға үйретуі керек, яғни бұл кезеңдегі оқушы ережелермен танысып, оларды іс жүзінде қолдана білуі керек. Ғылыми статистика көру органының ең жоғары ақпаратты өткізу қабілетіне ие екенін айтады. Оқушылар ережелерді қолдануды

үйренбес бұрын оларды есте сақтауы керек. Ұғымдардың және олардың арасындағы қатынастардың экономикалық символдық белгіленуі өнімді ойлаудың ең маңызды шарты болып табылады.

Біз өз жұмысымызда ойын технологиялары, топтық технологиялар, денсаулық сақтау технологиялары, компьютерлік технологиялар, оқушыға бағытталған технологиялар сияқты педагогикалық технологияларды қолданамыз.

I. Бірінші түрі – топтық жұмыс. Негізгі педагогикалық ереже, ол оқушыларды күшті және әлсіз деп жіктемей, бірлескен топтық оқу әрекеті әдісі арқылы балалардың өзара білім алуын ұйымдастыру. Міндеттері: Әрбір оқушыны танымдық қажеттіліктердің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін іс-әрекетке қосу, т.б. осындай тапсырма әзірленеді және оқушы жұмысты міндетті түрде жеңе алатындай әдістеме. Сынып 2-3 топқа бөлінеді. Топтағы балалар әртүрлі даму деңгейлерімен ұйымдастырылады. Топтар тапсырмалар алады. Барлығы тапсырмаларды орындайды, бір-біріне сұрақ қойылғанда, күштілер әлсіздерге көмектеседі. Осылайша, барлық оқушылар барлық пайдалы уақыттарын сабақтың негізгі мақсатына жетуге жұмсайды.

II. Сабақта денсаулық сақтау технологиясына көп көңіл бөлеміз. Міндеттері: Оқушыға шаршау, көңілсіздік, қанағаттанбаушылықты жеңуге көмектесу. Сабақтың алғашқы минуттарынан амандасу арқылы ізгі ниет атмосферасын, жағымды эмоционалды көңіл-күйді қалыптастыру керек. Сабақтарда неврозға, бассүйек ішілік қысымға жақсы әсер ететін көзге арналған қарапайым жаттығуларды қолданамыз; физикалық минуттар, жаттығулар - энергия берушілер (бұл сабақтың басында сыныпты, топты белсенділікке дайындайтын немесе сабақ барысында сыныптың және әрбір оқушының энергиясын қалпына келтіретін қысқа жаттығулар), нүктелі массаж, бүкіл денеге белсенді әсер етеді.

III. Ұғымдарды меңгеруде, тақырыпты оқуда, жаңа материалды түсіндіруде және оны бекітуде, сөйлеу әрекетінің ауызша түрлерін оқытуда ойын технологиясын қолданамыз.

Ойын технологиясының міндеттері: оқушылардың коммуникативті әрекетін белсендіру; балалардың сөйлеу дайындығының деңгейі әртүрлі болғандықтан рөлдерді дұрыс бөлу; материалды меңгеру сапасына және ойын нәтижесіне әсер етуі мүмкін өзара көмек, белсенді вербальды қарым-қатынас, оқушылардың эмоционалдық жағдайын жасау.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1./А.Н.Лук. «Ойлау және шығармашылық» // Изд-во Политической литературы, 1976 г./

2./Ж.С.Хайдаров. «Ойын оқу процесі ретінде» // Рос. пед. Агентство, 1996г./

3./Әл фараби. «Ғылымдар туралы» // ауд. және түсініктеме берген Ж.Сандыбаев. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2020./

**Абылбаева Б.А., Мухамеджан А.А.**

### **НЕКОТОРЫЕ ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ В УЧРЕЖДЕНИЯХ С КАЗАХСКИМ И РУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ**

*В статье рассматриваются способы обучения казахскому языку через игры. В частности, упоминаются эффективность и результаты проведения уроков посредством игр. При этом выявляются уникальные особенности повышения интереса учащихся к предмету и использования этих способов в ходе урока посредством игры.*

**Ключевые слова:** метод, проблемная ситуация, активное обучение, игровая технология, образовательные формы.

**Abylbayeva B.A., Muhamedzhan A.A.**  
**SOME EFFECTIVE METHODS OF TEACHING KAZAKH IN INSTITUTIONS  
WITH KAZAKH AND RUSSIAN LANGUAGE OF INSTRUCTION**

*The article discusses ways of teaching the Kazakh language through games. In particular, the effectiveness and results of conducting lessons through games are mentioned. At the same time, unique features of increasing students' interest in the subject and using these methods during the lesson through the game are revealed.*

**Key words:** *method, problem situation, active learning, game technology, educational forms.*

ӘОК 82.09(091)

**Асанова Ж.С.**  
№45 гимназия КММ  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[asanovazhauhar@mail.ru](mailto:asanovazhauhar@mail.ru)

**ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ МЕН ИДЕЯСЫ,  
ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ӨНЕР-БІЛІМНІҢ МӘНІ**

*Аса талантты педагог, ағартушы, дарынды жазушы, қаламгер, көркем сөз шебері, алғашқы мектеп, тұңғыш мұғалім, тамаша ақын, жалынды публицист, көрнекті қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан дамымаған кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнерінің бірсыпыра саласында жаңадан өсіп дамуына жол ашып, баянды негіз жасады.*

**Тірек сөздер:** *алғаш шыққан әдіскер-ғалым, жетік педагог- маман, халық ағарту ісінің ұйымдастырушысы, халықшыл, өмір шындығын таныта білген қаламгер, дүние жүзі педагогика классиктерінің гуманистік идеялары, қазақ даласында оқу-ағарту тәжірибесі.*

Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде де белгілі. Ыбырайға дейін көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Ыбырай әңгімелерінде өз заманының тұрмыс-тіршілігі, келелі мәселелерін қамтиды. Ақынның әңгімелері жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке, ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады.

Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына», «Қара батыр», «Бай ұлы», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық » деген сияқты көлемі кішкене, мазмұны терең, тілі жатық әңгімелерінде көлпелі ауылдан-егіншілік кәсібін, киіз үйден ағаш үйге, қала болуға, тіршіліктің өнімді-пайдалы түріне көшуге үндейді[1,42].

Мұндай қысқа мазмұнды, көркем әңгімелер қазақ әдебиетінде Ыбырайға дейін өріс алмаған еді. Бұл Ыбырайдың қазақ әдебиетіне кіргізген жаңалығының бірі еді. Тағы да басқа тәрбиелік мәні зор әңгімелерін енгізді. Қазақ хрестоматиясына енген Ыбырайдың көркем шығармалары - бала санасына әсер ететін, оларға жақсы, өнегелі істерге үйрететін мықты құрал. Кейіпкерлерді шынайы өмірге тән әрекеттері арқылы суреттеуді мақсат етеді. Оның әңгімелерін тақырып жағынан екі топқа бөліп қарастыруға болады еңбекке және адамгершілікке. Еңбексіз адам өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойды.

Ыбырайдың еңбек тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл» және тағы басқа әңгімелері. Жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік, тәрбие, еңбек, мәселесінде жазылған.

Ыбырай прозасы - шағын әңгімелердің классикалық үлгілері. Әңгіме жанрының тамыры тым тереңде екенін Ыбырай өз тұсында өте жақсы ұғынды.

Ыбырайдың жалпы тарихи-әлеуметтік көзқарасы қалыптасуына негізінен үлкен-үлкен үш фактор әсер еткен.

Біріншісі - туған елінің бай ауыз әдебиеті. Бұл мәселе оның барлық творчествосынан көрінді.

Екінші - орыс елінің озық әдебиеті мен мәдениеті. Бұл оның барлық творчествосынан көрінді.

Үшінші - дүние жүзінің озық ойлы прогрессивті мәдениеті. Міне, бұл, әсіресе көркем туындыларынан көрінеді.

Бір ғана мысал: «Бай баласы мен жарлы баласы».

Әңгіме - нағыз сюжетті, детальға бай, айтар идеясы айқын туынды. Осындағы арамтамақ бай баласының қиындыққа қарсы тұра алмауы, ал өмірдің ащы-тұщысын көп көрген жарлы баласының тапқырлық, еңбек сүйгіштік әрекеті - қатар қойып шендестіру ар-қылы берілуі - еңбек адамының қашан да өміршең екенін дәлелдейді. Идеясы да сол маңда жатыр.

Жазушының «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Надандық» деген әңгімелері - көркемдігі жағынан бәрінен биік тұрған ерекше мәнді шығармалар. Осыларды қазақ әдебиетіндегі алғашқы шағын прозаның үздік үлгілері деуге болады.

Алтынсарин әңгімелері тек мектеп оқушыларына ғана арналмаған, ересек адамдарға деп жолдаған әңгімелері де көптеп кездеседі. Соның бірі-«Қыпшақ Сейітқұл» автор мал баққан халықтың жұт пен барымтаға тәуелді екенін айта келіп, жоқшылыққа ұшыраған отыз үйлі тобырдың басшысы Сейітқұлдың данышпандылығын, ақылдылығын, тапқырлығын жастарға үлгі қылып көрсетеді. Ол өзінің ауылдастарын топырағы қолайлы өңірге көшіріп әкеліп, оларды суармалы егін шаруашылығына үйретеді. Жұртқа кетпен беріп, жер тегістетіп, арық қаздырып, егін өсірумен айналысады, бұл бастамасы жемісті болып, ауылда егін, мал шаруашылығы қатар өркендеп, шаруа адамдарының табысы артады. Артық өнімдерін саудаға шығарып, нарықтық қатынысқа тартылады. Ауылына келушілер көбейіп төрт жүз үйлі ауылға айналады. Адал еңбек еткендерді аз жылда ел қатарына қосылғанын нақты дәлелдей алған. Әңгіменің сюжеті тарихи шындыққа негізделген, себебі мұндағы елді мекендер, әкімшілік аймақтар нақты өмірден алынған.

Халық аңызына негізделген «Лұқпан әкім» әңгімесі. Бұл әңгімеде діндар Лұқпанды адамдарды емдегені үшін жазғырады, Алланың әміріне, оның ішінде ауруға да қарсы тұруға болмайды. Халық ол шешімге қарсы шығып, Лұқпанның бақытсыздарға көмектесіп, жетім мен жесірлерге қол үшін беріп, көптеген жақсылық жасағанын айтады. Әңгімеде Лұқпан халық мұңының жоқшысы ретінде көрінеді.

Бала өмірге келген кезінен бастап ата-ананың мейіріміне бөленеді. Ата-ана балаларына жақсы, небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болып өсуін тілейді және үміттенеді, және де қайырымдылық пен бауырмалдылық, сабырлылық пен шыдамдылық секілді ізгі қасиеттерді тәрбиелеуге арналған осы тақырыпта Ыбырайдың әңгімелері бар. Мысалы : «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Таза бұлақ», «Малды пайдаға жарату», «Аурудан аяған күштірек» т.б.

Ыбырайдың хрестоматияда алпысқа жуық шығарма бар. Олар әдеби-жанрлық жағынан, тақырыптық жағынан әртүрлі. Солардың көпшілігі шағын әңгіме, мінез-құлықтың, адамгершіліктің неше түрлі қырлары. Оны «Талаптың пайдасы», «Мейірімді бала», «Зеректік», «Әдеп», «Қанағат», «Әділдік», «Салақтық», «Ақымақ дос», «Жаман жолдас», «Надандық», «Тәкаббаршылық» деген сияқты тақырыптан аңғаруға болады.[2,]

Ыбырай шығармаларының мазмұны мен идеялық бағытына көңіл бөлсек, даусыз бір мәселені көреміз. Ол-жазушының әдебиетті қоғамдық құбылыс ретінде білуі. Оның шығармаларының тақырыбы күнделікті өмірден алып, оған өзінің озық ойлары арқылы баға беруге талпынады. Жаңа идеяларды қоғам ішінде кеңінен жая түсу үшін көркем әдебиетті күшті құрал ретінде танып, шебер пайдалана білді.

Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы - «Қазақ хрестоматиясы» ағартушылық мақсатта жазған екі өлеңімен ашыла түседі. Кітаптың өз кезінде басылуында «Сөз басы» деген атпен жарыққа шықты. Қазіргі уақытта олар «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» деген атауларымен айтылып, халық ұғымына сіңісіп кетті. Барлық өмірін елдің ағарту ісіне арнаған Ыбырай әдеби еңбектерінде де сол негізгі идеяларын жүзеге асыруды көздеді. Ақын халық ағарту ісін шебер көтере алатын шығармаларды көптеп жасауға қатты назар аударды. Ол өнер-білім жағынан мешеу сатыда тұрған қазақ халқы үшін ғылым мен техниканы жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемді шығармалардың қажет екендігін сезінді, ол халық арасында тез тарап, жатталып кететініне, халыққа оң әсерін тигізетініне сенім артты. Оның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдерінің мақсаты қазақ жастарын білім алуға, жаңа дәстүрлерді меңгеруге шақырды.

Ыбырай хрестоматияны қазақ балаларына арнап жазды, балалардың жасына лайықты және қабылдауларына оңай қылып құрған. Ақын жастарды оқу-білімге, өнерге шақырды, өз ойын нақты дәлелдеп, айтатын пікірін оқушы бойына еркін сіңіру үшін түрлі ұстаздық амал-тәсілдерді қолданды.

«Кел, балалар, оқылық!» өлеңінде Ыбырай өлеңнің әр шумағында өнер-білімнің артықшылығын, бұрын қазақ даласында өріс алмаған жаңа оқуды сөз етіп отырғаны барлығы анық байқалады. Қазақ ауыз әдебиетінде бұрыннан бар дәстүрлерді шебер пайдаланды.

Және оқушы түсінігіне жеңіл, қарама-қайшы ұғымдарды шендестіріп қолданды. Мысалы білімділік пен надандықтың ара жігін ажырату үшін, жарық пен қараңғылықты қатар қойып, жарыстыра сипаттайды.

Оқымаған жүреді,  
Қараңғыны қармалап...  
Оқысаңыз, балалар,  
Шамнан шырақ жағылар.  
Тілегенің алдыңнан,  
Іздемей-ақ табылар.

Бұл келтірілген үзіндіде екі түрлі мәселе суреттеледі, білімділік пен надандықтың, жақсы мен жаманның жақтары өте көркем бейнеде көрсетіледі. Осы өлеңнің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі- халық дәстүрі негізінде жазылды. Ыбырай оқу-білімнің тек ізденіс, еңбекпен табылатынына ерекше мән береді, ол үшін сабырлылық қажет екенін ескертеді. Ізенудің арқасында қол жеткізген білімі арқылы ешқашан жерде қалмайтындығын, сонымен қатар оқу-білім мәңгілік, ешқашан таусылмайтынын айтады.

Ыбырайдың «Өнер-білім бар жұрттар» деген атпен аталып келген өлеңі «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің жалғасы сияқты, дәл осындай кезегімен жазылған өнегелі туынды. Бұл өлеңде ғылым мен техниканың сол кездегі ең басты жаңалықтары толық суреттелді. Сол кездегі балаларға құлағымен естіп, көзімен көрмеген радио, паравоз, телеграф, пароход, телефон, газ, электр, самолет, тек қиялдағы дүние секілді көрінген. Сол таныс емес техникаларды өздерінің өміріндегі бар нәрселермен теңеу арқылы түсіндіреді.

Өнер-білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзіңді ашып-жұмғанда,  
Жылдам хабар алғызды.

Аты жоқ құр арбаны  
Мың шақырым жерлерге,  
Күн жарымда барғызды.

Осы өлеңде паровозды «аты жоқ құр арба» деп бейнелесе, суда жүзген кемені кәдімгі нән балыққа теңейді. Қазақ балаларына айтып түсіндіру үшін жұмбақтау тәсілінде қолданады, жұмбақ шешіп үйренген балалардың ойлау қабілеті мен ынтасын арттырады, және де жаңа заттардың болмысы мен қызметімен танысады.

Ақын жастарға үлкен сеніммен қарап, олардың тамаша келешегіне сеніп, ғылым мен техниканы жастар жетік меңгереді деп сенді. Заманның осындай ұлы жаңалықтарын санамалап келгенде ақын ойынның тірелер жері-жастар. Сондықтан ол:

Желкілдеп шыққан көк шөптей,  
Жаңа өспірім достарым,  
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,  
Ұмтылыңыз қалыспай...  
Біз болмасақ, сіз барсыз,  
Үміт еткен достарым,  
Сіздерге бердім батамды,-

деп жазды. Бұл үзіндіден сол дәуірдің шындығы көз алдымызға келеді. Жастарға «Желкілдеп шыққан көк шөптей, жаңа өспірім достарым» деуі Ыбырайдың жастарға деген сүйіспеншілік сезімін көрсетумен қатар, оларға үлкен үмітпен қарағандығын білдіреді.

Ыбырай өзінің өлеңдерін халық ауыз әдебиет үлгісінде жазып, оның тәрбиелік мәніне де ерекше назар аударды. Сол арқылы жастарды әдептілікке, адамгершілікке, білімді болуға, еңбек етуге баулиды.

Ақынның «Әй, жігіттер» өлеңінде үй ішіндегі сыйластықты, жар таңдау мәселесін, елдің бірлігін, татулығын сөз ете отырып, қазақ елінің білім-ғылым жағынан артта қалып жатқанын ескертеді. Бұл қырсықтан арылмай, еліміздің көркеймейтінін ашып айтады:

Бас ауырса бақсыларды  
Алып келіп бақтырарсың.  
Жазықсыз жануарды сойып,  
Өкпеменен қақтырарсың.  
Жын-бәлекет қашады деп,  
Тұмар алып тақтырарсың

Ұлы ұстаздың бүкіл адамзат қауымын түрі мен түсіне немесе наным-сеніміне қарай бөлмей, бәріне бірдей қарағаны оның «Өсиет өлеңдеріндегі»:

«Жаратты неше алуан жұрт бір Құдайым,  
Тең етті бәрімізге күн мен айын.

Адамның адам біткен баласымыз,

Қайсың бөлек тудың деп айырайын?!» [3], - деген шумағынан айқын көрінеді.

Ақын «Адамның адам біткен баласымыз» дей отырып, оқушысын «Жігіттер, бір-біріңе қарасаңыз», - деп татулыққа бірлікке, қайырымдылыққа шақырады.

Өлкені тану, қоршаған ортаға құрметпен қарау мақсатында жазған шығармалары да аз болған жоқ. «Өзен», «Жаз» деген өлеңдерінде балаларды бір сәт табиғат сұлулығына еліктіріп әкетеді. Табиғаттың сырлы сұлулығына тамсандырып, оқушының эстетикалық талғамын жоғарылата түсті. Табиғаттың адам өміріндегі алатын маңызын, қадірін көрсете алды. Айналаға жәй ғана табиғат, қоршаған орта деп қарамай, шабыт көзі, шексіз байлық деп қарауға итермеледі.

БІ. Алтынсариннің туған халқына жанашырлығы мен қамқорлығы мектеп ашып, қазақ балаларына тәлім- тәрбие, білім беруінен ғана емес, ұлттың басына төнген барлық қауіп-қатерде көрінеді.

«Менің үнемі ұмтылған тілегім-қалай да пайдалы адам болып шығу еді» - деп өзі жазғандай, ол халыққа жәрдем жасай алатын азамат болуды көкседі [4].

«Біз болмасақ - Сіз барсыз, үміт еткен достарым!» деп ол өз халқының келешек ұрпақтарына сеніп кеткен еді. Міне, сол ұрпақ Ыбырай арманының жүзеге асқаны бұл күнде айқын көрініп отыр.

Ыбырайдың мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа құндылықпен жеткізу, біздерге қалдырған үлгі-өнегесін үйрене-үйрете беру, оқыту мен тәрбиелеу жұмысын саралай қарап, ілгері дамыту - бәріміздің ортақ ісіміз, азаматтық борышымыз. Өйткені есімі аңызға айналған «даланың дауылпаз қоңырауының» өмір жолы, шығармашылығы, ағартушылық қызметі, қоғамдық-саяси жұмысы жайлы айтылар ыстық сөз халқы аман тұрғанда таусылмайды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Дербісалин Ә. «Ыбырай Алтынсарин» 1 том, Алматы, «Дәуір-Кітап» баспасы, 2015ж. 632 бет.
2. Әлбеков Т. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 5 том, Алматы, «ҚАЗАҚПАРАТ» баспасы, 2006ж. 555 бет.
3. Әлдибеков Ш. «Ыбырай Алтынсарин тағлымы», Алматы, «Жазушы» баспасы, 1991ж. 384 бет.
4. Сыздықова Р. «Қазақ әдеби тілінің тарихы», Алматы, «Ана тілі» баспасы, 1993ж. 320 бет.
5. Алтынсарин Ы. «Екі томдық шығармалар жинағы», Алматы, 2003ж.
6. Сүлейменов Б.С. «Ы.Алтынсарин таңдамалы шығармалары». Алматы, 1955ж.

#### **Асанова Жаухар Сапарбековна**

#### **ТЕМА И ИДЕЯ ИЗДАНИЯ ЫБЫРАЯ, ЗНАЧЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ЕГО ПРОИЗВОДСТВЕ**

*Аса талантливый педагог, просветитель, талантливый писатель, Писатель, мастер художественного слова, первая школа, первый учитель, замечательный поэт, пламенный публицист, выдающийся общественный деятель Ибрай Алтынсарин создал основу для нового роста и развития демократической культуры и искусства нашего народа, живя в годы культурного и экономического развития казахского общества.*

**Ключевые слова:** *первый методист-ученый, опытный педагог-специалист, организатор народного просвещения, народник, писатель, познавший реалии жизни, гуманистические идеи классиков педагогики всего мира, учебно-просветительский опыт в казахской степи.*

#### **Asanova Zhaukhar Saparbekovna**

#### **THE THEME AND IDEA OF YBYRAY PUBLISHING, THE MEANING OF VOCATIONAL EDUCATION IN HIS WORKS**

*Talented teacher, educator, talented writer, writer, master of artistic expression, first school, first teacher, wonderful poet, ardent publicist, outstanding public figure Ibrai Altynsarin created the basis for a new growth and development of democratic culture and art of our people, living in the years of cultural and economic development of Kazakh society.*

**Key words:** *the first methodologist is a scientist, an experienced teacher-specialist, an organizer of public education, a narodnik, a writer who has learned the realities of life, the humanistic ideas of the classics of pedagogy around the world, educational and educational experience in the Kazakh steppe.*

**Ғ.М.Әбілқасов**

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, педагогика ғылымдарының магистрі, Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[gabi.altai1970@mail.ru](mailto:gabi.altai1970@mail.ru)

**К.К.Абдиманова, Г.М.Абылқасова**

№ 81ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері,  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[abylkasova.gulzada@mail.ru](mailto:abylkasova.gulzada@mail.ru), [kuralay1970@mail.ru](mailto:kuralay1970@mail.ru)  
№ 81ЖББМ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

**ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫН ОҚЫТУ  
ЖОЛДАРЫ**

*Берілген мақалада қазақтың ақтаңгер ақыны, жазушысы Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасын өскелең ұрпаққа оқыту жолдары жайында айтылады. Шәкәрімнің жазған әдеби бай асыл мұрасында, қаламгердің өзі ғұмыр кешкен дәуірдің қоғамдық көріністері, ақыл-ой ізденістері мен толғамды ой-тұжырымдары көрініс табады.*

Қазақ әдебиеті тарихында өзінің ерекше қолтаңбасын қалдырған, қазақ халқының талантты перзенті ол Шәкәрім Құдайбердіұлы. Шәкәрім жастайынан өлең, жыр жазып өмірінің соңына дейін, кешегі Абай, Шоқан, Ыбырай сияқты ағартушылық бағытқа бет бұрған, Абай Құнанбайұлының поэзиядағы, әдеби шығармашылықтағы жаңашылдық дәстүрін одан әрі дамытып, оқырмандарға таныла бастады. Шәкәрім Құдайбердіұлы суреткер жазушы, аудармашы, атақты ақын. Өзінің соңынан келешек ұрпаққа аса бай да, бағалы, маңызды асыл мұраларын қалдырған, өзіндік шығармашылық жолы айқын, сирек кездесер талантты қаламгерлердің бірі. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде өмір сүріп, қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, рухани, мәдени, әдеби өміріне айтарлықтай белсенді араласып, гуманистік, адамгершілік, ағартушылық идеяларды насихаттаған, мол көркем мұра қалдырған ақын әрі жазушы еді. Шәкәрім – әрі жазушы, ақын, аудармашы, философ, тарихшы – шежіреші ретінде де қалың оқырманына бірден танылды. Шәкәрім Құдайбердіұлының жазған әдеби бай асыл мұрасында, қаламгердің өзі ғұмыр кешкен дәуірдің қоғамдық көріністері мен ақыл-ой ізденістері мен толғамды ой-тұжырымдары көрініс тапқаны ақиқат. Шәкәрім Шығыс, Орыс, Батыс әдебиетінің классиктерінің шығармаларын тереңдетіп оқып, олардың тарихына зер сала үңіледі. Шәкәрім Құдайбердіұлы айналасына ақын ретінде он бес, жиырма жасында таныла бастайды. Шәкәрім қазақ халқының әдебиеті, мәдениеті өзге елдікі сияқты дамығанын, туған халқының азат ел болып, еркін еңбек етіп, бейбіт өмір сүруін армандап кетті. Ақын мақсат – мұраттарының орындалуын аңсап, сол үшін өзінің шығармашылық ізденістерін аямай, жан сала күресті, сол мақсаттан өзінің жазушылық, ақындық асыл арнасын тапты. Жазушы халқымыздың зиялы перзенттері, қоғам қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхамеджан Сералин, Омар Қарашев, Бернияз Күлеев тағы басқаларымен тағдырлас күрескер болғаны баршаға мәлім [1,6].

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы Қазіргі Абай облысындағы, Шыңғыстауда дүние есігін ашады. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының жеті ағайынды болғаны бізге белгілі, Құдайберді Шәкәрімнің әкесі, ол Абайдың ең үлкен ағасы болған. Парасат пайымы жарасқан, мейірбан, кең пейіл ағасын Абай айырықша сыйлап, қадір тұтқан. Құдайберді Құнанбайұлы Шәкәрімнің алты жасында дүниеден озады. Шәкәрім бала



кезінен айтқан сөзді ұғып алатын ұғымтал, алғыр, өнерсүйгіш, пысық болып өсті. Оның өнер-білімге, құштарлығын, зеректігін аңғарған ағасы Абай өзінің қамқорлығына алып, өзінің бауыры, шәкірті ретінде оң бағыт-бағдарын береді. Шәкәрім әбден сауатын ашып, әріп-қаріп танып, кітап оқу мүмкіншілігі жетілген сәтінен бастап Абай оны терең біліммен сусындауына мол ықпалын тигізе бастайды. Білімге, оқуға құштарлығы бала кезінен байқалған Шәкәрім өз тарапынан да, оқу-білім салаларының ілкі басқыштарына тез жетіле түсіп, оқуда озат шығып, ынта-жігерін көрсетеді. Айналасына ол, бойына біткен талантынерте танытып үлгереді. «Естігенін ескергіштік, айтқан сөзді тез ұғып алғыштық, ерекше жігерлілік байқатып, есті адамдардың назарына да ілінбей қалмайды. Абай өлеңдерін бір оқығаннан жаттап алуы, жадында берік ұстағыштығы айналасындағыларға ерекше көңіл аудартқан» - деп жазады Шәкәрім туралы естелікінде ғалым, Ханғали Сүйіншіәлиев [1,7]. Өз бетімен оқып, жетілу үлгісі Құнанбай отбасында қалыптасқан дәстүрлі үрдіс. Ұлы Абайдың өзі қалай өз бетімен іздене, оқып жетілсе, Шәкәрім де осы ағасы салған сара жолмен тәлім-тәрбие алып өскен. Кітап оқуға мүмкіншілігі ашылғаннан бастап, Абай ағасының шығармашылығымен жақын таныса отырып, ақын ағасының өлеңдерін жатқа айту дәрежесіне жетіп, өзінің жазған өлеңдерінде де оқырманды Абайды оқуға шақырады. Мол үлгі, насихат, өнеге Абай өлеңдерінде екенін тілге тиек етеді. Ол, былай, ақынның «Жастарға» деген өлеңіне назар аударайық:

– Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!

Қарауылдар мезгіл ғой, тұр қаралық!

Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,

Жалыналық Абайға жүр баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік,

«Әдейі іздеп біз келдік Сізге» делік.

«Өмір зая болмастық өнер үйрет,

Ақылыңды аяма бізге» делік - деп жастарды Абай шығармашылығымен жақын танысып, ғылым, білімнің бәріде осы ақынның бойынан табылады деп, жан айқайын өлеңмен жеткізеді. Ол, арнайы оқу орынын бітірмесе де, Абайдың басшылығымен және өзінің ерік, жігерінің, қайраттылығының, өз бетінше ізденуінің нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы, тек қана қазақ емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең дарынды, ғұламалардың бірі болып шығады.

Өлең мен өмірдегі ұстазы Абай оқыған шығыс классиктері: Хафиз, Фирдоуси, Науаи, Фзули, Низами, Шамси кітаптарын тапжылмай басынан аяғына шейін әбден оқып тауысады. Көне түркі әдебиетінде іздеп, тауып, жадына тоқып, оқып шығады. Атап айтатын болсақ: Қашғария сөздігін, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білігін», Ахмет Иассауи мен Бақырғани еңбектерін. Түркі мен араб елдерінің орта ғасырлық шежірелерін оқығанын Шәкәрімнің өзі еңбектерінде атап өтеді. Түркі, араб шығармаларына еліктеп «Қазақ һәм түрік шежіресін», жазумен де айналысатыны баршаға белгілі. Ол, әсіресе атап айтар болсақ «Тауарихи Рашидини», «Ақтари Қабир», «Мың бір түн», парсы халқының «Тотынама» және т.б. елге әйгілі шығармаларымен жақын таныс болады. Жоғарыда аталған түрік, араб, парсы тіліндегі әдеби туындылар қазақ жеріне еркін аударма әдісімен кең тарағанын да білеміз. Қазақ әдебиетінің түрік, орыс, араб, парсы және тағы басқа халықтардың әдебиеттерімен тығыз байланыста дамуына Шәкәрім Құдайбердіұлы әкелген қазына ұлан ғайыр екеніне бәріміздің көзіміз жеткені рас. Шәкәрім өз заманының ақыл-ой дамуы дәрежесінде бола алғандықтан, ол бірнеше тілді: араб, парсы, түрік, татар, өзбек, орыс тілдерін жетік меңгергендіктен, көптеген халықтар ғасырлар бойы қалыптастырған рухани, бай қазыналарға еркін бойлап, терең білуі нәтижесінде, көптеген авторлардың шығармаларын қазақшаға аударып, халық игілігіне жаратты [2,16]. Шәкәрім Құдайбердіұлының әдебиеттегі көркем аудармалар принципі мен жүйесінің өзі, үлкен рухани тәжірибе деп атап өтті аға буын ақын-жазушыларымыз бен ғалымдарымыз. Қазақ халқының төкпе ақын-жыраулары араб, парсы, түркі

кітаптарындағы шығармалардың сюжетін өлең-жырға айналдырып, талай қисса-дастан, жыр- толғауларды қазақ тіліне тәржімалап аударды. Осы туындылардың үлгісін негізге ала отырып Шәкәрім Құдайбердіұлы да қолдана отырып, атақты шығыс жұлдызы, шәйірі Фзулидің «Ләйлі-Мәжнүнін» ана тілімізге аударып, жырлағаны мәлім. Шәкәрімде ұстазы Абай сияқты орыстың классик ақын-жазушылары: Некрасов, Салтыков-Щедрин, Тургенев, Гоголь, Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой туындыларын оқып, білім көкжиегін кеңіте түседі. Орыс ақын-жазушыларының шығармашылығымен жақын таныса отырып, оларды үлгі тұтады. Өзі оқып, тоқыған классиктердің еңбектерін жалпы адамзатқа ортақ игілік екенін тани білді. Өзінің бір жазбасында: «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді, ер жеткен соң сол кісіден тағылым алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тындап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім дейді. Ақын болашақ жастарға осындай Абай, орыстың атақты жазушылары Толстой сияқты даналарды үлгі тұт, ақылды, арлы адамдардың ізіне ер, дұрыс жолға түс деп насихат айтады.

«Жасымнан жетік білдім түрік тілін» атты өлеңінің бір шумағын оқып көрейік:  
«Адаспайсың ақылды, арлыға ерсең,

Жолай көрме жылмайы сопы көрсең.

Тапқыр, адал, ақылды адамдардың,

Адаспайсың артынан ере берсең-дейді. Яғни, өмірде дұрыс, ақылды, тәрбиелі, инабатты адам болғың келсе, жақсы адамдарды қадір тұт, сыйла, жақсылардың жолымен жүр деп нұсқайды.

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы. *Өлеңдері, поэмалары.* - Алматы, «Рауан» 1990

2. Шәкәрім шығармалары. Алматы, «Жазушы» 1988

**Абилкасов Г.М., Абдиманова К.К., Абылкасова Г.М.**

#### **ПУТИ ОБУЧЕНИЯ ЛИТЕРАТУРНОМУ НАСЛЕДИЮ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВИЧА**

*В данной статье рассказывается о методах обучения подрастающему поколению литературного наследия казахского поэта, писателя Шакарима Кудайбердиева. В богатом литературном наследии Шакарима отражены общественные проявления, умственные поиски и созерцательные высказывания той эпохи, в которой жил сам писатель.*

**Abilkassov G.M., Abdimanova K.K., Abylkasova G.M.**

#### **WAYS OF LEARNING SHAKARIM KUDAIBERDIEV'S LITERARY HERITAGE**

*This article describes the ways of teaching the younger generation of the literary heritage of the Kazakh poet, writer Shakarim Kudaiberdievich. Shakarim's rich literary and noble heritage reflects social manifestations, intellectual searches and contemplative utterances of the era in which the writer himself lived.*

**Бердиходжиева С.**

«*Bolashaq*» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты

**Сембиев Қ.З.**

«*Bolashaq*» академиясы

фил.ғыл.кандидаты, профессор, Қарағанды, қазақстан Республикасы

## **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМДЫҚ ЖҮЙЕ**

*Мақалада қосымшалардың қос қызмет атқаруы түркітануда өз көрінісін таппаған тың-соны тақырып ретінде және қазақ тілі құрылысының ілгері қарай түбегейлі талдануына себін тигізерлік зәруліктегі материал ретінде негізге алынды.*

**Тірек сөздер:** *қосымша, сөзжасам, аффикс, лексика-грамматикалық мағына, түбір, грамматика, морфология.*

Қосымшалардың сөзжасамдық я сөзтүрленімдік екендігі олардың жеке өздері бойынша анықталмайды. Тағы да қайталай айтатын болсақ, аффикстердің барлық ерекшелігі нақтылы бір түбірге немесе негізге қосылуда ғана көрінеді. Сондықтан сөзжасамдық аффиксті мінездеп беру үшін әуелі сөздің өзі қандай белгілермен танылатынын ашып алу керек. Сонда ғана әлдебір аффикстің қызметі арқылы сөз жасалғанын немесе сөз емес, сөз түрі қалыптасқанын айтуға болады [1].

Түркітануда сөздік бүтінді анықтау елеусіз қалған мәселенің бірі десе болады. Себебі қазіргі сөзге беріліп жүрген анықтамалар лингвистикалық емес, негізінен, логикалық ыңғайдан қорытылған. Ондай анықтаманың мектеп грамматикасы көлеміндегі: «белгілі бір ұғымға берілген атауды сөз дейміз», – дегендей түрі, әрине, орынды. Ал тіл білімінің әр алуан саласына нысан (объект) ретіндегі сөздің ғылыми анықтамасы жөнінде ондай пікірде болу – әбестік. Мысалы, қазақ тілінде сөздің мынадай анықтамалары бар: «Сөз – дыбыстық (форма мен мағынаның тұтастығы, ақиқат заттың, құбылыстың жинақты бейнесінің белгісі) және: «белгілі бір ұғымның атауы (белгісі я таңбасы) ретінде қолданылатын дыбыстық комплексті сөз дейміз». Мұндай анықтамалардың мейлінше жалпы екенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Бұл – жалпы тіл атаулы үшін жобалық сарындағы біршама лингвистикалық, біршама логика-философиялық анықтама [1].

Ал сөздің лексикология мен дериватология аясындағы ерекшеліктерін қамтыған, нақтылы бір тілдің сөзі екенін өзіндік белгілерімен даралап көрсететін ғылыми сипаттама беру өте қажет. Өйткені тілдердің заттық-материалдық құрылысы бірдей болмауына қарай олардағы сөз ерекшеліктері де басқа-басқа болатыны заңды. Осы жағдайды ескергендіктен де, академик Л.В.Щерба сөздің жалпылама анықталуы мүмкін емес, ол әр тілде өз қасиет-сындарымен көрінетін болу керек деген: «В самом деле, что такое «слово»? Мне думается, что в разных языках это будет по-разному».

«Сөз туралы ұғымды дәл анықтауға ұмтылу – жалпы тіл білімі көлемінде қажеттілігі шамалы іс. Мұны әлдебір тілдің материалы бойынша жүзеге асыруға талпынып көруге болар» деген А.Мартине де, «сөзге анықтама беру өте қиын», – деген В.Дорошевский де, «сөзді анықтау мейлінше қиын», – деген Лайонз Джон да нақтылы тілдің дербестігінен аттап өту мүмкін еместігінде Л.В.Щербамен үндескен.

Сондықтан да түркі тілдерінде кейде сөзді жалпы түрленіс-өзгерістердің жиынтық жүйесі деп анықтауды қолдауға болмайды. Ол анықтама орыс тілінің лексика-грамматикалық сөзіне лайықталғаны мәлім. Ал орыс тілінде сөзді олай кең ұғымда алудың себебі, жоғарыда ескертілгендей, оның флективті құрылысымен байланысты. Флективті тілдерде сөз құбылмалы келетіні, түбірдің тұрақсыз болатыны – әлгіндей

түрдегі кең ұғымдағы анықтама берудің алғышарты. Ал түркі тілдерінде түбір әр уақытта өз қалпын сақтайды, оған қосылатын аффикстер де бір бағыттағы ретін бұзбайды. Ендеше түркі тілдері үшін лексикологиялық-дериватологиялық тұрғыдан сөздің анықтамасы да осындай өзіндік ерекшеліктерін есепке ала отырып берілгені жөн екендігін айтады [1].

Осы турада бүкіл түркітануда сөздің мәртебесін анықтауға көңіл аударған – Н.К.Дмитриев ғана. Ол сөзді башқұрт тілі бойынша былай анықтайды: «Өз алдына дербес, жеке сөз башқұрт тілінде мынадай белгілермен сипатталады: 1) толық семантикалық мәні немесе нақтылы сөздің материалдық мазмұны, 2) мәтіннен тыс тұрарлықтай мүмкіндігі 3) өзіндік екпіні болуы 4) стандартты, тұрақты дыбыстық құрамы 5) тиісті морфологиялық категориялар бойынша өзгеру мүмкіндігі (септік, тәуелдік, жіктік т.б.) 6) сөзжасамдық аффикстер қосылып, келесі жаңа сөздің жасалуына ұйытқы болуы» [2]. Бұл анықтама башқұрт тілімен генеалогиялық та, типологиялық та жақтарынан бір жүйедегі басқа түркі тілдеріне де, солардың ішінде қазақ тіліне де үйлесімді. Сөзжасамдық аффикстің қызмет нәтижесіне осы тұрғыдағы өлшеммен қарау керек. Сонымен бірге сөзжасамдық аффикстің қолданылу ретімен байланысты кейбір жекелей ерекшеліктерін де дәлді білген жөн. Ол ерекшеліктер сөзжасамдық аффиксті сөзтүрленімдік аффикстерден ажыратуға таяныш болады. Нақтылағанда, сөзжасамдық аффикстер мен сөзтүрленімдік аффикстердің бірінен-бірі өзгешеленетін мынадай қызметтік қасиеттері бар екендігін анықтады [1].

Сөзжасамдық аффикстер өздері қосылған түбірлер мен негіздерге жаңа мағына беріп, оларды дериваттап, лексикалық басқа бір бүтінге айналдырады. Мысалы: сөз – сөйле; сұра – сұрақ; көмек – көмекші; жер - жерлес; тау - таулы; ек - егін т.б. Бұл арада сөзжасамдық аффикстердің жаңа бүтін жасауы міндетті түрде категорияаралық ауысу дәрежесінде өте бермейтінін де ескеру керек [1].

Бір сөз табы категориясының өз ішінде де жаңа сөз жасалуы көп кездесетіні белгілі [1]. Мысалы: жұмыс - жұмысшы, ел - елші т.б. Бірақ мұны, екінші жағынан, сөз табының өз ішінен аспайтын түрленістермен бірге қарап, алмастыруға тағы болмайды. Мысалы, зат есімнің субъективтік бағалау жұрнақтары мен сын есімнің шырай жұрнақтарын жана сөз жасаушы дей алмаймыз. Олар қосылған түбірлер немесе негіздер мағынасы жағынан жаңармайды, тек түрленеді, сондықтан бұл жұрнақтар сөзтүрленімдік болып танылады. Субъективтік рең білдіруші жұрнақтар мен шырай жұрнақтарының қосылуынан пайда болған негіздер бастапқы түбір я негізбен түрленімдік қатар (коррелят) құратыны да осыны көрсетеді. Мысалы: қызыл – қызылырақ. Олар бір сөздің түрленісі ғана ретінде болғандықтан, жаңа сөз жасауға ұйытқы бола алмайды, яғни басқа сөзжасамдық жұрнақтарды қабылдамайды, қабылдаған жағдайда өздері факультативті күйде тұрады. Мысалы: бота – ботақан, ботақанша – боташа.

Сөзжасамдық аффикстердің екінші белгісі – олардың қолданылу өрісінде әлдебір шек, меже болатындығы. Ең өнімді, құнарлы деген сөзжасамдық жұрнақтардың өзі бір сөз табы категориясына тиісті сөздерге де түгелдей қосыла алмайды, тіпті бір ыңғайдағы семантикалық топты да тегіс қамтымайды. Басқаша айтқанда, сөзжасамдық аффикстер өздері қосылатын түбір я негіздерге талғампаз болады. Мысалы: «аңшы», «жылқышы», «жолшы», «сауыншы», «темірші», «көмірші», «мұнайшы», «қойшы», «тасшы», «әңгімеші», «шөпші», «үгітші», «баяндамашы», «құрылысшы» т.б. деп айтуға болса да, «жәндікші», «толқыншы», «үйрекші», құмшы», «жүрекші», «табалдырықшы» дегендей болып айтылмайды. Бұларда ұғымдық-ақпараттық жарасымдылық жоқ. Оның болуы жапатармағай тотальдық сипатта емес, санамалы, сирек, таңдаулы реттерде ғана мүмкін болатындығын нақтылайды [1].

Үшіншіден, сөзжасамдық аффикстер арқылы пайда болған бүтін сөзді сөздіктерде жеке ұяда-реестрде береді.

Төртіншіден, сөзжасамдық аффикстер түбірлер мен негіздерге қосылуда сөзтүрленімдіктерден орын реті (иерархиясы) бойынша бұрын келеді. Бұл туралы Н.А.Баскаковтың жоғарыда аталған еңбектерінің барлығында да дұрыс айтылған. Қазақ тілінде де журналдардың орын тәртібі осылай екені белгілі. Мұны профессор Қ.Жұбанов та кезінде атап көрсеткен [5]. Сөзжасамдық аффикстер осы қабілетінің арқасында түбірмен немесе негізбен біртұтас, тығыз бірлікте тұрады. Ал ол орнынан айырылса, сөздік бүтіннің құрамдық бөлшектерінің арақатынасы әлсіреп, сөздік мәнінен түрленімдік деңгейге ойысып, басқа сапада танылады: таудай – тауларымыздай.

Бесіншіден, сөзжасамдық аффикстер, бұдан бұрын айтылғандай, өзіне екпін тартады. Екпінсіздіктің өзі олардың сөзжасамдық аффикс ретінде түпкілікті орнықтағандығын байқатады.

Алтыншыдан, сөзжасамдық аффикстер өзінен соң басқа да сөзжасамдық аффикстердің қосылуына бөгет болмайды. (Жұмыссыздық, кеңесшілік т.б.).

Кейбір зерттеушілер осындай жағдайларды септік жалғауының сөзжасамдық қызметі деп түсіндіреді [21]. Мұнда, жоғарыда айтылғандай, аффикстендірудің сөзжасамдық емес, сөзөзгерімдік нұсқасы лексика-семантикалық тәсілмен түйіскен. Сол қоса қабат бірлескен тәсілдің ішінде шешуші маңыз лексика-семантикалық жолға тиесілі. Себебі септік тұлғадағы сөздер қолданылу тәжірибесінде семантикалық жағынан дамыған да, келе-келе тиянақты кейіптегі сөздік мағынаға ие болған. Мұндай жағдайдағы септік жалғауларының сөзжасамға қатысы актив емес, пассив түрде, сөз құрамында әйтеуір тұрғандығымен ғана анықталады. Сондықтан ол жалғаулардың сөз жасаушылығы жайындағы пікірлер дұрыс еместігін айтпасақ болмайды. Мысалы, профессор С.А.Джафаров септік жалғаударының осындай күйде келуін сөзжасамдық жұрнаққа айналу деп түсіндіреді [9]. Тіпті түркі тілдерінде сөзжасамдық аффикстердің пайда болып, қалыптасып, дамуының өз алдына бір жолы ретінде септік жалғаулары жұрнаққа айналады деп тұжырым жасайды. Мұндай қорытындымен ешқалай келісуге болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Бірде-бір септік жалғауы жұрнаққа айналып, сөзжасамдық қызмет орындауына тарихи тұрғыдан да, қазіргі тіл дамуы кезеңінен де дерек табылмайды. Септік тұлғасындағы сөздердің дериваттанған бүтінге айналуы сөзжасам үдерісі екені – анық ақиқат. Бірақ ондай тұлғаларды сөзөзгерімдік көрсеткіштер басқа категорияға ауыстырып тұр деу жөн емес. Ол сөздер тұтас тұлғасымен өз категориясынан қара үзіп, бөлініп, изоляциялану, лексикалану жолымен басқа категорияға көшеді. Транспозициялық, конверсиялық өнім болады.

Осындай жағдайды дұрыс ұғыну керектігі туралы Э.В.Севортян да пікір білдіріп: септік, көсемше тұлғаларынан пайда болған үстеулер көп-ақ. Соларды септік жалғаулары мен көсемше журналдары жасаған дейміз бе? – деп айтуде болмайтынын, олардың лексикаланған тұлғалар екенін айтады [5]. Сондықтан септік тұлғадағы есімдердің лексикалану үдерісін бифункциялылықпен араластыруға болмайды.

Түркі тілдерінде аффикстердің бифункциялылық құбылысына жуық сияқтанатын келесі бір жағдай сөзтүрленімдік журналдармен, нақтылап айтқанда, кішірейту, еркелету журналдарымен тұлғаланған зат есімдердің түрленім қалпында қалмай, толық дериваттанған дербестігі бар сөздік бүтінге айналуына байланысты. Мысалы: Қардың үстінде алыстан қылтып көрінген қарағайлар түбітін қара қылшық шалған жазғытұры қоянның жоны сықылды [5]. Осы сөйлемдегі «қылшық» сөзінің құрамында кішірейту түрленімін қалыптастырушы -шық жұрнағы сөзжасамдық функция орындап тұрған тәрізденеді.

Дұрысына келсек, мұнда да аффикстендіру тәсілінің лексика-семантикалық тәсілмен ұштасуы бар. -шық жұрнағының сөзтүрленімдік қызметтен сөзжасамдық қызметке ауысқанынан гөрі бұл жерде арнайы қолдану әсерімен тұтас негіздің лексикалануы әлдеқайда басым тұр. -шық жұрнағымен тұлғаланған сөздердің лексикалану фактілері бір бұл ғана емес. Мысалы: «кіршік», «мишық», «қылшық», «ершік», «талшық» т.б. сөздерде де сол құбылыс болған.

Сөздің қолданылу тәжірибесінде болатын мұндай үдерістердің мәнін мынадай пікір айқын түсіндіре алады: «Словоупотребление – функциональное условие, вызывающее тот или иной сдвиг в лексическом значении слова. Если определенное, конкретное внешнее функциональное условие начинает повторяться и многократно воспроизводится, в семантической структуре данного закрепляется данное переносное значение, становясь общеязыковым фактом» [4]. Демек, бұл жағдайдың да біздің объектідегі функциялылықпен алмастырылмауы керек.

Қосымшалардың қызметін морфологияда мұнан басқа тұрғыдан анықтайтын тағы бір жағдай бар. Атап айтқанда, олардың сөз таптарына қатысына қарай «зат есім тудырушы, сын есім жасаушы, етістік жасаушы» т.б. деген сияқты бірқалыпты, дағдылы анықтамалары жиі кездеседі. Бұлардың да беретін түсініктері өз орнында дұрыс болғанмен, әңгіме етіліп отырған функция ұғымынан айыра қарау қажет. Оның себебін О.П.Суник былай деп дұрыс көрсеткен: «нередко говорят и пишут об образовании глагольных основ от основ именных или именных основ от основ глагольных, называя в то же время эти процессы «словообразованием глагола» или «словообразованием существительного». По существу же речь должна идти не об образовании глаголов и имен, а об образовании слов («словообразование»), которые, будучи образованы, естественно, ходят в тот или иной имеющийся в языке общеграмматический разряд слов, относясь к той или иной части речи, свойственной данному языку» [4].

Шындығында да, аффикстердің функциясы ең алдымен олардың сөз немесе сөз түрін жасайтындығына байланысты анықталады. Ал қалыптасқан негіздердің одан әрі нақтылы категорияларға орнығуы – екінші кезектегі үдеріс. Сондықтан сөз табы категориясына қатыстыра қарағанда аффикстердің функциясындағы бұл сәт есте болу керек. Өйтпеген күнде біз талдамақшы болып отырған бифункциялылық құбылысы одан бөтен жайтпен қателестірілуі мүмкін. Мысалы, бір аффикс арқылы пайда болған негіздердің әр түрлі сөз табына жатуын кейде оның қосқызметтілігі, полифункционалылығы ретінде түсіндіру кездеседі («тоңазытқыш», «ұшқыш» - зат есімдер, «білгіш», «көнгіш» - сын есімдер). Іс жүзінде ондай сөздердің құрамындағы аффикстер көпқызметті, қосқызметті емес, көпмағыналы болып табылады. Ендеше полисемиялық және полифункционалық қасиеті бар аффикстерді де дұрыс тану қажет.

Аффикстердің бифункциялылығы бұл аталғандардан мүлде басқаша арнада өтеді. Дәлдеп айтқанда, бифункциялылық құбылысы сөзжасамдық және сөзтүрленімдік (сөзөзгерімдік) аффикстердің тікелей тек қана екеуара қарым-қатынастарынан шығады. Яғни, негізінен, сөзжасамдық функция орындайтын аффикстердің сөзтүрленімдік функцияға да икемделіп, қосалқы екінші қызмет атқаруы немесе бұған керісінше, негізінен, сөзтүрленімдік функция орындайтын аффикстердің сөзжасамдық функцияға да қабілеттеніп, екінші қосалқы қызметке енуі бифункциялылық болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Шаяхметұлы Қ. Қазіргі қазақ тілі: сөзжасам-дериватология, сөзөзгерім-морфология. – Семей-Новосібір: Талер-Пресс, 2007. – 337 б.
- 2 Мұқанов С. Мәлдір махаббат. – Алматы, 2005.
- 3 Мұқанов С. Ботагөз. – Алматы, 1989.
- 4 Абдурахманов Г.А. Исследование по старотюркскому синтаксису. – М.: Наука, 1967.
- 5 Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы және лексикалану процесі. – Алматы, 1997.

**Бердиходжиева С., Сембиев К.З.**  
**СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА В СОВРЕМЕННОМ**  
**КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

*В статье основное внимание уделено теме, которая не нашла своего отражения в тюркологии и как материалу, способствующему фундаментальному анализу развития казахского языка.*

***Ключевые слова:** сложение, словообразование, аффикс, лексико-грамматическое значение, корень, грамматика, морфология.*

**THE WORD-FORMATION SYSTEM IN THE MODERN KAZAKH LANGUAGE**

*The article focuses on a topic that has not found its reflection in Turkology and as a material contributing to the fundamental analysis of the development of the Kazakh language.*

***Keywords:** addition, word formation, affix, lexico-grammatical meaning, root, grammar, morphology.*

ӨОК 81'366

**Бердиходжиева С.**

*«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты*

**Сембиев К.З.**

*«Bolashaq» академиясы  
фил.ғыл.кандидаты, профессор, Қарағанды, Қазақстан Республикасы*

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗТҮРЛЕНІМДІК ЖҮЙЕ**

*Мақалада қосымшалардың қос қызмет атқаруы түркітануда өз көрінісін таппаған тың-соны тақырып ретінде және қазақ тілі құрылысының ілгері қарай түбегейлі талдануына себін тигізерлік зәруліктегі материал ретінде негізге алынды.*

***Түйін сөздер:** қосымша, сөзжасам, аффикс, лексика-грамматикалық мағына, түбір, грамматика, морфология, сөзтүрленімдік аффикстер.*

Сөзтүрленімдік аффикстер, олар, ең алдымен, өздері қосылған түбірлер мен негіздерді мағыналық жағынан жаңғыртпайтындықтарымен сипатталады. Түбір мен негіздің өзіндегі әуелгі семантикалық ядро сөзтүрленімдік аффикс қосылғанда да өзгермей қалады. Оларға тек стилистикалық немесе грамматикалық санаттар шеніндегі дәлдеу, үстемелеу мәні жамалады (Айт, айтқан, айтып, айтты, айтылды; үлкен, үлкендеу, үлкенірек т.б.).

Сөзтүрленімдік аффикстердің келесі белгісі – олардың пайдаланылу мүмкіндігі өте мол, кең екендігі. Сөзтүрленімдік қосымшалардың бұл қасиеті түркі тілдерін зерттеушілер тарапынан әр түрлі түсіндіріліп жүр. Оның себебі сөзтүрленімдік аффикстердің жұрнақтық тобы мен жалғаулар тобын араластырмау мақсатынан туған. Сөзтүрленімдік жұрнақтардың жалғауларға карағанда біраз шамада артық сезілерліктей үстеме мән білдіретіндігін баса көрсетіп, кейбір зерттеушілер соған орай, олардың қолданылуларын да ажырата қарайды. Сөйтіп, оларды сөзжасамдық аффикстер мен жалғаулардың ортасынан аралық топ ретінде бөлектейді. Бұл аффикстерді осылай оқшаулап беру, мысалы, Б.О.Орузбаеваның еңбегінде бар [ 5]. Ол сөзтүрленімдік жұрнақтардың қолданылу өрісін жалғаулардан кем деп санайды. Пайдаланылу шегінің өте кең екенін тек жалғауларға ғана қатысты түрде айтып, сөзтүрленімдік жұрнақтар жайын белгісіз қалдыру Э.В.Севортян, А.Ысқақов, К.Аханов еңбектерінде де бар. Олар

жалғаулар грамматикалық абстракциялау дәрежесіне дейін қолданылып, сөзжасамдық жұрнақтардан өзгешеленетінін дұрыс айтады [ 1]. Бірақ сөзтүрленімдік жұрнақтардың қолданылу өрісі қандай екеніне соқпайды. Бұл ыңғайдағы пікірді тек И.Е.Мамановтың еңбегінде ғана кездестіреміз.

Ол сөзтүрленімдік жұрнақтардың қолданылу әлуеті мен белсенділігі туралы: «Форма тудыратын жұрнақтардың сөзге жалғану шегі болмайды, яғни олар жалғанатын сөз табына немесе белгілі грамматикалық топқа енетін сөздерге түгелдей жалғанады» [1], – дейді. Шындығында да, фактілерге жүгінсек, сөзтүрленімдік жұрнақтардың қолданылу шегі осы көрсетілген дәрежеде екені байқалады. Мысалы, сын есімнің шырай жұрнақтары қатыстық сын білдіретін сөздерге тегіс жалғанбағанмен, сапалық сын мәніндегілерге түгелдей жүйелі түрде қосыла алады. Сөздердің семантикалық үйірлес тобына тұтас қызмет етеді. Ендеше олар қосылған сөздердің сандық көлемі шағындығына қарамастан, жалғаулармен аналогия жасауға жарайды. Мысалы, зат есімнің көптік жалғауы абстракт ұғымдағы сөздерден гөрі нақтылы есім сөздерге қосылуға бейім. Соларды түгел қамтып, грамматикалық абстракция жасайды. Сөзтүрленімдік жұрнақтар да солай өзіне тиісті сөздер тобын жүйелі түрде қамтиды. Ендеше сөзтүрленімдік жұрнақтардың жалғауларға қарағанда азды-көпті артық сезілетін үстеме мәніне ғана сүйеніп, оларды оқшаулаудың орны жоқ. Бұдан, әрине, екеуінің мағыналық салмағын теңдестіріп, сөзтүрленімдік жұрнақтарды жалғаулармен бірдей ету ұғымы шықпайды. Тек олардың өзді-өзіне тиісті ерекшеліктері есте бола тұра, екеуінің де қызмет нәтижесінде сөз емес, сөз түрі қалыптасатындықтан, осы сыбайластыру шарты жағынан қарастырып, бірге алу жөн дейміз. Сөзтүрленімдік жұрнақтардың қолданылу өрісі грамматикалық абстракция жасайтын дәрежеде болуы да мұны бекіте түседі. Әрине, оны біржола абсолют көлемде қарауға болмайды. Кейбір сөзтүрленімдіктер пайдаланылу мүмкіндігі жөнінен грамматикалық абстракциялау дәрежесіне жетпеуі де ұшырасады [1].

Алайда бұған қарап ол аффикстерді сөзжасамдық деуге жол жоқ. Себебі грамматикалық абстракциялау қабілеті сөзтүрленімдік аффикстердің бірден-бір шешуші белгісі емес. Оларда басқа да әр түрлі қасиеттердің жиынтығы бар. Сол белгілер арқылы сөзтүрленімдік аффикстерді сөзжасамдықтардан айырып аларлықтай болса, абстракциялаудың шағындығы оларға көлденең тұра алмайды [1].

Сөзтүрленімдік аффикстердің үшінші ерекшелігі – олар арқылы қалыптасқан негіздер дербес сөздік бүтін болмағандықтан сөздіктерде берілмейтіндігі, берілген күнде реестрлік ұяда бірінші орын алмайтындығы. Сөзтүрленімдік аффикстердің қосылуынан пайда болған негіздер стандартты қалпын сақтамайды, өйткені сөзтүрленімдік аффикстер орын тәртібін берік ұстанбайды. Мысалы, есімдер тобындағы субъективтік рең білдіруші жұрнақтар мен шырай жұрнақтары толық дериваттылыққа жетпей, үстеме, түрлендіруші ғана мағына беретіндіктен шынайы облигаторлық қажеттілік дәрежесінде емес, ықтиярлы-факультативті күйде ғана тұрады. Ал етістіктер тобындағы сөзтүрленімдіктер сөздің грамматикалық функциясын белгілейді. Бұлар турасында Н.А.Баскаковтың көзқарасы, негізінен, дұрыс [2].

Сөзжасамдық және сөзтүрленімдік аффикстер тілдің дериватологиялық және морфологиялық жүйелерінде қызмет етеді. Бірақ олар бірінен бірі үзілді-кесілді ажырап, тапжылмас құрсауға алынып, томаға-тұйық қала алмайды. Тілдегі барлық құбылыстар тәрізді, сөзжасамдық және сөзтүрленімдік аффикстер де өзара байланысқа, қарым-қатынасқа түсіп отырады. Соның айқын бір көрініс-дәлелі – аффикстердің бифункциялылығы яғни қосымшалардың қосқызметтілігі. Бірақ сөзжасам, сөзөзгерім (сөзтүрленім) жүйелеріндегі тілдік амал-құралдар тек аффикстерден ғана тұрмайтыны мәлім. Оның аффикстендіруден басқа да тәсілдері бірнешеу. Атап айтқанда, аффикстендіруді сөзжасам мен сөзтүрленімнің (сөзөзгерімнің) морфологиялық (синтетикалық) жолы десек, мұнан басқа оның лексика-семантикалық, синтаксистік (аналитикалық) жолдары да бар [1].



Сөзжасам мен сөзөзгерімнің (сөзтүрленімнің) осы тәсілдері әрқайсысы өздеріне тән негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтарына сай дараланғанмен, бірімен-бірі шектеспей, жанаспай тұра алмайтыны белгілі. Осы тұрғыдан бұл тәсілдердің өзара қабаттаса келіп, әлдебір сөздің немесе сөз түрінің қалыптасуында бірге қатынасып, ұштасатын кездері болады. Ендеше сондай реттерде байқалатын құбылыстарды аффикстердің бифункциялылығынан ажырата білу үшін алдын-ала оған ұқсас үдерістерді есепке алып, мәселенің басын ашу жөн.

Жоғарыда сөзжасамдық аффикстердің де, сөзтүрленімдік (сөзөзгерімдік) аффикстердің де сипаттамалары жеке-жеке берілді. Сонда сөзжасамдық аффикстердің белгісі ретінде олардың: 1) өздері қосылған түбірге я негізге жаңа мағына беруі; 2) қолданылу өрісінің шегі болатыны; 3) қызметтері арқылы жасалған сөздердің бүгін ретінде сөздіктерде берілуі; 4) сөз құрылымында сөзтүрленімдіктерден алдыңғы орында болуы; 5) өзіне екпін тартуы; 6) өзінен соң басқа сөзжасамдық аффикстерді қабылдауы сияқты шарттар аталған. Осы белгі-қасиеттерге сай қолданылған кезде аффикстер сөзжасамдық болып танылады. Ал бұларды не тұтасымен, не басым мөлшерде иелене алмаса, сөзжасамдық аффикстер сөзтүрленімдіктердің қатарына жылжып, соларға тән қасиеттерді көрсетеді, яғни: 1) өздері қосылған түбірлер мен негіздерге жаңа мағына бермейді; 2) жаңа дериваттану болмағандықтан, мұндай негіздер лексикалық бүгін ретінде сөздіктерде берілмейді, берілсе, жеке реестрлік ұяда бірінші орын иеленбейді; 3) қолданылуында белгілі бір категорияны немесе сөздер тобын (разряд) тегіс қамтиды; 4) сол кең қолданылу нәтижесінде үстеме, түрлендірме мәнін жинақтап білдіретін грамматикалық абстракция жасайды; 5) өздері қосылуға ұйытқы, тірек болатын негіздерді талғамай, сөз құрылымында алатын орнына да бекем болмай, алдынан сөзөзгерімдік (сөзтүрленімдік) жалғаулар мен жұрнақтарды жібереді, сөйтіп стандартты тұтастықтан айрылған ондай негіздер сөз емес, сөз түрі болады; 6) кейде екпінсіздік қалыпта кездеседі; 7) өздерінен соң сөзжасамдық аффикстерді қабылдауға бейімділік көрсетпейді; сөйтіп, бастапқы сөзжасамдық мәртебесінен айырылып, осындай күйге түскен аффикстер бифункциялы деп аталады [1].

Қазақ тілінде сөзжасамдық ретінде сипатталып жүрген -(дай//-дей, -сыз//-сіз, -лық//-лік, -лы//-лі, -қы//-кі, -дағы//-дегі, -шы//-ші, -ша//-ше аффикстері сол басты, негізгі қызметтеріне қоса, әлгіде тізіп көрсетілген сөзтүрленімдік қасиеттерге ие болып, екінші қызмет те атқарады, яғни бифункциялылыққа ауысады. Бұлардың бифункциялылығы сөзжасамдық рөлінен сөзтүрленімдік (сөзөзгерімдік) қызметіне кездейсоқ ауытқулар емес.

Түркі тілдерінде, солардың бірі қазақ тілінде ол – елеулі түрде көзге шалынарлықтай шамада тиісті заңдылықтарымен дамып отырған үдеріс. Істің түйіні тек оның түркітануда жетік талданбай, еркін игерілу дәрежесіне жетпей отырғанында. Бифункциялылық жөнінде теориялық топшылаулар өте аз. Қазақ тілінде грамматист И.Е.Маманов қана осы аталғандардың ішінен -дай//-дей, -лық//-лік, -ша//-ше аффикстерінің қосқызметті екендіктерін ашып айтқан [13]. Бірақ ол зерттеушінің қарастыруында сөздердің есімдер тобы емес, етістіктер тобы болғандықтан, жаңағы пікір әрі қарай кең таратылып, өрістетілмеген [1].

Қазақ тілінде бұл аффикстердің функциялық ерекшеліктеріне қатысты пікір білдірген екінші бір ғалым – Ғ.Ғ.Мұсабаев. Ол -дай//-дей аффиксі туралы арнайы мақала жазып [14], бұл аффикстің сөзжасамдыққа тән емес кейбір қасиеттерін дұрыс көрсеткен (кең қолданылып, септік жалғауына ұқсауы; жалғаулардан соң келуі), бірақ оның сөзжасамдықтан өзгеше сондай қасиеттерін тегіс қамтымағандықтан, қосқызметті ретінде анықтамаған.

Біздің объектіміздегі аффикстердің сөзжасамдыққа қоса сөзтүрленімдік (сөзөзгерімдік) те қызмет атқаратыны жайында қазақ тіл біліміндегі пікірлердің бары осы ғана.

Сол сияқты жалпы түркі тілдері бойынша алып қарасақ та, бұл мәселе төңірегінде көп ізденіс жұмыстары жүргізілмегендігі көрінеді. Тек бірді-екілі жол-жөнекей ескертпелер түріндегі пікірлер болмаса, жеке еңбектер бүтіндей жоқ. Ал мақала көлеміндегі зерттеулерден (Худжиков, Г.Сопыев сияқты ғалымдардың жұмыстарын атауға болады.

Түрікмен тіліндегі -ша//-ше, -сыз//-сіз аффикстеріне арналған мақалаларында бұл зерттеушілер [4] аталған аффикстердің қолданылуында көршітеп сөзжасамдық және сөзтүрленімдік (сөзөзгерімдік) сипаттарды біраз мөлшерде талдаған. Бірақ қажетті дәрежеде түбегейлі тексеру ол авторлардың мақалаларында сарқа таусылып тынған деуге келмейді. Іс жүзінде олар өздерінен бұрын -ша//-ше, -сыз//-сіз аффикстері туралы айтылған П.Азимов [15], А.П.Поцелуевскийдің [16] пікірлерін фактілік материалдармен бекіткен.

Ол, әрине, мәселенің жан-жақты терең ашылуына жете қоймаған. Сонымен бірге кейбір кемістіктер де жіберілген, мәселен, -ша//-ше аффиксін омонимдік сыңарларымен теңдестіріп, ажыратпай талдау кездері бар.

Қосымшалардың қос қызметтілігіне жанасымды айтылған бұлардан басқа әр түрлі монографияларда, оқулықтарда кездесетін бірен-саран қысқа-қысқа тұжырымдар мен кейде өзара қарама-қарсы даулы түрде келетін пікірлерді қоссақ, сонымен бұл мәселенің түркітанудағы зерттелу жайынан шолу мәліметтер түгелденеді. Алайда біз мұнымен жоғарыда аталған кейбір пікірлерді мүлде мансұқ етпейтіндігін Қ.Шаяхметұлы айтып өтеді. Бифункциялылық мәселесіне қатысы бар олардағы позитивті ойларды, сөз жоқ, құнды деп танылады. Мәселен, профессор В.М.Насиловтің пікірі түркі тілдеріндегі аффикстердің дамуында қазіргі кезеңде көрініп отырған ерекшеліктерді мазмұны бойынша бифункциялылыққа жақын сипаттайтынын есте тұтамыз. Сонымен бірге ол ғалымның талдаған аффикстерін оқшау топ қылуына қосылмайды. Материалдық тұрпатын да, семантикалық мәнін де сақтаған аффикстің қызметі өзгеруі оны мүлде басқа етіп жібермейді деп білеміз. Демек, ондай жағдайда аффикс бифункциялы болып танылуы керек. Қосқызметтіліктің тілдегі көрінісі белгілі бір заңдылық, жүйелілік шегінде өтеді. Оларды әрбір аффикс бойынша нақтылы талдап барып айқындалады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1 Шаяхметұлы Қ. Қазіргі қазақ тілі: сөзжасам-дериватология, сөзөзгерім-морфология. – Семей-Новосібір: Талер-Пресс, 2007. – 337 б.

2 Мұқанов С. Мөлдір махаббат. – Алматы, 2005.

3 Мұқанов С. Ботагөз. – Алматы, 1989.

4 Абдурахманов Г.А. Исследование по старотюркскому синтаксису. – М.: Наука, 1967.

5 Аблақов Ә., Исаев С., Агманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы және лексикалану процесі. – Алматы, 1997.

**Бердиходжиева С., Сембиев К.З.**  
**СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА В СОВРЕМЕННОМ**  
**КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

*В статье основное внимание уделено теме, которая не нашла своего отражения в тюркологии и как материалу, способствующему фундаментальному анализу развития казахского языка.*

**Ключевые слова:** *дополнение, словообразование, аффикс, лексико-грамматическое значение, корень, грамматика, морфология, словообразовательные аффиксы.*

**THE WORD-FORMATION SYSTEM IN THE MODERN KAZAKH LANGUAGE**

*The article focuses on a topic that has not found its reflection in Turkology and as a material contributing to the fundamental analysis of the development of the Kazakh language.*

**Keywords:** *complement, word formation, affix, lexico-grammatical meaning, root, grammar, morphology, word-forming affixes.*

ӘОК 81'42; 801.7

**Билялова Д.Б.**  
№87 НОМ КММ  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
Di\_76@mail.ru

**ҚАЗАҚ ЭТНОЛИНГВИСТИКАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ, ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

*Кез келген халықтың ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады. Адамзаттың ойлау жүйесі мен дүниедегі құбылыстар жөніндегі нанымдары жалпы алғанда бірдей. Оларды тек ой формасы болып табылатын тіл ғана өзгешелендіріп отырады. Сондықтан да тіл тағдыры-ұлт тағдырымен тамырлас. Халықтың салт-дәстүрі ,ой-санасы, әлеуметтік жағдайы, мәдени деңгейі сол ұлттың тілінде бейнеленеді.*

**Тірек сөздер:** *Коммуникативтік қызмет, эстетикалық қызмет, кумулятивтік қызметі, этнолингвистика тұрғысынан қарастыру, ұлт мәдениетінің төл ерекшелігі.*

Тіл білімінің этнолингвистика саласы - тілді мәдениетпен, тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлармен байланыстыра қарастыратын, қазіргі кезде қарқынды дамып келе жатқан саласы. Ол жалпы алғанда тіл білімінде семантика мәселелерін де қарастырады. Осы тұрғыдан алғанда, этнолингвистика кез келген халықтың сөздік қорындағы ғасырлар бойы қордаланып, шоғырланып тұратын лексикалық байлықты жүйелеп, ретке келтіріп қарастырады. Жалпы этнографияның қойнауында ХІХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап этнолингвистиканың жеке бағыт ретінде пайда болуы АҚШ-тың тіл білімінде басталған. Ол солтүстік, одан кейін орталық Американың үндіс тайпаларын зерттеумен тығыз байланысты шықты. Соның негізінде америка тіл білімінде жаңа тың дәстүрдің негізі қалыптасты. Оның негізін жасауда Ф.Боас, Э.Сепир, Б.Уорф сынды ғалымдар зор роль атқарды.

Ал Бұл саланың Ресей тіл біліміндеп дамып қалыптасуы Ф.И.Буслаев, А.Н.Афанасьев,В.Топоров,В.Иванов,А.Потебня сынды ғалымдардың еңбектерімен тығыз байланысты. Олар өз еңбектерінде нақты бір тілдің тарихын сол тілде сөйлеуші ұлттың тарихымен байланысты қарастырады,этнолингвистикалық атластар жасайды, тіл

мен мәдениеттің арақатынасына қатысты мәселелерді шешуге тырысады. Ал бұл дәстүрдің шығыс әлемінде ерте кезден қалыптасқанын әр дәуірдегі зерттеулерден көреміз. Шығыстың ғұлама ғалымы Мағмұд Қашғари өзінің «Диуани лұғат ат-түрік» атты (ХІҒ) сөздігінде де, қыпшақ тайпалары тілінің сөздігі-«Кодекс Куманикусте»(ХІҮҒ), тіпті шығыстың ұлы шайыры Әлішер Науаидың «Екі тіл туралы ой-пікір» атты(ХҮҒ) поэтикалық трактатында да тіл материалдарын топтастырудың тамаша үлгісін көрсетеді. Сол себепті де этнос туралы мол деректер мен мағлұматтарды тек тіл ғана өз бойына сыйғызып, сары майдай сақтап, шашпай-төкпей ұрпағына жеткізе алады деп толық сеніммен айта аламыз. Өйткені тілді адам баласының рухани дамуынан, оның ақыл-ой парасатынан бөліп алып қарау мүмкін емес. Осы қасиетіне байланысты тіл феномені – «тіл әлемін» этностың өзін танып-білудің қайнар көзі десек артық айтқанымыз емес. Бұл ұғымға тілдің бүкіл өлшемі сияды. Яғни өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып білу өлшемі де тіл арқылы жүзеге асады.

Қазіргі кезде қазақ тіл білімінде этнолингвистика - қарқынды дамып келе жатқан бағыттардың бірі. Этносты және оның өмірін этнолингвистика тұрғысынан қарастыру деген сөз - оның бала кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүние танымы мен мәдениетін, рухани байлығын ана тілінде сақталған фактілермен зерттеп, бүгінгі заманның игілігіне асыру. Өткен дәуірлерден бүгінгі күнге жеткен тас мүсіндер, сәулет өнерінің ескерткіштері көп деректермен, этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымен оның тілінде сақталады. Кейінгі жастарға тек тіл материалдары арқылы заттың, құбылыстың аты-жөні, сыр-сипаты, әдет-ғұрпы, салт-сана, дәстүрлері жайында мәліметтер ғана там-тұмдап жетеді. Ондай материалдарға тізімдегі мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, аңыз-ертегілер жатады. Этностың тілі этноспен бірге туып, бірге өмір сүреді. Этнос түрлі жағдайларға байланысты басқа тілді қабылдаса да, өмір сүре алады. Бірақ бұл жағдайда ол өзінің генеологиялық тегін ұмытып, рухани және мәдени байлығынан айырылады екен. Өз тегін, мәдениетін, болмысын, рухани байлығын, моральдық, этикалық нормаларын, салт-дәстүрін білмеген, танып біле алмаған этносты мәңгүрт дейміз. Академик Ә.Қайдаровтың топшылауы бойынша, кез келген тілдің қоғамда үш түрлі қызметі бар:

1) Коммуникативтік қызмет. Бұған қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін арналған қызметі жатады.

2) Эстетикалық қызмет. Ол негізінен көркем шығарма тіліне тән, яғни адам баласына белгілі бір образ арқылы қызмет ететін тілдің қызметі.

3) Кумулятивтік қызметі

Тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті. Ал этнолингвистикаға дәл осы ғалым атап көрсеткен тілдің қызметі тән.

Этнолингвистика этнос тілінің байлығын мүмкіндігінше толық қамти отырып, оның ішкі мазмұнына терең үніліп, этнографиялық лексиканы береді. Ал этнолингвистика проблемаларын шешуде бүкіл қауым болып, әсіресе, ақын-жазушылар, әр саланың мамандары, тілшілер, этнографтар, әдебиетшілер мен зерттеушілер жаппай ат салысуы керек.

Бұл салада істеліп жатқан жұмыстар да аз емес. Мысалы, қазақтың қолөнеріне байланысты С.Қасиманов, Д.Шоқпаровтың, музыкалық өнер мен аспаптарына байланысты Б.Сарыбаев, О.Хаймулдиннің, мал атаулары мен мал ауруларына байланысты Ш.Жанәбілов, Г.Себепов., А.Жақыпов, Х.Қашағанов, Ж.Бердімұратовтардың, халық календары мен астрономиясына байланысты А.Субханбердиннің т.б. еңбектерін айтуға болады. Бұл салада көп еңбек еткен деп академик - жазушы С.Мұқанов, мәдениет қайраткері Ө.Жәнібековтерді де айтпай кетуге болмайды. Халқымыздың әр дәуірдегі материалдық және рухани мұрасын, өз бойына сақтаған этномәдениетінің әртүрлі қырларын (этнографиялық, археологиялық, өнертану, тарихи, әдеби т.б.) зерттеу Ш.Уәлиханов жазбаларынан басталып, Ә.Марғұлан,

М.Әуезов, С.Мұқанов, Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, С.Қасқабасов, С.Қасиманов еңбектерінде жалғасын тауып, жан-жақты қарастырылды. Бірақ олардағы тілдік деректердің сипаты, көлемі, түсіндіру-талдау принциптері әртүрлі және жүйесіз болды.

Негізінен қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласының дамып-қалыптасуы Ө.Қайдар, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева сынды ғалымдардың есімімен тығыз байланысты. Академик Ө.Қайдардың этнос тілінің тілдік табиғатын анықтауға арналған еңбегі тіл біліміне қосқан сүбелі үлес болды. Этнолингвист ғалым Е.Жанпейісов М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы этнографизмдерді тілдік әрі халықтық болмыс тұрғысынан зерттеуі қазақ халқының мәдениеті тіл деректері арқылы танытуда қосқан зор үлес деп білеміз. Ғалым Ж.Манкеева өз еңбегінде қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздерін зерттеп зерделеуге тырысқан. Ол өз еңбегінде қазақ ұлттық мәдениетінің ерекше болмысын сипаттайтын этнолингвистиканың қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сәйкес жаңа деңгейде жаңғыруы керектігін атап көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда этнолингвистиканы когнитивтік, коммуникативтік-прагматикалық, этика-эстетикалық, лингвомәдениеттік жағынан алып қарастыруды жөн деп есептейді. Ол сол этностың ана тілі арқылы жасалады әрі нығая түседі. Ұлт мәдениетінің төл ерекшелігі өзін туғызған тілде сақталады» [1,676]. Демек, ана тілін жоғалтқан этнос өзінің әдет - ғұрпын да, салт-дәстүрін де жоғалтады, тіпті ана тілінен мүлдем айрылған кезде аталған құндылықтардан да мақұрым қалады.

Жалпы тіл біліміндегі этнолингвистиканың даму барысына шолу жасап, оның жеке сала ретіндегі негіздерін анықтауға арналған еңбегінде ғалым М.Копыленко қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық мектептің еңбегін қалыптастырушы - Ө.Қайдар деп көрсетеді. Ал ғалым Ө.Қайдардың пікірінше, көненің көзінде тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып қалған, осы дүниенің сыры мол тіл әлемінің тереңіне үңіліп, тарихымен тұтас қарап сырын ашу- этнолингвистиканың үлесі. Осы орайда ғалым ұзақ жылдар бойы орасан зор тілдік материалдар жинап, оны сұрыптап, бір ғылыми негізге салып, оларды макрожүйелер мен микрожүйелерге бөліп, өзара тіл біліміндегі салаларға бөліп, табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтап, үлкен идеографиялық классификация жасаған. Соған орай тілімізде этнолингвистикалық сөздіктің негізін қалыптастырған. Осы сөздіктің кейбір жобаларын көрсеткен мақаласында автор бұл сөздіктің , яғни этнографиялық байлықтың әдеттегі басқа тілдік сөздіктерден мүлдем басқаша тәсілмен жасалғандығын айтады: «Егер аталмыш сөздіктерде бұл тірізді сөздер мен сөз тіркестерінің көбінше номинативтік және ауыс мағыналары түсіндірілетін болса, айтып отырған этнолингвистикалық сөздікте бұл мағыналардың сыртында жатқан қат-қабат этнографиялық түсінік-ұғымдар, әлі күнге деін бір ізге түспей, тұтас бір жерге жиналмай, назардан тыс қалып, тіпті ұмытыла бастаған, бірақ халық үшін ең бір қымбатты әрі қадірлі, етене жақын дүниелер, тілдік фактілермен өрілген өмір көріністері, рухани, материалдық мәдениетіміздің өткен дәуірлерінен елес беретін терең сырлы, алуан түрлі ұғымдар сөз болуға тиісті» [1,67].

Қазақ тіл білімінде жалпы этнолингвистикалық бағыттағы жазылған мақалалар мен зерттеулер шоқтығы биік еңбектер ретінде қарастырылады. Олардың қатарына қазақ тіл білімінде жеке-жеке қырлары жан-жақты қарастырылып, алып келе жатқан тұсында жарық көрген ғалым М.М.Копыленконың аталған мәселенің жалпы теориялық негіздерін түсіндіруге арналған «Основы этнолингвистики » (Алматы, 1985ж) атты монографиясын, Е.Жанпейісовтың М.Әуезовтің шығармаларының материалдары негізінде қазақтың этномәдени лексикасын тарихи-лингвистикалық зерттеуге арналған монографиясын (Алматы, 1994ж) айтуымызға болады. Бұл ғылыми жұмыстар этнолингвистика ғылымының негіздерін анықтап, болашақ мүмкіндіктерін талдаған зерттеулер болды.

Сонымен этнолингвистика дегеніміз - халықтың этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің саласы. Ғалым

Ә.Қайдар тіл білімінің бұл саласына мынадай анықтама берсе, «этнолингвистика-этнос болмысын оның тілі арқылы танып білу мақсатынан туындаған лингвистиканың дербес саласы», ал Ж.Манкеева «этнолингвистика- ана тіліміздің ұшан теңіз байлығын , ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып беріліп келе жатқан асыл қазынасын барынша толық жиып көрсетіп, қыр-сырын анықтайтын саласы» деп сипаттайды[2,67]. Осы анықтамаларда көрсетілгендей, аталған мәселелер қазақ тіл білімінде қарқынды дамып келе жатқан бұл саланың ерекшелігі мен өзегін құрайды. Жалпы қазіргі кезде көптеген көне сөздер жаңғырыла, жаңартыла қолданылып, ана тілімізді семантикалық тұрғыдан байытуда. Этнолингвистиканың қарқынды дамуына орай тілдің әр деңгейінің этносқа байланысты саласы қалыптасқан. Әдетте тілін жоғалтқан халық құриды деген сөз көп тараған. Ана тілінің рухани уызы сақталған этнос ешқашан құрымайды, жойылмайды, жоғалып кетпейді. Мысалы, белгілі ғалым Б.Хасанұлы өз еңбегінде ана тілінің этнос өмірінде қаншалықты маңызды екендігі жөнінде былай дейді: «Әр этностың материалдық, рухани құндылығы өзіндік ұлттық ерекшелігімен дараланатын болса, ол сол этностың ана тілі арқылы жасалады әрі нығая түседі. Ұлт мәдениетінің төл ерекшелігі өзін туғызған тілде сақталады » [3,67 ].

Демек, ана тілін жоғалтқан этнос өзінің әдет - ғұрпын да, салт-дәстүрін де жоғалтады, тіпті ана тілінен мүлдем айрылған кезде аталған құндылықтардан да мақұрым қалады.

Халқымыздың материалдық өндірістік деңгейі мен рухани өрісін бейнелейтін ана тіліміздің ұшан-теңіз байлығын , ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып беріліп келе жатқан асыл қазынасын барынша толық жинап көрсетіп, қыр-сырын анықтау - бүгінгі таңда тіл білімінің этнолингвистика саласының міндеті. Өйткені ұлт мәдениетінің төл ерекшелігі өзін туғызған тілде сақталады. Яғни әр халықтың материалдық, рухани құндылығы өзіндік ұлттық ерекшелігімен дараланатын болса, ол сол халықтың ана тілі арқылы жасалады, әрі нығая түседі. Сол себепті ана тілі – ұлттық мәдениеттің қалыптасуы мен сақталуы және дамуының аса маңызды құралы деп толық сеніммен айта аламыз. Аталған жайт туралы ғалым Б.Хасанұлы өз еңбегінде былай деп көрсетеді: «Ана тіліміздің дамуы мен қолданылу өрісінің тарылуы немесе өмірінің өркендеуі этностың қоршаған ортасы, табиғи өсімі, жас, жыныс, тіпті неке көрсеткіштерімен, жалпылама түрде алатын болсақ, бүкіл болмыс-бітімімен байланысты »(3,64б). Осыған орай ғалым ана тілінің этнос өміріндегі аса пәрменді құрал екенін көрсете келе, этнос өміріндегі ана тілінің атқарар роліне қатысты негізгі үш шартты көрсетеді:

Ана тілі- ұлттық мәдениеттің атадан балаға мұра болып қалуының бірден-бір шарты;

Тіл мен ұлттық мәдениет - өзіндік даму заңдылығы бар аса да күрделі қоғамдық құбылыстар;

Тіл ұлттық мәдениет саласын түгел қамтып, әлеуметтік қоғамға жан-жақты қызмет етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. *Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер.* – Алматы: Атамұра, 2003-208б.
2. Базарбаев М. *Заман тудырған әдебиет.* – Алматы: Жібек жолы, 2005-253б.
3. Жұмалиев Қ. *Әдебиет теориясы.* – Алматы: Мектеп, 1969-210б.
4. Кенжебаев Б. *Түркі қағанатынан бүгінге дейін.* – Алматы: Ана тілі, ЖШС, 2004-344 б.
5. Қабдолов З. *Сөз өнері.* – Алматы: Қаз. Мем. көркем әдебиет баспасы, 1940-314б.
6. Ахметов З. *Өлең сөздің теориясы.* – Алматы, Ғылым, 1973-211б.

7. Қирабаев С. Тәуелсіздік өрісі. Әдеби зерттеулер мен мақалалар, 1-том. – Алматы: Қазақпарат, 2008-250 б.
8. Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980-136 б.
9. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана, «Күлтегін», 2002-528 б.

**Билялова Д.Б.**

### **ИССЛЕДОВАНИЯ И ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОЙ ЭТНОЛИНГВИСТИКИ**

*Своеобразие мышления любого народа отражается в его национальном языке. Система мышления человечества и представления о мировых явлениях в целом одинаковы. Они различаются только языком, который является формой мышления. Поэтому судьба народа язык коренится в судьбе нации. Народные традиции, менталитет, социальный статус, культурный уровень отражаются в языке этого народа.*

**Ключевые слова:** Коммуникативная деятельность, эстетическая деятельность, кумулятивная деятельность, рассмотрение с точки зрения этнолингвистики, самобытность национальной культуры.

**Bilyalova D.B.**

### **RESEARCH AND PROBLEMS OF KAZAKH ETHNOLINGUISTICS**

*The peculiarity of the thinking of any nation is reflected in its national language. The thinking system of mankind and beliefs about world phenomena are generally the same. They are differentiated only by language, which is a form of thought. Therefore, the fate of the language is rooted in the fate of the nation. People's traditions, mentality, social status, cultural level are reflected in the language of that nation.*

**Key words:** Communicative activity, aesthetic activity, cumulative activity, consideration from the point of view of ethnolinguistics, original feature of national culture.

ӘОЖ 82.09(091)

**Елубаева А.С.**

№86 ЖББМ.КММ

Қарағанды, Қазақстан Республикасы

[aknury@internet.ru](mailto:aknury@internet.ru)

### **ҚАЗАҚ ДРАМАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ШОЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ**

*Драма - әдебиеттің лирика, эпика салалары сияқты кең дамыған, тамыры тереңнен келе жатқан саласы. Қазіргі кезеңдегі қазақ драмасы - адамзат тарихындағы осы саланың даму нәтижесінде шыңдалып, жетіліп, қалыптасқан жанр деп толығымен айтуға болады. Драмалық жанрдың ерекшелігі - оның сахналық көрініске арналып жасалатындығы. Аталған шығармаларды оқыту кезінде оқушыларға драманы меңгерудің әдістемесі де осындай жанрлық ерекшеліктерді ескере отырып қарастыруды қажет етеді.*

**Тірек сөздер:** ұлттық драманың туу, даму, қалыптасу тарихы, драмалық шығармалардың теориялық мәселелері, халықтың фольклорлық мұралары, Ұлттық театр тұңғыш шымылдығы, драмалық шығармаларды оқыту.

Драманың қазақ әдебиетінде тууы ХХ ғасырдың басындағы қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы, оның әдебиетке ықпалы мен ағартушы-демократтық

бағыттардың өріс алуымен байланысты. Ол кезеңнің тарихи даму заңдылықтары мен рухани сұраныстары қазақ әдебиетінде драмалық шығарманың пайда болып, дамуына да ықпал жасағаны белгілі. Өйткені қазақ драмасы - қазақ халқының белгілі бір даму кезеңіндегі тарихи-әдеби үрдістің көрсеткіші іспетті.

Драмалық шығарма - әрбір кезең мен дәуірді суреттеуші ерекше туынды ғана емес, сол дәуір мен кезеңнің перзенті де. Сондықтан да, қазақ драмасының мазмұн мен құрылымы жағынан эволюциялық жолын бақылау, соның нәтижесінде алдағы даму жолын анықтау-драматургияның теориялық мәселелері болып табылады. Драмалық шығарманы оқыту әдістемесі саласындағы ізденістеріміз де теория мен практиканы ұштастыру бағытында болмақ.

Ұлттық драманың туу, даму, қалыптасу тарихын зерттеген академик Р.Нұрғалиев: «Қазақ драматургиясының өсіп-өрлеуі Жұмат Шанин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Лияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Әбділдә Тәжібаев, Әлжаппар Әбішев, Шахмет Құсайынов, Қалтай Мұхамеджанов, Тахауи Ахтанов есімдерімен тығыз байланысты», - деп жазды [1,28].

Аталған шығармашылық есімдер қазақ драматургиясының өсіп-өркендеуіне, жанрлық баюына зор тарихи еңбек сіңірді. Ғалым-зерттеушілер З.Ахметов, М.Дүйсенов, С.Ордалиев, З.Қабдолов, Р.Нұрғалиев, С.Қирабаев, М.Базарбаев, З.Қабдолов, Н.Ғабдуллин, С.Мақпырұлы еңбектері драматургияның теориялық, стилдік сондай-ақ әдіс проблемаларын терең талдауға арналған.

Р.Рүстембекова, Р.Нұрғалиев, А.Альмуратова, Б.Ауелбекова, С.Құлбарақов, Ж.Әбілұлы, Н.Нәсиева, М.Ахметов, М.Әбілқақов, А.Актанова еңбектерінен қазақ драмасы жайында өзіндік аса құнды ғылыми тұжырымдарды көреміз.

Ұлттық драманың дамуы мен қалыптасуында алғашқы ой, тұжырым жасаған М.Әуезов: «Әуелі өз қатарымызды шолып өтейік. Бізде не бар? Жалпы жауап берсек, біздің әдебиет пьесадан сорлы емес. Соншалық, қара жерде отырған кісідей емеспіз. Қайта бүгінгі әдебиетіміздің өскелең түрінің бірі пьеса дейміз. Бұл жалпы жауап, біраз ұшқарырақ жауап, әйтсе де санымен әзірге сапаға келсек, алдымызда «Майдан», «Түркісіб», «Тартыс», «Кек», «Шабуыл», «Шахта», «Забой», «Заман заңы», бір алуан биылғы жыл тудырған күйлі пьесадан «Айман-Шолпан», «Шұға», «Колхоз тойы» бір алуан боп көлденеңдейді. Бұлардың үстіне ең соңғы уақытта жазылған Бейімбеттің «Талтаңбайы» тағы бар. Әзірше жазушы жұртшылығымыз көпшілігіне мәлім болған, бетке шығар деген пьесаларымыз-осылар» - деп қазақ драмасын игерудегі қаламгерлердің жетістіктерін мақтанышпен атап өтеді [2,2-13]. Қазақ драмасының қалыптасуы кезеңінде Мұхтар Әуезов «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» (1926), «Жақсы пьеса - сапалы әдебиет үлгісі» (1934), «Қыз Жібек қандай?» (1934), «Дінді әшкерелейтін пьеса» (1938), «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» (1937), т.б. мақалаларында осы мәселелерге қатысты өзіндік ғылыми тұжырымдар білдіре отырып, «Жақсы пьеса - сапалы әдебиет белгісі» мақаласында қазақ пьесасына мынадай қатаң талап қояды: «Оқиғасы тығыз құрылған, істелуі босаң емес, құрыш пьеса керек. Ол үшін әрбір тұлға көп ойланып, көп сұрыптаудан туған болсын», - дейді.

Келешекте осы мәселеге ерекше назар аударуға жол сілтейді. Ал, «Драматургия заңы туралы кейбір ойлар» деген мақаласында драмалық шығармалардың теориялық мәселелері жайында ой түйіндей келіп, драманың архитектурасына мұқият қарау керектігін айтады. «Суретті әдебиет ішінде көпке жететін, дегені дөп тиетін, әсері мол болатын түр - драма» - деп ой толғаған М. Әуезов қазақ драмасына жасампаз туындылар берген суреткері де болды [3].

Халықтың фольклорлық мұралары - батырлық, ғашықтық, тарихи жырлардың тақырыбы мен сюжетін негізге ала отырып «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Қара Қыпшақ-Қобыланды», «Бекет» сияқты қазақ драмасының көшбасшысы болған драмаларын жазды.



Қазақ драмасы туралы Ә.Тәжібаевтің, Р.Рүстембекованың, М.Дүйсеновтің, Е.Жақыповтың, Н.Ғабдуллин еңбектерінің драма жанрын зерттеуде құнды еңбектері бар екенін айта отырып, ғалым зерттеуші Р.Нұрғалиев еңбектерінің қазақ драмасының ішкі заңдылықтарын, жанрлық түрлерін, теориясын айқындауда, драмалық шығармалардың тарихи сипаттамасын жасауда өзіндік үлесі зор екенін көреміз.

Қазақ драмасының қалыптасу кезеңдерін, бастау негізін саралағанда төлбасы туындыларының бірі ретінде сонау Орхон-Енисей ескерткішінде сақталған Күлтегіннің монологтарын алуға болады [4,5].

Өйткені, ол монологтар («Ей, түркі халқы!» деп басталатын) мәтіннің сөйлеушісі мен тыңдаушысы бар деп саналған туынды екендігінің көрсеткіші болып саналады. Сондай-ақ Жүсіб Хас Хажыб Баласағұнидың «Құтты білік» кітабының да қазақ драмасының бастауының бірі деп танылуына толық негіз бар. Ондағы Күнтуды, Айтолды, Әділет, Елік деп аталатын кейіпкерлердің көрсетілуінде драмалық шығармаға тән қасиеттердің нышаны мол. Р.Нұрғалиевтің: «Қазақ драматургиясының бай поэтикалық халық мұрасы мен терең тамырластығы ең алдымен айтылуға тиіс әдеби көркем құбылыс деп білеміз», - деген пікірі де негізгі мұратымыздың дұрыстығын нақтылай түскендей [5].

1917 жылы Семейде, Ойқұдықта, Әйгерімнің үйінде қойылған М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын да қазақ драмасының басы деуге негіз бар. Бұл жайында М.Әуезовтың он екі томдық шығармалар жинағының сегізінші томында берілген түсініктерде «М.Әуезов жазған «Еңлік-Кебектің» алғашқысы көркем интермедия түрінде 1917 жылы тіркестіріп қатар тіккен қос киіз үйде, Абай ауылында қойылды» - деген мәлімет берілген. Сонымен қазақ үйін сахна жасап, көрерменін көк аспан астына сыйдырған жастардың алғашқы қадамы ұлттық топырақта театр өнерінің тууына әкеліп соқты. Қазан төңкерісінен кейін жаңа кеңестік идеяны тарату мақсатымен Семей өңірінде «Ес-Аймақ» мәдени-ағарту қоғамы құрылғаны белгілі. «Ес-Аймаққа» қоғамдық қызметтеріне қарамастан М.Әуезов, Ж.Аймауытов басшылық жасайды. Алғашқы «режиссер» деген сахналық ұғымның қазақ сөз өнеріне енгізілуі де осы ұлы тұлғалар есімімен байланысты. «Ес-Аймақта» М.Әуезовтің «Ел ағасы», Ж.Аймауытовтың «Қанафия-Шарбану», «Жебір болыс» комедиясы, С.Сейфуллиннің «Бақыт жолында» пьесалары қойылған. Ойымызды қорытындылай келе, Қазақстанның әр жеріндегі алғашқы сахналық қадамдар, талпыныстар Қазан төңкерісімен ілесе келіп, ұлттық театр мен драманың тууына, жедел дамуына ықпал жасады дейміз. Алғашқы қазақ драма театры Қызылордада 1926 жылы 13 қаңтарда ресми түрде ашылды. Ұлттық театр тұңғыш шымылдығын, алғашқы көрерменіне Қошке Кемеңгеровтің «Алтын сақа» пьесасы бойынша қойылған спектакльмен ашты.

Әдебиет пәнінің ұрпақ тәрбиелеудегі мәнін түсіндіру жөнінде ғалым Т.Ақшолақов: «Әдебиет - өнер туындысы; әдебиет сабағы - өнер сабағы», - деген құнды пікір айтады.

Драмалық шығармаларды оқыту мәселесіне әдістеме тарихының алғашқы кезеңінен бастап арнайы көңіл бөлінбесе де, 30-жылдардағы кейбір мақалаларда ішінара болса да аталып өтілгенін көреміз. Мысалы, С.Қожахметовтың «Ауыл мұғалімі» журналының 1936 жылғы №3-4 санында басылған «Кітапты қалай пайдалану керек?» атты мақаласында әдебиет сабағында сахна өнерін пайдаланудың дұрыстығы жайлы айтылған.

Драмалық шығармаларды оқыту әдістері, талдау үлгілері туралы ойлар мен ұсыныстар әдіскерлер мен мұғалімдердің мақалаларында, ғылыми еңбектерінде тым сирек кездесетінін атап айтуымыз керек. Бұдан драмалық шығармаларды оқыту мәселесіне қажетті деңгейде көзқарас қалыптаспай жүргені байқалады. Әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылым болып дамуына, қалыптасуына еңбек сіңіріп, өзіндік ой-пікір, ғылыми тұжырымдарымен әдістеме тарихын жасаған А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов т.б.

болса, 1940-2000 жылдар аралығында әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылым ретінде кемелденген кезеңінде ғылыми әдістемелік еңбектер, оқулықтар, бағдарламалар жасауда Ш.Кәрібаев, Ә.Дербісәлин, Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Т.Ақшолақов, С.Дайырова, С.Тілешова, С.Қирабаев, Р.Сүлейменова, Ә.Қасымбеков, Р. Құтқожина, Т.Жұмажанова, С.Мақпырұлы, Б.Сманов, Қ.Жаманбаева, Г.Құрманбаева, т.б. әдістемелік еңбектерінің орны ерекше. Әдебиетті оқыту әдістемесінен жазылған, зерттелген ғылыми еңбектерде, оқулықтарда драмалық шығарманы оқыту жайы арнайы қарастырылмаса да, оны оқытудың кейбір мәселелері жайында тұжырымдар жасалған. Драмалық шығармаларды оқыту мәселелері Қ.Мырзағалиевтің «Әдебиет сабағында әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту», Ә.Қасымбаевтың «Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдіру», С.Дүкенбаевтың «Драмалық шығармаларды оқыту», Ә.Қоңыратбаевтың «4-7-класстарда әдебиетті оқыту методикасы», Т.Жұмажанова «Қазақ әдебиетінен кластан тыс жүргізілетін жұмыстардың түрлері», Ж.Кәрімқызы «Мектеп сахнасына арналған әдеби-музыкалық туындылар», С.Тілешова «Әдебиет» оқулығына әдістемелік нұсқау, Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі», С.Мақпырұлы, А.Қыраубайқызы, Г.Құрманбай «Қазақ әдебиетіне әдістемелік нұсқау» еңбектерінде сөз болды.

Әдебиеттің басқа жанрына қарағанда драмалық шығармаларды оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік драмалық туындылардың жанрлық табиғатына тікелей байланысты болып келеді. «Пьеса-драма, комедия-әдебиеттің ең қиын формасы», – дейді М. Горький. Себебі, әдебиеттің проза, лирика жанрларында айтатын ой, кейіпкерлер іс-әрекеті, көрініс, сахна бірінші кезекте болады. Орыс жазушысы Гоголь: «Пьеса тек сахнада ғана өмір сүреді», – деуі осыған дәлел.

Драмалық шығармаларда оқиғалар оқырман көз алдында жаңа өтіп жатқандай әсер қалдыруы керек. Күшті сюжет, ең бастысы, өткір, шиеленісті тартыс, өмірдегі қарама-қарсылықтар – драманың өзегі, негізгі арнасы. Драмада қаһарман белгілі бір мақсат үшін күреседі, сол себепті оның күші зорайып, [іс-әрекет](#), қимыл арқылы көрінеді. Драмадағы тағы бір ерекшелік, қаһармандар іс-әрекеті әр жаққа шашырамай, бәрі бір жүйе, бір арнада өрбіп, дамиды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ғалым С.Мақпырұлы: «Драма өмір шындығы мен адам тағдырын бейнелеудің ең күрделі тәсілі, эпос пен лирика ерекшеліктерін қоса қамтыған синтез жанр деп те атайды», -деп тұжырым жасайды.

Осындай ерекшелігі бар драманың табиғатын ғалым Р. Нұрғалиев: «Әдебиеттің ерекше бір түрі - драматургия театрды нысана етеді, сахнаға қойылу үшін жазылады. Танымдық, тәрбиелік мәні бар, идеялық-эстетикалық әсері орасан күшті өнер - драматургия тоғысуы, характерлер қақтығысы, сезімдер шайқасын көрсетіп, аса қатал композиция талаптарын ескере отырып, ерекше көркемдік құрал - диалогтар мен монологтар арқылы болмыстың сан алуан шындықтарын ашады, өмір құбылыстарына баға береді, билік айтады», - деп айқындайды.

Орта білім бететін мектептерде эпикалық, лирикалық шығармалармен қатар драмалық шығармалар оқытылады.

Оның жай- күйі қалай?

Қазақ мектептерінде оқытылатын драматургиялық шығармаларды оқыту әдістемесінің өзіне тән белгілері мен ерекшеліктерін төмендегідей жүйелеуге болады:

- Драмалық шығармаларды оқыту көркем әдебиеттің проза мен поэзия салалары сияқты өзге жанрларын оқытудан мүлде дерлік бөлек өз ерекшелігі болады;
- Драмалық шығарманы оқытуда қазақ драматургиясының өзгерісі мен алған бағыттарын әрдайым біліп, анықтап отыруға мүмкіндік туғызады. Бұл көркем өнердің даму бағытын тануға да аса маңызды болмақ;
- Драмалық шығармаларды оқытуда Кеңес дәуіріндегі оқыту талаптары мен қазіргі кезеңдегі талаптардың арасында қандай да болмасын, өзгешеліктер болары анық;

– Драмалық шығармаларды оқытудың осы кезге дейінгі жай-күйі қазір қажеттілігін анықтаған, ал болашақтың қажеттіліктерін шешуді осы бастан қолға алуға даярлық жүргізуі тиіс;

– Драмалық шығарманы оқытудың үлкен жүйесі - драмалық шығармаларды оқыту әдістерін зерттейтін болғандықтан, әдістер туралы мәселені түбегейлі мәселе деп санау керек;

– Драматургияны оқыту әдістемесінің іргелі тұсы-драмалық шығарманың теориясына арналады. Теориялық ұғымдар арқылы оқушы драмалық шығарманың мазмұнындағы психологиялық- көркем тетіктерді нәзіктікпен ажыратып тани алады;

– Драмалық шығармамен атқарылатын жұмыстар бірізділікпен өзара өріле, сабақтаса ұйымдастырылып, мұғалім тарапынан жүйелі бақылау мен тексеру арқылы қорытындыланып отыру керек;

– Драмалық шығармалар тарихпен, мәдениет дамуымен, эстетикамен байланыста оқытылуы қажет. Сондықтан драмалық шығармаларды оқытқанда тарихи деректерді мол қамтып, мәдениет дамуының сипатын танытып, драмалық шығармадан эстетикалық әсер алатындай әдіс-тәсілдерді қарастыру қажет;

– Драматургияны оқыту әдістемесі-өзгермелі, дамытуға бейім, жаңа технологияны қабылдауда сыни көзқарастары да болатын өзіндік ерекшелігі мол әдіс-тәсілдер болып табылады;

Драмалық шығармалардың белгілері, әрине, мұнан да көп болуы мүмкін, бірақ негізгілері деп осыларды алуға болады.

Сонымен қатар, мектеп бағдарламасына енгізуге болатын драмалық шығармалар - дүниежүзілік әдебиет қорынан болсын, еуропалық қордан болсын, ұлттық драмалық шығармалар болсын, жеткілікті дәрежеде деуге болады. Тек қана оларды мектептің ерекшелігіне байланысты дидактикалық тұрғыдан сұрыптау керек те, мектепке бейімдеп, бағдарламаға енгізу керек.

Жас ұрпақтың дамуы туралы заңдылықтарға сай әдебиет бағдарламасының да мазмұны мен құрылымы өзгеріп отырады. Драмалық шығармалардың бастауын сонау алғашқы сыныптарда рөлге бөліп оқытатын өлеңдерден, шығармалардан, шағын пьесалардан ала отырып, орта буын сыныптарда драмалық шығармалар біртіндеп молая түсуі керек. Мектеп бағдарламасында негізінен біріңғай прозалық не поэзиялық туындылардың молынан алынуы да драмалық шығармаларды оқыту әдістемесінің дамуына өзіндік кедергі келтіруде.

Драмалық шығармаларды оқыту және талдау жолдарын әдіс-тәсілдерін әлі же жетілдіре түсу қажет. Драмалық шығармаларды оқытқанда, оның өзіне тән ерекшелігі ескеріледі.

Сыныптан тыс жұмыстарда, драмалық үйірмелерде драмалық шығармаларды оқыту, мүмкіндіктерінше сахналату оқушы үшін драмалық шығарма табиғаты мен күрделі кейіпкерлер жүйесін, адамдар әлемін танудың бірден-бір жолы болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтанасова Қ., Айтуғанова С. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.– А., 2008.
2. Жұмажанова Т. Қазақ әдебиетінің әдістемесі. – А., 2007.
3. Дүкенбаев С.Х. Драмалық шығармаларды оқыту. - Алматы. 1987.
4. Бораи Р.Б. Драмалық шығармаларды оқытудың кейбір мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2006. № 3.
5. Қазақ драматургиясының очерктері. Алматы, 1964, 85 бет.
6. Әбдібекқызы Қ. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту. Алматы, “Рауан” 1994.
7. Құрманбаева Г., Дүйсебаева С. Дарыту дамыту интеграциясы. –Алматы, 1998.

8. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. А., 1995.

**Елубаева А.С.**

### **ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ И МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОЙ ДРАМАТУРЫ**

*Драма — это отрасль литературы, столь же широко развитая, как лирическая и эпическая, и имеющая глубокие корни. Можно сказать, что казахская драма современного периода – это жанр, укрепившийся, созревший и сформировавшийся в результате развития этой области в истории человечества. Особенность драматического жанра в том, что он создан для сцены. При преподавании этих произведений метод преподавания драматургии студентам необходимо учитывать с учетом таких жанровых особенностей.*

**Ключевые слова:** история зарождения, развитие, становление национальной драматургии, теоретические проблемы драматического творчества, фольклорное наследие народа, первый занавес Национального театра, преподавание драматического произведения.

**Elubaeva A.S.**

### **HISTORY OF STUDYING AND METHODOLOGY OF TEACHING KAZAKH DRAMA**

*Drama is a branch of literature that is as widely developed as lyric and epic, and has deep roots. It can be said that the Kazakh drama of the modern period is a genre that has been strengthened, matured and formed as a result of the development of this field in the history of mankind. The peculiarity of the dramatic genre is that it is created for the scene. During the teaching of these works, the method of teaching drama to students needs to be considered taking into account such genre features.*

**Key words:** history of birth, development, formation of national drama, theoretical problems of dramatic works, folklore heritage of the people, first curtain of the National Theater, teaching of dramatic works.

ӘОК 81'366

**Кәрігүл Ж.**

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты

**Сембиев Қ.З.**

«Bolashaq» академиясы  
фил.ғыл.кандидаты, профессор, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

### **ҚОС СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ (ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ)**

*Мақалада күрделі тіркестер құрамындағы мағынасы күңгірт сөздер диплом жұмысымыздың негізгі нысаны етіп алынды. Қандай да бір тіл болмасын, оның фразеологиялық қоры ұлт мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттың психологиясын барынша қамтиды. Сөз мағыналарының қалыптасу жолдарындағы ерекшеліктерін анықтау осы жұмыстың өзектілігін айқындайды.*

**Тірек сөздер:** күңгірт сөздер, лексикология, принцип, сөзжасам, грамматика, лексика, қос сөздер.

Тарихи лексикологияның зерттеу нысаны – оның алда тұрған міндеттері мен көкейкесті мәселелерін, басқа ғылым салаларына, атап айтқанда, тілдің тарихы мен сөздердің дамуына (этногенез, тіларалық қатынастар, этимология, этнолингвистика т. б.) қатыстылығын жан-жақты сөз етеді.

Тарихи лексикология – тіл фактілерін зерттеуде тарихи принципке сүйенеді. Ол белгілі бір тілдің лексикасын жалпылама емес, нақтылы бір халықтың азаматтық тарихына байланысты, сол халықтың мәдениетіне, дүниетанымына, салт-сана, т. б. экстралингвистикалық факторларына байланысты зерттелуі керек. Өйткені, әрбір тілдің лексикалық қоры, қат-қабат сөз байлығы, сайып келгенде, сол тілді жаратушы, сол тілде сөйлеуші халықтың тарихымен тікелей байланысты, сол халықтың халық болып қалыптаса бастаған ұзақ дәуірінің жемісі, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, толығып, кемелденіп, жаңарып отыратын асыл да абзал мұрасы, сол халықтың мәдени, рухани өмірінің айнасы болып саналады. Әрбір тілдің сөз байлығын тарихи тұрғыдан зерттеу дегеніміз – оны сол тілдің өз топырағында, өзіндік даму үрдісін, сыр-сипатын ескере отырып қарастыру [3,7].

Қазақ тілінің басқа туыс (қырғыз, өзбек, түркмен, башқұрт, ұйғыр т. б.), туыстас (монғол, бурят, қалмақ) және өзге системалы (орыс, қытай, араб, иран, т. б.) тілдерімен көрші ретінде де, тарихи-саяси, мәдени, географиялық жағдайларға байланысты да әр дәуірдегі қарым-қатынастары, олардың өзара ықпалы, лексикалық ауыс-түйістері ерекше назар аудартады.

Сөздер тарихында сөз мағынасының күнгірттену процесі аса байқалады. Бұл үдеріс үнемі орын алатын құбылыс. Сөз мағынасының ұмыт бола бастауы – сол сөзді қолданыстан не мүлде шығарып тастайды, не тек белгілі бір орында: тұрақты тіркестер құрамында, мақал-мәтелдерде, күрделі сөздерде (қос сөздерде) ғана келеді.

Халық тілінде қарапайым сөздер де, көнерген сөздер де бар. Негізгі тоқтала кететін бір мәселе, ауызекі және жазба тілімізде жиі қолданылатын қос сөздерге мән беру. Яғни, мақсатымыз – сыңарлары мағынасыз қос сөздердің сырын ашу, қазіргі қалыпқа қалай жеткенін көрсету. О баста қай тілде, қай мағынада қолданылғандығын, сөздердің бастапқы морфемалық құрамы мен семантикасын айқындау. Талдау объектіміз қос сөздер болғандықтан, анықтама беру қажет. Қос сөздер – екі сөздің қосарлана (қатарласа) айтылуы және бір сөздің екі рет қайталануы арқылы жасалатын күрделі құрылымдар. Қос сөздер санаты - өзіндік ерекшеліктері мен /жер жүзі тілдерінің бәрінде/, соның ішінде барша түркі тілдерінде бар құбылыс.

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі де қос сөздерді жасауда кең таралған. Аналитикалық тәсіл өте көне тәсіл деп саналады, оның дүние жүзі тілдерінен алатын орны жан-жақты. Сонымен бірге, түркі тілдері сөзжасамында белсенді қызмет атқаратыны дәлелденген. Қазақ тілінде аналитикалық тәсілдің іштей төрт түрге бөлінетінін төмендегіше көрсетуге болады: Тілімізде аналитикалық тәсілдің мынадай ішкі түрлері бар:

- 1) сөзқосым;
- 2) қосарлау;
- 3) тіркестіру;
- 4) қысқарту.

Сөздердің жасалуының жолдары өте күрделі.

Сөздердің жасалуы деген ұғым-жаңа сөз жасаудағы заңдылықтар мен ереже-анықтамалардың жиынтығы. Сөздердің мағынасы, олардың тұлғалық ерекшеліктері және сөйлемде қолданылуының бәрі өзара іштей тұтасып жататын заңдылық. Сондықтан, сөздердің әртүрлі жолдармен жасалуы, жаңа ұғым, жаңа бір грамматикалық тұлғада жұмсалуды сөздік құрамды байытатын және дамытатын санат болып саналады. Сөздердің әртүрлі тәсілдер арқылы жасалған жаңа ұғымдарының мағыналары да, грамматикалық, көрсеткіштері де, құрамды бөлшектері де түрліше болады. Мысалы: ата-ана, қора-қопсы, мая-мая деген сөздердің мағыналары да, жасалу жолдары да, сырт

көрініс-тұлғалары да әрқилы. Ата-ана, қора-қопсы, мая-мая дегендер - екі сөздің қосарлануы, қайталануы арқылы жасалған қос сөздер екендігіне дау жоқ.

Қазақ тілі сөздерінің жеке түбір сөз және түбір сөздерге түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы жасалатын морфологиялық тәсіл болатыны аңғартылады.

Жеке сөздердің өзара бірігуі, кірігуі арқылы, өзара қосарлануы, қайталануы арқылы және бірнеше сөздердің өзара тіркесуі арқылы жасалатыны синтаксистік тәсіл болып саналады.

Қос сөз деп, екі сыңардан тұратын, сыңарлары бір сөздің қайталануынан немесе бір тектес синоним я антоним сөздерден жасалып, бір ырғақпен тұтаса айтылатын сөздер аталады. Мысалы, ойдын-сауық, ине-жіп, ыдыс-аяқ, құрал-сайман, қыз-келіншек, жақсы-жаман, ұзынды-қысқалы, үлкен-кіші, ата-ана, әке-шеше, он-он бес, жиырма-отыз, қырық-елу, кеше-бүгін, жоғары-төмен, т.б.

Қос сөздер тілдің аналитикалық тәсілінің қосарлама тәсілі арқылы жасалатынын жоғарыда атап өттік. Қос сөздер түркі туыстас тілдердің бәрінде бар тілдік құбылыс. Қос сөздер ең көне орхон жазба ескерткіштерінің тілінде де болған. Мысалы, ішін-тысын = ішін-тысын, бәгләрі-будуны = бектері-халық, ядағын-ялаңын = жаяу-жалпы, алу-иту = өлу-жіту. Содан бірнеше қос сөздер түркі тілдерінің бәрінің сөздік қорынан мол орын алып, тілде жиі қолданылатын лексикалық бірліктер қатарында келе жатыр.

Тілде қос сөздер жасалуының өзіндік әбден қалыптасқан заңдылықтары бар.

1. Қос сөздең екі сыңары да бір сөз табының сөзінен болады. Мысалы, қыз-келіншек, қауып-қатер, тамыр-таныс, жауын-шашын деген қос сөздердің екі сыңары да зат есімдерден жасалған. Ал үлкен-кіші, қызылды-жасылды, үлкенді-кішілі, жақсы-жаман, кәрі-жас деген қос сөздер сын есім сөздерден жасалған. Сол сияқты алпыс-жетпіс, бес-алты, жеті-сеіз, он бес-он алты, сексен-тоқсан қос сөздері сан есімдерден жасалған. Келіп-кетіп, алып-беріп, көре-көре, ішіп-жеп, қарғап-сілеп, асыға-үсіге қос сөздер етістіктерден жасалған.

2. Қос сөздердің сыңарлары мағыналық жағынан қатысы, байланысы бар, не синоним, не антоним сөздерден болады. Ешбір мағыналық байланысы, бір-біріне ешбір қатысы жоқ сөздер бір-бірімен қосылып, қос сөздер жасай алмайды. Міне, бұл қос сөздердің жасалуында қатты сақталатын заңдылық осы. Ал осымен байланысты қос сөздердің сыңарлары, көбіне, мағыналас, синоним, антоним сөздерден болады. Мысалы, ыдыс-аяқ, ине-жіп, әке-шеше, аға-іні, аяқ-қол, өкпе-бауыр, етек-жең, соқа-сайман, қаза-ошақ.

Біздің тілімізде қос сөздер көптеп кездеседі. Жалпы, қос сөз дегеніміз – сөздердің қосарланып не қайталанып, я бір сыңарларының, не бір буынының, не бір дыбысының өзгеруінен құралады. Сөздерді қосарлап немесе қайталап қолдану жаңа сөз жасаудың бір жолы болып табылады. Ерекшелігі мол құнарлы жүйе. Морфология жағынан қос сөз я синоним, я антоним сөздерден салаласып құралады да, семантикалық жағынан бірдей, пара-пар болады да, синтаксистік жағынан ұқсас, я тепе-тең келеді. Тіл мамандары оларды, негізінен, екі топқа бөліп қарайды. Бірі қайталама қос сөздер - бір түбірдің екі рет қайталануынан жасалған қос сөздерді айтамыз. Екіншісі, қосарлама қос сөздер – екі түбірден қосарланып жасалған қос сөздерді айтамыз.

Қосарлама қос сөздер лексикалық мағынасы басқа-басқа сөзден құралады. Бірінші топтағылар, *үлкен-үлкен, үйдей-үйдей, биік-биік, тау-тау* қалпында қайталанып келеді де, мағына жағынан түсінбестік тудырмайды. Екінші топтағы қосарлама қос сөздер өзі бірнеше салаға бөлінеді. Мұның бір түрі: *күні-түні, ұзынды-қысқалы, күш-қуат, әке-шеше* сияқтылар. Бұлардың да мағынасы түсінікті. Ал енді, мағынасы түсініксіз сөздер де бар. Мысал келтіретін болсақ, *азын-аулақ, жаман-жәутік* немесе *бұлан-талан, ығы-жығы* тәрізді қосарлама қос сөздер жиі кездеседі.

Қосарлама қос сөздердің негізгі белгісіне мағына жағынан ыңғайлас, морфологиялық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес сөздерден құралуы жатады. Азын-аулақ, жаман-жәутік немесе бұлан-талан деген сөздер мағынасы жағынан

ыңғайлас, өзара бір-бірімен жақын сөздер; бір сөз табына жатады, әрі формалары біркелкі; синтаксистік жағынан бір-біріне бағынбай, бір-біріне тәуелсіз болып салаласа құралып, күрделі сөз қызметін атқарып тұр.

Қосарлама қос сөздердің сыңарлары морфологиялық жағынан біртектес, синтаксистік жағынан өзара тең болғандықтан, қосарлама қос сөздің мағынасы құрамындағы екі сыңарының да мағынасын бірдей қамтиды да, жалпылау, топшылау, болжалдау, жинақтау, мөлшерлеу тәрізді ұғымдарды білдіреді.

Қосарлама қос сөздердің біркелкі болмауының себебі – қосарлама қос сөздердің сыңарларының мағыналық дербестігінің болу немесе болмауы. Қосарлама қос сөз сыңарларының лексикалық мағынасының бар не жоқтығына қарай, біріншіден, екі сыңары да бірдей мағыналы қос сөздер (қауып-қатер, көрген-білген, көйлек-көншек т. б.), екіншіден, бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз (ағыл-тегіл, жылап-сықтап, айт-үйт т. б.), үшіншіден, екі сыңары да бірдей мағынасыз қос сөздер (зым-зия, ығы-жығы, оқта-текте т. б.) болып келеді.

Қазақ тіліндегі күрделі сөздерді, тіркестерді ұйымдастырушы үш фактор бар. Олар, тұлғалық фактор, мағыналық фактор, дыбыстық фактор. Бұлар әрқашан бір-бірімен тығыз байланысты, үйлесімді.

Және де бұлардың барлығы біздің зерттеу нысанға тікелей байланысты жүздеген тіркестер мен сондай-ақ, мақал-мәтелдер түрінде келетін күрделі сөз тіркестерінің де бойынан табылып, жалпы қос сөз болсын, фразеологизмдер болсын, осылардың үлкен мәселесіне айналуы сөзсіз. Фразеологизм жөніндегі осындай басты-басты факторлар жайлы кейінірек сөз қозғалады.

Сөз жүйесін ұйқастыққа, үндестікке, әуезділікке құруға әуестену – ең алдымен, тіліміздің табиғатына, екіншіден, халқымыздың ақынжандылығына, яғни, оның өз бойында қалыптасқан поэтикалық рухына, шешендік өнеріне, ділмарлыққа, бейімділігіне байланысты деп қараған абзал. «Екі сөздің басын қосып, бір ауыз өлең шығармайтын қазақ жоқ» деген пайымдаудың да жаны бар.

Тіл табиғатына тән аталмыш үш фактордың ретроспективті бағытта дамуындағы кезеңге мыңдаған қосарлама және қайталама қос сөздердің дәуірін жатқызуға әбден болады.

Шынында да, қазақ және басқа түркі тілдерінде ең алғашқы сөз тіркесінің пайда болуы екі дербес лексеманың өзара мағына, тұлға әуезділігі жағынан жымдасып, үйлесіп, сәйкестеніп, біріккен сөзге (қос сөзге, біріккен сөзге) айналуы тым көне құбылыс. Және бұл құбылыс әлі күнге дейін өз жалғасын табуда.

Сонау заманның өзінде-ақ біздің ежелгі ата-бабаларымыз кез келген екі не үш сөзді қалай болса солай, яғни қосарлай салмай, сонымен қатар, жоғарыда аталған үш талаптың үшеуін де қатал сақтағандығын біз барлық келтірілген қосарлама және қайталама қос сөздердің тұлға-пішінінен, мағына-мәні мен әуезділігінен айқын көреміз (ата-ана, әке-шеше, бала-шаға, абысын-ажын, келін-кепшік, кәрі-құртан, шал-шауқат, тоқты-торым т. б.).

Ұзақ жылдар бойы талмай тер төгіп, қазақ тіл білімінде этимологияны арнайы пән дәрежесіне көтеріп, қалыптастырған – Ә. Т. Қайдар. Этимология саласындағы алғашқы ізденістерін ғалым ұйғыр тіліндегі қос сөздер табиғатын зерттеген кандидаттық диссертациясынан бастады. Бұл еңбегі 1958 жылы жеке кітап болып та жарияланды. Автор тарихи-салыстырмалы әдіспен қазақ тіліндегі шаға (бала-шаға), шашын (жауын-шашын), баранды (үйлі-баранды), торым (тоқты-торым), жора (жора-жолдас), қырқын (қыз-қырқын), шар (дау-шар), тараж (талан-тараж) т. б. қос сөздер сыңарларының төркіні туралы алғаш рет пікір айтады. Сол тұста «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында, мақаласында («Кейбір қос сөздердің этимологиясы», 1959, 10) осы тақырыпты жалғастырып, *қалаш* (қатын-қалаш), *сарсаң* (әуре-сарсаң), *теге* (түйе-теге) т. б. сөздерімізді «төркіндетеді» [3,112].

Ғалым, ең алдымен, зерттеу объектісі етіп, кез-келген сөзді емес, тіліміздегі мағынасы әбден күңгірттеніп, көмескіленген, бүгінгі қазақ тілі тұрғысынан шешімсіз (немотивированные слова) сөздерді алады.

Тілдің тарихы мен ондағы сөздердің тарихы халықтың тарихымен тығыз байланысты болады. Осыған орай, сөздердің шығудағы этимологиялық зерттеулер тарихи және этногенетикалық мәселелерді қарастырып шешуде айрықша маңызға ие болады. Сөздер бір тілден басқа бір тілге ауысып, этимологиялық зерттеулер белгілі бір тілдің ерте замандарда енген кірме сөздердің ену жолдарын толығымен қарастырады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Интернет желісі. [www.google.kz](http://www.google.kz). Қос сөздердің тарихы. – Б.3-4.
- 2 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988 – 146 б.
- 3 Нұрмағамбетов. Ә., Жүнісбеков Ә. Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.
- 4 Қашғари М.. Диуани лұғат-ит-түрік. II том. – Алматы: ХАНТ, 1997 – 528б.
- 5 Жұмағұлова А. Ж. Ғабит Мүсірепұлы әңгімелерінің тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 98 б.

**Карыгул Ж., Сембиев К.З.**

#### **ЛЕКСИКО-ГРАММАТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР (СПОСОБЫ СОСТАВЛЕНИЯ)ДВОЙНЫХ СЛОВ**

*В статье основные формы дипломной работы были взяты слова, имеющие значение в составе словосочетаний. Каким бы ни был язык, его фразеологический фонд максимально охватывает культуру нации, традиции и традиции, психологию нации. Выявление особенностей смыслов слов на путях их формирования определяет актуальность данной работы.*

**Ключевые слова:** матовые слова, лексикология, принцип, словообразование, грамматика, лексика, двойные слова.

**Karygul Z., Sembiev K.Z.**

#### **LEXICO-GRAMMATICAL CHARACTER (METHODS OF COMPILATION)DOUBLE WORDS**

*In the article, the main forms of the thesis were taken words that have meaning in the composition of phrases. Whatever the language, its phraseological fund maximally covers the culture of the nation, traditions and traditions, the psychology of the nation. The identification of the features of the meanings of words on the ways of their formation determines the relevance of this work.*

**Keywords:** mat words, lexicology, principle, word formation, grammar, vocabulary, double words.



**Исмаилова Р.Н.**  
«Bolashaq» академиясы  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[raihan-a@mail.ru](mailto:raihan-a@mail.ru)

## МАҒЖАННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ

*Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің мазмұндық мәселелерін пайымдап, өлең өлшемдеріндегі ерекшеліктерін айқындау. Ақын шығармашылығының әдебиетімізге әкелген жаңалықтарын саралау. Мағжан поэзиясындағы романтизм, символизм, реализм ағымдарының көрінісін анықтау, мазмұндық ерекшеліктеріне жете мән беру. Қазақ поэзиясының жаңаша үлгідегі өлеңдерінің түр ерекшеліктеріне талдау жасау.*

**Тірек сөздер:** саралау, өлеңдерді өзара салыстыру, жинақтау және мазмұндық, түр ерекшеліктеріне талдау жасау, поэзия әлемі, ажарлау, құбылту, айшықтау тәсілдері.

Мағжан поэзиясының мазмұндық және түр ерекшелігі жағынан өзіндік жаңалығы мол. Ақын поэзиясының мазмұндық ерекшелігін ағымдар негізінен көреміз. Европадан бастау алған аталған реализм, символизм, романтизм ағымдарын поэзиясымен байланыстырған. Мағжанның осы тұста жаңашылдығын, европашылдығын байқаймыз. Және аталған ағымдардың бәрін де поэзиясына сыйдыра білген. Қазақ әдебиетіне орнықтырған. М.Жұмабаев шығармашылығы арқылы қазақ бұрын-соңды болмаған әдеби-көркемдік биіктерге жетті. Кемеңгер Абай реалистік, романтикалық лириканың классикалық үлгілерін тудырса, Мағжанның романтикалық бейнелеу тәсілі қазақ өлеңінің көкжиегін кеңейте түсті. Романтикалық саяси-әлеуметтік, махаббат, табиғат, көңіл-күй лирикалары қазақ әдебиетінде Мағжан шеберлігі арқасында қазақ қоғамының күрделі дәуірінің көркем шежіресі, әрі адамның ішкі жан дүниесінің көркем айнасы болды. Ұлы ақын төл сөз өнерімізге орнықтырған осындай ірі жаңалықтарының бірі – аталған ағымдар болатын.

Мағжан өлең мазмұнынан бөлек, қазақ өлеңіне де өзіндік жаңалық енгізді. Өлең жүйесін жүйелеуде ерекше түр ерекшеліктерін пайдалана білді. Мағжан Жұмабаев лирикасы мен поэзиясының сәні мен ажары мазмұн тереңдігімен, ой әлемінің, сезім қуатының ауқымдылығымен шектелмейді, пішін яки нысан сұлулығын құрайтын өлшемдердегі дәлдік, әуезділік, екпін тиянақтылығымен анықталады. Жекелеген шығармаларды қарастырғанда ішінара назар аударылғандай ақын жырлары қазақ тілінің бай мүмкіндіктеріне жаңа өріс, тың келісім дарыту өнерімен тұлғалана түседі. Мағжан өлеңдері ажарлау, құбылту, айшықтау тәсілдерінің соны қолданыстарына толы. Ал өлең қаңқасы да, мағына әсерлілігі де ұйқас, ырғақ, тармақ құрылымдарындағы ұтымды үйлесім арқылы толысып, күш алады. Ал Мағжанның қазақ поэзиясына тыңнан қосқан өлшемдерін, шумақтық өрнектерін айтсақ, олар жаңашылдық сипаты, қазақ өлең құрылысын жетілдіру, өрістетудегі мән-мағынасы жағынан айрықша құнды. Мағжан тыңнан кіргізген өлшемдердің айрықша бір өзгешелігі – көлемі әр түрлі тармақтардың шебер қиюласып келетіндігі. Ал бұл қазақ поэзиясындағы өлең жүйесіне мүлде жаңа және өте маңызды қасиет-сипат әкеліп қосты, өлең өлшемдерінің жасалу тәсілін толықтырып, байыта түсті.

Поэзия әлемінде айрықша із қалдырған, өзіндік үлкен өнер, өрнек тудырған, терең сырға, ұшқыр қиялға толы өлең дүниесін кейінгіге аманат етіп қалдырған ақын – М.Жұмабаев. Өзі де, өлеңі де қиын-қыстау тауқымет жолын көп кешкен. Қалың бұқара оқушы қауым арасында әуелден-ақ қаншалықты белгілі, аты мәшһүр ақын болып

танылса да, ресми ортада барған сайын айдаудан көз аша алмай, тыныштық дүниеден қара үзіп, кешегі құғын-сүргін заманда есімі біржолата өшуге айналған жан [1,58].

XX ғасыр басында қазақ поэзиясын жаңаша үлгімен, көркемдік талғаммен жырлаған Мағжанның қаламынан туған дүниелер халық үшін үлкен қазына.

Мағжан поэзиясының, оның суреткерлік шеберлігін ақындық ой асқақтығының көркем тіл үлгісінің, стилінің даралық ерекшелігі оның жыр әлемі – адам жанының нәзік қатпарларына еркін сіңісіп, мейірімділікпен сұлулыққа жетелейтін бояуы ашық, нақышы әсем, кең тынысты, ғұмырлы мәңгілік жырлар толғауында. Мағжан жырларын қайта-қайта оқыған сайын өнерінің көркемдік көкжиегіне сәнді-салтанатты жыр-керуеніне кездескендей боламыз. Мәңгі ғұмырлы поэзияның өз тілі, өз үні бар десек, соның бірі бүгінгі қазақ поэзиясына жаңашылдығымен, ерекше еркіндігімен оралған Мағжан тілі еді. Шебер сыршыл ақын табиғатты, махаббатты, сұлулықты, адам бейнесін бейнелеп көрсетуде әрі нақышты, әрі сазды жыр өрнегімен қазақ поэзиясында өзіндік орнын анықтады. Мағжан поэзиясынан бейнелеп айту, көркем ойды сұлу суретпен өзіне тән айшықпен өрнектей отырып сөз құдіреті арқылы құлаққа жылы үн көңілге әдемі әсер қалдыратын, бір сөзбен айтқанда сыртқы ішкі сұлулықтың нәзік жібін қатар тартқан тамаша лирик ақынды көреміз.

Мағжанның жан-дүниесін, ой-әлемін түсіну оңай емес. Ақын көңілінде тұрақты мекен жоқ. Мейлінше шыншыл, ішкі байламын сынға салып, сүзгіден өткізуді қаламайтын ақынға нақты бір идеяның соңына түсіп, шаужайын көтерумен жүру жат. Кеше жарияланған, сәл бұрын айтқан пікір, толғам, көңіл-күйіне сәйкес келмейтін, кейде тіпті мүлде қарама-қарсы, яки едәуір жаңғырып, түрленген, поэтикалық бейне, болжам, топшылау, түйіндеу сәттері қайран қалдыра қоймайды. Өзгенің жөні бөлек Мағжаннан мұндай тосын да тапқыр, оқшау жағдай, жаңалық, әрекет, шешім күтудің қызығы зор. Өйткені ақын қалыпты сана заңына бағынбайды. Даланың жүз құбылған аспанындай сиқырлы сезім патшайымына қызмет ету бақытын ақкөз фанаттарша айқайлап қол соға аяламайды. Әдеттегі қисапсыз азап қобызын сарнату есебінде ғана қабылдайды. Осы қылығының өзі жұмбақ. Ессіз деген әрекетіне де тоңазыған салқын баға беру жиі. Түп ниет ақыл, зерденің қазығына байланады да, қиял мен мінез тұлпары шылбыр үзіп, табанын жерге тигізбес қанат байлап алады. Ұшқыр ой арқылы ақын уақыт пен ортаның дөрекі қыспағынан құтылар жол іздейтіндей. Романтик символистердің мезгілі мен мекен аясындағы еркіндікке ұмтылысы Мағжан Жұмабаевтың дүниеге тарихи, философиялық көзқарасынан бүгінгі күннің шындығын байырғы дәуірлердегі тағылымды сабақтар мен тамырлас алып, саралауынан, жыр бұрымын сұлу жарасыммен өру нәтижесіндегі ауқымды рухани серпілістермен танылады.

«Мағжан культурасы зор ақын... Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз - Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін»- деп М.Әуезов 1929 жылы айтса, одан бұрынырақта Мағжанның замандасы Ж.Аймауытов 1923 жылғы «Лениншіл жас» журналының №5 нөмірінде жарияланған «Мағжанның ақындығы» туралы мақаласында: « Қазақ әдебиетінде Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін (бейнешілдігін қазаққа аударды, өлеңді күйге ) музыкаға айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды... Мағжан ойдың ақыны емес, ұлт ақыны» деп жазды [2,].

Мағжан өлеңдерін оқи отырып, өзі көп айтатын тылсым буғандай әсерге енесің, таңғаларлық күй кешесің, ойлар мен толғамдардың терең тұңғиығына сүңгіп, әсем суреттер дүниесіне кіресің. Не суық, не жылы, әлде жарық, әлде көмескі сезімнен хабар беретін алуан бояудың сырларына қанығып, ақынның құдіретті шеберлігіне бас ұрасың.

«Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,  
Надан адам өлім жоғын білмейді.  
Өзім - патша, өзім - қазы, өзім – би,  
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді»

«Мен кім?», - деп, Абай айтқан толғамды жаңғырта өрнек шекиді. Ұлы Абай жеке тұлғаның тіршілік мәнісін теңдесі жоқ тереңдікпен пайымдаса, Мағжан сол шындыққа қосыла тұрып, «Мен өлмеймін» дегенде туған ұлтының, «менікі де өлмейді» дегенде өз рухының мәңгілік бірлігін астарлай бедерлеген.

Өмірді өзенге, далаға сайып, өзін апыл-тапыл басқан нәрестеге ұқсататын лирикалық қаһармен «Мен қуансам, жас баладай қуанам», «Мен қайғырсам, орнатамын қиямет» деп, ерекше жаратылысын сырт көзбен бағамдайды да, жоғарыдағы пікіріне көп қауымның, аяғы жер басқан жандардың назарымен қайта оралады:

«Өзім – тәңірі, өзіме-өзім табынам», -

Деп көпіріп, зор тәңірге табынам.

Егерде енді ауырыңқырап кетсе бас,

Сол тәңіріге жасым төгіп жалынам» («Сырым») [3].

Мұхтар Әуезов жас шағында бірінші Абайды атай отырып, «Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқырағын, әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы аулында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына барып жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп сезгендей боламын» - деп бекер жазбаған. «Жарқырағы, әшекейі» - осы символистік өнер үрдісінен үйрену, еліктеу нәтижелері анық[3].

Тегі, М.Жұмабаев мұрасын нақты көркемдік әдістің көгеніне байлап қоюға болмайды. Таза реалистік туындыларымен бірге көбінесе романтизм мен символизм әсеріндегі шығармалары тіпті басым. Немесе, автор туындысында осы әдіс, ағымдардың эстетикалық белгілері тығыз үйлесім тауып жүреді. Символистік көңіл-күй негізінен 1911-1922 жылдарды қамтитын ақын творчествосының екінші кезеңінде құлашын жая қанаттанады.

М. Жұмабаев шығармашылығы – отаршылдық кезеңінде күйзелген қазақ әдебиетін әлем әдебиетінің деңгейіне көтерген, психологиялық-көркемдік иірімдер мен әлем поэзиясына жаңа өрнектер мен бояулар қосқан эстетикалық құбылыс, көркемдік жаңалық. Ол поэзиямыздың эстетикалық әлемін тың бояулармен, күрделі сезімдік әлеммен байытып, жаңа биікке көтерді. Қазақ поэзиясының ғасырлар бойы қалыптасқан бай дәстүрінен, фольклор мен ауыз әдебиеті құнарынан еркін, табиғи нәр алған ақын Шығыс пен Батыс әдебиетінен де мол сусындап, өзіндік эстетикалық әлем қалыптастырды.

Мәселен, кезінде патшаның отаршылдық саясатына қарсы жазылғаны сезілетін өлеңдерінің бірі – «Жаралы жанда» мынадай жолдар бар:

Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,

Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.

Тау да жоқ, орман да жоқ, өзен де жоқ,

Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан [3] -

немесе одан кейінгі уақытта жазылған “Сүйемін” атты өлеңіндегі:

Орманы жоқ, шуы жоқ,

Тауы да жоқ, суы жоқ,

Мәңгі өлік сахарасы, –

Кербез келісіммен кестеленген, кезектескен, бірін бірі толықтырып кемелденген образды ойлар мен орамдар ұжымдасып, тек Мағжанға тән образды көркемдік әлемді көркейтеді.

Келші, көзім, күн бетінді көрейін,

Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.

Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,

Жұлдызды – жүзік, айды алқа ғып берейін.

Күлкің, Күнім, күміс күндей табаққа,

Мінсіз сұлу меруертті шашқандай...

Еркетайым, келсең егер қасыма,

Сәулелерден шоқ қадар ем басына.

Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,  
Келші, күлмей көзден аққан жасыма...[3]

Жан ләззатын тән рахатымен бірлеген, өмір туралы, сүю туралы толғанысын мұндай ашық, мұнша еркін, өткір де тосын ақтара айшықтау бұған дейінгі қазақ поэзиясында кездеспейді. «Бүгінгі күн өмір, өлім – менікі», «Сырым», «Сүй, жан сәулем» өлеңдерінің өзегіне айналған сезім екпіндеген сайын арнасы кеңейе келе, толассыз толқындап, кейіпкердің рухани әлеміне жетелей түседі, қапысыз бойлап, оның табиғатын танытады.

М.Жұмабаевтың «От», «Пайғамбар», «Күншығыс», «Жер жүзіне», «Мен кім?», «Сырым» атты өлеңдерінде жоғарыда сөз болып кеткен философиялық мәселелер көтеріңкі романтикалық стильде жырланады.

«Жалынмен жұмсақ сүйеді,  
Сүйген нәрсе күйеді.  
Жымыып өзі жорғалар.  
Ұшырғанды жоқ қылар.  
Шоқ қылар да, жоқ қылар.  
Мұның аты от болар.  
Мен де отпын- мен жанам.

От - сен, тәңірім, табынам»

«Қараңғылық дұшпаным» деп шымырқанатын автор құбылтудың меңзеу тәсілін пайдалана отырып, арнау ыңғайында, өткір интонациямен шалқи-тасып сөйлейді. (Күншығыс):

«Әй, сен кесел Күнбатыс!  
Бұл жатуың қай жатыс,  
Жоғал жылдам жолымнан!  
Болмаса, қорықсаң өлімнен,  
Үмітің болса өмірден,  
Ұста менің қолымнан!»

«Мағжан өз тегін де, өз жерін де ардақтаумен өткен, өмірдегі азаматтық орнын ардақтауға ұмтылған, өлең сөзді асыл маржандай терген, сұлу жырымен оқырман жүрегін баураған, ал өзі болса, өне бойы қапаста, қайғы мен қасіретте өмір кешіп, ақырында мүлт кеткен, өзі айтатындай, соры арылмаған халқының зарлы перзенті» [4].

«Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,  
Мен-күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.  
Мен келемін, мен келемін, мен келем,  
Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар.

Соқыр сорлы, көрмей ме әлде көзің көр?  
Күншығыстан таң келеді, енді көр,  
Таң келеді, мен келемін - пайғамбар,  
Күт сен мені, «лахаулаңды» оқи бер.

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,  
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.  
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:  
Мен келемін, мен пайғамбар - Күн ұлы» [3].

Еспе қайталау, дыбыс үндестігіне негізделген туындыда («Пайғамбар») лирикалық қаһарман өзіне - арғы-бергі тарихымен алғандағы Шығыс жері мен халықтарының кешегісіне масаттанып, ертеңіне сенгені сондай, әрі қас, әрі дос көршілеріне жылы ғана тіл қатпайды, кейде жалы күдірейіп, ұрса, қорқыта кіжінетіндей. Ол эмоцияның астарында қыр елін үнсіз езгіде ұстаған орыс патшалығына қатысты

наразылық ырықсыздық заңдылығына сай тұлан тұтып жатқанын байқау қиын емес. Автор романтизмге тиісті үрдіспен өмір құбылыстарын ірі көлемде жіктеп, таразыламай, тұтас алып, сезім жігеріне қайрай суреттейді.

Өзгелер сияқты көп желпінбей-ақ көкейін ақтаруды қанағат етпей, қазаққа «патшалықты» да місе тұтпай, тым дәйексіз алысқа жетпесін біле тұрып, қол сермейді:

«Өзім – тәңірі, табынамын өзіме,  
Сөзім – құран, бағынамын сөзіме!  
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,  
Енді ескілік, келдің өлер кезіңе!»

Мағжан әдебиетімізге отты жырларымен ғана емес, өзіндік қолтаңбасын қалдырарлықтай өлеңдерімен де жаңалық енгізді. Бұл романтик ақынның әдебиетімізге қосқан зор үлесі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Елеукенов Ш. Әдебиет және ұлт тағдыры. – Алматы: «Жалын баспасы», 1997.
- 2 Әуезов М. Қазақ әдебиеті, 1988.23 желтоқсан
- 3 Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1992.
- 4 Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 5 Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. Алматы, 1998
- 6 Қанарбаева Б. Мағжан символист: Зерттеу. Алматы: 2007. – 288 бет.
- 7 Жұмабаев М. Көптомдық шығармалар жинағы. 1-том Өлеңдер, дастандар, әңгіме.- Алматы: Жазушы, 2005. - 208 б.
- 8 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу, - Астана, Құлтегін, 2002.-528 б.

**Исмаилова Р.Н.**

### **ТВОРЧЕСКИЙ МИР МАГЖАНА**

*Осмыслить содержательные проблемы стихотворений Магжана Жумабаева и определить особенности стихотворных измерений. Дифференциация новшеств творчества поэта, принесенных в нашу литературу. Определение проявления течений романтизма, символизма, реализма в поэзии Магжана, придание должного значения содержательным особенностям. Анализ видовых особенностей стихотворений казахской поэзии нового образца.*

**Ключевые слова:** дифференциация, взаимное сравнение стихотворений, обобщение и содержательный анализ, анализ видовых особенностей, мир поэзии, способы выражения, выражения, выражения.

**Ismailova R.N.**

### **THE CREATIVE WORLD OF MAGZHAN**

*To comprehend the substantive problems of Magzhan Zhumabayev's poems and to determine the features of poetic dimensions. Differentiation of innovations of the poet's creativity brought to our literature. Determination of the manifestation of the currents of romanticism, symbolism, realism in Magzhan's poetry, giving due importance to the content features. Analysis of specific features of poems of Kazakh poetry of a new sample.*

**Keywords:** differentiation, mutual comparison of poems, generalization and meaningful analysis, analysis of specific features, the world of poetry, ways of expression, expressions, expressions.

**Кәрігүл Ж.**

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты

**Сембиев Қ.З.**

«Bolashaq» академиясы  
фил.ғыл.кандидаты, профессор, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

### **ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ КӨЗДЕРІ**

*Мақалада күрделі тіркестер құрамындағы мағынасы күңгірт сөздер диплом жұмысымыздың негізгі нысаны етіп алынды. Қандай да бір тіл болмасын, оның фразеологиялық қоры ұлт мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттың психологиясын барынша қамтиды. Сөз мағыналарының қалыптасу жолдарындағы ерекшеліктерін анықтау осы жұмыстың өзектілігін айқындайды.*

***Түйін сөздер:** күңгірт сөздер, лексикология, принцип, сөзжасам, грамматика, лексика, қос сөздер, фразеологизм, синоним, тұрақты сөз тіркестері.*

Қазақ тіл білімінде фразеологияның жалпы және нақты мәселелері бойынша ғылыми еңбектер жазылды. Олардың қатарында фразеология мәселелеріне арналған І.Кеңесбайұлының, М.М.Копыленконың, Р.Сарсенбайұлының, К.Аханұлының, Ә.Қайдардың, Г.Смағұлованың, С.Сатенованың, Э.Самекбаеваның, Н.Уәлидің, Р.Авакованың және т. б. ғалымдардың еңбектерін атап көрсетуге болады.

Фразеологизмдер қалай болса солай өзгертуге көнбейді, тұтасқан күйінде даяр тұрған оралым ретінде қолданылады, сөйлемдегі басқа сөздермен бір я бірнеше сыңары арқылы байланысқа түседі, олардың құрамында болатын өзгерістер қалыпты нормаға сай меншікті мағынаны бұзбайды. Белгілі бір сөйлемнің құрамында тұрып, фразеологизм оның бір ғана мүшесі қызметін атқарады немесе өз бетінше тұтас сөйлем түрінде қолданылады, қалыпты қолданыста астарлы тұрақты мағынасын сақтайды. Фразеологизм – құрылым мен мағынаның, мазмұн мен форманың бірлігі. Олардың қолданылуындағы басты қызметтің бірі - жеке сөздер мен сөз тіркестері және сөйлемдер бере алмайтын көркемдік, образдылық, экспрессивтілік, астарлы мағына арқылы ойды жеткізу. Сонымен, фразеологизм деп, семантикалық жақтан өзгеріске ұшырап, туынды астарлы мағынаға ие болған бірлікті айтамыз. Бұл анықтама фразеологизмдердің дайын күйінде қолданылатын тұрақты құрылым екендігін жоққа шығармайды.

Фразеологизмдердің табиғатын талдай отырып, олардың шығу негіздеріне байланысты үш түрлі пікір айтуға болады. Біріншіден, фразеологизмдердің тууының себебі болып табылатын фразеологиялану процесі. Бұл тәсіл ішкі лингвистикалық заңдылықтарға байланысты жүзеге асатын құбылыс. Фразеологиялану сатысынан өткен еркін сөз тіркестері мен сөйлемдердің құрамындағы сөздердің арасында ішкі фразеологиялық, яғни семантикалық байланыс қалыптасады да, ол байланыс тұтас мағынаның дамып, өзгеріске түсуіне әкеледі. Метафоралық, метонимиялық және басқа да ауыс мағынада қолдану тәсілдері негізінде тұтас мағына астарлы, туынды мағынаға ұласады. Екіншіден, фразеологизмдер – белгілі бір озық ойлы, сөзге шебер, дана халық өкілдерінің өмірден алған тәжірибесінің немесе нақты бір оқиға, іске қатысты айтылған ой-тұжырымдарының қорытындысы, халықтың мәдени-материалдық, әлеуметтік-шаруашылық өмірінің әртүрлі жақтарының, тарихы мен тұрмыс жағдайының, мәдениеті мен ойлау мәнерінің, рухы мен психологиясының синтезі. Олардан халқымыздың нақты өткенімен, танымымен, тұрмыс жағдайымен, әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен және ұлттық психологиясымен жете таныса аламыз. Ол бірліктер ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жатталып, қолдануға даяр күйінде енетін тілдік құралға, шешендік сөз үлгілеріне, халықтық ортақ мұраға айналған. Олар халық жадында ұзақ уақыт, тіпті,

ғасырлар бойы сақталып, рухани қазынаға айналып, бүгінгі ұрпаққа жеткен тіл байлығының таусылмас қоры, сөз қолдану өнерінің негізі, мәйегі болып саналатын осы бейнелі фразеологизмдер. Олардың халықтың есінде сақталуы, біріншіден, бейнелі астарға құрылып, ойды дәл және образды түрде жеткізуге құрылғандығынан, тұлғасы жағынан жеңіл, көлемі шағын болып келуіне байланысты, екіншіден, мазмұны терең, ықшамды оралымның көмегімен көлемді толық мағынаны өз дәрежесінде, көркем және бейнелі дәрежеде, көп сөзді аз сөзбен дәл жеткізуінде.

*Фразеологиялану* деген ұғымды еркін тіркестің я сөйлемнің, немесе құрамындағы сыңарлардың семантикалық жақтан дамып, туынды, астарлы мағынаға ие болуы деп түсіну керек. Сыңарлардың өзара мағыналық тәуелділігі арқасында бүтін сөз тіркесі я сөйлем жаңа мағынаға, ауыс мағынаға ие болады. Сөз тіркесі немесе сөйлем астарлы мағынаға құрамындағы сыңарлардың семантикалық өзгерісінің ықпалынан өтеді де, келе-келе бүтін оралымның мағынасы орнығады. Фразеологизмдердің «құрамындағы сөздер мағыналық та, грамматикалық та дербестігінен айырылады» [1,169] деген пікір осы құбылысқа тікелей байланысты туса керек, құрамындағы сыңарларсыз және олардың мағыналарынсыз тұтас астарлы мағына да, бүтін құрам да қалыптаспайды.

Фразеологизмдердің құрамындағы сыңарлардың ауысуы немесе мағынасының бұзылуы, көбінесе, этнопсихологиялық факторларға байланысты, өйткені, халық өз сөзін бейнелірек, әсерлірек жеткізуге тырысады. Көпшілік жағдайларда адъектив фразеологизмдердің семантикалық өзгеріске түсуінің бұл формасы компаративтік фразеологизмдерге тән. «*Кішілігі болмаса, құдды түйе сияқты*» дегенде «*кішілігі болмаса, құдды соның өзі*» деп ауыстырылып, астар, бейнелі өң беріп, бір жақсы я жаман адаммен салыстыру сөйлеуде кездесе береді.

Компоненттің лексикалық жақтан әлсіреуі, солғындауы барысында фразеологизмнің мағынасы ауыспалы-жалпылаушы мәнде қалыптасады, яғни, лексикалық әлсіреуге ұшыраған компонент я компоненттер мүлдем жаңа мағынаға емес, тек экспрессивтік – анықтағыш қызметке ие болады. Мысалы, *Күштінің арты диірмен тартады* фразеологизмінде “*тартады*” сөзінің мағынасы лексикалық жақтан солғындаған. Туынды мағына негізгі ұғымнан келіп шыққан. Фразеологиялық мағына тарихи шығу төркіні жағынан лексикалық мағынамен астасып жатады, іштей байланыста болады. Фразеологизмдердің компоненттерінің мағына жақтан әлсіреуі я солғындауы дегенді олардың мағынасының өзгеріске түсуі деп түсіну керек.

Фразеологизмдердің бірқатары басқа тілдерден ауысқан кірме сөздер. Олар бірнеше жолмен енген:

1) қазақ тіліне аударылмай, даяр қалпында өзгеріссіз қабылданған фразеологизмдер. Бұған дінді уағыздайтын, діншіл адамдар жиі қолданатын, діни әдебиеттегі, негізінен, араб тілінен енген фразеологизмдерді жатқызуға болады. Мысалы, мағрифәт алла – алланы тану, тәхсин ғұлұм – ғылым үйрету, уағалайкум – ус сәләм - өзіңе сәлем [2,216].

2) қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бейімделіп, даяр қалпында қабылданатын кірме фразеологизмдер. Бұған, негізінен, парсы тілінен енген фразеологизмдік қос сөздерді жатқызуға болады. Мысалы:

Жар-дос (йар-дуст)

Жар-жар (йар-йар)

Жекпе-жек (йәк-бәйәк)

Лек-лек (ләк-ләк)

Дос-жаран (дуст-йаран) т. б.

Мұндай фразеологизмдердің бірқатары парсы тілінен алынған. Және де қазақ сөздерінің қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалған.

Майда-шүйде (парсыша мәйда)

Жай-жапсар (джай)

Жора-жолдас (джурә)

Кем-кетік (кәм)  
Мат қылу ( парсыша мат – жеңу, ұту)  
Мама сиыр (парсыша мама, сүтті сиыр)  
Мама бие (сүтті бие) т. б.

3) басқа тілдерден калька жолымен аудару арқылы жасалатын фразеологизмдер. Басқа тіл фразеологиясын тұтас қалпында аудармай, құрамындағы сөздерін сөзбе-сөз аудару арқылы жасалатын фразеологизмдерді фразалық калькалар дейміз. Мысалы, орыс тілінен калька жолымен аударылғандар:

Ақ өлең (белый стих)  
Варфолемей түні (варфолемейская ночь)  
Ағылшын тұзы (английская соль)  
Мәселені қабырғасынан қою (поставить вопрос ребром)  
Қызыл алаң (Красная площадь)  
Шара қолдану (принимать меры) т. б.

4) шетелдік фразеологизмдердің құрамындағы сөздерді сөзбе-сөз емес, жарым-жартылай аудару арқылы жасалған фразеологизмдер. Бұлар жартылай фразалық калькалар деп аталады. Мысалы, орыс тілінен:

Көздің қарашығындай сақтау (беречь как зеницу ока);  
Қайыр хош! (всего хорошего!) т. б. [3,217].

Фразеологиялық ұйытқы тіркестер: фразеологияның қалыптасуында семантикалық жағынан негізгі ұғымды білдіріп, басқа сөздерді өз айналасына топтап, идиомаландырып тұратын сөздер болады. Бір кездерде фразеологияның тууына түп қазық, тірек болған сөздерді фразеологиялық ұйытқы сөздер дейміз. Кез келген сөз фразеологизмге ұйытқы бола алмайды. Тілдің лексикалық құрамының негізін қалаған, халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан байырғы сөздері ғана фразеологизмдерге ұйытқы бола алады [4,208].

Фразеологизмдік ұйытқы сөздердің әр топта жиі кездесетін кейбіреулеріне мысал: «тіл» сөзінің ұйытқы болуымен: тіл қатты, тіл әкелді, тіл тигізді, тіл сындырды, тілге ерді, тіл-аузым тасқа, тілде тиек жоқ, орақ ауыз, от тілді (мәтел), тіл табысты т. б. [5,209].

Фразеологиялық ұйытқы сөздердің немесе фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің кейбірі қазіргі кезде жеке қолданылмайды, және де кез келген сөзбен тіркеспейді. Мағынасы үйлес белгілі сөздермен ғана тіркесіп, солардың аясында жұмсалады. Жеке алғанда олардың мағыналары да белгісіз немесе күңгірттенген болады. Мысалы: сам жамырады (ымырт үйірілгенде күнбатыс жақтан түсетін жарық сәуле, «сам жарығы»); бықпырт тигендей (азан-қазан болды); түлен түртті (шайтан түртіп, бір бәлеге ұрындырды); ап соққандай (қатты ыстық жел, аптап (ыстық) сөзімен түбірлес сияқты); аза бойы қаза болды (азар да безер болды); міз бақпады (бүлк етпеді); мірдің оғындай (өткір); ығай мен сығай (беткеуістар мықтылар); үлде мен бүлдеге бөлінді (не ішем, не кием демеді); дал болды (басы қатты); жанын жегідей жеді (әбден қажытты) т. б.

Тұрақты тіркестер жеке сөздің орнына жұмсалып қана қоймайды. Сонымен қатар, мән, мағынасы жағынан үйлесе келіп, бірінің орнына бірі балама болып та қолдана беретінін ескерсек, айтылатын ой мен ұғым, түсінікті ұқсастығына қарай фразеологизмдер де синонимдік қатар құрайды. Сөйтіп, сөйлеуші айтайын деген ойын мәнерлеп жеткізу үшін жай сөздерден гөрі бейнелі, суретті сөз тіркестерінің өзара мағыналас, мәндес түрлерін таңдайды.

Синонимдік қатар құрамындағы кейбір тіркестерде көп мағыналы фразеологизмдер де ұшырасады. Көп мағыналы сөздерге қарағанда фразеологиялық тұлғалардың екі немесе одан да көп мағына білдіруінде біршама өзгешеліктер байқалады. Мәселен, кейбір жекелеген сөздерде ондаған мағына болса, қалай дегенмен де фразеологизмдер арасында полисемия аз кездесетін құбылыс.

Сонымен, фразеологизмдерде көп мағыналық жиі кездесе бермейді. Біріншіден, көп мағыналықтың пайда болуына қатысты өзіндік ерекшеліктерінен туатын басқа да



өзгешеліктер бар. Екіншіден, фразеологизмдердің әртүрлі мағынасы көп мағыналы сөздерде байқалатындай, тура және ауыспалы мағынаның арасындағы байланыс екі жақты болып келеді. Себебі, фразеологизм, көбінесе, метафоралы қолданыстан жасалатын тілдік тұлға (бірлік) ретінде көрініс табады. Яғни, фразеологизмнің тағы бір жаңа мағынасы еркін сөз тіркесінің үнемі параллель дамуы арқылы да пайда болады. Кейде бұрыннан таныс фразеологиялық тіркеске жаңа мағына жүктеліп, көп мағыналыққа айналады.

Тілімізде сөз, сөз тіркесі, сөйлем деген синтаксистік бірліктерден басқа өзінің мағына тұтастығымен, бірлігімен, сыртқы құрылымы мен сөйлемде жұмсалып қызметімен ерекшеленетін тілдік бірлік - фразеологизмдер, яғни, тұрақты сөз тіркестері. Бұлар о баста бірнеше сөздің қосылуынан келіп шыққан, бүгінгі күнде біртұтас лексикалық мағынаны ғана білдіріп, ішінара бөлшектеуге келмейтін, сөйлемде даяр қалпында жұмсалып бір ғана ұғымды, бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесінің ғана қызметін атқарады.

Осыдан келіп тұрақты сөз тіркестердің өз алдына дербес тіл білімі саласы ретінде танытатын басты негізгі үш белгісінің бар екендігін атап өткен жөн. Олар: қолданыста даяр қалпында жұмсалып белгісі, мағына тұтастығы және тіркес тиянақтылығы.

Фразеологизмнің мағына бірлігінде ешқандай өзгешелігі болмайтын, құрылымы-құрылысы жағынан үйлесіп, өзара ұқсас келетін түрін фразеологиялық вариант (мұны кейде жарыспалылық деп те жатамыз) деп атаймыз. Ғ. Қалиұлы мен Ә. Болғанбайұлы фразеологиялық варианттың екі түрлі жасалуын атап көрсетеді [5,186]. Біріншісі - фонетикалық вариант, екіншісі лексикалық вариант болып табылады. Фонетикалық вариантқа сөздердің құрамындағы дыбыстардың жуан не жіңішке болып немесе кейде толық не қысқарып айтылуы жатады. Мысалы: заһарын шашты – зәрін шашты; зәр төкті – зәрін төкті, тұлан түтті – түлен түтті, абиыры айрандай болды - әбүйірі айрандай болды, қаһарын төкті – кәрін төкті, т. б.

Фразеологиялық тұтастыққа тұрақты тіркестер құрамындағы сөздердің мағынасы өзара бір-бірімен жымдасып, бірігіп кеткен, мағыналық жіктерін ажыратуға келмейтін тіркестерді жатқызамыз: жүрегі тас төбесіне шықты (қорықты), төбесіне құй қазды (мазасын алды), аузынан жалын атты (ашуланды) т. б. Фразеологиялық бірлікке мағынасы алғашқыда еркін тіркестен келіп шыққан, уақыт өте келе ауыс мағынада қолданыс тапқан тіркестер жатады: басы ауырып, балтыры сыздады (қайғыру), тұла бойы қалтырап кетті (қорқу), әйелі ұл тапқандай қуанды (қуану), арқасы мұздап қоя берді (қорқу), ат үстіне ұйықтады (мазасыздану), бөркін аспанға лақтырды (қуану) т. б. Фразеологиялық тізбекке компоненттер құрамындағы сөздердің бастапқы лексикалық мағынасы толығымен жойылмаған, жойылуға жақын қалған, күңгірттене бастаған тіркестер жатады: қоян жүрек (қорқақ), ащы зар (қайғы) т. б.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

- 1 Интернет желісі. [www.google.kz](http://www.google.kz). Қос сөздердің тарихы. – Б.3-4.
- 2 Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988 – 146 б.
- 3 Нұрмағамбетов Ә., Жүнісбеков Ә. Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.
- 4 Қашғари М.. Диуани лұғат-ит-түрік. II том. – Алматы: ХАНТ, 1997 – 528б.
- 5 Жұмағұлова А. Ж. Ғабит Мүсірепұлы әңгімелерінің тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 98 б.

**Карыгул Ж., Сембиев К.З.**

### **ИСТОЧНИКИ ПОЯВЛЕНИЯ РЕГУЛЯРНЫХ ВЫРАЖЕНИЙ**

*В статье основные формы дипломной работы были взяты слова, имеющие значение в составе словосочетаний. Каким бы ни был язык, его фразеологический фонд максимально охватывает культуру нации, традиции и традиции, психологию нации. Выявление особенностей смыслов слов на путях их формирования определяет актуальность данной работы.*

**Ключевые слова:** матовые слова, лексикология, принцип, словообразование, грамматика, лексика, двойные слова, фразеология, синонимы, устойчивые словосочетания.

**Karygul Z., Sembiev K.Z.**

### **SOURCES OF THE APPEARANCE OF REGULAR EXPRESSIONS**

*In the article, the main forms of the thesis were taken words that have meaning in the composition of phrases. Whatever the language, its phraseological fund maximally covers the culture of the nation, traditions and traditions, the psychology of the nation. The identification of the features of the meanings of words on the ways of their formation determines the relevance of this work.*

**Keywords:** mat words, lexicology, principle, word formation, grammar, vocabulary, double words, phraseology, synonyms, stable phrases.

УДК 371.268

**Каримова А.С., Ильясова Г.Б.**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері

"Чистов орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Мағжан Жұмабаев ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қазақстан Республикасы

### **БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*Қазіргі уақытта біздің елімізде ұлттық білім беру саясатында елеулі өзгерістер болып жатыр. Бұл білім беру процесстерінің өзгергіштігі іске асырылған жағдайда ғана мүмкін болады, осыған байланысты білім беру саласында терең ғылыми және практикалық түсінуді қажет ететін білім беру мекемелерінің әртүрлі инновациялық технологиялары енгізілуде*

Инновациялар адамның кез-келген кәсіби қызметіне тән, сондықтан, әрине, зерттеу, талдау және іске асыру тақырыбына айналады. Инновациялар өздігінен пайда болмайды, олар ғылыми ізденістердің, жеке мұғалімдер мен бүкіл топтардың озық педагогикалық тәжірибесінің нәтижесі. Бұл процесс өздігінен жүре алмайды, оны басқару қажет. Сондықтан осы тақырыпқа, заманауи мектептерде білім беру процесінде инновациялық технологияларды енгізу және қолдану тақырыбына және оларды пайдаланудан жоғары нәтижелерге қол жеткізуге үлкен қызығушылық туындайды.

Замануи әлеуметтік-экономикалық шарттары және ақпараттық- коммуникативтік технологиялары білікті педагогтарды және жаңа буын әдістемелерді қажет ететін білім беру үрдесінде жаңа талаптар қояды. «Білім беру» ұлттық жобасының басым бағыттарының бірі - АТ базасында оқыту және тәрбиелеудің замануи әдістерін дамыту, жабдықтармен, электрондық құралдармен жарактандыру, білім беру қызметкерлерінің ақпараттық құзыреттілігін арттыру, интернет мүмкіндіктерің пайдалану арқылы қазіргі заманға сай білім беру технологияларын енгізу.

Педагогикалық инновация-бұл педагогика саласындағы жаңалық, білім беру ортасына оның жеке компоненттерінің де, жалпы білім беру жүйесінің де сипаттамаларын жақсартатын тұрақты элементтерді (инновацияларды) енгізетін мақсатты прогрессивті өзгеріс.

Педагогикалық инновациялар білім беру жүйесінің меншікті ресурстары (қарқынды даму жолы) есебінен, сондай-ақ жаңа құралдардың, жабдықтардың, технологиялардың, күрделі салымдардың қосымша қуаттарын (инвестицияларын) тарту есебінен және т.б. (экстенсивті даму жолы) жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта оқушылардың қажетті ақпаратты табу, оны өңдеу және белгілі бір қорытынды жасау қабілетіне көп көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, құрбылар тобымен әлеуметтік қарым-қатынас жасау дағдылары және достар табу қабілеті қалыптасады [2]. Мектептер алдына қойылған мақсаттар мен міндеттердің өзгеруі нәтижесінде білім беру процесінде инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігі туындайды.

Педагогикалық инновация-бұл қойылған мақсаттарға тиімді қол жеткізуге көмектесетін білім беру саласындағы жаңалықтарды әзірлеу, енгізу, тестілеу және бағалау процесі. Инновациялар мен мақсаттар бір-бірімен тығыз байланысты: білім беру процесі уақыт өте келе өзгереді, еңбек нарығы болашақ жұмысшыларға жаңа талаптар қояды, ал оқыту өзгереді, жаңа мақсаттарға бейімделеді, оған қол жеткізу үшін жаңа педагогикалық әдістер, әдістер мен әдістер қажет. Оқытудағы тәсілдеме-бұл жаңа технологиялар үшін негіз болып табылатын базалық қағидат, талаптар мен мақсаттар жиынтығы. Қазіргі білім берудің талабы оқушыларға мүмкіндігінше көп білім беру емес, оларды тек білуге ғана емес, сонымен бірге алынған ақпаратпен жұмыс істеуге үйрету.

Педагогикалық инновациялардың негізінде екі негізгі тәсіл жатыр: жеке тұлғаға бағытталған тәсіл білім беру процесін әр оқушының жеке басына бағдарлауды білдіреді. Қазіргі педагогика әр оқушының ерекше тәжірибесі мен сипатын ескеріп, оның даралығы мен талантын дамытуы керек. Бұл тәсілді жүзеге асыру таңдау қағидаттарына ( оқушылар өздері қалаған бағыттарды таңдай алады), сенімге (ұстаздар тарапынан авторитарлық қысымның болмауы), шығармашылық пен жетістікке, субъективтілікке, даралыққа сүйенуді қамтиды.

Құзыреттілік тәсіл- оқытудың нәтижесіне назар аударады, ал нәтиже білім жиынтығы емес, дағдылар жиынтығы, оқушының проблемаларды, қақтығыстарды шешуге, әртүрлі жағдайларда әрекет етуге қабілеттілігі болып табылады. [2]

Оқушының қанша білетіні соншалықты маңызды емес. Оның өзгерістерге жауап беру, икемді болуы, эмоцияларды басқару және қажетті ақпаратты таңдай білу қабілеті маңызды. Бұл инновация білім беру жүйесін түбегейлі қайта қарауды, бағалау қағидаттарын реформалауды және оқытуды ұйымдастыруды талап етеді. Осы тәсілдерге негізделе отырып, педагогтар мен әдіскерлер инновациялық педагогикалық технологияларды – білім беру мекемелеріне енгізілетін білім беру мен бағалаудың әдістемелері, тәсілдері мен әдістерінің жиынтығын әзірлейді. Қазіргі педагогика төмендегідей инновациялық педагогикалық технологияларды ұсынады.

✓ Жобалық жұмыс-бұл оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, оларда ұжымда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға көмектесетін қызмет түрі. Жобалардың мақсаты-алған білімдерін тәжірибеде қолдану және өзектендіру, кеңейту және тереңдету. Жоба бойынша жұмыс жеке, жұпта немесе микро топтарда жүруі мүмкін, ол қандай да бір мәселені шешуді, оңтайлы шешімдерді іздеуді қамтиды. Мектептер пәндердің интеграциясын жобаларда белсенді қолданады, мысалы, оқушыларға тіл мен әдебиеттің, математика мен химияның, тарих пен биологияның пәнаралық байланысын зерттеуді ұсынады. Бұл инновация жан-жақты ойлауды, талдау, байланыс орнату және жаңа идеялар құру, әлемнің тұтас бейнесін көру қабілеттерін қалыптастырады және дамытады.

✓ Ойын технологиясы. Ойын бірнеше функцияларды орындайды: ойын-сауық, терапевтік, диагностикалық, әлеуметтік. Ойын барысында оқушылар тек

нәтижеден ғана емес, сонымен бірге процестен де ләззат пен әсер ала отырып, еркін даму іс-әрекетімен айналысады. Оқу процесінде ойын кең технологияның элементі, сабақтың немесе сыныптан тыс жұмыстардың бөлігі ретінде қолданылады. Педагогикалық ойынның нақты тұжырымдалған мақсаты бар, ол ойын тапсырмасы түрінде беріледі, ойынның барлық қатысушылары алдын-ала дайындалған және айтылған ережелерге бағынады.

✓ Қашықтықтан оқыту-Еуропа елдері мен АҚШ-та белсенді түрде енгізіліп жатқан инновация. Арнайы әзірленген алаңдарда дәрістер циклдері, тапсырмалар, оқытумен бетпе-бет консультациялар кестесі кіретін курстар құрылады. Оқушылар уақытты өз бетінше ұйымдастырады және өзін-өзі оқытуға дайындайды. Мектептер мен университеттер еркін қол жетімді түрлі курстарды ұсынатын бірнеше сайттар бар ("Универсариум", "Лекториум", шетелдік – "Соигсега"). Мектептер мен университеттер оқушылар мен мұғалімдерге білім беру мекемелерінің қабырғасынан тыс өзара әрекеттесуге және тәжірибе алмасуға көмектесетін өздерінің ақпараттық ресурстарын жасайды.

✓ Интерактивті технологиялар-бұл мұғалімдер мен оқушылардың орнын ауыстыруға көмектесетін әдістер. Топтарда жұмыс жасай отырып, оқушылар өздігінен білім алудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Бұл кешенді әдістер мен тәсілдерді құруға бағытталған қызмет, оның барысында оқушылар өзара іс-қимыл жасайды, бір-бірімен жұмыс істейді. Интерактивті технологиялар мектептерде семинарлар, пікірталастар, проблемалық дәрістер, пікірталастар өткізу арқылы жүзеге асырылады, онда оқушылар өз ойларын ұсына алады, өз пікірлерін дәлелдей алады. [3]

Қазіргі уақытта білім берудің негізгі мақсаты-қоршаған әлемдегі өзгерістерге тез бейімделетін және бейімделетін тұлғаны қалыптастыру. Мұғалімдердің білім беру процесінде инновациялық технологияларды қолданудағы тәжірибесі мектептерде оқытудың дәстүрлі әдістерін ғана қолдана отырып, бұған қол жеткізу мүмкін еместігін көрсетеді. Сабақтарда оқытудың жаңа формаларын қолдану бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: оқушылар арасында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, білім беру процесі субъектілерінің өзара әрекеттесу сипатын өзгерту (оқушы мен мұғалім қызметкерлер ретінде қарастырылады); оқушылардың мотивациялық құрамын арттыру.

Қортындылай келе инновациялық технологиялардың қажеттілігі күннен-күнге артуда. Оқушылар белгілі бір оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүдделі, бұл нәтижесінде білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сөз соңында айтарым, мұндай инновациялық технологияларды қолдану сабақ сапасына да жоғары деңгейге көтереді, өйткені әрбір сабақтың үдерісі оқушының да, ұстаздың да жауапкершілігін арттырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізмі:**

1. *Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011- 2020 годы*

2. *Об особенностях преподавания основ наук в общеобразовательных организациях Республики Казахстан в 2015 -2016 учебном году.*

*Инструктивно-методическое письмо – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2015. – 232 с.*

3. *Ахметова Г.К., Семченко А.А., Мухамбетжанова С.Т. и др. Методика внедрения системы электронного обучения в организациях образования.*

*Методическое пособие, Алматы: РИПК СО, 2012. -76 с.*

**Каримова А.С., Ильясова Г.Б.**

## **СОВРЕМЕННЫЕ ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ**

*В настоящее время в нашей стране происходят значительные изменения в Национальной образовательной политике. Это возможно только в случае реализации вариативности образовательных процессов, в связи с чем в сферу образования внедряются различные инновационные технологии образовательных учреждений, требующие глубокого научного и практического понимания*

**Karimova A.S., Ilyasova G.B.**

## **MODERN INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN EDUCATION**

*At present, significant changes in the National Education Policy are taking place in our country. This is possible only in the case of the implementation of the variability of educational processes, in connection with which various innovative technologies of educational institutions are introduced into the field of education, requiring a deep scientific and practical understanding*

ӨОК 81:372.881

**М.Т.Макажанова, М.А.Дәуенова**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері

«Академик Е.А.Букетов атындағы жалпы білім беретін мектеп»

Қарағанды, Қазақстан Республикасы

[makazhanova.72@mail.ru](mailto:makazhanova.72@mail.ru), [miraarmi-65@mail.ru](mailto:miraarmi-65@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ**

*Берілген мақалада автор қазақ тілі сабағында диалогтық оқытудың белсенді әдісі туралы ой қозғап, оның тиімділігі жөнінде жазған. Диалогтық оқыту арқылы сабақ барысында қол жеткізген жетістіктері мен тілдік дағдыларын дамытудағы рөлі қарастырылады. Оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытудағы тиімді әдістер көрсетілген.*

Қазақ тілі пәнін оқытудың басты мақсаты: оқушыларды оқуға, сауатты жазуға үйрету, өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын дара тұлға тәрбиелеу. Тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Қазақ тілі пәні мұғалімі ретінде сабағымда осы тілдік төрт дағдыны қалыптастыру мақсатында оқыту формаларының тиімді тәсілдерін қолдануға тырысамын.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде үйрену кезінде оқушылардың сөздік қоры аз болады, балаларға сөздерді айту қиынға соғады, таныс емес сөздердің мағынасын түсінбейді, сондықтан олар сабақта белсенділік танытпайды.

Өз тәжірибемді талдай отырып, диалог оқушылардың оқу процесіне белсенді араласуына және оқудың тиімділігіне ықпал ететінін түсіндім.

Ақын, жазушы Әбділда Тәжібаевтың: «Диалог – тек алма-кезек сөйлеу емес, ойдың соғысы, ой мен ойдың жалындауы, мінез бен мінездің найзаласуы, идея мен идеяның қылыштасуы» дегенін ескерсек, диалогсыз білім алу мен білім беру мүмкін емес.

Диалог сабақта негізгі және басты рөл атқарады деп айтуға болады. Педагог ғалымдар Мерсер және Литтлтон өз жұмыстарында «сыныптағы диалог оқушылардың интеллектуалдық дамуына және олардың оқудағы үлгеріміне ықпал етеді, балалардың оқуына және олардың когнитивті дамуына ықпал етеді» деп көрсетті.

Қазақ тілін оқытуда диалогтық оқытуды қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениеті қалыптасып, ойлау қабілеті дамиды және білім сапасының артуына қол жеткізуге болады, нәтижесінде оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығы артады деп айтуға болады. Сабақ барысында әртүрлі жұмыс түрлерін (жұптық, топтық), белсенді әдістерді пайдалану, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын қолдану - оқушылардың өз бетінше шешім қабылдауына ықпал етеді. Топтағы сыныптастар арасындағы қарым-қатынас, менің ойымша, оқуда маңызды рөл атқарады. Балалар жұппен немесе топпен жұмыс істегенде, берілген сұрақтарды, тапсырмаларды шешуге кіріскенде, әр оқушы өз ойын ортаға салып, сұрақ қоюға тырысады, үнемі бір – бірімен, оқушы – оқушы, кейде мұғалім – оқушы ретінде әрекет жасайды. Осы мақсатта өз сабақтарымда оқытудың белсенді түрлерін тиімді пайдаланып, топтық, жұптық, жеке жұмыс түрлерін жиі қолданамын.

Өз сабағымда диалогтық оқыту әдісін қолданудың тиімділігі және қандай жетістікке жеткенім жайлы айтқым келеді.

Жұптық және топтық жұмыс түрінде диалогта – бір оқушы белсенді болса, екіншісі азырақ қатысатын өзара процесс. Сабақта оқушылар арасында диалог болуы үшін, сұрақтарды дұрыс құрастыру керек және жауаптарды талқылауды қажет ететін тиісті тапсырмаларды таңдау қажет. Сұрақ қою негізгі дағды болып табылады, себебі оны дұрыс тұжырымдаған кезде ғана, ол тиімді оқыту құралына айналады. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып, мәтінді талқылау, әңгімені бірлесіп құру, рөлдік ойын ұйымдастыру арқылы білім алады. Әрбір сабағымда оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік беремін. Диалог арқылы оқушылар өз ойларын дәлелдеуге тырысады. Балалар бір-бірімен қарым -қатынас жасау арқылы ойлау қабілеттері де, ауызекі сөйлеу тілі де дамиды. Сұрақтарды, жауаптарды өзара талқылау арқылы, ойларын жетілдіріп, бір — бірінің түсінуіне көмектеседі.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеру деңгейін бақылап, «Тыңдалым» және «Айтылым» дағдыларының бағалау критерийлерін мынадай деп көрсетуге болады:

«Айтылым» дағдысын бағалау критерийлері:

1. әңгімеге қатысады;
2. мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;
3. оқиғалар тізбегі бойынша мәтінді қайталап айтып береді;
4. ұсынылған тақырып бойынша қысқаша өз пікірін айтады.

«Тыңдалым» дағдысын бағалау критерийлері:

1. мәтінді тыңдай алады;
2. тыңдаған мәтіннен сөз бен сөз тіркестерді, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерін ажыратады;
3. естіген сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің мағынасын түсінеді;
4. мәтінді тыңдап, мазмұнын түсінеді;
5. мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

Мәтінді тыңдап, өз тобында сұрақты талқылап, жауап беру, жақсы нәтиже береді. Оқушылар мәтінді мұқият тыңдау керектігін түсіне бастайды.

Сабақ барысында балалар өз бетімен және топта жұмыс істеу, өз пікірін білдіру және басқалардың пікірін тыңдау қабілеттерін көрсете бастайды. Оқушыларды алған ақпарат туралы ойлануға, талқылауға шақырдым. Бұл әдіс-тәсілдер айтылым және тыңдалым дағдыларын дамытуға, талдау қабілеттерін қалыптастыруға, топта бірлесіп жұмыс істеуге, оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал етті.

Диалогтық оқытуды өз жұмысымда қолдана отырып, топтағы әр оқушының сабаққа белсене қатысқанын, сұрақ қойып, жауап бергенін, өз пікірін дәлелдейтінін байқадым, және сабақ барысында балалар басқалардың пікірін тыңдауға үйренді, сонымен бірге өздігінен білім алу және өзара білім алмасу да орын алды.

Алдағы сабақтарда аз сөйлеп, керісінше балаларды тыңдап, көмектесіп, бағыт – бағдар беруге тырысатын болдым. Топтық жұмыста диалог арқылы оқытуды пайдалану,

орташа және деңгейі төмен оқушыларға қиындықтарды жеңуге көмектесті, себебі өздігінен білім алу және өзара білім алу үдерісі орын алды, сонымен қатар оқушылардың пәнге, оқуға деген ынтасы артты, үлгерімі жоғарлады.

Сабақта диалогты белсенді қолданғаннан кейін оқушылардың сабақтағы жауаптарының нәтижелері, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы, оқытудың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететінін, оларды оқу процесінің белсенді қатысушысына айналдыратынын түсіндім. Оқушылар өз қабілетіне сенімді болып, олардың пәнге деген қызығушылығы артты.

Сыныптағы диалог – оқушылардың интеллектуалдық және эмоционалды тұлғалық қасиеттерін дамытуға көмектесетін ерекше коммуникативті ахуал, бұл қарым-қатынас тәсілі, шындықты іздеуге мүмкіндік беретін өзара жұмыс жасау түрі. Диалогта өзара сыйластық, бірлесіп еңбек ету сияқты адами қарым-қатынастың ең маңызды түрлері көрінеді. Оқушылар достық, бір – біріне көмектесу, шығармашылық, креативті ойлау мүмкіндіктерін ашады. Балалар өз ойын еркін айтып, оны дәлелдейді. Диалог оқушылардың бойындағы шешендік өнер мен көшбасшылық қасиеттерін дамытады. Сабақ барысында диалогтық формаларды қолдану - функционалдық сауаттылықты дамытуға, соның нәтижесінде құзыреттілікке бағытталған тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Диалогтық оқытуды, әсіресе оқушылардың топтық, жұптық жұмысты өз сабақтарында белсенді қолдануды жалғастырамын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» №3, 2021ж.
2. «Ұстаздар» газеті № 7. 2015ж.
3. Педагог (Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал) №4, 2014ж.
4. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ, 31.12.2021
5. Мерсер, Литлтон. Диалог және ойлауды дамыту. Әлеуметтік мәдени тәсіл. 2007

**Макажанова М.Т., Дәуенова М.А.**

#### **РАЗВИТИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ДИАЛОГОВЫЕ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

*Автор в данной статье пишет об эффективности использования диалогового обучения на уроках казахского языка. В статье рассматриваются вопросы о наблюдениях и результатах на своих уроках и роли диалогового обучения для развития языковых навыков на уроках. О применении эффективных технологий и методов для развития коммуникативных навыков учащихся.*

**Makazhanova M.T., Dauenova M.A.**

#### **DEVELOPMENT OF STUDENTS' COMMUNICATION SKILLS THROUGH DIALOGUE-BASED LEARNING ON THE LESSONS OF THE KAZAKH LANGUAGE**

*The author in this article writes about the effectiveness of using dialogue-based learning on the lessons of the Kazakh language. The article deals with questions about the observation and the results on their lessons and the role of dialogue-based learning for the development of language skills in the classroom. On the use of effective technologies and methods for the development of communication skills of students.*

**Нұрлан Н.**

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты

**Сембиев Қ.З.**

«Bolashaq» академиясы  
фил.ғыл.кандидаты, профессор, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

## **ТОЛЫМСЫЗ СӨЙЛЕМДЕР ЖӘНЕ ОҢАШАЛАНҒАН АЙҚЫНДАУЫШТАР**

*Мақалада құрылымның өзіндік ерекшеліктері, оған форма жағынан ұқсас болып келетін қыстырынды құрылым, толымсыз сөйлем, оңашаланған айқындауыштар, атаулы сөйлем және құрмалас сөйлем компоненттері салыстырыла қаралады.*

**Тірек сөздер:** сөйлемдер, толымсыз сөйлем, оңашаланған айқындауыш, грамматика, баяндауыш.

Бірталай зерттеушілер үстеме құрылымды толымсыз сөйлемнің түрі ретінде қарайды. Бұл жерде шамамыздың келгенінше мұндай мәселенің басын ашып, екеуінің айырым жігін анықтап көрейік.

Толымсыз сөйлем туралы М.Балақаев өзінің кітабында былай дейді: «Толымсыз сөйлемде тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің бірі, не бірнешеуі түсіріліп айтылуы мүмкін. Бірақ сол түсірілген мүшенің қай сөз екені алдыңғы сөйлемнен, толымсыз сөйлемдегі басқа мүшелердің жалғауларынан, сөйлемдердің, сөздердің өзара қатынасынан белгілі болып тұрады. Толымсыз сөйлемдер әсіресе сөйлеу тіліне, солай болғандықтан, диалогты сөйлемдерге тән:

- Кім жазды?
- Слесарь Лапшин /Ғ.Мүсірепов/.

Бұл екі сөйлемнің алдыңғысында не жазылғаны айтылмаған. Слесарь Лапшин деген сөйлемде анықтауыш пен бастауыш қана айтылған. Ал баяндауыш /жазды/ пен тура анықтауыш /жазуды/ ерекше айтылмаған» [1, 75].

Яғни, айтылуға тиісті мүшелер негізгі ойға қатысты мүшелері түгел айтылмаған олқы сөйлемдер толымсыз болады.

Толымсыз сөйлемдер ерекше структуралық түр /тип/ құрмайды. Олардың контекстегі басқа сөйлемдерге қатысы, тәсіл және амал жағынан контекстке қатысуы толымды сөйлемдерден айырмашылығы жоқ.

Үстеме құрылым негізгі сөйлемге баға беруге бейім болады. Оларда коммуникативтік дербестік жоқ. Бұлар мағыналық жағынан міндетті түрде негізгі сөйлемге тәуелді болулары тиіс. Әйтпесе үстеме құрылым болмайды. Ал, толымсыз сөйлемде өзіндік коммуникативтік дербестігі болады. Толымсыз сөйлемнің өзін қоршаған сөйлемдерге /контекст/ тәуелділігі – оның белгілі бір мүшесінің /тұрлаулы, тұрлаусыз/ түсіп қалуына байланысты. Толымсыз сөйлемнің мағынасы тілдік ситуацияға қарай ашылып отырады.

1) Үстеме құрылым: - Сіз менің не істегенімді өзіме түсіндірем деп әуреленбей-ақ, Рязановтың ақтық байламын айтыңыз, - деді Ушаков. Ызалы еді, шыдамай кетті /Ғ.Мүсірепов/.

- 2) Толымсыз сөйлем: - Сен мұғалім болып неше жылдан бері қызмет істейсің?
- Жиырма жылдан бері /«Жас Алаш» газеті, 1996, наурыз/.

1-мысалда автор кейіпкердің басынан өткен психологиялық жағдайына баға беріп, түсіндіріп тұр. Ол үшін автор үстеме құрылымды қолданған. Үстемедегі айтылған



ой мағыналық жағынан негізгі сөйлемде айтылған ситуацияға тікелей тәуелді және байланысты.

2-мысалдағы толымсыз сөйлем үстеме құрылымға ұқсас. Бірақ сыртқы түрімен ұқсағанымен, өзіндік ерекшеліктері бар. «Жиырма жылдан бері» деген сөйлемді бөлек алып қарайтын болсақ, ештеңе түсініксіз. Мұнда «мен» деген бастауыш пен «мұғалім болып істеймін» деген құрама баяндауыш алдыңғы сөйлемде айтылып, соңғы сөйлемде бұл мүшелер түсіп қалғандықтан, соңғы сөйлем алдыңғы сөйлемсіз түсініксіз болады. Мұндағы тәуелділік – сөйлем мүшелерінің түсіп қалғандығында.

Үстеме құрылымның толымсыз сөйлемнен принциптік айырмашылығы структурасында емес, қызметінде. Толымсыз сөйлем алдыңғы айтылған ойға жалғастық беріп, оны әрі қарай дамытып, толықтырады. Олар текке жаңадан хабар қосады /таратады/ және тексті құруға атсалысады. Ал үстеме құрылым коммуникативтік мақсаттан туып, негізгі сөйлемге баға береді.

Толымсыз сөйлем мен үстеме құрылым көп жағдайларда бір-біріне ұқсас болып келеді. Оны, әсіресе, сыртқы тұлғалық жағынан ұқсастық болғанда байқаймыз.

Тағы да мынандай мысалдарды талдап көрелік. Толымсыз сөйлем: Тегі, капелла атаулы сұрыпталып алған сұлудан құралмайды. Талғап алған әншіден құралады.

Үстеме құрылым: Бұл – ауылға жақындағанда, бәрі үйіне кіріп жоқ болады да, үйлерінде күледі. Жаз бойы, қыс бойы күледі... /Ғ.Мүсірепов «Оянған өлке», 77-бет/.

Жоғарыдағы мысалдарға қарайтын болсақ, сыртқы тұлғалық жағынан бір-біріне өте ұқсас. Мұндай ұқсастықты бөліп, ажырату үстеме құрылымның мағынасын аша түсуге себі мол. Енді бұл мысалдарды талдап көрелік.

1-мысалдағы толымсыз сөйлем өзінен бұрын тұрған сөйлемге қарсылықты мағынада тұр. Алғашқы сөйлемде айтылған «капелла атаулы» деген күрделі сөз соңғы толымсыз сөйлемде аталмайды. Бұл сөйлемде ойға қатысты бастауыш түсіп қалған. Сондықтан соңғы сөйлем мағыналық жағынан алдында тұрған сөйлемді толықтырып, түсіндіріп, мағынасын кеңейтіп тұр. Меніңше, жоғарыдағы 1-сөйлемді «...сұрыпталып алған сұлудан құрмайды, талғап алған әншіден құралады» деп, салалас құрмалас сөйлемге де айналдыруға болады. Бұл салалас құрмалас та ортақ бастауышқа бағынып тұр.

2-мысалда үстеме сөйлем негізгі сөйлемдегі ойдың ауқымын кеңейтіп, түсіндіріп тұр. Соңғы мысалдағы үстеме құрылым мағыналық жағынан да, құрылыстық жағынан да негізгі сөйлемге тәуелді. Себебі бұл жерде «күледі» деген баяндауыш екі рет қайталанған. Үстеме сөйлемде «күледі» деген баяндауыш жай қайталанбайды, оның күлуінің уақытын бере, негізгі сөйлемге қосымша информация бере қайталанған. Соңғы сөйлем алдыңғы сөйлемге тәуелді деуінің тағы бір дәлелі – үстеме құрылымдағы «жаз бойы, қыс бойы» деген пысықтауыштың негізгі сөйлемнен бөлініп шығуы. Бұл үстеме құрылымды қалыпты сөйлемге айналдырсақ былай болады: Бұл ауылға жақындағанда бәрі үйіне кіріп жоқ болады да, үйлерінде жаз бойы, қыс бойы күледі. Бұл жерде баяндауыштың болу уақытын білдіріп тұр, яғни мезгіл пысықтауыш.

Толымсыз сөйлем мен үстеме құрылымның ерекше атап айтатын айырмашылығы – айтылу интонациясында. Толымсыз сөйлемді айтқанда айтылу интонациясы өзгермейді. Алдыңғы толымды сөйлемдерде айтылған интонация өзгермей, сөйлемге тән интонациямен айтылады.

Үстеме құрылымның интонациясы туралы орыс тіл білімі зерттеушісі И.И.Мещаников былай дейді: «Еще одной характерной чертой присоединения является ритмико мелодическая сторона таких конструкции... во первых, перед присоединением наблюдается понижение голоса, во-вторых, более или менее большая пауза /«разделительная пауза» по Пешковскому/ и, в-третьих, признание присоединительной части с особой интонацией» [2, 7].

Яғни үстеме сөйлем негізгі сөйлеммен салыстырғанда ерекше интонациямен айтылады. Мұндай ерекше интонация үстеме бөлікті негізгі бөліктен ерекшелеп,

айырым-жігін /шекарасын/ ашып тұруда маңызды.

Үстеме құрылым мен оңашаланған айқындауыштар кей жағдайларда ұқсас болып келеді. Бұндай ұқсастық оңашаланған айқындауыш сөйлемнің соңында келгенде болады. Алайда, бұл екі құбылыстың өзіндік айырмашылықтары бар.

Қазақ тіл білімінде жалпы айқындауыштардың өзі үш түрге бөлініп жүргендігі белгілі: қосалқы айқындауыш, қосарлы айқындауыш және оңашаланған айқындауыш.

Мысалы: Надандықты қазір ауылда, мына уезде отырып та, жоюға мүмкіндік мол /Х.Есенжанов/.

Біздің үстеме құрылыммен салыстырайын деп отырғанымыз да – осы соңғы оңашаланған айқындауыштың түрі. Өйткені, сөйлемнің осындай құрылыстағы түрі кейде басқа да синтаксистік категориялармен астарласып жатады. Әсіресе, бұл үстеме құрылыммен өте ұқсас келеді.

«Оңашаланған айқындауыш өз атына сай айқындалатын сөзімен тығыз байланысты келеді. Айқындалатын сөзді не сөздер тіркесін, не негізгі сөз, негізгі сөз тіркестерін деп қарап, айқындауышы бөлшекті тәуелді, бағынышты топ деп қарауымыз керек... Айқындайтын бөлшек неге тәуелді болып тұрады? Сөйлем мазмұнын, кейбір мән-жайын дәлелдей, айқындай түсетін осы айқындауыш мүшелер емес пе? Осылай болғанмен де, ол конструкциялар негізгі бір мүшенің түсіндірмесі болып табылады. Өйткені айқындалатын заттың объект болмаса оның айқындауышы да болмаған болар еді. Тәуелді конструкциялар деп отырғанымыз да оның осындай өзіндік табиғатынан шығады» [3, 22].

Айқындауыштың мұндай /тәуелділік/ қасиеті жөнінде профессор А.Г.Руднев былай дейді: «Обособленное приложение – это зависимый член предложения, выделяемый целью уточнения, пояснения, усиления смыслового или эмоционального значения того члена предложения, с которым он связан грамматически и по смыслу» [4, 153].

Сөйтіп, оңашаланған айқындауышты сөйлемдер дегеніміз белгілі бір сөйлем мүшесін түрлі жақтардан айқындап дәлелдей түсу жағдайында қалыптасып отырады. Осыған орай мұндай сөйлемдер не болмаса осыған ұқсас конструкциялар өздері айқындайтын сөзден кейін жұмсалады. Оңашаланған айқындауыштардың кейбіреулері сыртқы құрылысы жағынан бағыныңқы сөйлемге де, үстеме құрылымға да ұқсап келеді. Оңашаланған айқындауыштың бағыныңқы сөйлемге ұқсауын және оның кейбір заңдылықтарын арнайы зерттеу басқа да синтаксистік категориялардың мазмұн-сырын ашуға көмектесетіндігі академиялық «Қазақ тілі грамматикасында дұрыс көрсетілген» [5, 83-84].

Бұл екі құрылымның біріншіден, ұқсастық жақтарына тоқталайық.

1. Үстеме құрылым да, оңашаланған айқындауыш та негізгі құрылымға /мүшеге/ мағыналық жағынан тәуелді болады. Бұлар неге тәуелді? Сөйлем мазмұнын, кейбір мән-жайына үстеме мағына беріп, дәлдей, айқындай түсетін осы үстеме құрылым мен айқындауыш мүшелері. Бұл қосалқы конструкциялар негізгі бір мүшенің түсіндірмесі болып табылады. Өйткені, үстеме мағына беретін негізгі сөйлем, айқындалатын заттың объект болмаса оның айқындауышы да, үстеме сөйлемі де болмаған болар еді.

Мысалы: 1) Үстеме құрылым: Балалар сендер де мініңдер!... Сары атан бәріңді де алып барады. Желіп отырып апарады... /Ғ.Мүсірепов 255-б/.

2) Оңашаланған айқындауыш: Ол қыс ортасында өзінің Жидебайдағы қыстауында, Еркежан үйінде, ауырды /М.Ә./.

1-сөйлемде негізгі сөйлемнің баяндауышы «алып барады» үстеме құрылымда қосымша мағына беріліп қайталанған, яғни апаруының амалы қосылған. Соңғы сөйлемді жеке алып қарасақ, ештеңе түсінбейміз. Нені апарып, қайда апарады, белгісіз. Бұл сұрақтарға жауапты өзінің алдында тұрған негізгі сөйлемдерден іздейміз. Соңғы сөйлемнің алдыңғы сөйлемге тәуелділігі осында.

2-сөйлемде оңашаланған айқындауыш пысықтауышты /қыстауында/ айқындай

қолданылып тұр. Біріншіден, «қыстауында» деген мекендік орын жалпылай айтылса, айқындауыш ол мекенді тағы да нақтылап, нұсқап тұр. Егер «қыстауында» деген айқындалатын сөз болмаса, айқындауыш та болмас еді. Басқаша айтқанда, айқындауышты өмірге айқындалатын сөз әкеледі. Айқындауыш онсыз дүниеге келмес еді.

2. Кей жағдайда үстеме құрылым мен оңашаланған айқындауыш тыныс белгісі жағынан ұқсас болады. Ондай ұқсастық үтір, сызықша арқылы жасалғанда болады.

Үстеме құрылым: Екі жағы да кімнің кім екенін жете түсіндіре алған жоқ, жете түсініскен де жоқ /Ғ.Мүсірепов «Оянған өлке, 140-бет».

Оңашаланған мүше: Күндіз-түні ойлаймын сені, адалымды /Газеттен/.

3. Егер оңашаланған айқындауыш сөйлемнің соңында келсе, үстеме құрылымға ұқсап кетеді. Бұл жағынан абай болу керек. Бұл, көбінесе, баяндауыш айқындалғанда болады.

1) Үстеме құрылым: Албардың қасында тоқыма қорабын терімен қаптаған жеңіл ләшкөккеге жегілген пар ат тұр. Сүмектей /С.Жүнісов, «Жапандағы жалғыз үй», 183-бет/.

2) Оңашаланған баяндауыш: Құрыш құю - профессия – мамандық /З.Ш./.

Айқындалатын мүшенің асты сызылды. 1-сөйлемде үстеме құрылым негізгі сөйлеммен анықтауыштық қатынаста тұр. Негізгі сөйлемдегі «пар ат» деген есімді анықтап тұр.

Оңашаланған айқындауыш баяндауышты айқындап тұр.

Қайырболат Есенов мынандай сөйлемдерді толықтауышты айқындай қолданылған оңашаланған мүшеге жатқызады: Бұл қалада қызмет атқаратын республика басшыларының әрқайсысын да көргім келеді, солардың ішінде әсіресе Сәкен Сейфуллинді көргім келеді... /«Қызыл сұңқар»/.

Шынында да Сәкен осындай кітаптарды бір танысы арқылы «қалалық кітапханадан» алып кеп оқитын. /Бұл кітаптар семинария кітапханасынан бізге берілмейтін/ /«Қызыл сұңқарлар»/.

Менің ойымша, бұл сөйлемдер оңашаланған айқындауыштар емес. Әйтпесе ол айқындауышы қызметінен алшақ қалады. Сондықтан, жоғарыдағы екі сөйлем, меніңше, үстеме құрылым. Себебі, 1-сөйлемде негізгі айтылымдағы – «әрқайсысы» деген есімдікті үстеме сөйлемде нақтылап, көп адамның ішінде нақты кім екенін түсіндіріп тұр.

2-мысалда негізгі айтылымдағы «кітаптарды бір танысы арқылы» оқуының себебін үстеме айтылымда түсіндіріп тұр.

Үстеме құрылым мен оңашаланған мүшелердің ұқсастық жақтарымен қатар өзіндік ерекшеліктері де бар. Енді соған тоқталайық. Олар мыналар:

1. Үстеме құрылым негізгі сөйлем құрамындағы сөзге, бүтін бір ойға қосымша хабар қосады, оңашаланған айқындауыш белгілі бір мүшені ғана айқындайды, басқаша айтқанда, бұл айырмашылық – қызметінде.

Мысалы: 1) Оңашаланған айқындауыш: Осыдан кейін Бейімбет екеуіміз Аманкелдінің туған еліне, Торғай, Бетпаққара аудандарына, жүріп кеттік /Ғ.М./.

2) Үстеме құрылым: Өркениетті елдерде саясат пен халықтың он процентке жуығы ғана айналысатын көрінеді. Оның өзінде қызметі соған тікелей байланыстылары /«Қ.Ә.», 18-қараша, 1994/.

Жоғарыдағы мысалдардың біріншісінде «еліне» деген толықтауышты айқындай қолданылған. Айқындауыш /«Торғай, Бетпаққара аудандарына»/ өзінің алдында тұрған толықтауышты нақтылап, түсіндіріп тұр.

2-мысалда үстеме сөйлем «он процент» деген тіркесті түсіндіріп тұр. Бұнда үстеме сөйлем тек анықтауышқа ғана қатысты емес, бүкіл сөйлемге де қатысты. Себебі, сөйлемнің негізгі түп қазығы саясат сөзінің айналасына шоғырланған.

Орын тәртібінде. Оңашаланған айқындауыш өзінің айқындайтын сөзімен іргелес тұрады. Ал үстеме құрылым бұл сөйлемге, сөз тіркесіне, сөзге қосымша мағына үстеп

тұрады. Соған байланысты үстеме бөлік өзі тәуелді сөзбен, сөйлем мүшесімен іргелес тұруы міндетті емес.

Мысалы: 1) Үстеме құрылым: Маңдай терісі жиырылып, жүз жасаған қариялардай түнеріп толғанып отыр. анда-санда /Д.Әбілев/.

ә) Оңашаланған айқындауыш: Биікте, көз ұшында, шалқар көш болып, қиқулап... бір топ тырна кетті.

1-сөйлемдегі «анда-санда» деген мезгіл пысықтауыш «түнеріп» деген сөздің алдында тұрып, баяндауышты пысықтау керек.

Жоғарыдағы мысалды қалыпты сөйлемге айналдырсақ былай болады: Маңдай терісі жиырылып, жүз жасаған қариялардай анда-санда түнеріп толғанып отыр. Өзіміз көріп отырғандай жоғарыдағы үстеме құрылымда үстемеленген пысықтауыш өзі пысықтап тұрған сөзбен іргелес тұрған жоқ.

2-мысалда пысықтауыш айқындалып тұр. «Көз ұшында» деген айқындауыш «биікте» деген айқындалушы сөзбен іргелес тұру арқылы айқындап тұр.

Сонымен қатар, орын тәртібіне байланысты атап өтетін тағы бір мәселе мынау: оңашаланған мүше сөйлемнің ортасында және аяғында келеді. Сөйлем басында еш уақытта келмейді. Ал үстеме құрылым тек негізгі сөйлемнің соңында ғана келеді.

3. Оңашаланған айқындауыш әр уақытта сөйлем мүшесі ретінде қолданылады. Ал үстеме құрылым дербес коммуникативтік единица ретінде қолданылады.

Оңашаланған айқындауыштар өзі айқындайтын сөзімен тұлғалас, мағына жағынан әуендес, қарайлас болып келеді. Яғни айқындалатын сөз қандай тұлғада тұрса, қандай сөз табынан жасалса және қандай сөйлем мүшесінен болса айқындауыш та сондай формада, сондай тұлғада жасалады.

Мысалы: Құдайберді мен Қамысбай астарындағы екі бозды танауратып, терлетіп, ең соңғы үш үлкен кісіні ертіп келгенде, Жаңғызтөбеде, Құнанбай қасында, елу шамалы аттылар бар еді /М.Ә./. Бұл мысалда «Жаңғызтөбеде» деген толықтауыш айқындалған. Оңашаланған айқындауыш та жатыс /тәуелдеулі/ септігінде тұр. Яғни оңаша мүше де толықтауыштық қызметте тұр деген сөз.

Үстеме құрылым сөйлеу кезінде коммуникативтік мақсаттан туып отырады. Үстеме құрылымның негізгі қызметі – ойды жарыққа шығару кезінде болатын сөйлеудегі әртүрлі үзілмелілікті жүзеге асыру. Үстеме құрылым айтылған негізгі ойды дамытып, оған қосымша хабар қосады.

4. Интонацияда оңашаланған мүше сөйлемдегі басқа сөздерден екпін арқылы бөлініп айтылады. Сонымен бірге ол басқа мүшелерден дауыс кідірісі арқылы ажыратылады. Мысалы: Ит арқасы қияннан, яғни ту-ту алыстағы Торғайдан, бастап әкелген серігі емес пе?

Үстеме сөйлем негізгі сөйлемнен бөлініп шыққан қосымша сөйлем. Осы негізгі сөйлемнен бөлініп шыққан үстеме сөйлемді негізгі сөйлеммен тұтастырып, біріктіріп тұрған – логикалық екпін. Осы екпіннің арқасында бөлініп шыққан мүше өзіне мағыналық салмақ алады. Негізгі құрылымнан кейін үзіліс болады – дауыстың төмендеуі, үзіліс. Бұл үзіліс үстеме құрылымды қабылдауға дайындайды. Үстеме құрылымға осындай екпіннің түсуі – үзілмелілік сипат береді. Осындай екпін жағынан да үстеме құрылым оңашаланған мүшелерден ерекшеленіп тұрады.

5. Үстеме құрылым негізгі құрылыммен жалғаулықтар, жалғаулық сөздер, модаль сөздер арқылы байланысады. Оңашаланған мүшелерде ондай байланыстырып тұратын грамматикалық формалар болмайды.

Мысалы: 1) «Қақаған суық, қатаң тәртіпке төзе алмай, сол жақта іш құса болып, буынып өліпті», - дейді, не демейді... Алайда шындық еді! /О.Бөкеев/.

2) Өлік Игіліктің шапанын жамылып, Игіліктің пәуескесінен түскені де аңыз ғой. Аңыз болғанда қандай! /Ғ.М./.

3) Көмір мен мыстың туар күні жеткен екен, мың Игілік, екі мың Байжан басып отырса да, туады. Туды, міне!

4) Бұл бір шаршап көрмегендей дамыл таппайтын, қайғырып көрмегендей қабағы түйілмейтін адам. Жаны сөніп, еті өліп кеткен көнбіс те емес /Ғ.М./.

Жоғарыдағы төрт мысалда төрт түрлі грамматикалық форма арқылы байланысқан үстеме сөйлемді байқаймыз. Олар: қарсылықты шылау «алайда»; сұрау есімдігі «қандай»; сілтеу есімдігі «міне»; демеулік «те».

Оңашаланған айқындауыш айқындалушы сөзімен негізінен мағыналық байланыста келеді. Қ.Есенов ол туралы былай дейді: «Айқындауыштар басқа сөздермен әр уақытта да грамматикалық байланыста келе бермесе де, мағыналық байланыста әрдайым да болады. Белгілі бір сөйлем мүшесінің түрден, жақтардан нақтылануы, дәлдене түсуі көбінесе мағыналық байланыстың негізінде жүзеге асады. Сондай-ақ, оңашаланған мүшелердің бойында грамматикалық байланыс та болып отырады. Мәселен, «Олар осында, біздің үйде отыр» тәріздес сөйлемдердегі «осында, біздің үйде» тіркестерінің өзара үйлесе айтылуы /жекеше, жатыс септік жалғауында/ грамматикалық тұлғалардың біркелкі қолдануымен, осыған орай грамматикалық байланыстың орын алуымен тығыз астарласып жатыр. Бұл айтылған жайлар оңашаланған айқындауыштардың өзі айқындайтын сөздерімен тығыз қарым-қатынаста, әрі грамматикалық, әрі мағыналық байланыста болатындығын тағы да айқын дәлелдей түседі» [3, 32].

6. Келесі айырмашылық – бұл екі категорияның тыныс белгілерінде.

Үстеме құрылым негізгі сөйлемнен үзілістің әртүрлілігіне байланысты түрлі тыныс белгілерімен бөлініп тұрады. Олар мыналар: үтір, нүкте, көп нүкте, кейде жақша және тире қолданылады.

Оңашаланған айқындауыш айқындайтын сөзінің соңынан тұрып, жеке сөз, не сөз тіркесінен болса, екі жағынан үтірмен қоршалып, дауыс ырғағы жағынан оқшауланып айтылады. Мысалы: Тобықты ішінен ең алғаш келген арба осы Зеренің, Құнанбайдың көрі шешесінің, көк арбасы десе де болады /М.Ә./.

Тұлғалас болмай келгенде айқындауыш мүше мен оңашаланған айқындауыштың арасына сызықша қойылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

7. 1 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. –Алматы: Мектеп, 1971. 159 б.
8. 2 Мецаников И.И. Члены предложения и части. –Москва, 1945. с.7.
9. 3 Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. –Алматы: Ғылым, 1974. 22-бет.
10. 4 Руднев А.Г. Синтаксис современного русского языка. –Москва: 1963, 153-бет.
11. 5 Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. –Алматы: Ғылым, 1967, 83-84-беттер.

#### **Нурлан Н. Сембиев К.З.**

#### **НЕПОЛНЫЕ ПРЕДЛОЖЕНИЯ И ОТДЕЛЬНЫЕ ОПРЕДЕЛИТЕЛИ**

*В статье рассматриваются специфические особенности структуры, сопоставимые с ней по форме составная структура, неполное предложение, отдельные определители, именное предложение и составные компоненты предложения.*

**Ключевые слова:** *предложения, неполное предложение, изолированный определитель, грамматика, рассказчик*

**Nurlan N., Sembiev K.Z.**  
**INCOMPLETE SENTENCES AND SEPARATE DETERMINANTS**

*The article discusses the specific features of the structure, comparable to it in form, composite structure, incomplete sentence, separate determinants, nominal sentence and composite components of the sentence.*

**Keywords:** *sentences, incomplete sentence, isolated determinant, grammar, narrator*

ӘОК 81'367

**Нұрлан Н.**

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты

**Сембиев Қ.З.**

«Bolashaq» академиясы  
фил.ғыл.кандидаты, профессор, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

**ҚЫСТЫРЫНДЫ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІНЕ  
ҚАТЫСТЫЛЫҒЫ**

*Мақалада құрылымның өзіндік ерекшеліктері, оған форма жағынан ұқсас болып келетін қыстырынды құрылым, толымсыз сөйлем, оңашаланған айқындауыштар, атаулы сөйлем және құрмалас сөйлем компоненттері салыстырыла қаралады.*

**Тірек сөздер:** *сөйлемдер, толымсыз сөйлем, оңашаланған айқындауыш, грамматика, баяндауыш.*

Орыс тіл білімінде сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері үстеме құрылымда қолданылуы толық жеткілікті қаралған. Біздің қарауымызша, мұндай құбылыс қазақ тіл білімінде де жеткілікті кездеседі. Олар сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері негізгі сөйлемде болмай, үстеме сөйлемде болуы; бастауыш не баяндауыштың үстеме мағынамен қайталануы; негізгі сөйлемдегі белгілі бір мүшенің /тұрлаулы, тұрлаусыз/ мағынасын кеңейту, нақтылау

Бұл мәселе жөнінде орыс тіл білімінде былай дейді: «Основным средством связи при бессоюзном присоединении является присоединительная пауза. Структурна бессоюзная присоединительная конструкция представляет собой вынесенный за пределы основного предложения какой-либо член, главный или второстепенный. Это может быть подлежащее, сказуемое, определение, дополнение, обстоятельство» [11, 120-121].

Б.Маскапов аталмыш мәселе туралы былай дейді: «В данном работе мы утверждаем, что присоединительные конструкции могут выполнять функции как главных, так и второстепенных членов предложения.

Из главных членов предложения в роли присоединительных конструкций чаще выступает сказуемое, а присоединительные подлежащие встречаются значительно реже. Объяснение, очевидно, следует искать в актуальном членении предложения. Актуальное членение предложения при отсутствии эфматического ударения обычно составляют тему или входят в состав темы. Присоединительные конструкции же всегда являются ремой или входят в состав ремы. Они всегда содержат актуальное более значимую информацию, чем тема. Эти особенности сказуемого чаще выступать в роли коммуникативного центра высказывания /ремы/ - ставят его ближе к присоединительным конструкциям, чем подлежащее» [12, 12].

Бұл жерде бастауыштың үстеме құрылымда көп кездеспеуін автор тема-рема

мәселесімен байланыстырып отыр. Біз де бұған қосыламыз. Себебі, тема бұрыннан белгілі хабар, ал рема темаға байланысты пайда болған жаңа хабар. Сөйтіп алдында рема болған мәселе келесі кезекте ол темаға айналды. Мысалы: Аспан мырс етіп күлді. Күлді де терезеден ақшағырмақ далаға қарап, үнсіз жатты /О.Бөкеев Таңдамалы, I-том, 241-бет/.

1-сөйлемдегі тема – «Аспан», рема – «мырс етіп күлді».

2-сөйлемдегі тема – «күлді», басқасының бәрі /қос сызықпен сызылғандар/ ремаға жатады.

Бастауыш-баяндауышпен синтаксистік байланысқа түсіп, предикативтік қатынасқа негіз болатын мүшенің бірі. Сондықтан ол негізінен тема болады да, сол сөйлемде хабарланатын ой рема болып табылады. Ал үстеме құрылымдағы үстеме бөлік әр уақытта рема боп табылады. Яғни, ол – негізгі сөйлемге қосылып отырған тың, жаңа хабар. Сондықтан бастауыш өте сирек үстемеленеді. Ал басқа сөйлем мүшелері бастауышқа қарағанда көбірек үстемеленеді.

#### **а) Бастауышты үстеме құрылым**

Мысалы: Енді соты ғана қалды ғой. Әскери сот. Әскери сот деген не? Ресейде бұл күні бұрын белгіленген үкімнің жарияланатын орны ғой. Кәдімгі белгілі жазаның... Ату, асу, каторга жазаның мөлшері осы үшеуі /Х.Есенжанов «Ақ Жайық», 8-бет/.

Бұл мысалдағы «Енді соты ғана қалды ғой» деген негізгі сөйлемге «Әскери сот» үстеме болып тұр. Үстемені негізгі сөйлемге қосып көрейік: «Енді әскери соты ғана қалды ғой». Жазушы, әрине, осылайша хабарлауды біліп тұр. Алайда, оның /жазушының/ субъективтік, коммуникативтік мүддесіне жүгінсек, «әскери сотқа» ерекше екпін /актуализация/ керек болып тұр. Жазушының бұл мақсаты текстің бұдан арғы жалғасынан көрініп тұр. Олай дейтініміз, жазушы бұл коммуникативтік бөліктен ары қарай «әскери сотқа» сипаттама беру арқылы хабар әсерін күшейте түседі.

Негізгі сөйлемде бастауыштың болмай, оның үстеме құрылымда болуы: Мектепке де бірге келген екен. Дубенко /Газеттен/.

Жоғарыдағы мысалда негізгі сөйлем құрамында бастауыш жоқ, бастауыш үстемеленіп тұр. Бұл сөйлемді қалыпты сөйлемге айналдырып, екеуін салыстырып көрейік: Дубенко мектепке де бірге келген екен. Екінші вариантта бастауыш өз орнында тұрғандықтан ерекшеленбейді. Ал үстеме құрылымда бастауыш негізгі айтылымнан бөлініп шығып, үзілмелілік сипат алады және өзіне мағыналық салмақ артады.

Негізгі сөйлемде бастауыштың болып, үстеме сөйлемде оның нақтылана түсуі: Атасы – комбинатта бағбан. Оспан /Газеттен/. Негізгі сөйлемдегі бастауыш – атасы, үстеме сөйлемде нақтылана, анықтала түскен. Негізгі құрылымда бағбанның аты белгісіз болса, үстеме құрылымда оның есімі аталған.

#### **ә) Баяндауышты үстеме құрылым**

Баяндауыш әртүрлі жағдайда үстемеленеді: негізгі сөйлемдегі бастауыш қосымша мағынамен қайталанатын, ойды дамытады, кейіпкердің психологиясына, жай-күйіне баға береді.

1) Қосымша мағынамен қайталанатын баяндауыштар: Көмір мен мыстың туар күні жеткен екен, мың Игілік, екі мың Байжан басып отырса да туады. Туды, міне! /Ғ.М./.

Негізгі сөйлем баяндауышы келер шақта айтылған болса, үстеме сөйлем баяндауышы жедел өткен шақта үстеме мағынамен қайталанған. Үстеме баяндауыш үстемеленуде оған сілтеу есімдігі көпшілік қызмет атқарып тұр. Негізгі сөйлемдегі келер шақтың үстеме сөйлемде өткен шаққа айналуы немесе т.б. үстеме құрылымның ықшамдылық, үнемділік жағын атап өту керек. Өйткені, негізгі ойға қосайын деген қосымша мағынаны, ойды қосу үшін тағы да алғашқы мәселелерді қайталап жатпай-ақ, қысқа, ықшам түрде үстемеленеді.

Ойымыз дәлелді болу үшін тағы да мысалдар келтіре түсейік:

1) Мәңгіден бері жинала берген бітеу жара бір жарылмай қояр ма? Өзі жарылды /Ғ.М./.

2) Екі жағы да кімнің кім екенін жете түсіндіре алған жоқ, жете түсініскен де жоқ /Ғ.М. «Оянған өлке», 140-бет/.

1-мысалдың негізгі сөйлемінде істің болатыны /келер шақта/ хабарланса, үстеме құрылымда сол істің болғаны /өткен шақ/ айтылады. Екі құрылымда екі түрлі іс-әрекет, екі түрлі шақ айтылған. Негізгі құрылымда хабарланған іс-әрекет үстеме құрылымда дамытыла /градация/ қайталанған. Негізгі сөйлемде келер шақта тұрған баяндауыш, үстеме құрылымда өткен шақта тұр.

2-мысалда да баяндауыш қосымша мағынамен дамытыла қайталанған. Негізгі айтылымда екі жақтың адамдарының іс-әрекетінің нәтижесіздігін білдірілсе, үстеме сөйлемде сол әрекеттің тіптен іске аспағандығы айтылған. Бұл құрылымда үстеме сөйлемді негізгі сөйлеммен байланыстырып тұрған форма – «де» демеулігі.

2. Негізгі сөйлемде айтылған ойды дамыта қайталанатын баяндауыштар. Бұл топтағы үстемеленетін баяндауыштар жоғарыда талданғандай қосымша мағынамен қайталанбайды, жаңа мағынамен, тың хабар қоса, басқа формадағы баяндауыштар үстемеленеді. Ойымыз дәлелді болу үшін төмендегідей мысалдарды талдап көрейік:

Мысалы: 1) Бұрынғыдай емес, бұйығы тартқан. Қартайған /О.Бөкеев/.

2) Бірлі-жарымды малға қолы жетіп, өзіндікі деген ойға тырнағы ілігіп еді, жабыса кетті /Ғ.Мүсірепов «Ұлпан», 5-том, 494-бет/.

3) Ойында еш нәрсе жоқ, күліп жүрген қалпы. Әурелемек, ойнамақ /Ғ.Мүсірепов «Кездеспей кеткен бір бейне», 203-бет/.

Сейіт төбесінен тоқпақпен ұрғандай тұрып қалды. Әншейінде қалжыңдай сөйлесетін жеңгесінің бас сауғалап келгенде, ырши да безіне шыққан даусынан шошып кетті. Сонша ысқаяқ шыққан дауысқа таң қалғандай да еді /Ғ.М. «Оянған өлке», 333-бет/.

Негізгі сөйлем мен қосымша сөйлемнің арасындағы байланыс – баяндауыштық. Үстеме сөйлемде кейіпкердің басынан кешкен психологиялық жай-күйге баға берілген. Бұл мысалдағы үстеме сөйлем өзінің алдында тұрған іргелес сөйлемге ғана тәуелді емес, келтірілген алдыңғы сөйлемдердің /«-Айғанша апай, пана бола көріңіз...» дегеннен бастап – Ж.Т./ бәріне де қатысты. Себебі, соңғы қосымша сөйлемдегі психологиялық жағдай бір ғана сөйлемнен шыққан нәтижеге емес, бірнеше айтылымнан келіп шыққан нәтиже.

1-диалогтан Сейіттің басындағы қиын жай-күйді көреміз. Ал келесі диалогтағы Айғаншаның берген жауабы мен үстеме сөйлемдегі «ысқаяқ шыққан дауысқа» деген тіркестің арасында үзілмелік байланыс бар.

Жоғарыдағы мысалда үстеме құрылымды негізгі құрылыммен байланыстырушы дәнекер – сонша деген мөлшер үстеуі болып табылады. Сонша сөзі негізгі сөйлемде айтылған іс-әрекет, жай-күйлерге ерекше мән беру, көңіл аударту мақсатымен қолданылып, кейінгі үстеме бөлікке сілтейді. Сонан кейін оның сыры кейінгі үстеме бөлікте ашылады.

Тағы бір мысал келтіріп, дәлелдеп көрелік: Біреуге біреудің шын жаны ашырына иланбаймын. Көлгірсиді /О.Бөкеев/.

Жоғарыдағы мысалдан айтылған ойға авторлық модальділікті көруге болады. Автор негізгі сөйлемде өз пікірін білдіреді де, үстеме сөйлемде сол берілген пікірге жаңа баға береді.

#### **б) Анықтауышты үстеме құрылым**

Жазба әдебиетіміздің ауызекі сөйлеу тіліне жақындауына байланысты үстемелену тіл дамыған сайын қанатын кең жайып келе жатыр. Соған байланысты да анықтауыштың да үстемеленуі тілімізде жиі кездеседі. Анықтауыштың сөйлемдегі негізгі қызметі – зат есімнен, не зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған мүшелерді түрлі жағынан сипаттау; олар заттың түсі, түр-тұрпаты, көлемі, салмағы, саны сияқты сапаларын білдіреді де, анықтайтын сөзімен тығыз байланыста айтылады.

Тіліміздегі анықтауышты үстеме құрылым өзіндік ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Анықтауыштардың үстеме құрылымда қолдануларында мынандай



мағыналық түрлері бар:

1) Негізгі сөйлемнен бөлініп шығып, үстеме құрылымда айтылатын анықтауышты үстеме құрылым.

2) Анықтауыштың үстеме сөйлемде қайталанып қолданылатын анықтауышты үстеме құрылым.

3) Негізгі ойды кеңейтетін және бір мүшені анықтайтын анықтауышты үстеме құрылым.

4) Айтылған ойға авторлық баға беру немесе авторлық көзқарасын көрсететін анықтауышты үстеме құрылым.

1) Негізгі сөйлемнен бөлініп шығып, үстеме бөлікте қайталанып қолданылатын анықтауышты үстеме құрылым.

Үстеме құрылымның бұл түрі ауызекі сөйлеу тілімізде көп кездеседі. Мидағы алдын-ала белгілі хабар айтылып жатқанда немесе айтылып болғаннан кейін келетін қосымша хабар негізгі сөйлемнің соңынан тіркестіріліп айтылады. Үстеме құрылымның ауызекі сөйлеу тіліне тән деуіміз осыған байланысты. Ал жазба әдебиетке келсек, бұл тіптен бсқа мәселе. Себебі, біз дәлелдеу үшін алынған фактілерімізді жазба әдебиеттен алып отырмыз.

Жоғарыда айтқанымыздай, жазба әдебиетімізде үстеме құрылымның көрініс беруі жазушының негізгі сөйлемде айтатын мәселесін ұмытып кетуден емес, мұнда айтушының коммуникативтік мақсаты жатыр: оқырманның назарын белгілі бір мәселеге аудару, үнемділік, сөйлемге стилистикалық әр беру, эмоциональдық-экспрессивтік бояу үстеу т.б.

Сөзімізді мынандай мысалдар арқылы дәлелдейік.

Мысалы: Пішен төбесі мен қораның ығында жатқан иттер үреді. Сақ, мазасыз... /М.Ә. «Көксерек», 13-бет/.

Автор бұл сөйлемде, біздіңше, «сақ, мазасыз» деген бірыңғай анықтауыштарды сөйлемнің сыртына /нүктенің сыртына/ шығарып жіберуінің себебі – осы аты аталған екі анықтауышқа оқырманның назарын аудару және анықтауышты негізгі сөйлемнің сыртына бөліп шығарып, ерекше логикалық екпін түсіріп, актуальдау. Бұл сөйлем қалыпты сөйлемге қарағанда үзілмелі екпінмен оқылады. Мына төменегі қалыпты сөйлеммен үстеме құрылымды салыстырып қараңыз: Пішен төбесі мен қораның ығында жатқан сақ, мазасыз иттер үреді.

Қалыпты сөйлемге қарағанда үстемелі сөйлемнің өзіндік коммуникативтік мақсаттан туған ерекшелігі бар. Қалыпты сөйлем құрамында бірыңғай анықтауышымыз ешқандай өзгешеліксіз, іргелес тұрған мүшелерден ерекшеленбей бір екпінмен айтылады. Ал үстеме құрылым бөлігінде болғанда басқа мүшелерден ерекшеленіп, сөйлемдік интонациядан бөлек интонациямен айтылды. Ол қандай бөлек интонация? Негізгі сөйлем айтылғаннан кейін үзіліс болады да, үстеме анықтауыштарға маңыз беріле /асты сызыла/ өзгеше интонациямен айтылады.

Тағы бір мысалды келтіріп, талдап көрейік: Оянып алып, көр – жерді ойлаған боп, тұра қоймайтын адамдардың керенаулығын білмейтін Бұланбай басын жастықтан тез жұлып алып көтере беріп еді, миына бір шыны сынықтары қадалып кеткендей болды. Оттан шыққандай ыстық та екен /Ғ.М. 399-бет/.

Үстеме құрылым негізгі сөйлемдегі бір мүшенің /шыны сынықтары/ анықтап тұр және негізгі ойды дамытып, мағынасын кеңейтіп тұр. Бұл құрылымның тағы бір ерекшелігі – үнемділік. Үстеме бөлікте айтылатын хабарды өзінше жаңа сөйлемнен бастап жазуға болады. Мысалы: ...миына бір шыны сынықтары қадалып кеткендей болды. Ол – оттан шыққандай ыстық екен. Өзіміз көріп отырғандай, үстеме сөйлемді дербес сөйлемге айналдырғанда «та» демеулігін алып тастадық. «Та» демеулігі үстеме құрылымды негізгі сөйлемге тәуелді етуге қызмет жасап тұр.

2) Анықтауыштың үстеме құрылымда қайталанып қолданылатын анықтауышты үстеме құрылым.

Анықтауыштың үстеме құрылымында мұндай қайталау арқылы қолданылуы әртүрлі психологиялық себептерден болады: айтушының тыңдаушылары толық естімей қалды ма деп сезінуі, сөйлеуші белгілі бір мәселеге назар аудару үшін, белгілі бір мүшені нақтылау үшін қайталау әдісін қолданады.

#### **в) Толықтауышты үстеме құрылым**

Қазақ жазба тілінде толықтауышты үстеме құрылым басқа мүшелермен салыстырғанда сирек кездеседі. Толықтауыш үстеме құрылымда көп жағдайда қайталанып қолданылады. Ол белгілі бір мүшеге аса маңыз беру үшін және ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшелік-нақтылау үшін толықтауыш қайталаынады. Мысалы: шешенді ойла, шешенді /Ж.Молдағалиев/ - Жоғары шық, Төке... Шайға жақында, шайға...- деп жыбырлай бастады /Ғ.М. 198-бет/.

Жоғарыдағы екі мысалда да негізгі сөйлем құрамындағы толықтауыш үстеме бөлікте қайталанған. Негізгі мұндай қайталаулар ауызекі сөйлеу тіліне тән құбылыс боп табылады. Ал үстеме құрылымның ауызекі сөйлеу тілінен енгенін ескерсек, бұл, әрине, заңды құбылыс.

Төмендегідей мысалдарды келтіріп, талдап көрелік: - Ал жібердім тізгіндерінді! – деді Жұман қалың қолдың ортасында тұрып. - Өзгесі адыра қалсын, ең алдымен Игіліктің өз шаңырағын ортасына түсіріп, өзін бір сүйреп алдыма әкеп беріңдер! Өзін, өзін! – деп тоқтады /Ғ.М. «Оянған өлке», 84-бет/.

Үстеме бөлікте қайталанған толықтауыш табыс септігі формасы арқылы жасалған. Сөйлеуші өздік есімдікті екі-үш рет қайталаудағы мақсаты – тыңдаушыларды естімей қалмасын деген оймен нақтылау және нығырлау. Және біз бұл құрылымнан сөйлеушінің психологиялық жағдайын да көреміз. Ол – ашу, ыза.

Шіркін, Игіліктің өзін құдай қолға берсе!..

Ең болмаса адуын тоқалын десеңші!..

Омарды айтсаңшы, Омарды, - деседі.

Мұнда да белгілі бір мүшені анықтау. Ол – табыс септігінде тұрған тура толықтауыш.

Сонымен толықтауыш көбінесе, қайталау арқылы үстемеленеді.

#### **г) Пысықтауышты үстеме құрылым**

Пысықтауышты үстеме құрылым негізгі құрылыммен мынандай мағыналық қатынаста болады:

Себептік қатынас.

Қимыл-сындық қатынас.

Мезгілдік қатынас.

Мекендік қатынас.

Себептік қатынастағы пысықтауышты үстеме құрылым.

Үстеме құрылымның бұл түрі негізгі айтылымдағы іс-әрекеттің себебін білдіреді. Мысалы: Атасы түнде, жатар алдында ғана Қайыркөлдің жағасына барамыз деген. Ауылдан біршама қашық. Осылай желдіртіп отырғанда арбалы кісі бір жарым-екі сағатта әрең жетеді. Жаз бойы атасына еріп талай барған жері. Өстіп шөп шабуға /Ж.Шағатаев «1-класстың баласы», «Бастау» 40-бет/.

Үстеме сөйлем негізгі сөйлемдегі «талай баруының» себебін білдіріп тұр. Сұрақ: Не себепті талай барған жер? – жауап - өстіп шөп шабуға. Бұл құрылымды қалыпты сөйлемге де айналдыруға болады: Жаз бойы атасына еріп өстіп шөп шабуға талай барған жері. Яғни үстеме бөліктегі себеп пысықтауыш негізгі сөйлемнен бөлініп шыққан мүше болып табылады. Екі солдат пен Абылаев әрі асты. Ойылдағы кадет мектебін алып келіп, бүлік шығарған төрт жүз жігіттің басын кестіруге асты. Жә кесу жә кесілу үшін асты... /Х.Есенжанов «Ақ Жайық», 208-бет/.

Негізгі сөйлемдегі екі солдат пен Абылаевтың әрі асуының себебі – үстеме құрылымда түсіндірілген. Не үшін әрі асты? Сұрағына жауапты үстеме құрылымнан табамыз. Осы үш сөйлемді бір-ақ сөйлемге айналдыруға болады. Екі солдат пен Абылаев

Ойылдағы кадет мектебін алып келіп, бүлік шығарған төрт жүз жігіттің басын кестіру үшін және не кесу, не кесілу үшін асты...

Қимыл-сындық қатынастағы пысықтауышты үстеме құрылым.

Пысықтауышты үстеме құрылымның бұл түрінде, көбіне, амал пысықтауыштың қалыпты жағдайда атқаратын қызметімен бірдей болады.

Мысалы: Бура ескі көш жолын ұзақ, тым-тым ұзақ иіскеді де, есейген шағында тұңғыш рет боздады. Ұзақ боздады /О.Бөкеев «Бура», 228-бет/.

Негізгі сөйлемде баяндауыш мезгіл жағынан /тұңғыш рет/ пысықталып тұрса, үстеме сөйлемде сол алғашқы баяндауыш амалдық жағынан пысықталып тұр. Үстеме сөйлем негізгі сөйлемді мазмұны жағынан толықтырып тұр. Бұл мысалдан үстеме құрылымның сөйлеу кезінде өзіндік үнемділігін, ойды жарыққа шығаруда, қарым-қатынаста пайдалылығын, ыңғайлылығын көруге болады. Оған жоғарыдағы мысал дәлел бола алады.

- Ішкен-жегенім керем болып, алғаным ақіретіммен кеткір, неге ғана сатып ем Қарағандыны... Қысты күні қырылып келе жатқандарын да көріп ем... Енді, міне, туған қызымдай болып кеткен, қарлығаштай ғана сорлы баланың ұсталғанын да көрдім-ау!.. деді. Көзіне жас алып, қамығып айтты /Ғ.М. «Оянған өлке», 315-бет/.

Сөйлеушінің психологиялық жағдайы үстеме сөйлемде көрсетілген. Бұл жерде үстеме сөйлемді негізгі сөйлем құрамынан бөлініп шықты деуге мүлдем болмайды. Үстеме сөйлем негізгі сөйлемнің мағынасын кеңейтіп, кейіпкердің әрекетін пысықтап тұр. Ол пысықтау – сын-қимыл жағынан.

Тағы бір мысал келтірейік:

Бірақ... Тағы да бірақ деймін-ау көп ұзамай сол көңілдің шырқы тағы бұзылды. Мықтап бұзылды /С.Ж. «Жапандағы жалғыз үй», 197-бет/. Бұл құрылымда да баяндауыш қосымша сөйлемде қимыл-сын жағынан пысықтала қайталанып тұр. Сұрағы мынадай болады: Қалай бұзылды? –Мықтап бұзылды. Үстеме сөйлемдегі пысықтауышты /мықтап/ негізгі сөйлемдегі баяндауыштың дәл алдына қоюға болады. Одан сөйлемнің мағынасы өзгермейді. Бірақ үстеме құрылымдағыдай «мықтап» деген пысықтауыш логикалық екпінмен ерекшеленбейді.

Жоғарыдағы келтірілген сөйлем мүшелерінің барлығы дерлік үстемеленгенде ең алдымен негізгі сөйлемнің әр қырлы толықтамасы ретінде қызмет етеді. Сонымен қоса, үстемеленген сөйлем мүшелері өзіндік логикалық екпінмен ерекшеленіп, сөйлемді беру кезінде өзіндік роль атқарады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

12. 1 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. –Алматы: Мектеп, 1971. 159 б.
13. 2 Мещаников И.И. Члены предложения и части. –Москва, 1945. с.7.
14. 3 Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. –Алматы: Ғылым, 1974. 22-бет.
15. 4 Руднев А.Г. Синтаксис современного русского языка. –Москва: 1963, 153-бет.
16. 5 Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис. –Алматы: Ғылым, 1967, 83-84-беттер.

**Нурлан Н. Сембиев К.З.**  
**ПРИМЕНИМОСТЬ СТРУКТУРЫ СКРЕПЛЕНИЯ К ЧЛЕНАМ**  
**ПРЕДЛОЖЕНИЯ**

*В статье рассматриваются специфические особенности структуры, сопоставимые с ней по форме составная структура, неполное предложение, отдельные определители, именное предложение и составные компоненты предложения.*

***Ключевые слова:** предложения, неполное предложение, изолированный определитель, грамматика, рассказчик.*

**Nurlan N., Sembiev K.Z.**  
**APPLICABILITY OF THE BINDING STRUCTURE TO THE MEMBERS OF THE**  
**SENTENCE**

*The article discusses the specific features of the structure, comparable to it in form, composite structure, incomplete sentence, separate determinants, nominal sentence and composite components of the sentence.*

***Keywords:** sentences, incomplete sentence, isolated determinant, grammar, narrator.*

ӘОК 81:372.881

**О.А.Оразханқызы**  
«Bolashaq» академиясы «Қазақ тілі мен әдебиет» білім беру бағдарламасының  
3-курс студенті,  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
Aikenzheorazkhan@gmail.ru

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫ**

*Бұл мақалада қазақ тілі мен ағылшын тіліндегі етістіктің шақ категориясы талқыланады. Екі тілде де бір-біріне ұқсас, мазмұндас болып келетін шақтар бар және ағылшын тілінде шақ түрі болып келгенмен, қазақ тілінде басқаша сипатта өзгертін тілдік қолданыстар бар. Ағылшын тіліндегі 12 шақтық қолданысты қазақ тілінде қалай жеткізуге болатыны сипатталады. Солардың әрқайсысына біршама мысалдар келтіріп, мазмұны талқыланады.*

***Тірек сөздер:** шақ категориясы, қазақ тілі, ағылшын тілі, осы шақ, өткен шақ, келер шақ, нәтиже, тұлғалық сипат, мазмұн.*

Қазіргі таңда ағылшын тілін үйренушілер саны күннен күнге өсуде. Оған себеп бұл тілдің өрісі кеңейіп, үстемдігі артуында. Басым көпшілігі ағылшын тілін орыс тілі арқылы үйренгенді жөн көреді. Екі тілге ортақ белгіге тоқталсақ: Үнді-Еуропа тілдер тобына жатады, екі тіл де құрылысы жағынан флективті болып келеді. Сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі жағынан да ұқсас болғандықтан ағылшын тілін орыс тіліне аударған жеңіл көрінеді. Оның үстіне қазақ жеріндегі орыс-қазақ тілін араластырып сөйлеу дағдысының өршіп бара жатқанын ескерсек, тіл үйрену үшін басшылыққа орыс тілінің алынатыны түсінікті. Алайда бұл қазақ тілі арқылы ағылшын тілін меңгеру қиын немесе мүмкін емес дегенді білдірмейді. Ана тіліміздің ережелерімен жақсы таныс адамға өзге тілдің грамматикасын салыстырмалы түрде үйрену едәуір оңайға соғады.

Ағылшын тілін үйреніп бастаушыларға қиынға түсетіні шақ түрлерін меңгеру. Себебі орыс тілінде шақты тек 3-еу деп көрсетсе, ағылшын тілінде 12 деп көрсетеді. Сандағы айтарлықтай айырмашылықты көрген тіл үйренушінің жүрексінері анық. Ал

қазақ тілінде жіліктеп берсек шақ саны 8 болады. Дегенмен, ағылшын тіліндегі шақтардың берілу формасы мен мағынасы қазақ тілінде айтылатын шақ категориясымен толығымен сәйкес келеді деген сөз емес.

Жалпы шақ категориясына Гүлзипа Сыздықова мынадай анықтама береді: қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеу кезінен бұрын, сөйлеу кезінен кейін және сөйлеу кезінде болғанын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы. Морфологиялық белгісі мен шақтық мағынасына қарай өткен шақ, осы шақ және келер шақ болып үш түрге бөлінеді[1]. Бұл шақтар ағылшын тілінде: Past (өткен шақ), Present (осы шақ), Future (келер шақ) деп аталады. Ағылшын тілінде шақтарды неғұрлым оңай әрі түсінікті жеткізу үшін үнемі қолданатын кестелері бар. Үш жол мен төрт бағаннан құралған кестенің әр ұяшығында сөйлеушінің контекске байланысты айтқысы келген ойы әр шақта төрт түрлі көзқараста баяндалады.

Сөйлеу кезінде болып жатқан іс-әрекетті білдіретін осы шақты қазақ тілінде нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ деп екі түрге бөледі. Ағылшын тілінде Present Simple (Простое настоящее) қазақ тіліндегі көсемшенің -a/-e/-й жұрнақтары арқылы жасалатын ауыспалы осы шаққа мағыналық тұрғысынан сай келеді деп айтар едім. Себебі, аталған шақта біз екі тілде де белгілі бір фактіні, үнемі қайталанып тұратын жағдайды, тек болып жатқан кездегі емес, жалпы оқиғаларды да жеткіземіз. Мысалы: *The Sun rises in the East* – Күн шығыстан шығады (заңдылық). *I usually get up at 7 o'clock* – Мен әдетте сағат 7-де тұрамын (күнделікті қайталанатын дағдылы іс-әрекет). *I don't know her name* – Мен оның есімін білмеймін[2].

Present Continuous немесе Present Progressive (Настоящее длительное) бұл шақты *отыр, жатыр, жүр, тұр* етістіктерінің жіктік жалғауын тікелей қабылдауы арқылы және осы етістіктердің көсемше тұлғалы (-ып/-іп/-п) негізгі етістіктерге тіркесуі арқылы жасалатын нақ осы шақпен теңестіруге болады. Себебі екеуінде де дәл сол сәтте болып жатқан оқиға айтылады. *I'm reading an interesting book* – Мен қызықты кітап оқып отырмын. *It is dangerous to text when you are driving* – Көлік айдап келе жатқан уақытта хабарлама жазу – қауіпті. Жоғарыдағы мысалға алынған екі сөйлемде де Present Continuous-ты қазақша нұсқасында отыр, жатыр етістіктері арқылы беру мағынаны дәлірек айқындайтынан байқауға болады. Қазақ тілінде түсіндірген кезде бұл шақты созылмалы осы шақ деп көрсетеді. Ал «созылмалы» сөзі – (хронический) бірден жазылып кете қоймайтын, үнемі емдік шараларды қажет етіп отыратын сырқат түрін білдіретін термин ретінде жиі ұшырасады. Байқағанымыздай қазақ тілі грамматикасында да орыс тілінен калькаланған ұғымдар енген. Созылмалы осы шақ деудің орнына өзімізде бар нақ осы шақты көрсетсек, оқушыларға да түсіну едәуір жеңіл болар еді.

Ағылшын тіліндегі Present Perfect (Настоящее совершенное) шағымен қазіргі сәтке дейін аяқталып қойған іс-әрекетті баяндайды. Жалпы қай шақ болмасын Perfect кезеңінде іс-әрекеттің нәтижесі айтылады. Яғни ағылшын тілін үйреткен кезде Present Perfect-пен белгісіз бір уақытта басталған, орындалған іс-әрекеттің қазіргі шақтағы нәтижесі айтылады. Мағынасы жағынан қазақ тіліндегі жедел өткен шаққа ұқсас дер едім. Тұлғасы жағынан контексте байланысты өткен шақтың үш түрін де қолдана аламыз (жедел, бұрынғы, ауыспалы). *I have already eaten lunch* – Мен түскі асымды жеп алдым. *Somebody has borrowed my pen* – Менің қаламымды біреу алды. *I have visited London, but I have never been to Paris* – Мен Лондонға барғанмын, бірақ ешқашан Парижде болмаппын. *Have you seen «Harry Potter and philosopher's stone?»* - Сен «Гарри Поттер және пәлсапа тасын» көрдің бе? [3].

Ағылшын тіліндегі осы шақтың төртінші түрі – Present Perfect Continuous немесе Present Perfect Progressive (Настоящее совершенное длительное). Бұл шақ арқылы бұрын басталған бірақ қазіргі сәтте әлі аяқталмаған немесе жаңа ғана сол сәтте аяқталған әрекетті айтады. *Aisha has been singing since early morning* – Айша таңнан бері ән салып жүр (таңертең басталған әрекет әлі де жалғасуда, аяқталмады). Present Perfect Continuous-ты жақсырақ түсіну үшін бастапқыға қазақ тіліндегі қалып етістіктерін

қолдануды негізге алуға болады және іс-әрекеттің басталған уақытына назар аудару қажет екенін ұмытпау керек. *My father has been driving this car since 2003* – Әкем бұл көлікті 2003 жылдан бері *айдан жүр*. *She has been writing the story of her life* – Ол өз өмірінде болған оқиғаны *жазып жүр*. *She has written the story of her life* – Ол өз өмірінде болған оқиғаны *жазды*. Соңғы жазылған екі сөйлем бір-біріне ұқсас. Біріншісі Present Perfect Continuous, себебі іс-әрекет бұрын басталған, бірақ әлі аяқталған жоқ, әлі де жазатыны бар. Ал екіншісі Present Perfect, себебі іс-әрекет аяқталған, жазып бітті, нәтиже бар. Present Perfect Continuous-ты көп жағдайда қазақ тілінде бұрынғы өткен шақ (-ып/-іп/-п) + жүр, жатыр қалып етістіктері арқылы беруге болатынын көріп отырмыз.

Тұлғалық жағынан қазақ тіліндегі жедел өткен шақ та (-ды/-ді/-ты/-ті), бұрынғы өткен шақ та (-ып/-іп/-п; -ған/-ген/-қан/-кен), ауыспалы өткен шақ та (-атын/-етін/-йтін/-йтін)[1] ағылшын тіліндегі төрт түрлі өткен шақты бере алады. Әрине, бірқатар ерекшеліктерін ескеру қажет. Past Simple (Простое прошедшее) – өткен шақта болған іс-әрекетті білдіреді. *I went to school yesterday* – Мен кеше мектепке *бардым*. *When did you buy that dress?* – Бұл көйлекті қашан сатып алдың? *Once there was a king, who had a beautiful daughter* – Бір күні көрікті қызы бар патша өмір сүріпті.

Past Continuous (Progressive) (Прошедшее длительное) – өткен шақта белгілі бір уақытта болған оқиғаны баяндайды. *I was dancing when you called* – Сен хабарласқан кезде мен *билеп жатқан едім*. *I was talking to my mother yesterday at 4 o'clock* – Кеше сағат 4-те мен анаммен *сөйлестім*. *We were discussing the current news while we were driving home* - Біз үйге жеткенше маңызды жаңалықтарды талқылап келдік. Past Continuous-та өткен шақтағы әрекеттің уақыты белгілі болуы тиіс. Белгілі бір уақыт аралығында орын алып аяқталған жағдайды аталған шақ арқылы жеткізеді.

Past Perfect (Прошедшее завершённое) – өткен шақтағы бір іс-әрекеттің екінші іс-әрекетке дейін біткенін айту үшін қолданылады. *When the match had finished, Ernur left quickly* – Матч аяқталған кезде Ернұр асығыс кетіп қалды. Көрсетілген мысалда қазақ тіліне аударған кезде ағылшын тіліндегі құрамалас сөйлем жай сөйлемге айналып кетті. Ағылшын тілінде бірінші әрекет – матч аяқталды, екінші әрекет – кетіп қалды. *Sezim had cooked dinner by the time Ernur came home* – Ернұр үйге келгенге дейін (келгенше), Сезім кешкі ас дайындап қойды. Ағылшын нұсқасында бірінші әрекет – кешкі ас дайындап қойды, екінші әрекет – үйге келгенше. Қазақ тілінде сөйлемдердің орны ауысып кетеді. *by the time* (к тому времени) деген уақыт көрсеткішін *дейін* шылауымен алмастыруға болады[2].

Past Perfect Continuous (Progressive) (Прошедшее завершённое длительное) – өткен шақта екінші оқиғаға дейін белгілі бір уақыт аралығында болған әрекетті баяндайды. Past Perfect-тен қазақ тілінде айтарлықтай ерекшелігі жоқ, тек нақыт уақыт көрсетіледі. *I had been studying English for two years when I took the exam* – Емтихан тапсырғанға дейін мен екі жыл бойы ағылшын тілін *үйреніп жүргенмін*. *I was exhausted yesterday because I had been driving for two days* – Мен кеше қатты шаршадым, себебі екі күн бойы көлік жүргіздім. Кеше шаршағанының себебі оның алдындағы екі күн бойы көлік жүргізгені. Осылайша өткен шақта болған екі әрекет, жағдай, оқиға бірінен кейін бірі қатар келген кезде, нақыт уақыты белгілі болған кезде біріншісін айту үшін ағылшын тілінде Past Perfect Continuous-ты қолданамыз.

Қазақ тілінде келер шақтың үш түрі бар: ауыспалы (-а/-е/-й; -атын/-етін/-йтін/-йтін), болжалды (-ар/-ер/-р), мақсатты (-мақ/-мек/-бак/-бек/-пак/-пек; -ғалы/-гелі/-қалы/-келі). Ағылшын тіліндегі Future Simple (Простое будущее) қазақ тіліндегі ауыспалы келер шақпен ұқсас. *I will help you* – Мен саған *көмектесемін*. *It will be rain tomorrow* – Ертең жаңбыр жауады.

Future Continuous (Progressive) (Будущее длительное) – қазақ тілінде ауыспалы келер шақ формасында жасалады, Future Simple-ден ерекшелігі тек нақыт уақытын көрсетуді талап етеді. *They will be playing football at 10 tomorrow* – Олар ертең 10-да

футбол *ойнайды*. *I will be washing* the car when he leaves – Ол кеткен кезде мен көлігімді жуамын.

Future Perfect (Будущее завершённое) – болашақта белгілі бір уақытқа дейін орын алатын әрекетті суреттеу үшін қолданылады. *I'm sure that he will have reached* the restaurant by 6 o'clock – Ол сағат 6-ға дейін мейрамханаға *жететініне* сенімдімін. Future Perfect Continuous (Progressive) (Будущее завершённое длительное) – ағылшын тілінде бұл шақ өте сирек қолданылады. Дегенмен де, қазақ тіліндегі мағынасы: бір әрекет екінші әрекетке дейін белгілі бір уақыт аралығында болып жатады. Тағы бір жағдайы: бұрын басталған жағдай болашақта белгілі бір уақытта аяқталады. *She will have been writing* a poem for three hours by the time I come home – Мен үйге келгенде оның өлең *жазып отырғанына* 3 сағат болады (бірінші сипатта). *Next April the will have been living* in London for 20 years – Олардың Лондонда *тұрып жатқандарына* келесі сәуірде 20 жыл толады (екінші сипаттама). *By tomorrow he will already have been driving* to Pemberley for a week – Ертең оның Пемберлиге *бара жатқанына* бір апта уақыт болады[3].

Жалпы осы, өткен, келер шақта Perfect Continuous-ты қазақ тілінде дәлірек беру үшін *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерін қолданған тиімді деп санадым. Себебі қалып етістіктері арқылы әрекеттің аяқталмағанын немесе белгілі бір уақыт аралығында жалғасқанын, жалғасатынын анықтау жеңілдірек.

Бұл мақалада ағылшын тілінде шақтардың қалай жасалатыны, яғни олардың формуласы көрсетілмеген. Етістіктердің түрлері, олардың жаққа байланысты қолдану ерекшеліктері берілмеген. Себебі, менің мақсатым тек сол ағылшын тіліндегі 12 шақтың қазақ тілінде қалай көрініс табатынын соған жақындатып беру. Ағылшын тілінде шақтарды ережелерімен, сөйлемде орналасу тәртібімен, уақыт көрсеткішін білдіретін әр шақтың арнайы сөздерімен таныстырады. Алайда соған қарамастан ағылшын тіліндегі шақтарды түсіну көп адамға қиынға түседі. Сол үшін де осы мазмұнда шағын зерттеу жасау өзіме қажет екенін түсіндім. Басы артық сөздермен түсіндіргенше өзімізде бар ережелерді үлгі етсек, сондай-ақ мысалдарды талдау арқылы түсіндірсек тіл үйрену әлдеқайда оңайға түсетін еді деп ойлаймын. Екі тілдегі шақ категориясының салыстырып талқылайтын, тереңірек ашып түсіндіруді талап ететін тұстары жетерлік, бұл тек соның бір шеті ғана. Ағылшын тілін үйренуші ана тіліміздің ережелерін жетік меңгерсе, салыстырмалы түрде әлі біраз ұқсастықтар табатынына сенімдімін.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Сыздықова Г.О. *Қазіргі қазақ тілі морфологиясы: Оқулық – Алматы, 2012. – 160 бет.*
2. Минаев Ю.Л. *Английский язык в таблицах: Справочное пособие – Москва: Дрофа, 2002. – 144 с.*
3. Clive Oxenden, Christina Latham-Koenig, Paul Seligson. *English File Pre-Intermediate Student's book, 2010. – 167 бет.*

#### **Оразхан А.О.**

#### **КАТЕГОРИЯ ВРЕМЕНИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ**

*В данной статье рассматриваются категории времен глаголов в казахском и английском языке. В обоих языках есть времена, похожие друг на друга и имеющие одинаковое содержание. Предложения, являющиеся формой времени в английском языке, в казахском языке превращаются на языковые употребления иного характера. В статье описано, примерные предложения как выразить 12 английских времен на казахском языке. Для каждого из них приводятся примеры и обсуждается содержание.*

**Ключевые слова:** *категория времени, казахский язык, английский язык, настоящее время, прошедшее время, будущее время, результат, морфологическое строение, содержание.*

**Orazkhan A.O.**

## **TIME CATEGORY IN KAZAKH AND ENGLISH**

*This article discusses the categories of verb tenses in Kazakh and English. Both languages have some tenses that are similar to each other and have the same content. Sentences that are a form of tense in English, in the Kazakh language turn into linguistic uses of a different nature. The article describes the approximate sentences of how to express 12 English tenses in the Kazakh language. Examples are given for each of them and the content is discussed.*

**Keywords:** time category, Kazakh language, English, present tense, past tense, future tense, result, morphological structure, content.

ӘОК 81'373

**Советхан А.**

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты

**Сембиев Қ.З.**

«Bolashaq» академиясы  
фил.ғыл.кандидаты, профессор, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

## **ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ СТРАТИГРАФИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ**

*Мақалада белгілі бір өңірдің аймақтық топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этнологиялық, стратиграфиялық, этнолингвистикалық қыр-сырларын зерттеу кез келген аймақтық топонимиялық жүйесінің ішкі қисындық және тілдік, этномазмұндық, лингвогеографиялық құрылымдарының қалыптасуының, орнығуының, бір-бірімен диалектикалық түрде қиылысуының заңдылықтарын ашуға жетелейді.*

**Тірек сөздер:** *этимология, топонимдер, этимолог, тарихи лексикология, лексема, модельдеу, ареалдық – лингвистикалық әдіс.*

Кез келген ел мен мемлекет өзіндік даму барысында түрлі тарихи жайларға байланысты көршілес, тіпті алыс қашықтықтағы елдермен қарым-қатынасқа түседі, қарым-қатынас барысында бір-бірімен сөз алмасады, бір-біріне мәдени, саяси тұрғыда ықпал етеді. Ол туралы В.И.Абаев «народы и племена, сменяя друг-друга на определенной территории, не исчезают бесследно. Каждое новое племя получает и сохраняет кое-что от своих предшественников. Это «кое-что» может быть и весьма значительным», – деп, өте орынды атап көрсеткен [1,115]. В.И.Абаев айтуы бойынша, белгілі бір халық өкілдері мекендеген территорияда үнемі тайпалық немесе басқа бір халықтық ығыстырулар, алмасулар болып тұруы заңды құбылыс ретінде көрініс береді. Бұл жай біз сөз етіп отырған Орталық Қазақстан өңіріне де тікелей қатысты. Жалпы біздің жыл санау дәуірімізге дейінгі және одан кейінгі түркілік тайпалардың ирандармен (парсы) түрлі жаугершілік, саяси саудалық байланыстары, көне түркі дәуірінің соңы мен орта дәуір басындағы ислам дінін тарату бағытындағы араб шапқыншылығы, орта ғасырлық монғол мен одан кейінгі жоңғар жаугершілігі, орыстың отарлау саясатына сәйкес іс-қимылдары аталған өңір топонимдерінде өзіндік із қалдырып отырған. Сондықтан да Орталық Қазақстан топонимдерінің тілдік жүйесі өте күрделі сипатта келеді. Белгілі бір ел немесе аймақ топонимдерінің тілдік қабаттарын тарихи тұрғыдан қарастыру – топонимдер стратиграфиясы деп аталынып жүр. Статиграфия – геология ғылымының термині. Бұл термин «тау» жыныстарының қат-қабаттану формаларын және жер қабығы қабаттарының тарихи тізбекте жасалуын зерттейтін геологияның бөлімі. Бұл



күндері стратиграфия термині бұл мағынасын кеңейтіп, енді топонимикада жер-су аттарының тарихи жасалуындағы көне қабаттарын, соның ішінде ең көне субстратты топонимдерді зерттеуге қолданылатын терминге айналып отыр. Яғни стратиграфия тілдік қабаттарды айқындау мақсатында қолданылып, негізінен ғылыми этимология жетістіктері мен топонимдік жүйедегі тарихи деректерге де табан тіремек. Алайда топонимдер стратиграфиясын ашуда лексика-семантикалық, лексика-грамматикалық зерттеулер жүргізудің тиімділігін айтқан ғалымдар да бар. «Тіл ғылымы тұрғысынан топонимдердің этимологиясын зерттеу үшін және оның стратиграфиясын дұрыс ашу үшін, алдымен белгілі территориядағы топонимдерді синхрондық бағытта лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық тұрғыдан зерттеу жүргізу қажет. Мұндай зерттеулер жер-су аттарының қойылуында, мағынасында және грамматикалық амалдары жағынан қандай заңдылықтары бар екенін жете түсінуге және этимологиялық зерттеулерге жол ашады. Біздіңше, топоним стратиграфиясын анықтаудағы лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық талдаулар атау этимологиясына қатысты зерттеулерде қосымша қарастырылғаны дұрыс. Себебі этимологиялық зерттеулер атаудың семантикалық, грамматикалық ерекшеліктерімен қатар фонетикалық заңдылықтарын да ескеріп, оларды тұтас этимологиялық әдіс-тәсілдер ішінде қарастыру барысында ғана топонимнің қай тілдік қабатқа тәндігін нақты көрсетпек. Яғни белгілі бір ел немесе аймақ топонимдері құрамындағы ана тіліне тән көне формаларын, басқа тілдерден енген, мағынасы күңгірттенген топонимдерді комплексті этимологиялық зерттеулер арқылы сөз ету ұтымды болмақ. «В этимологических исследованиях, применяя методы и критерии, можно определить древние субстратные пласты, осуществить стратиграфическое изучение топонимов» [2,14]. Топонимдердің тілдік қабаттарын ашуда этимологиялық зерттеулердің тиімділігін орыс топонимистері де атап көрсеткен: «Лингвистическое изучение субстратной топонимики всегда представляет собой комплексное исследование, основанное, во первых на формальных методах изучения материала, во вторых, на сравнительно-историческом методе и других атрибутах этимологической науки, а, в третьих на учете специфики самого топонимического материала. Эти три стороны неразрывно связаны, однако вследствие трудностей применения сравнительно-исторического метода к десемантизированным единицам особое значение имеют специфические приемы изучения топонимики, дополняющие этимологические разыскания (сопоставление с реалиями, выявление топонимических калек, учет типов бытования географических терминов и т.д)» . А.К.Матвеев қолданы-мындағы субстракт термині тікелей тілдік қабаттардағы көне немесе кірме элементтерге қатысты қалыптасқан. Бұл терминді тіл білімінде ХІХ ғасырдың ІІ жартысында итальян лингвисті Грациадно Асколи тұңғыш рет роман тілінің ерекшеліктерін қарастыру барысында қолданған. Термин субстракт роман тілдері аясында қолданыла жүріп, кейін үндіевропа тілдеріне кеңінен тараған. Ол латын тіліндегі «подстилка», «подкладка» ұғымындағы substratus сөзінің негізінде жасалған. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде кеңінен топонимикалық термин ретінде қолданылатын субстрат сөзіне ғалымдар әр текті көзқараста болған. Мәселен, В.Б.Кобрин бұл терминнің сәтсіздігіне тоқталып, оның орнына «подслой» сөзін ұсынған. Ал А.М.Малолетко өз еңбектерінде субстрат терминінің орнына палеотопоним терминін қолданған. Алайда бұл ғалымдар ұсыныстары қолдау таппай, қазіргі таңда субстрат термині кең қолданымға ие болған. Қазақ топонимист ғалымы А.Әбдірахманов та қазақ тіліндегі алтай, көне түркі дәуірлеріне тән атаулар мен басқа тілдерден ерте уақытта, орта ғасырларда енген топонимдерді субстратты топонимдер деп атауды ұсынады. Субстратты топонимдердің этникалық ассимиляция негізінде қалыптасатыны, яғни этникалық басқыншылық барысында келтірінді атаулар әкелумен қатар, сол өңірдің төл, ұлттық атауларына да өзгерістер енгізетіні, базбір басқа тілдік атауларды қабылдау барысында дамитыны да этимологиялық зерттеулер барысында ашылмақ. Ондай этимологиялық зерттеулер тек тілдік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар атау жасаушы

халықтың дүниетанымына да сәйкес жүргізілуі қажет. Біз топонимдер стратиграфиясын этимологиялық тұрғыдан қарастыру барысында тілдік заңдылықтармен қатар атауға қатысты түрлі тарихи-элеуметтік жайларды да ескертуді қолдаймыз. Себебі басқа тілден енген, формасы өзгеріп, мағынасы күңгірттенген топонимдер этимологиясын қарастыруда сол өңірде қандай халықтардың болғанын тарихи тұрғыдан анықтау сөз формасын ажыратуға, сол халықтың тілдік заңдылығына сәйкес сөз түбірін айқындауға жол ашады. Қазақ топонимдері стратиграфиясын әр түрлі аймақтық деңгейде зерттеген ғалымдар еңбектері де негізінен осы тұрғыда қарастырылады. Қазақ топонимдерін алғаш рет стратиграфиялық тұрғыдан кең көлемде қарастырған А.Әбдірахмановтың топонимдерді ана тілінің негізіндегі және басқа тілдер негізіндегі атаулар деп бөлуі кейінгі ғалымдар еңбектерінде басшылыққа алынды. Айырмашылықтар тек әр аймақ топонимдеріне көршілес тілдердің қай дәрежеде әсер еткені мен көне түркілік (алтай дәуірі) кезеңге тән атаулардың қандай көлемде сақталып қалғандығына қатысты ғана байқалады. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан өңірі топонимдерін стратиграфиялық тұрғыдан зерттеу барысында Қ.Рысбергенова өңір топонимдерінің ерекшеліктеріне қарай үш тілдік қабатқа бөледі: 1) субстратты топонимдер; 2) басқа тілдерден енген топонимдер; 3) түркілік топонимдер. Мұндағы басты ерекшеліктер ретінде автор аталған өңірде иран және араб тілінен енген атаулардың мол ұшырасатынын тарихи-географиялық жайларға байланысты қарастырады. Яғни иран, араб тіліне тән атаулар орталық-солт. аймағына оңтүстік арқылы алмасқанын осы өңірдегі иран (соғды) тіліне тән -кат, -кет, -кент, -канд, -дех, -диз, -мар және араб тіліндегі -хасар, -рабат, -мадина т.б. тополексемаларға қатысты атаулардың мол ұшырасатынымен байланыстырады. Монғол тіліне тән атаулардың аз ұшырасуын моңғолдарға дейінгі жергілікті тұрғындар мәдениеті мен дамыған шарушылық түрлеріне байланысты қарастырса, өзбек тіліне тән атауларды екі елдің көршілес қарым-қатынасына сәйкес дамыды деп түсіндіреді. Қ.Рысбергенованың пайымдауынша, оңтүстік өңір топонимдері араб, иран, өзбек тілдеріне тән топонимдердің мол шоғырлануымен ерекшеленеді. Батыс Қазақстан облысы топонимдерін тілдік қабаттарға бөлу барысында Ұ.Рысқалиқызы оның тек ғылыми ғана емес, сонымен қатар практикалық маңызының да жоғары болатынын айтып, өңір топонимдерін іштей төрт тілдік қабаттарға бөледі:

1. Көне түркі қабаты.
2. Оғыз-қыпшақ қабаты.
3. Кірме қабат:
  - араб-парсы тілінен енген топонимдер
  - монғол тілінен енген топонимдер
  - орыс тілінен енген топонимдер
4. Жаңа қабат.

Қазақстан топонимдерін структура-семантикалық тұрғыдан зерттеген В.Н.Попова еңбегінде топонимдер түркілік, түркілік емес топонимдерге бөлініп, түркілік емес топонимдер іштей үш топқа топтастырылады:

1. Орыс топонимдері.
2. Монғол және қалмақ топонимдері.
3. Субстратты топонимдер (финно-угор, кет, тохар, үндіевропа тілдеріне тән атаулар

Ұзақ жылғы зерттеу еңбектерін қазақ топонимдерінің этимологиясы мен тілдік қабаттарын ашуға арнаған ғалым, ф.ғ.д. А.Әбдірахманов өз өмірінің соңғы жылдарындағы зерттеуінде қазақ топонимдерін стратиграфиялық тұрғыдан үлкен екі топқа бөлген:

1. Ана тілінің негізінде жасалған атаулар.
2. Басқа тілдің негізінде қалыптасқан атаулар.

Алғашқы топтағы топонимдерді тілдік қабат және тілдік ерекшеліктері тұрғысынан іштей: а) алтай дәуіріндегі, б) көне түркі дәуірі; в) көне қазақ; г) жаңа қазақ

тілі дәуіріндегі атаулар деп бөлсе, ал басқа тілдерден енген атауларды а) иран тілінен, б) монғол тілінен, в) араб тілінен, г) славян тілдерінен енген топонимдер тобына бөле қарастырады. Автор ұстанған бұл көзқарас оның 1975 жылғы еңбектерінен басталады, әрі қазақ топонимдері стратиграфиясын ажырата қарауда тиімді болуы себепті де өзінен соңғы көп зерттеушілер еңбектерінде басшылыққа алынады. Жалпы А.Әбдірахмановтың топонимдер стратиграфиясына қатысты пікірлерінің барлық қазақ жеріндегі топонимдер стратиграфиясына сәйкес келуінің өзі – қазақ топонимдерінің тұтас та жүйелі құбылыс екендігін көрсетеді. Алайда әрбір өңірдегі топонимдердің тілдік қабаттарын тарихи-этимологиялық тұрғыдан жеке-жеке талдаудан өткізбейінше оны дәлелдеу мүмкін емес. Сондықтан да әрбір аймақ топонимдерінің стратиграфиясын айқындау үшін жеке-жеке этимологиялық зерттеулер жүргізудің маңызы зор болмақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. *Топоров В.Н. О некоторых теоретических основаниях этимологи-ческого анализа // Вопросы языкознания, 1960, №3. - С. 44-53.*
2. *Пизани В. Этимология. История-проблемы-методы, Москва, Ин. литература, 1956. - 188 с.*
3. *Абаев В.И. О принципах этимологического словаря. ВЯ., 1952, № 5. - С. 56-62.*
4. *Славский Ф. Из опыта работы над этимологическим словарем польского языка ВЯ., 1967, №4. - С. 55-59.*
5. *Барци Г. Современное состояние исследований лексики венгерского языка. ВЯ., 1967. - С. 60-66.*

**Советхан А., Сембиев К.З.**

#### **СТРАТИГРАФИЧЕСКАЯ СИСТЕМА ТОПОНИМОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА**

*Изучение историко-лингвистических, этнологических, стратиграфических, этнолингвистических тонкостей региональной топонимии конкретного региона в статье приводит к раскрытию закономерностей формирования, закрепления, диалектического пересечения между собой внутренних логических и языковых, этномазмных, лингвогеографических структур любой региональной топонимической системы.*

**Ключевые слова:** *этимология, топонимы, этимолог, историческая лексикология, лексема, моделирование, ареально – лингвистический метод.*

**Sovetkhan A., Sembiev K.Z.**

#### **STRATIGRAPHIC SYSTEM OF TOPONYMS OF CENTRAL KAZAKHSTAN**

*The study of historical-linguistic, ethnological, stratigraphic, ethnolinguistic subtleties of regional toponymy of a particular region in the article leads to the disclosure of the patterns of formation, consolidation, dialectical intersection of internal logical and linguistic, ethnomasmic, linguistic-geographical structures of any regional toponymic system.*

**Keywords:** *etymology, toponyms, etymologist, historical lexicology, lexeme, modeling, areal – linguistic method.*

**Советхан А.**

«Bolashaq» академиясы қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының  
2 курс магистранты

**Сембиев Қ.З.**

«Bolashaq» академиясы  
фил.ғыл.кандидаты, профессор, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

## **АНА ТІЛІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ТОПОНИМДІК АТАУЛАР**

*Мақалада белгілі бір өңірдің аймақтық топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этнологиялық, стратиграфиялық, этнолингвистикалық қыр-сырларын зерттеу кез келген аймақтық топонимиялық жүйесінің ішкі қисындық және тілдік, этномазмұндық, лингвогеографиялық құрылымдарының қалыптасуының, орнығуының, бір-бірімен диалектикалық түрде қиылысуының заңдылықтарын ашуға жетелейді.*

**Тірек сөздер:** *этимология, топонимдер, этимолог, тарихи лексикология, лексема, модельдеу, ареалдық – лингвистикалық әдіс, ана тілі, алтай тіл тобы.*

Ана тілінен жасалған атаулар тобына көне түркі дәуірінен де арғы кезеңдерде жасалған, аталған өңір топонимдері құрамында сақталып қалған және сол көне дәуірлерден күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ана тілі (алтай, түркі, қазақ) негізінде қалыптасқан атауларды жатқызамыз. Қолда бар материалдар Орталық Қазақстан топонимдері құрамында мағынасы күнгірттеніп, формалық жағынан үлкен өзгерістерге ұшыраған жер-су атауларының да кең қолданысқа ие екендігін көрсетті. Олардың лексикалық мағынасын айқындау, құрамындағы көне түбірлердің фонетикалық тұрғыдан өзгеріске түсу заңдылықтарын ажырату – тіліміздің өте ерте кезеңдердегі лексикалық қорын танып-білуге жол ашатыны сөзсіз. Себебі топонимдік материалдар ана тіліміздің әрбір кезеңіндегі тілдік қабаттарын өз бойында сақтап, кейінгі ұрпаққа өзгеріссіз жеткізуге қабілетті келеді. Ондай топонимдер тобы біз сөз етіп отырған өңір жер-су атауларына да қатысты. Біз оларды көне формаларының қолданылу аясы мен тілдік ерекшеліктеріне қарай 1. алтай, 2. көне түркі, 3. көне қазақ тілі дәуірлеріне тән топонимдер деп үш топқа бөле қарастырамыз. Яғни, топонимдерді жоғарыдағыдай топтарға бөле қарастыру – белгілі бір тілдің даму, қалыптасу жолдарының дәуірлік кезеңдерін аймақтық топонимдер материалдары негізінде дәлелдеп шығуға көмектеседі.

Алтай тіл бірлестігі дәуіріне тән атаулар. Бұл топтағы атаулар мағынасы күнгірттенгенімен қатар құрамындағы көне формаларды этимологиялық зерттеулерсіз айқындау мүмкін еместігімен де ерекшеленеді. Этимологиялық зерттеулер арқылы айқындалған түбірлер түркі-монғол тіл бірлестігінен де арғы дәуірлердің тіл заңдылықтарымен ұштасып жатады. Олардың құрамындағы синкретикалық түбірлерді ашып, көне морфемалар қызметін дәлелдеу үшін алтай тобы тілдері сөздіктерін қарастыру жеткіліксіз, әрі ол дәуірге тән тілдердің тілдік заңдылықтарын белгілі бір топтағы топонимдер негізінде дәлелдеп шығу да қиынның қиыны. Топонимдер номинациясы жүйелі құбылыс болып табылатындықтан бір тілдік дәуірге тән топонимдерді аймақтық деңгейде зерттеп, олардың нәтижелері барысында халықтық топонимиканың тұтас дәуірлік кезеңдері туралы ой түйіндеп, изоглоссалық таралу негізін айқындау – қазақ топонимикасының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Дегенмен ондай ортақтықтың алтай тобындағы тілдердің генеологиялық туыстығына емес, тілдер арасындағы типологиялық ұқсастықтарына негізделгенін жақтайтын ғалымдар да бар Алайда, алтаист ғалымдардың басым тобы алтай семьясына енетін тілдердің генетикалық жақындығын қолдайды. Алтай тобы тілдері

этимологиясымен айналысушы ғалым В.И.Цинциус алтай тілдеріндегі лексикалық ортақтықты анықтаудың конструктивтік принципін ұсыну барысында лексикалық композиция тәсілінің тиімділігін атап көрсетеді: «Нақты лексика-тематикалық топтарда лексикалық композиция тәсілі, яғни жеке сөздердің немесе түбір элементтердің тіркесуі мен бірігуі арқылы жаңа сөздер пайда болу құбылысы алтайлық ортақтыққа тән екендігі айқын көрініс береді. Мұнда, алғашында өздерінің индивидуальды фонеморфологиялық кейпін жоғалтқан тәрізді көрінетін сөз тіркестерінің лексикализациясы мен сөздердің бірігуі арқылы жасалған лексикалық кірігулер анықталады.

Орталық Қазақстан топонимдері құрамында көрсетілген лексика-тематикалық топқа сәйкес Ботақара, Түйешөккен, Құлаайғыр, Айғыржал, Атансор, Ешкіөлмес, Бурылбайтал, Байтал және т.б. топонимдер ұшырасады. Бұл топонимдердегі мал атауларының аталған тілдер тополексемасында ұқсас формада кеңінен қолданыс табуы – ол халықтардың мал шаруашылығына негізделген мәдениетінің тым көне дәуірден бастау алатынын көрсетеді. Е.В.Севортян айғыр сөзінің түркі тілдері қолданымындағы ең көне форма екендігін айтып (түрік диалектісінде *ajkir*) оны кіг аффиксінің басындағы к дыбысының ұянданбауымен түсіндіреді. Әрі айғыр лексемасының түркі тілдерінде «жылқы малының үйірге түсетін, піштірілмеген еркегі» мағынасымен қатар якут тілінде «бір үйір жылқы», чуваш тілінде «еркек», түрікмен диалектісінде «қызба», «ыстыққанды» т.б. ауыспалы мағынада қолданылатынын айтады [1,107]. Қазақ тілінде де айғыр лексемасы ауыспалы мағынада белгілі бір топты, көлемділікті білдіре береді. Мысалы, «айғыр топ кісі» қолданымында кісілердің айғыр үйіріндегі жылқылардың санымен шамалас тобын білдіріп тұр. Әрі өңір топонимдерінде ұшырасатын айғыр тополексемасы тек биіктікті ғана емес, сонымен қатар оронимнің көлемділігін де бейнелей береді. Мәселен, аталған өңірде ұшырасатын Ақешкі, Ботақара, Байтал, Бұзаутөбе т.б. оронимдері биіктігі мен көлемі жағынан Айғыржал, Айғырұшқан т.б. айғыр лексемасына қатысты аталған оронимдерден көлемсіз, ықшам, әрі аласа болып келеді.

Орталық Қазақстан топонимдері құрамындағы кейбір географиялық терминдерді алтай тобындағы географиялық терминдермен салыстыра қарастыру барысында олардың формалық әрі мағыналық ұқсастықта ұшырасатынын байқадық. В.М.Иллич-Свитыч ностратикалық тілдерде алт. // тюрк. *Kol*: тувин. *Xol* «сухое русло»; др.-уйгур. (Кашгари) *gol* «сухой дол», (QB) *gol* «низменность, бассейн реки»; каракалпак. *kol* «небольшой арык», туркмен. *gol* «небольшая равнина среди песков» // монг. письм. *gool* (редкий случай отражения долготы), ордос., халха *gol* «река, долина; сердцевина дерева, внутренность, середина»; дагур. *gole* «центр, река»; монгол. *guog* «река; пространство между двумя горами вдоль русла реки»; калмык. *gol* «середина, русло реки»; моғол. *gol* «русло реки» // тунг.: маньчжур. *golo* «проходящая насквозь веревка, главный шов в одежде; сердцевина ствола; русло реки» мағыналарында қолданылатынын айтқан. Орталық Қазақстан өңірінде көл апеллятивіне қатысты мыңнан астам гидроним ұшырасты. Олардың ішіндегі ірілері – Балқаш, Теңіз, Қаракөл т.б. Бұлардың аумақ көлемі 7 км<sup>2</sup>-тан асады, қалғандары кіші көлдер қатарына жатады. Атаулық мағынасы көне дәуірлерге тән Балқаш, Теңіз гидронимдері жергілікті халық қолданымында көл гидротерминінсіз қолданылса, жасалуы жағынан жаңа дәуірлерге тән, әрі сапалық, сындық ұғымды білдіретін Сабындыкөл, Шұбаркөл, Маржанкөл, Қоскөл т.б. гидронимдер үнемі көл апеллятивіне қатысты аталады. Оның басты себебі Балқаш пен Теңіз гидронимдері ерте кезеңнен жеке тұрып-ақ үлкен су, көл мағынасын білдірген. Нақтылай айтқанда, Теңіз көлі төрттік кезең заманында, яғни бұдан бір миллион жыл бұрын пайда болған. Сондықтан да сол кезеңдерге тән ірі көлдер күні бүгінге дейін көлемінің кішірейгеніне қарамастан (Сілетітеңіз, Шағалалытеңіз) теңіз аталады. Теңіз апеллятиві – күні бүгінге дейін аталған топ тілдерінде ірі көл немесе теңіз ұғымын білдіретін көне термин. Түркі тілдеріндегі теңіз апеллятивін тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі *tengin* формасымен салыстыру барысында В.Котвич теңіз бен көл сөздерінің

семантикалық жігін ажыратудың қиын екендігіне тоқталса, Г.Дерфер теңіз формасының ежелгі мағынасы «үлкен су» екендігін айтқан.

Ал гидронимнің екінші компоненті «аш» туралы профессор Т.Жанұзақов пікірі төмендегідей. Ол бұл компоненттің қазақ топонимдерінде кең қолданысқа ие келетінін (Келес, Арыс, Ертіс, Ағанас т.б.). бұрынғы КСРО территориясындағы Чугунаш, Угас, Бардас, Нугуш т.б. гидронимдері құрамында ұшырасатынын, орал-алтай тобындағы тілдерде -аз, -ас, -ес, -ыс, -ыш, -иш, -ус фонетикалық варианттарында «су», «өзен» мағынасында қолданылатынына тоқтала келіп, бұл гидроним туралы ойын бұлайша қорытады: «Мы полагаем, что первоначальная аппелятивная основа Балқаш была балықаш «вода», а балқаш – его усеченная форма. Первый компонент балық означал «вода», его состав – синкретический корень бал – (ы) + аффикс -ық; топоформант аш в древности также означал «вода», «река». Впоследствии данное слово стало топоформантом, присущим урало – алтайским языкам [2,298-299]. Түбірлік сипаты орал-алтай тілдік дәуірінен басталатын балқаш лексемасы жергілікті өңірде «өзен, көл жағалауындағы батпақты, балшықты жер» ұғымында да қолданылады. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында да «борпылдақ», «жұмсақ жер» деген мағынада беріледі. Көне түркі тілінде балық (Өгізбалық т.б.) қала атауын білдірген. Біздіңше, ол қала құрылысының саз балшықтан салынуына сәйкес аталған. Ана тіліміздегі Балқаш сөзінің мән-мағынасы гидронимнің көл жағалауының қалың қамысты, балшық, саз, лайлы болып келуіне байланысты да аталуы мүмкін деген ой айтуға итермелейді. Жергілікті тұрғындар Балқаш көлінің жағалаулары өткен ғасырдың ортасына дейін қалың қорыс қамысты, сазды, лайлы болып келгендігін күні бүгінге дейін айтады.

Балқан – Қарқаралы ауданындағы ороним, қазіргі кезеңде Қу тауы деп аталынады. XX ғ.басына дейін Балқан тауы аталған. Тау қатты өртеніп, ағаштары жанып кеткен соң Қу тауы аталып кеткен. Халық аузындағы

«Балқан, Балқан, Балқан тау

Ол да, біздің көрген тау», – мәтелі де бұл оронимнің көнелігінің кепіліндей. Оны тілдік деректер де дәлелдей түседі. Атау екі компоненттен тұрады. Бал+қан. Алғашқы компоненті туралы Балқаш гидрониміне байланысты тоқталдық. Кан/кен синкретикалық түбірлерінің қазақ тілінде де «өзен» ұғымында қолданылатынын академик А.Т.Қайдаров та айтқан. Яғни қан компоненті алтай дәуірінде «өзен», «су» ұғымын білдірген. Бал түбірімен қосылғанда білдіретін мағынасы –«сулы, дымқыл, сазды, яғни жасыл желекті тау». Тау орманы өртенген соң су мен дымқыл азайып, ағашы сирегендіктен кейін Қу тауы аталып кеткен.

Шібірбидайық – Ұлытау ауданындағы шат, қуыс. Атаудың алғашқы компоненті шібірдің арғы тегі көне түркі және монғол тілдеріндегі шұбар, шібер, шэбер, шебір формаларымен түбірлес тұлға «сібір» сөзінің фонетикалық көрінісі [5,242]. Яғни Шібер, Сібір топонимдерінің бастапқы мағыналары «өзенді, сулы, орман-тоғайлы, қалың шөпті, саздауыт өңір» дегенді білдірмек. Ал Шібірбидайық топонимінің екінші компоненті бидайық – сулы жерде өсетін өсімдік. Бидайық – астық тұқымдас көп жылғы өсімдік [5,100]. Ол шібір тополексемасымен бірігіп, тау қойнауындағы бидайықты, өсімдікті шат деген ұғымда қолданылып тұр. Оны аталған өңірдің жер жағдайы да дәлелдей түседі.

Көкдомбақ – Ақтоғай ауданының оңт. бат.-дағы тау, биіктігі – 600 метрдей және Ұлыт. ауд.-ы жерінде де осы аттас шоқы ұшырасты. Ороним екі компоненттен тұрады, көк+домбақ < Көкдомбақ. Атаудың алғашқы компоненті алтай тобындағы тілдерде кең таралған құбылыс. Ол тұңғыс-маньчжур тобы тілдерінде: эвенк. куку (<моңғ.) «көк», «жасыл», «көксұр»; сол. хохо вара «көк»; маньчж. куку, кук 1. «қара», 2. «көк» т.б. Түркі тобындағы тілдерде көк сөзі «көк», «жасыл», «сұр», «қара» (ауысп. мағынада) түстері мен «көкөніс», «жасыл шөп», «аспан», «тәңір» және т.б. мағыналарды білдіреді. Алайда көк лексемасының түр-түске қатысты мағыналары қазақ тілінде кең қолданымға ие және топонимдік қызметі де жан-жақты. Бұл апелляция негізінен гидроним мен оронимдер құрамында жиі ұшырасады. Орталық Қазақстан жерінде оронимдік қызметі басым

келеді.

Бұл жайлар төмек, томпақ, домбақ формаларының үндіевропа, алтай тобы тілдеріндегі көне төң, дөң түбірлерінен тарағанын көрсетеді. Дөң // төң түбірлерінен тараған географиялық терминдердің ең көне формасы – домбақ. Атаудың алғашқы компоненті көк те көне форма, олардың бірігуінен Көкдомбақ оронимі жасалған. Білдіретін мағынасы – сыртқы бетін жасыл өсімдік жапқан аласа тау, төбе.

Қатынкөл көлі – Қарқаралы ауданының солтүстігіндегі Қарасор көлінен 6 км. жерде. Қатынұя – Бүркітті тауындағы қуыс, Қатынқопа – Нұра ауданындағы көл. Ал республика өңірінде Катонқарағай – Шығыс Қазақстан облысында; Алтай округінде Катунь өзені, Катунь жотасы кездеседі. Осы катунь, катон, қатын сөздерінің этимологиясын көптеген ғалымдар еңбектерінен кездестіреміз. Э.М.Мурзаев Монғолия және Сібірдегі катунь//хатан болып келетін өзен аттарын көне түркі тіліндегі «өзен» деген сөз деп қарайды. Қазіргі қазақ тілінде қайың сөзі «әйел мен күйеудің туысы» мағынасын береді де, аздаған дыбыстық ауытқулармен басқа түркі тілдерінде де кездеседі. М.Қашқари сөздігіндегі қазің сөзі мен қазақ тіліндегі қайың және қатын сөздері түркі тілдеріндегі белгілі заңдылық –з /д //т /й/ дыбыс алмасу негізінде пайда болған ол бастағы бір сөз. Осыдан Қатынкөл атауындағы қатын сөзінің ежелгі қазын, қадын, қатын, қайың формаларында кездесетінін байқаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

6. *Топоров В.Н. О некоторых теоретических основаниях этимологи-ческого анализа // Вопросы языкознания, 1960, №3. - С. 44-53.*
7. *Пизани В. Этимология. История-проблемы-методы, Москва, Ин. литература, 1956. - 188 с.*
8. *Абаев В.И. О принципах этимологического словаря. ВЯ., 1952, № 5. - С. 56-62.*
9. *Славский Ф. Из опыта работы над этимологическим словарем польского языка ВЯ., 1967, №4. - С. 55-59.*
10. *Барци Г. Современное состояние исследований лексики венгерского языка. ВЯ., 1967. - С. 60-66.*

**Советхан А., Сембиев К.З.**

#### **ТОПОНИМИЧЕСКИЕ ИМЕНА, СОСТАВЛЕННЫЕ НА ОСНОВЕ РОДНОГО ЯЗЫКА**

*Изучение историко-лингвистических, этнологических, стратиграфических, этнолингвистических тонкостей региональной топонимии конкретного региона в статье приводит к раскрытию закономерностей формирования, закрепления, диалектического пересечения между собой внутренних логических и языковых, этномазмных, лингвогеографических структур любой региональной топонимической системы.*

**Ключевые слова:** *этимология, топонимы, этимолог, историческая лексикология, лексема, моделирование, ареально – лингвистический метод, родной язык, Алтайская языковая группа.*

**Sovetkhan A., Sembiev K.Z.**

#### **TOPONYMIC NAMES BASED ON THE NATIVE LANGUAGE**

*The study of historical-linguistic, ethnological, stratigraphic, ethno-linguistic subtleties of regional toponymy of a particular region in the article leads to the disclosure of the patterns of formation, consolidation, dialectical intersection of internal logical and linguistic, ethnomasmic, linguistic-geographical structures of any regional toponymic system.*

**Keywords:** *etymology, toponyms, etymologist, historical lexicology, lexeme, modeling, areal – linguistic method, native language, Altai language group.*

Таймасова Ж.Б.  
Восточно-Казахстанский университет им. С.Аманжолова,  
Усть-Каменогорск, Республика Казахстан  
E-mail: zhanna.taymasova@mail.ru

### ПОЭТИЧЕСКОЕ ТВОРЧЕСТВО Р.БУРКИТБАЕВОЙ- НУКЕНОВОЙ

*В данной статье рассмотрено творчество казахстанской писательницы и поэтессы, у которой литературный дар как в мире поэзии, так и в художественной и документальной прозе. Главная тематика стихов поэтессы — любовь, природа, жизнь. В творчестве Р.Буркитбаевой-Нукеновой имеют место разнообразные стихи, а также произведения, заставляющие читателя глубоко задуматься. Автор наблюдает за окружающим миром, погодой, выражает свое мнение и радуется успехам своей страны.*

Раушан Буркитбаева-Нукенова -заслуженный деятель Республики Казахстан, член Союза писателей Казахстана, член международного ПЭН – клуба и Poetas del Mundo, лауреат международного поэтического конкурса имени Абая, поэт. Казахстанская писательница и поэтесса—, , член

Родилась 20 июля 1956 года в городе Тараз Жамбылской области, в семье учителей.

В 1980 году окончила факультет гигиены и санитарии Карагандинского государственного медицинского института. После окончания института работала санитарным врачом, бактериологом, эпидемиологом в городском санитарно-эпидемиологическом управлении города Алматы и Алматинской области. Однако помимо основной профессии, занималась и творчеством. Она является автором более 14 книг.

Главные темы ее стихов – любовь, природа и жизнь. Стихи разделены на три главы- «Край снов», «Галерея ночных иллюзий», «Река тишины».

Первые сборники поэтессы Арабески Любви (1996), Ночной Номад (1998) были опубликованы в конце 20-го века.

Творчество Раушан Буркитбаевой-Нукеновой хорошо известно за рубежом, ее книга «Таинство ночи» была опубликована в Москве в 2002 году.

В 2006 году автором был опубликован сборник поэзии и прозы в виде трех рассказов «Причал надежды».

Профессор кафедры русской и мировой литературы КАЗНПУ имени Абая говорит, что она обладает абсолютным литературным даром не только в поэзии, но и в документальной, художественной прозе, идущей по горчим следам истории и современности Казахстана.

Каждое стихотворение автора прекрасно по- своему, произведение «Ноктюрн» небольшое лирическое и музыкальное произведение, отвечающее своему названию.

*Плетут паутину звенящие спицы,  
Вечерние зори свежи.  
Полощутся в небе тревожные птицы,  
Стога прилегли у межи.  
Продрогшие ветви сомкнулись в печали.  
Ночи вдруг стали длинней.  
Осень играет ноктюрн на рояле-  
Россыпи светлых теней.*



Поэзия Буркитбаевой-Нукуновой полна любви к природе, родному дому, людям, жизни, имеет лирический характер и мелодичность.

Автор пишет о многом, но сама признается, что больше интересуется философией и психологией человеческой души. Будучи, зеркалом своей страны, поэтесса не может игнорировать социально – экономические и политические события, а тем более молчать, ее волнуют те же проблемы с которыми сталкиваются люди всей планеты, в том числе и казахский народ в 20-х, 21-х веках, она старается внести свой вклад в их решение. И делает это в форме уникальной поэзии.

Критики отмечают, что поэзия Раушан Буркитбаевой-Нукуновой эмоциональна и местами правдива, что обладает врожденной женственностью поэзии, что она открывает всем читателям мир женщин, которые остроумно, увлекательно излагают сложные мысли.

Автор больше, чем поэт в классическом понимании. В ее творчестве много следов творчества ее предков – акынов. Раушан Буркитбаева-Нукунова увлекается прозой, автор книг «Любовь кочевников», «Причал мечты.

В творчестве поэтессы есть стихи и поэмы, которые заставляют читателя глубоко задуматься и рассуждать. Это человек, который переживает за свою родину и человечество в целом. Ее серьезное отношение к современным экологическим и социальным проблемам способствовало к написанию произведения «Трагедия Аральского моря», «Алматы», «Интернет», «Куда ушли батыры?».

Автор наблюдает за окружающим миром, выражая свое отношение к мировым событиям, и радуется успехам своей страны «Астана».

«Полынный ветер» - это сборник стихов, который дает читателю прочувствовать переживания и мечты кочевников, борющихся за сохранение своей идентичности и самоопределения в мире.

Гульсифат Шахиди пишет: «Раушан- поэт, который все видит и замечает все.

*...Когда же град воспоминаний  
Вдруг сердце скосит наповал,  
Ты извлеки из подсознанья  
Летящий в бездну перевал.  
Внизу, которого по-прежнему,  
Несется ъурная река,  
Где столько радости и нежности  
Дарила нежная рука.*

Врач по специальности, врачеватель по своей поэзии, Раушан многогранна в творчестве. А главное в нём – это звук, иногда задорный, радостный, но в основном - душевное монотонное, немного задумчивое и грустное. Именно такие звуки мы все слышали от своих старших, когда

они пели нам колыбельные...». [4]

Это еще одно доказательство тому, что поэтесса действительно обладает литературным даром.

#### **Список использованных источников**

1. Асель Омар, литературный критик, <https://mysl.kazgazeta.kz/news/15848>
2. Завитки каракуля, Р. Буркитбаева-Нукунова, 2016г.
3. Кувшин женских мелодий Раушан (Гульсифат Шахиди) / Проза.ру (proza.ru)
4. Литературный портал.
5. Писатели Казахстана: справочник/составитель: Камшыгер Саят, Жумашева Каирниса - Алматы: издательство «Аң арыс», 2009 год
6. Үш қоңыр, Республиканская газета литературы, культуры и творчества, №11 (273), 18.03. 2016г.

**Таймасова Ж.Б.**  
**Б.БҮРКІТБАЕВА-НУКЕНОВАНЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

*Бұл мақалада поэзия әлемінде де, көркем және деректі прозада да әдеби сыйы бар қазақстандық жазушы, ақынның шығармашылығы қарастырылған. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы — махаббат, табиғат, өмір. Р. Бүркітбаева-Нүкенованың шығармашылығында әр түрлі өлеңдер, сондай-ақ оқырманды терең ойландыратын шығармалар бар. Автор қоршаған әлемді, ауа-райын бақылайды, өз пікірін білдіреді және өз елінің жетістіктеріне қуанады.*

**Taymasova Zh.B.**  
**POETIC CREATIVITY OF R.BURKITBAEVA-NUKENOVA**

*This article examines the work of a Kazakh writer and poetess, who has a literary gift both in the world of poetry and in fiction and documentary prose. The main theme of the poet's poems is love, nature, life. In the works of R.Burkitbaeva-Nukenova, there are various poems, as well as works that make the reader think deeply. The author observes the world around him, the weather, expresses his opinion and rejoices at the success of his country.*

ӘОК 81:37.016

**Торемуратова Р.А.**  
№87 НОМ  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
rrrrrahima@mail.ru

**МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ БАҒДАРЛАМА АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМУ  
САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

*Тіл дамыту сабақтарын мультимедиялық бағдарлама арқылы оқыту жағдайында қысқа уақыт ішінде оқушыларға сөйлесім әрекетінің түрлерін бір-бірімен байланыста, кешенді түрде меңгертуге болады.*

**Тірек сөздер:** *ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, мультимедиялық бағдарламаны, коммуникативтік-интерактивтік жаттығулар, жеке тұлғаның коммуникативтік құзырлығын арттыру әдістері, проблемалық, дамыта оқытудың интерактивті әдістері, ақпараттандыру технологиясының негізгі қағидалары, білім беруде компьютерлік жүйелер.*

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Қазіргі заманғы, ғылыми-техникалық үдерістің қарқыны күннен-күнге өсуде. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің алдына да жаңа міндеттер жүктелуде. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияны практикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа ақпараттық технологияны меңгеру мұғалімнің білімін шыңдап ғана қоймай, интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және тағы басқа көптеген адами келбетін қалыптастыруына ықпал жасайды.

Тіл дамыту – қазіргі мектептің оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема – тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Сондықтан мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөледі. Тілдік материалды дұрыс таңдай білу (сөздің, сөйлемнің үлгілерін беру), оны дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асырылады. Демек, қазақ тілі пәнін

оқыту барысында мұғалім оқушының ойын логикалық жағынан дұрыс, анық, қазақ тілінің әдеби тілінің нормасына сай, грамматикалық, лексикалық, орфографиялық нормасына лайықты, дұрыс айта білуге үйретумен бірге, екінші жағынан ойын орфографиялық және пунктуациялық жағынан дұрыс жаза білуге жаттықтырады.

Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазып, оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету.

Тіл дамыту жұмысы, негізінен, мынадай төрт бағытта жүргізіледі: бірі – мәдени, әдеби сөйлей білу нормаларын үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстар жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгеру арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құратып үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан білім беру. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

Оқушының жазба және ауызша ойын дұрыс бере, айта білуіне үлгі беретін - мұғалім. Сондықтан мұғалім тілдің тарихын, грамматикасын, стилистикасын, орфографиясын, лексикасын, пунктуациясын жақсы біліп, меңгеруі қажет.

Қазақ тілі пәнінде тіл дамыту сабақтарын оқытуда мультимедиалық бағдарламаны қолдану арқылы оқытудың мынадай тиімді жақтарын көрсетуге болады:

- оқушылардың сөйлесім әрекетінің түрлері бойынша тілдік және коммуникативтік дағдылары мен біліктіліктерін мультимедиалық бағдарламаны қолдану арқылы тиімді қалыптастырып, дамытуға болады;

- сабақтың тілдік дағдыларын жетілдіру кезеңінде оқушылардың танымдық қызметін олардың мультимедиалық бағдарламамен өзіндік жұмысы ретінде ұйымдастыру арқылы тыңдалымдық, айтылымдық, оқылымдық, жазылымдық дағдыларын жетілдіруге болады және сабақтың келесі кезеңіндегі тілдік орталардағы интерактивті тілдесім әрекетін жүзеге асыру үшін қажетті алғышарт жасалады;

- оқушылардың сөйлесім әрекетінің түрлерін бір-бірімен байланыста, кешенді түрде тиімді меңгеруі қазақ тілін оқыту үрдісінде мультимедиалық бағдарламаны қолданудың кезеңдерін дұрыс анықтаумен, сабақтың мультимедиалық бағдарламасыз өткізілетін кезеңдеріндегі оқыту мазмұнының мультимедиалық бағдарламаның мазмұнына бейімделуімен, дайындалған коммуникативтік-интерактивтік жаттығулардың мазмұнымен және сипатымен тікелей байланысты; коммуникативті, интерактивті және шығармашылық сипатта дайындалған жаттығулар кешені оқушылардың тілдік ортадағы белсенді оқу әрекетін тудырады, тілдесім біліктерін жетілдіріп, тілдік жіне қатысымдық құзырлылықтарын дамытады;

- оқушылардың сөйлесім әрекетінің тілдесім түрі бойынша біліктерін, яғни, қатысымдық құзырлылықтарын дамытып, жетілдіру белгілі бір тілдік ортада ғана тиімді жүзеге асырылады. Сондықтан қазақ тілін мультимедиалық бағдарлама арқылы оқытуда сабақтың мультимедиалық бағдарламамен өзіндік жұмыстан кейінгі кезеңін оқушылардың тілдік серіктестер тобындағы (сыныбындағы, тобындағы, жұбындағы) өзара интерактивті іс-әрекеті ретінде ұйымдастырудың маңызы зор;

Оқушылардың тілдік және қатысымдық дағдыларын олардың өзіндік жұмысы арқылы, ал тілдесімдік-қатысымдық құзырлылығын тілдік серіктестер топтарындағы өзара белсенді әрекеті арқылы дамытуда қазақ тілін мультимедиалық бағдарламалар арқылы оқытуға негізделген интеллектуалды-дамытушы және тұлғалық бағдарланған мультимедиалық ақпараттық технологиялар өте маңызды болып табылады.

Қазақ тілін оқытудағы мультимедиалық ақпараттық қорлар мен электронды оқу құралдарының негізгі қызметтерін мына тұрғыда жіктеп көрсетуге болады:

Мультимедиалық қорлар оқу материалын көрнекі түрде ұсынудың, әр түрлі ақпаратты алудың және талдаудың құралы бола алады;

мультимедиалық қорларды қолдану арқылы танымдық міндеттер мен тілдік оқу жағдаяттары негізінде ойлауды дамытуға; оқу материалдарын меңгеруге байланысты танымдық қызметті ұйымдастыруға; оқушылардың сөйлесім әрекетінің оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым түрлері бойынша тілдік және коммуникативтік дағдылары мен біліктерін және лексика-грамматикалық дағдыларын қалыптастырып, жетілдіруді тиімді түрде ұйымдастыруға болады;

мультимедиалық қорлар оқушылардың өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мен басқарудың құралы бола алады. [1]

Оқытуда мультимедиа құралдарын қолдану дидактиканың негізгі қағидаларын кешенді түрде іске асыру үшін өте қолайлы. Экрандағы сөздердің қимыл-қозғалысы, түрлі-түсті графикалық бейнелер, аудиовизуалды көрнекіліктер, бейнеқатар, бейнефильм, диктордың даусы – мұның барлығы оқушының белсенділігі мен жоғары мотивациялық қызығушылығын тудырып, саналы түрде өз бетінше ешқандай қорқынышсыз еркін жұмыс істеуіне, сөйтіп, оқу үрдісінің тиімді ұйымдастырылуына оң әсер етеді.

Мультимедиалық бағдарламада қызығушылықты туғызудың негізгі әдістері ретінде көрнекілік әдісі (аудиолық көрнекілік, визуалдық көрнекілік), анимация, интерактивті жаттығулар қолданылады.

Бағдарламадағы мәтін мазмұнымен танысудағы оқушы мен компьютердің өзара интерактивті әрекеті аудиолық, визуалдық, сөздік, аралас көрнекілік әдістері арқылы жүзеге асады. Лексикалық, грамматикалық ұғымдарды меңгертуде грамматикалық дағдылар мен біліктерді қалыптастырып, дамытуда көрнекілік әдісі түрлі графикалық көрнекіліктер – анимациялық кестелер, сызбалар – түрінде қолданылады.

Мультимедиалық бағдарламамен жұмыс жасау барысындағы (өз бетінше жаңа білімді меңгерудегі, бекітудегі, бақылау-бағдарлаудағы) оқушы мен компьютердің, оқытушы мен оқушының өзара әрекетін ұйымдастыруға негізделген оқытудың интерактивті әдістері оқушының танымдық қызметін ұйымдастыруда, қызығушылығын туғызуда, сөйлесім әрекетінің тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым түрлерін меңгертуде, сөйлесім мен тілдесім әрекеттері үшін қажетті тілдік және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруда өте маңызды қызмет атқарады.

Ал сабақтың оқушылардың сөйлесімдік, тілдесімдік біліктерін дамытып, жетілдіруге бағытталған келесі кезеңіндегі оқу үрдісі оқушылардың тілдік серіктестер тобындағы (ұжымы немесе жұбындағы) өзара әрекеті негізінде ұйымдастырылады. Сабақтың бұл кезеңінде оқушылардың тілдік ортадағы өзара әрекетіне негізделген оқу қызметін ұйымдастыруда, негізінен, қатысымдық әдіске сүйенуге болады. Оқушылардың топтағы, ұжымдағы, жұптағы оқу іс-әрекетін қатысымдық негізде ұйымдастыруда оқытушының ролі ерекше. Оқытушы оқу үрдісін мақсатқа сай дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушылар өздеріне ұсынылған тілдік жағдаяттар, проблемалық сұрақтар мен коммуникативтік-интерактивтік тапсырмаларды топта талқылап орындау барысында бір-бірімен қатысымдық іс-әрекетке түседі. Немесе берілген оқу міндеттерін шешуге байланысты топтағы полилогты, жұптағы диалогты, тағы басқа ұйымдастыруға болады.

Тыңдалымдық біліктер оқушылардың есту арқылы қабылдаған ақпаратын түсінуін, ойша қорыта білуін, талдап, жіктей алуын, өзінің жауап әрекетін құра білуін қамтамасыз етеді. Сабақтың мультимедиалық бағдарламасыз өткізілетін кезеңінде оқушылардың тыңдалымдық бірліктерін дамытуды ұйымдастыру үшін мынадай әдіс-тәсілдер қолданылады:

- оқытуды ұйымдастырудың ұжымдық (топтық, жұптық) әдісі, ақпаратты берудің аудиолық әдісі, көрнекілік әдісі, диалог әдісі, полилог, т.б.

Бұл кезеңдегі оқушыларға тыңдауға ұсынылатын мәтін мультимедиалық бағдарламадағы мәтінге байланысты таңдалып алынады және ол диалогтық сипатта болып, аудиотаспадан тыңдатылады. Бұдан соң тілдік серіктестер топтарына тыңдалған мәтінді түсініп-қабылдауға байланысты орындалатын жұмыстар түрлендіріліп беріледі. Жұмысты оқушылар топта өзара ақылдаса ойласа отырып орындайды. Жұмысты бұлайша орындау арқылы оқушылар, біріншіден, бір-бірімен өзара әрекет етіп, коммуникативтік қарым-қатынасқа түседі; екіншіден, бірінің білмегенін бірі толықтыра отырып, бір-бірінен үйренеді; үшіншіден, топтасып, ұжымдасып жұмыс жасауға үйренеді. Топтағы жұмыс барысында берілген мәтін мазмұнын талдау, саралау, жіктеу негізінде ойлау операциялары орындалып, нәтижесінде мәтін мазмұнын түсініп-қабылдау жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта «қоғамды ақпараттандыру», «білім беруді ақпараттандыру» деген сөз тіркестері біздің сөздік қорымызда жиі кездеседі. Олай болса, қоғамды ақпараттандыру дегеніміз – ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі, яғни адам өміріне іс-әрекеттік интеллектуалды түрлерінің жан-жақты әсер етуі мен ролінің жоғарылауына байланысты объективті прогресс.

Қазақ тілін оқытуда мультимедиалық бағдарламаны қолдану оқушылардың тілдік және сөйлесімдік дағдылары мен біліктерін дұрыс қалыптастырып, дамытуға, коммуникативтік құзырлылықтарын жетілдіруге септігін тигізеді.

Сайып келгенде, қазақ тілі сабақтары бойынша жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарын жоғарыда айтылған принциптерді ескере отырып ұйымдастыру пайдалы.

Сондықтан қазақ тілін оқыту-үйрету үдерісінде бұл технологияларды ұтымды қолдану үшін мұғалімдердің өз кәсіби шеберліктерін, ақпараттық-технологиялық құзыреттілігін үнемі дамытып отыруы заман талабы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. *Қазақ тілін оқыту методикасы. С.Рахметова «Ана тілі» 1991 ж.*
2. *Дамыта оқыту технологиялары. Б. А. Тұғырбаева Алматы, 2000*
3. *Қ. Сарбасова, Е. Омарбеков. Ақпараттық технология арқылы оқушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыру. Бастауыш мектеп. №4. 2006*
4. *Бейсенова Г. Жаңа ақпараттық технологияның тиімділігі. Қазақстан мектебі. №6. 2006*
5. *Сайдалиева И. Интерактивті тақтаны сабақта қолдану. «Қазақ тілі: әдістеме» №2-2008*
6. *Ә. Мұханбетжанова., А. Медешова. Мұғалім – оқу үрдісін ақпараттық технология арқылы ұйымдастырушы. Бастауыш мектеп. №4-2005*

**Торемуратова Р.А.**

#### **ЭФФЕКТИВНОСТЬ ЗАНЯТИЙ ПО РАЗВИТИЮ ЯЗЫКА С ПОМОЩЬЮ МУЛЬТИМЕДИЙНОЙ ПРОГРАММЫ**

*В случае проведения уроков развития речи через мультимедийную программу можно в короткие сроки обучать учащихся видам разговорных действий связно и комплексно.*

**Ключевые слова:** *информационно-коммуникационные технологии, мультимедийная программа, коммуникативно-интерактивные упражнения, методы повышения коммуникативной компетентности личности, проблемные, интерактивные методы развивающего обучения, основные принципы информационных технологий, компьютерные системы в образовании.*

**Toremuratova R.A.**

## **THE EFFICIENCY OF LANGUAGE DEVELOPMENT CLASSES WITH THE HELP OF A MULTIMEDIA PROGRAM**

*In the case of conducting speech development lessons through a multimedia program, it is possible to teach students the types of conversational actions in a coherent and comprehensive manner in a short time.*

**Key words:** *information and communication technologies, multimedia program, communicative and interactive exercises, methods of increasing the communicative competence of a person, problematic, interactive methods of developmental education, basic principles of information technologies, computer systems in education.*

ӘОК 371.268

**М.Ә. Хасен**

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті,  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы,

[mkhasen@yandex.ru](mailto:mkhasen@yandex.ru)

**Ғ.А. Хасенова**

қазақ тілі пәнінің мұғалімі №35 Ю.Н. Павлов атындағы ЖОББМ, Қарағанды,  
Қазақстан Республикасы

[khasenova\\_g@list.ru](mailto:khasenova_g@list.ru)

### **ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОЙ ӨЗЕГІ**

*Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі. Мақалада шығармаларындағы адамгершілік тәрбиесінің мақсаты - адамның бойындағы жоғары адамгершілікті, руханиятты белсенді түрде бекітуге деген ішкі қажеттілікті қалыптастыруы қарастырылған.*

Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын зерттеудің қайнар көзі, құбылыс. Жаны иманды, маңайына ізгілік нұрын шашқан «Мансаптың тағы» мен «Басының бағы үшін» мақтанға салынбай, нәпсіге билетпей болашақ ұрпақ қамы үшін еңбек еткен және сол мұратынан айнымай өмір сүрген ұлт зиялыларының бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Күнфудзы (Конфуций) – ханзу (қытай) жұртының ұлы ойшылы өзінің «Кеңес пен толғам» атты еңбегінде:

Зы, сен мені көп оқыған, оқығанның бәрін тоқыған кісі деп ойлайсың ба?

- Иә өзі де солай емес пе?

- Жоқ. Менің көкейімдегінің бәрі «бір - ақ жіптік» деген нақыл сөзін «Әмірші» тарауында «Жыр кітабындағы» үш жүз өлең:

«Ойында жоқ арамдық», - деген жалғыз-ақ жолға сиып тұр деп мағынасын аша түседі.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларындағы «бір- ақ жіптік» ой өзегі «Ар білімі» ақын шығармашылығының арқауы бүгінгі ұрпаққа берер тәлімін тәрбиеде пайдаланудың ғылыми әдістемелік жолдарының айқындалмауы, жоғары оқу орындарында тәрбие жүйесінде пайдалануды қарастырған зерттеу жұмысының жоқтығы, ұлттық педагогика тарихындағы жүйелі түрде тұтастай қарастырылмауы анық байқалады.

Бұл сұрақтар төңірегінде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Айқап» журналына берген:

Алланың адамды жаратудағы мақсұты не?

Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?

Адамға өлген соң, мейлі не жолмен болсын рахат – бейнет (сауап – азап) бар ма?

Ең жақсы адам не қылған кісі?

Заман өткен сайын адамдардың адамшылдығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма? «Бес сауалы» негізінде ізденіске түскенде Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармаларындағы ақынның адамдық борышты атқарудағы ар тазалығы, жан тазалығы мәселесін байқаймыз.

Көрнекті абайтанушы ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мекемтас Мырзақметовтың:

«Абай мен Шәкәрімдегі ар ғылымына бару үшін жәуанмәртлік ілімін танып білмей, ол салаға қадам баса алмайсың. Әрине, бұған да дендеп ену үшін Абайдың ақындық кітапханасына сүйенбей, ешнәрсе де тындыра алмайсың. Эклектикаға ұрынып, Абайды әлемнің ұлы ойшылдарымен салыстыра беруден ешнәрсе шығара алмаймыз. Абайдың ұлылығы оның шығармаларында жатыр, соны ғылыми негізде танып білу арқылы ғана жаңалық аша алмақпыз. Бұл екінің бірінің қолынан келе беретін оңай жол емес.

Абайдың өзгеден алған нәрін танып білгенде ғана зерттеуші атаулы оның өзгеге берген нәрінің табиғатын аша алады. Абайдың ақын шәкірттері мен ақындық дәстүрін дамытушыларды ажырата білу керек. Абайдың ақын шәкірттері деп Абаймен күнделікті өмірде тікелей араласып, ақыл-кеңесін тындаған әрі ақын мұрасын таратуға атсалысқан өнер саңлақтарын айтамыз. Ал, бұлардан кейін шыққандар Абайдың ақындық дәстүрін дамытушылар деп аталады. Абайдың ақын шәкіттерінің ішінде Шәкәрімнің орны бөлекше, ол Абай шәкірттерінің ішіндегі бас шәкірті деп аталады. Өйткені, оның ақындық өнерімен қоса ойшылдық тереңдігі, философиялық толғаныстары өз заманы үшін теңдесі жоқ қайталанбас рухани құбылысқа айналды. Абайды терең танып білгендер ғана Шәкәрімнің ойшылдық табиғатына адаспай жол таба алмақ» деген ой пікіріне сүйенудің негізінде Абай шығармашылығына тың көзқарас және Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларындағы үндестік, жеке тұлға танымын қалыптастырудағы бүкіл жаратылысқа махаббат көзімен қарау, адамды сүю, Алланы сүю, қоршаған ортаға деген құрмет осылармен үйлесімділікте ғұмыр кешу – тұтастыққа апаратын бағытты бағамдай аламыз.

«Әр адамның ары оянып, оның істеріне төреші бола ала ма, әлде адам бірден Құдайына жалбарына ма? Ары оянбаған адамның дін жолына түскенінен не қайыр?! Абайдың «имани гүл» деп аталатын концепциясы, осы ар білімінің негізі емес пе екен деген ойға келіп отырмын. Ол Жаратушыны сүюді, адам-затты сүюді, әділеттілікті сүюді орындап барып дін жолына түсуді өсиет еткені көпшілікке белгілі. Осы үш сүюді Абай «имани гүл» дейді. Әрине, бұл ғылым

тілінен гөрі, метафоралық мәнге жақын түсінік, бірақ терең ұғымға бастайтын - идея. Мәселе шешімі қиын. Шәкәрім сондықтан болар, Ар білімі деген арнайы білім жүйесі қажет деген» [1].

Шәкәрім шығармашылығын оқығанда Абайдың терең ойлы маржан сөздерін ойға түсіреді. Ол – заңдылық.. Абай атамыздың «Рақымдылық, мейірбандық, әр түрлі істе адам баласына өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар – жүрек ісі» деген афоризм боп қалыптасып кеткен. Осы сөзге жақсылық жасау, мейірімді болу идеясы Шәкәрім поэзиясында су, от, жел, жер секілді ұғымдардың екі жағын, екі түрлі қасиетін салыстырмалы түрде жырлайды да, соның айналаңа пайдасы болар жағын қала дегенді айтады.

Кез келген қоғамның даму барысын, оның әлеуметтік – экономикалық, қоғамдық – саяси және мәдени жақтарының мүмкіндіктері арқылы қараумен қатар, яғни сол қоғамның мүшесінің адам ретіндегі сапалық деңгейімен де салмақтау қажет сияқты.

Осы тұрғыдан қарағанда жан-жақты дамыған, үлкен мәдениеті, кең дүниетанымдық көзқарасы бар қоғам мүшесін қалыптастыру кешегі күні де қандай өзекті болса, бүгіндері тіпті де маңызды бола түсетіні анық. Өйткені қазіргі өмірдің жақсылы-жаманды әсері қалай болғанда да бүгінгі адамның рухани дүниесін қалыптастыруда бірінші орынға шыққаны рас. Сондықтан да болар, бүгінгі жаһандану үрдісіне меңзей отыра, ғалым Манаш Қозыбаев «Біз мынау цивилизацияның дүрмегіне орай, урбанизация деген ағымға еріп, адамгершілік тәрбиені төмендетіп алдық. Сондықтан жас ұрпаққа сапалы білім берумен қатар олардың адамгершілік қасиетін жоғалтпауға көңіл бөлуіміз керек сияқты» деп тұжырым жасайды.

Шындығында, адамның бойына ізгіліктің қасиеттерін талмай сіңіре беру қажеттілік. Ұрпақтар алдындағы жауапкершілік, сірә, бостандықтың нағыз бағасын түсіну шығар.

Иә, солай, дүниеге еркін ойы бар, іскер, өмірге бейім, сонымен бірге тұла бойына үлкен адамгершілік қасиетті сіңірген адам ертеңгі күннің негізі болмақ. Адам бойындағы ең ізгі қасиет-адамгершілікті өз шығармаларының туы жасаған, оны ең өзекті сұрақ, мәселе етіп қойғандардың бірі – Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы болатын. Болмысындағы мүмкіндікті пайдалана отырып, қанағатқа ұмтылу рухтың тереңдігі «талпынған мақсат іздеп мақұрым қалмас» деп ой- пікірін айтады. Ақын туған халқын жарық сәулеге үндеумен ғана шектелмейді. Ел тірлігіндегі кеселді құбылыстарды ашады, алға жылжуға бөгесін, кертартпа сананы әшкерелейді, діни және рухани соқырлықтың мән-мағынасын ашуға тырысады. Адам баласының басқа тіршілік иелерінен айырым белгілерін сөз етеді. Адамның өзгеше болмыс-бітімін, оның ақыл-ойын ғана емес, түйсік-сезімін, тіпті физиологиялық ерекшеліктерін де шығармаларына арқау етеді.

Адал адамның адалдығының басы адал еңбек деу Шәкәрім шығармаларындағы адал іс-хәрекет, таза еңбек адамы мағынасындағы қолданыстары:

«Арсыз, арам айланы тастасалық, Адал іске талаппен бастасалық», «Адал сол — таза еңбекпен күнін көріп, жаны үшін адамшылық ар сақтайды», «Талаптан адал істі істемекпіз, Тапсырдық бір Аллаһқа біз демекпіз», «Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар, Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек», «Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп, Таза ақыл косылса, Өлемнің таласын», «Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, — Бұл төртеуін кім кылса, шын адам сол».

«Үш анық» философиялық трактатында: «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс - ұждан. Ұждан дегеніміз ынсап, әділет, мейірім» дейді.

Адал адамның адалдығының басы адал еңбек деу Шәкәрім шығармаларындағы адал іс-хәрекет, таза еңбек адамы мағынасындағы қолданыстары:

«Арсыз, арам айланы тастасалық, Адал іске талаппен бастасалық», «Адал сол — таза еңбекпен күнін көріп, жаны үшін адамшылық ар сақтайды», «Талаптан адал істі істемекпіз, Тапсырдық бір Аллаһқа біз демекпіз», «Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар, Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек», «Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп, Таза ақыл косылса, Өлемнің таласын», «Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек, — Бұл төртеуін кім кылса, шын адам сол».

«Шәкәрім қойған сұрақтың бірі - «Не қылған жөн»? мәселесі адамзат баласының мына жалған фәни өткінші дүниеде «боқтың қабы» болып тоғышар қалыпта қалу ма, әлде рухани қазына көзін ізденіп, Абай негізін салған толық адам ілімінің тертесін ұстап, адам болудың жолына біржолата түсуі ме деген сұрақтарға жауап іздейді. Екі ой алыбының мақсаты - тілге көнсе қазағын һәм жалпы адамзат баласын осы жолға салу,



ізгілікке бастау. Өйткені, бүгінгі күнгі адамзаттың алдына ең өзекті мәселе ретінде Шәкәрімнің:

Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,  
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес, -

деген моральдық тезист қойылып отырғанын мойындауымыз керек. Әрине, ол ар түзететін ғылым - Абай негізін қалаған толық адам ілімі. Осы ілім толық зерттеліп, ғылыми тұрғыдан жүйеленіп жолға қойылса, қоғам үшін теңдесі жоқ рухани қазына көзіне айналары хақ» [1].

Шәкәрім Құдайбердіұлының кез- келген өлеңдерін, дастандарын, прозалық шығармалары мен қара сөздерін алсаңыз, оның мағынасында үлкен тәлімдік мәні бар адамгершілік мәселелерінің жатқанын көресіз. Біз осыдан соң ақынның өз шығармаларын жай шабытын шығару үшін ғана емес, үлкен мақсатпен, терең оймен жазатынын байқаймыз. Оның өлеңдерінің бір бөлігі қоғамның келешегі жастарға арналады. Оларда ақын жастарды білім алуға, адал еңбек етуге шақырады

Ақылды сол –ынсаппен ар сақтайды  
Арсыз сол- арамдықпен жан сақтайды.  
Адал сол- таза еңбекпен күнін көріп,  
Жан үшін адамшылық ар сатпайды.

Қазақта «жаным – арымның садағасы» деген сөз бар, дүниеде адамға ғана тән, ар, ұят, ождан бәрінен де қымбат. Жеке адамның дамуында кездесетін уақытша қиындықты жоғары саналы әрекетпен жеңу, адамзаттық сапаларының бағасын арттырады.

Ол барша адамзатты бауыр тұтады. «Анадан алғаш туғанымда...» өлеңінде:

Еңбекке шыда, ебін тап та,  
«Сабырдың түбі – сары алтын».  
Өзімшіл болма, көпті ардақта,  
Адамның бәрі - өз халқың.  
Ынсап пен мейірім, әділетті,  
Жанындай көріп, жан сақта.  
Ол жолда өлсек неміз кетті,

Мақсұтқа жетпей қалсақ та – деп бірлікке, тұтастыққа жетудегі имандылық жолын ұсынады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. *Әдебиет танытқыш*. –Астана 2008.68, б.
2. М. Мырзахметұлы. *Ар түзейтін бір ғылым табылмаса. Abaialemi*

#### **Хасен М. А., Хасенова Г. А. МЫСЛИ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИУЛЫ**

*Наследие Шакарима Кудайбердиевича-источник исследований нашего народа, который веками передавался из поколения в поколение, не разрушая его значения. В статье рассматривается цель нравственного воспитания - формирование у человека внутренней потребности в активном утверждении высокой нравственности, духовности.*

#### **Khasen M. A., Khasenova G. A. SHAKARIM KUDAIBERDIULY THE CORE OF THOUGHT IN HIS WORKS**

*The legacy of Shakarim Kudaiberdiyev is a source of research of our people, which has been passed down from generation to generation for centuries without destroying its significance. The article discusses the purpose of moral education - the formation of a person's inner need for the active affirmation of high morality, spirituality.*

**КӨПТІЛДІЛІК ӘЛЕМДЕГІ ҚАЗІРГІ  
ТІЛДІК ЖАҒДАЙЛАР**



**СОВРЕМЕННАЯ ЯЗЫКОВАЯ СИТУАЦИЯ  
В ПОЛИЯЗЫЧНОМ МИРЕ**



**MODERN LINGUISTIC SITUATION IN  
MULTILINGUAL WORD**

Артюхова А.А.,  
КГУ "Еремеевская начальная школа",  
с. Еремеевка. район Магжана Жумабаева  
Северо-Казахстанская область, Республика Казахстан  
Елисеенко К.В.

КГУ «Чистовская СШ», с.Чистовское. район Магжана Жумабаева  
Северо-Казахстанская область, Республика Казахстан

## СМЫСЛОВАЯ ВАЖНОСТЬ НАРЕЧИЙ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

*В статье рассматриваются смысловая важность наречий в английском языке, семантические, грамматические и стилистические особенности. Приведены понятия о наречии, его образовании и лексическом значении. Обращается внимание на интенсивное развитие наречий в английском языке, а также о роли наречий в предложениях.*

Сегодня все больше и больше людей хотят изучать английский язык. Он более живой, гибкий и поддающийся изменениям. Следовательно, есть больше причин использовать его во время путешествий и деловых переговоров. Также английский язык считается одним из самых богатых языков мира. Он обладает огромным количеством лексических единиц и выразительных средств, позволяющих сделать речь богатой и многогранной. Основу индивидуального авторского стиля могут составлять не только грамматические конструкции и стилистических приемов, но и выбор лексики.

Наречия в английском языке помогают сделать речь более яркой, эмоциональной и красочной. Иногда достаточно одного слова, чтобы передать смысл предложения или сделать акцент на сказанном. Изучая образование наречий в английском языке на примерах, вы сможете легче понять особенности составления слов, а также выучите исключения.

Наречие – довольно сложная область английского языка, с которой трудно справиться. Было сказано, что, когда все другие слова английского языка были классифицированы как существительные, глаголы, предлоги и т. д. те, что остались, были выброшены в класс наречий, потому что никто не знал, что еще с ними делать. Даже если это не совсем исторически точно, оно определенно описывает запутанное состояние этого класса слов.

Интенсивное развитие наречий в английском языке, очевидно, обусловлено не одним фактором, а несколькими взаимосвязанными причинами, такими как односложный характер английского языка и его аналитическая структура. Общеизвестно, что для обеспечения адекватного перевода Переводчик должен уметь улавливать нюансы в семантике как исходного, так и целевого текстов.

Она также имеет общий для всего человечества интернациональный характер, которому исторические условия придают свой национальный колорит, свое самовыражение. Именно поэтому мы говорим о национальной специфике, которая сформировалась в определенных исторических, социальных, географических условиях этой страны. Этот специфический характер имеет достаточно конкретное выражение там, где преобладает тот или иной признак и который проявляется в той или иной национальной форме. Национальная самобытность отражается в литературе и других областях общественных наук, и она тем значительнее, чем богаче содержанием, прогрессивностью, яркостью: другие народы обогащаются, встречаясь с ней, открывая в ней что-то новое, интересное, полезное и важное для них в этой специфике.

Наречия имеют различные лексические значения и отличаются друг от друга по своей структуре и роли в предложении. Структурно некоторые наречия представляют собой отдельные слова (например, быстро, хорошо, ясно, как-то, нигде, сбоку, на юг и т. д.), другие-фразы (например, наконец, все время, сначала, спереди, сверху, с тех пор, до тех пор, в кои-то веки, послезавтра, внезапно, в результате и т. д.).

Большинство наречий служат для модификации глаголов, прилагательных и других наречий в предложении. Например, он говорил решительно.

Они приедут сюда завтра.

Он знал это с самого начала.

Моя мать выглядела несколько бледной.

Наречия особенны тем, что с их помощью можно не только украсить английскую речь, но и выразить мысль емко и точно. Такие слова могут описывать глагол (действие), а так же усиливать и подчеркивать значение другого признака (прилагательного или еще одного наречия).

Помните, что английский язык – язык исключений из правил, поэтому обязательно изучайте не только основные правила, но и примеры с исключениями. Свообразные воображаемые таблицы всегда должны быть в вашей памяти, тогда ваша речь будет грамотной и правильной.

#### **Список использованных источников:**

1. <https://speakenglishwell.ru/obrazovanie-narechij-v-anglijskom-yazyke-pravila-i-isklyucheniya/#i-6>.

2. Кәдірқұл К.: Курсовая работа "The problem of classifying adverbs and their function" г., Караганда Академия Bolashaq. 2019 г.

3. <https://speakenglishwell.ru/obrazovanie-narechij-v-anglijskom-yazyke-pravila-i-isklyucheniya/>.

4. <https://englishbro.ru/grammar/adverbs-in-english>.

**Артюхова А.А., Елисеенко К.В.**

### **ҮСТЕУДІҢ АҒЫЛШЫҢ ТІЛІНДЕГІ МАҒЫНАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Мақалада үстеудің ағылшын тіліндегі мағыналық маңыздылығын, семантикалық, грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктері айтылады. Онда үстеу, білім, лексикалық мән туралы түсініктеме берілген. Ағылшын тіліндегі мәтіндерді қарқынды дамытуға назар аударылады. Сөйлемдегі үстеудің рөлі қарастырылады.*

**Artyukhova A.A., Eliseenko K.V.**

### **THE SIGNIFICANT IMPORTANCE OF ADVERBS IN THE ENGLISH LANGUAGE**

*The article discusses the semantic importance of adverbs in the English language, semantic, grammatical and stylistic features. The concepts of the adverb, its formation and lexical meaning are given. Attention is drawn to the intensive development of adverbs in English, as well as the role of adverbs in sentences.*

Abeldinova A.T.  
Aizada\_98\_aizada@list.ru  
Academy "Bolashaq", Karaganda, Republic of Kazakhstan

## **DEVELOPMENT OF SKILLS AND ABILITIES OF DIALOGIC SPEECH AT THE INITIAL STAGE OF TEACHING ENGLISH**

*This article is devoted to the peculiarities of teaching dialogic speech in English lessons. The concept and approaches of learning dialogical speech are considered, also the model of learning dialogical speech is considered within the framework of the inductive approach*

The relevance of the work is due to the special place that dialogic speech occupies in the methodology of teaching foreign languages. The object of the study is the educational process in a secondary school. The subject of our research is dialogic speech. The problem of the research is the teaching of dialogic speech at the initial stage of training.

The main and leading goal in teaching foreign languages in a comprehensive school is a communicative goal, which determines the entire educational process. One of the main forms of speech communication is dialogic speech. The development of dialogic speech in a foreign language being studied is one of the most acute problems of modern pedagogical science.

Modern requirements for dialogic speech - to teach students to conduct a conversation in a foreign language being studied - are not always fully fulfilled. The current situation requires new searches for a more rational method of teaching dialogic speech, in which the desired practical results would be achieved in the shortest way, with minimal time and effort, and the learning process itself would become feasible, interesting and exciting for students. [1, c. 40]

Despite the fact that dialogic speech is more complicated than monologue, it is through dialogue that individual speech patterns, whole structures, are worked out and remembered, which are then used in monologue speech. Already at the initial stage of learning English, students can, and the teacher should help them acquire the ability to use the language being studied for communication. [2, c. 58-60]

At the initial stage, the oral beginning from the first steps creates conditions for the disclosure of the communicative function of the language, taking into account the ability of a student of 8-10 years to perceive sounding speech more easily and reproduce what he hears, and brings the learning process closer to the conditions of real communication, which arouses students' interest in the subject and creates high motivation to learn English. [3, c.51 ]

Speaking about the tasks of teaching dialogue, it should be noted that the methodology of teaching dialogic speech has recently become an independent aspect of teaching oral speech. These include: the ratio of dialogic and monologue speech in a high school course; principles and techniques for creating a communicative environment in the classroom; features of speech perception in the process of dialogue; selection of situations underlying dialogue learning at different stages of learning; methods of creating a dialogic speech situation in the classroom; the possibility of using TSO for teaching dialogue; selection of material for teaching dialogue. [4, c.54]

A dialogue is a form of speech in which there is a direct exchange of statements between two or more persons. At the heart of any dialogue are various statements, the combination of which constitutes its essence. Dialogic speech has its own peculiarities regarding the selection, design and functional orientation of the use of language material. In the methodology of teaching foreign languages, there are two ways of teaching dialogic speech – deductive and inductive. [5, c.145]

With the deductive approach, learning begins with a whole dialogical sample, considered as a structural and intonational standard for building similar ones. The sample dialog is a dialogic complex, it consists of several dialogic units. [6, c.250]

ВОИС сегодня – это глобальный форум, занимающийся вопросами политики, укрепления сотрудничества, предоставления услуг и информации в области интеллектуальной собственности. На сегодня в ВОИС входят 193 стран-членов, 69 межправительственных организаций и 284 НПО, международная организация является куратором 24 международных договоров в области интеллектуальной собственности. ВОИС осуществляет свою деятельность на основе Конвенции, подписанной в Стокгольме в 1967 году, ставшей результатом встречи государств-членов Парижского и Бернского союзов. [1]

В своей деятельности ВОИС проводит анализ и содействие развитию международной правовой базы в сфере интеллектуальной собственности, развитие и расширение международной инфраструктуры интеллектуальной собственности, привлечение и содействия развитию интеллектуальной собственности в развивающихся странах. Согласно конвенции, ВОИС содействует охране объектов интеллектуальной собственности в мире, посредством формирования международных платформ, программ и договоров, поддерживает административные функции существующим соглашениям в сфере интеллектуальной собственности.

В настоящее время ВОИС пристальное внимание уделяет охране прав интеллектуальной собственности в глобальной сети Интернет. Так, была разработана программа в условиях взаимодействия Интернета, цифровых технологий и системы интеллектуальной собственности. Основными задачи в рамках данной программы являются - предоставление информации, оказание услуг в электронной форме, глобальная и региональная интеграция развивающихся стран в пространство Интернета. Важное место также занимает применение прав интеллектуальной собственности к сделкам в Интернете и урегулирование споров в режиме онлайн, в том числе приняты основные принципы единой политики по разрешению споров в области доменных имен.



Проект WIPOnet, направлен на формирование единой глобальной сети интеллектуальной собственности, которая позволяет обеспечить связь между различными ведомствами интеллектуальной собственности в режиме реального времени посредством коммуникативных технологий.

Придавая особое значение развитию сферы интеллектуальной собственности, Республика Казахстан является членом ВОИС с 1993 г., подписав следующие основополагающие документы: Конвенцию о создании ВОИС от 1967 г.; Парижскую конвенцию по охране промышленной собственности от 1883 г.; Мадридскую систему международной регистрации знаков 1891 г.; Договор о патентной кооперации от 1970 г.

В 2001 г. Министром юстиции Республики Казахстан и Генеральным директором ВОИС было подписано Соглашение о программе двустороннего сотрудничества между Правительством Республики Казахстан и ВОИС[2], в рамках которого были предусмотрены следующие мероприятия:

- ✓ совершенствование национального законодательства Республики Казахстан в области интеллектуальной собственности;

- ✓ проведение экспертами ВОИС консультаций и экспертиз нормативных правовых актов Республики Казахстан в Республике Казахстан или в штаб-квартире ВОИС;

- ✓ совершенствование системы обеспечения охраны прав на объекты интеллектуальной собственности в Республике Казахстан;

- ✓ оказание юридической и технической помощи, оказываемой ВОИС Республике Казахстан по вопросам Соглашения по торговым аспектам прав интеллектуальной собственности, подписанного в Марракеше, 14 апреля 1994 года (Соглашение ТРИПС);

- ✓ обеспечение соответствующих казахстанских организаций имеющимися в ВОИС обзорными и нормативными материалами в области интеллектуальной собственности;

- ✓ организация лекций, семинаров или симпозиумов для специалистов органов юстиции, внутренних дел, прокуратуры, судов, таможенных и антимонопольных органов Республики Казахстан;

- ✓ помощь в распространении в Республике Казахстан международного опыта при использовании системы интеллектуальной собственности, в частности, при передаче технологий, лицензировании, маркетинге, оценке нематериальных активов интеллектуальной собственности;

- ✓ помощь в создании в Республике Казахстан региональных центров патентной информации и услуг.

Как результат плодотворного сотрудничества Республики Казахстан и международной организации в рамках вышеупомянутого Соглашения, наша страна присоединилась к следующим международным договорам ВОИС:

- Протокол к Мадридскому соглашению о международной регистрации знаков (г. Мадрид, 28 июня 1989 г.), Казахстан с 27 мая 2010 г.;

- Найробийский Договор об охране олимпийского символа (принятый в г. Найроби 26 сентября 1981 г.), Казахстан с 9 ноября 2010 г.;

- Договор о патентном праве (принятый в г. Женева 1 июня 2000 г.), Казахстан с 2 мая 2011 г.

Дальнейшим шагом по совершенствованию отечественного законодательства в области защиты прав интеллектуальной собственности 17 февраля 2012 г. является принятие закона «О ратификации Международной конвенции об охране прав исполнителей, производителей фонограмм и вещательных организаций», которая предоставляет возможность государству принимать меры по защите отечественных физических и юридических лиц.

В целях обеспечения равенства и упрощения процедуры регистрации прав казахстанских заявителей, регистрирующих товарные знаки за рубежом, и иностранных заявителей, регистрирующих товарные знаки в Казахстане, в нашей стране 8 апреля 2012 г. был принят закон «О ратификации Сингапурского договора о законах по товарным знакам», который предусматривает упрощенный порядок регистрации товарных знаков, в том числе с использованием электронных средств связи.

При активном участии Постпредства для работы в системе ВОИС был принят представитель Казахстана на должность консультанта отдела стран Восточной Европы по авторским правам, что свидетельствует о высоком авторитете Казахстана, которым он пользуется у руководства ВОИС.

Об эффективности сотрудничества и активной позиции Республики Казахстан в ВОИС свидетельствует тот факт, что с октября по декабрь 2015 г. Постоянное Представительство Республики Казахстан являлось координатором в Региональной группе стран Центральной Азии, Восточной Европы и Кавказа.

Одной из форм плодотворного сотрудничества со Всемирной организацией Интеллектуальной Собственности является проведение регулярных семинаров по вопросам защиты от аудио- и видеопиратства, контрафакции, обеспечения соблюдения авторских прав, с участием представителей ведомств по защите интеллектуальной собственности из стран СНГ, представителей министерств и ведомств Республики Казахстан.

В течение продолжительного периода в рамках Академии ВОИС осуществляется плодотворное сотрудничество в рамках подготовки казахстанских специалистов в области патентного права, в том числе, по гармонизации национального законодательства по вопросам лицензирования объектов промышленной собственности, правоприменительной и судебной практике рассмотрения споров о нарушении прав на объекты интеллектуальной собственности.

В рамках перспективного сотрудничества между Казахстаном и международной организацией, начиная с прошлого 2022 года, в нашей республике проводится Летняя школа Всемирной организации интеллектуальной собственности. Программа Летних школ ВОИС по интеллектуальной собственности рассчитана на студентов старших курсов и магистров, специализирующихся в одной из областей науки, а также на молодых специалистов любого профиля, для которых могут быть актуальны вопросы интеллектуальной собственности. Количество слушателей составило более 60 человек, в их число вошли представители не только Республики Казахстан, но и других государств, таких как Таджикистана, Узбекистана, России, Болгарии.

Ценность такого обучения заключается в том, что в качестве спикеров привлекаются высококвалифицированные специалисты в области интеллектуальной собственности - представители ВОИС, патентные поверенные, представители бизнеса и эксперты в области интеллектуальной собственности Республики Казахстан. Основной акцент направлен на исследование наиболее востребованных тем в сфере интеллектуальной собственности, таких как оценка интеллектуальной собственности, брендинг, управление активами, творческий сектор, передача технологии и лицензирование. Программа летней школы включает серию интерактивных лекций, практических задач, симуляционных упражнений и групповых проектов.[3]

В условиях инновационного развития Республики Казахстан приоритетное значение приобретает экономическая составляющая интеллектуальной собственности, главной задачей которой выступает стимулирование роста национальной экономики. Как правило, инновации - это примененные на практике объекты интеллектуальной собственности. Главной задачей института интеллектуальной собственности выступает стимулирование роста национальной экономики.

В рамках Всемирной организации интеллектуальной собственности (ВОИС) реализуется проект по созданию центров поддержки технологий и инноваций

(ЦПТИ) – Technology and Innovation Support Centers (TISCs). Программа ЦПТИ ВОИС позволяет изобретателям из развивающихся стран получить доступ к хранящейся в локальных базах данных высококачественной технической информации и соответствующим услугам, тем самым обеспечивая условия для реализации новаторского потенциала таких изобретателей, а также для создания новой продукции и для регистрации, охраны и контроля прав интеллектуальной собственности на нее. [4]

Первая Глобальная конференция ЦПТИ, состоялась в 2021 году, организаторами которой выступили ВОИС и Национальное управление интеллектуальной собственности Китая (CNIPA). Основная цель мероприятия заключалась в том, чтобы рассказать о плюсах вовлеченности стран в единую глобальную сеть ЦПТИ. Среди стран постсоветского пространства, лишь две страны являются участниками данной Программы – Россия и Кыргызстан. Российская Федерация с 2011 года участвует в Программе по созданию центров поддержки технологий и инноваций и сегодня это одна из крупнейших в мире сетей, где количество насчитывает более 170 центров в 70 регионах страны.

Казахстан обладает всеми данными для участия в данной глобальной сети и наращиванию инновационного потенциала, к тому же, в 2021 году национальным патентным ведомством Республики Казахстан было подписано Соглашение о гарантированном обслуживании ЦПТИ с руководством ВОИС. В рамках Программы в качестве партнеров-участников проекта и развитию сети ЦПТИ уже привлечены, посредством заключения соглашения - Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Казахстанско-Британский технический университет, НАО «Атырауский университет им. Х.Досмухамедова», Назарбаев Университет.

В заключение, хотелось бы отметить, что членство, плодотворное сотрудничество в рамках этой организации и ратификация базовых международных договоров ВОИС позволило гармонизировать национальное законодательство Казахстана в соответствие с принятыми международными обязательствами, в том числе в части охраны прав казахстанских авторов и правообладателей за рубежом. Вместе с тем, приоритетными задачами для Казахстана в сфере развития интеллектуальной собственности остаются совершенствование национального законодательства, цифровизация услуг, профессиональное обучение кадров и расширение международного сотрудничества.

Казахстану необходимо расширять инновационную деятельность и повышать конкурентоспособность посредством развития национальной системы интеллектуальной собственности. Уместно будет отметить, что первые шаги в этом направлении уже сделаны принятием Концепции развития креативных индустрий на 2021 - 2025 годы, что увеличит не только процент внедрения креативных индустрий, которые, способствуют инновационному прогрессу, но и бонусом отразится на показателях всей национальной экономики. К креативным индустриям относятся сектора экономики, сырьем которых являются воображение, творчество и интеллектуальный капитал (объекты интеллектуальной собственности). Ни для кого не секрет, что креативные индустрии во всем мире обладают очень высоким экономическим потенциалом, так как они показывают более высокую производительность и доходность, более привлекательны как работодатели. Именно креативные индустрии сегодня в мире выступают в качестве основного источника новых технологий, новых отраслей, новых материальных благ и важных для страны экономических преимуществ.

**Список использованных источников:**

1. Конвенция, учреждающая Всемирную Организацию Интеллектуальной Собственности от 14 июля 1967г./ Авторское право в Республике Казахстан. - Алматы: Жеті- жарғы, 2001. – 496 с.
2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 февраля 2001 года N 303 «О подписании Программы сотрудничества между Правительством Республики Казахстан и Всемирной Организацией Интеллектуальной Собственности» <http://adilet.zan.kz>
3. Летняя школа Всемирной организации интеллектуальной собственности//Интеллектуальная собственность Казахстана, 2022.-№3. с.6-7.
4. Шертышева И.Т.Развитие сети центров поддержки технологий и инноваций в Казахстане //Интеллектуальная собственность Казахстана, 2022.-№1. с.6-11.

**Әбдікімова Д.Ә.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЗИЯТКЕРЛІК  
МЕНШІК ҰЙЫМЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Мақала Қазақстан Республикасы мен Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының халықаралық ынтымақтастығы мәселесін қарауға арналған. Автор ДЗМҰ-ның зияткерлік меншікті қорғау саласындағы рөлін зерттейді, оның әкімшісі болып табылатын халықаралық келісімдер.*

**Abdakimova D.**

**THE MAIN ASPECTS OF COOPERATION BETWEEN THE REPUBLIC  
OF KAZAKHSTAN AND THE WORLD INTELLECTUAL PROPERTY  
ORGANIZATION**

*The article is devoted to the consideration of the issue of international cooperation between the Republic of Kazakhstan and the World Intellectual Property Organization. The author explores the role of WIPO in the field of intellectual property protection, international agreements of which it is the administrator.*

**Aliyeva L.R.**

Master of Law, Senior Teacher  
Karaganda University named after academician Ye.A. Buketov,  
Karaganda, Republic of Kazakhstan  
aliyevalyuda@inbox.ru

**Aliyeva D.O.**

Student of Pedagogical Faculty,  
Karaganda University named after academician Ye.A. Buketov,  
Karaganda, Republic of Kazakhstan

**SOME ISSUES OF COPYRIGHT PROTECTION ON THE INTERNET**

*The number of Internet users in the modern world is steadily growing every day. Information networks create a single information space that contributes to the development of communications. The relevance of this research is due to the fact that the use of the Internet implies many advantages, but along with them we have to talk about certain shortcomings. In this regard, one of the most important issues is the question of protecting the rights of author on the Internet. As a result, there is an urgent need for a detailed study of this problem in the framework of the legal regulation of issues of protecting the author's rights on the Internet.*

The scientific and technical progress and the science's achievements in the electronics sphere extremely influenced on the all population's way of existence in the last decades. We are able to observe the worldwide web is getting more and more important in our every - day life. The elder generation used to get the necessary information from the scientific libraries' books; meanwhile the modern youth uses the internet resources.

Nowadays it is rather urgent to determine the juridical defense of author rights in the internet; by virtue of its accessibility internet sites frequently become the source of the violation of citizens' rights for the restricted admission and use of their works, envelopments and just original thoughts. The elaboration legal consciousness of the users and the whole population in the worldwide web's usage sphere has always been one of the most significant questions since the internet's appearance. Whatever the type of resources is, the maintaining of the rights for created site deserves a peculiar attention. In order to establish these rights, the determination what rights' type a site is related with. Particularly is it an author rights' object? For answering this question, we have to give the definitions of an author right and an internet site.

According to the Law of the Republic of Kazakhstan «About author right and adjacent rights» the author rights' objects are «...science, literature and art products, that are results of creative activity independently of their destination, content and value, also the way and form of their expression» [1].

It is significant to emphasize that author right is spread on either promulgated or non-promulgated products, which exist in any objective form: written, verbal, sound-and video records, pictures, dimension-spaced, other forms. Thus, electronic article can be acknowledged as an author rights' object, as its location on internet site gives an objective form for its status. Nevertheless, the law does not provide the exhaustive list of works' objective forms and gives way to practice to correlate a proper form to author rights' object.

According to legislation's demands it does not matter what various methods and forms of a product's expression are. But there must be the expression itself; it has to exist in some objective form. Under that we comprehend not only the product's being either in the creative conception form, in the author's head and his thoughts or apart of him. By determining author rights' object there appears a question: what is a product?

«Product, -as V.I. Serebrovski emphasized – is ideas, thoughts and shapes’ aggregation that is got by way of author’s creative activity...» [2, 32].

Having defined what author rights’ object is we consider the internet site conception. S. A. Sudarikov says: «Having the characteristics of current ideas fixed in the fourth article of the Law of the Republic of Kazakhstan «About author right and adjacent rights» – the basic branch law of the considered theme, along with the international convention, audiovisual product, data basis, programs for computers, we can formalize the definition: WEB site is a program for computers that embodies included in it data basis or other information, in the shape of new audiovisual or other product, which is promulgated by reporting (transferring into the air or cable) for common informing. On that basis site must be protected not as art but as literature product. At the same time, it is much easier to fight with plagiarism. Besides, the fact that there are bound so many independent objects of author rights in the definition - it is a big advantage. The rights easy to explain in the concrete case might have been defended in the court [3,156].

The scariest situation for an internet site’s products with information direction is a non-visiting condition that is site visiting lack. (After that the rate’s decreasing follows, which ends with site closing). The author or the rights’ possessor interested in their author rights’ protection must carry out a variety of defense means for their product protection. Thus, the rights’ possessor for his rights’ notification might use the author rights’ defense mark (copyright mark), that consists of three informative components: © mark, the name of rights’ possessor, and the year of the first emission. But such mark bears only declarative function.

The infringement of author rights can be pursued from the side of right possessor who is totally able to demand the pay of damages and according court’s decision. What is more the violation of author’s rights in the United Kingdom is considered a criminal offence. According to Act of author rights, design and patents such delinquency is punished by a fine and or liberty deprivation with term up to two years [4].

The next important question of author rights’ defense and observance in the internet is the possibility to create the transition from one internet page to another or, otherwise, hypertext exile. As such exiles are the nature of the global web with their disappearance the peculiarity feature of the internet would vanish. Creating the hypertext exile you do not make a copy itself but you may let somebody else copy a material which you are connected to.

There is no law that would regulate hypertext exiles status. It is only possible to advice to be guided by the principles of politeness and honesty in that situation. Before connecting the other site, you must aware its creator about that through the electronic mail. The author right protects an internet page’s design and its content, including: exiles, original text, drawing, graphic art, audio files, video files, html, VRML and other language lines, web sites’ list, created by an organization or an individual citizen, other unique elements, included in original character of material.

The defense of author rights is established by juridical and non-juridical form. Juridical form is an activity of commissioned by the state agency of the infringed or contested author rights’ defense. As a rule, protection of author rights and guarded by the state interests of their possessors are maintained at court procedure [5, 71 – 73].

At the same time there are a lot of technical features of the web which essentially complicate the author and adjacent law’s defense. The easiness of copy creating in unrestricted quantity and the lightness of recording of the internet-sites’ parts into a personal computer’s memory, for instance, makes every internet-users potential law breakers. That is why the level of legal culture and legal consciousness of the community are very significant in this area comparing with the other law’s branches. The obvious easiness of offence commitment and outer impunity leads to the condition when an average user does not even realize how frequently he crosses the limits of rightful use of author law’s objects.

Photocopy just a little broadens the paper publications’ usage. And electronic reproduction and expansion can rather successfully replace a paper in some fields. That is why electronic means cannot be applied with standards used for photocopy.

The great number of aspects of author rights in the internet is still waiting for its final solution. With the internet resources' development and their legal regulation, the problem would get clearer and more understandable.

**Reference:**

1. The law of the Republic of Kazakhstan dated June 10, 1996 no. 6-I «On copyright and related rights» (with amendments and additions as of 21.08.2022) [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1005798](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005798)
2. Serebrovskii V.I. The questions of soviet author law. – M., 1956.-178p.
3. Sudarikov S. A. The basis of author law. – Minsk. - 2000. – 244p.
4. Act of author law, Design and Patents. - UK. -1998 [www.underlaw.ru](http://www.underlaw.ru)
5. Moiseeva O. The usage of author legislation and adjacent rights' legislation at web-site creating and usage in the Internet. – M.: The Russian Academy of State Service at the Government of the Russian Federation, 2000. – 200p.

**Алиева Л.Р., Алиева Д.О.**

**ИНТЕРНЕТТЕГІ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Қазіргі әлемдегі Интернет қолданушыларының саны күн сайын тұрақты өсуде. Ақпараттық желілер коммуникацияның дамуына ықпал ететін бірыңғай ақпараттық кеңістікті құрыңыз. Бұл зерттеудің өзектілігі Интернетті пайдалану көптеген артықшылықтарды білдіреді, бірақ олармен бірге белгілі бір кемшіліктер туралы айту керек. Осыған байланысты, ең маңызды мәселелердің бірі - автордың Интернеттегі құқығын қорғау мәселесі. Нәтижесінде, Интернеттегі авторлық құқықтарды қорғау мәселелерін құқықтық реттеу аясында осы мәселені егжей-тегжейлі зерттеу қажеттілігі бар.*

**Алиева Л.Р., Алиева Д.О.**

**НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЗАЩИТЫ АВТОРСКИХ ПРАВ В СЕТИ  
ИНТЕРНЕТ**

*Число пользователей интернета в современном мире неуклонно растет с каждым днем. Информационные сети создают единое информационное пространство, способствующее развитию коммуникаций. Актуальность настоящего исследования обусловлена тем, что использование сети интернет предполагает множество преимуществ, но наравне с ними приходится говорить и об определенных недостатках. В этой связи одним из самых важных вопросов является вопрос о защите прав автора в сети Интернет. Как следствие, возникает острая необходимость в детальном изучении данной проблемы в рамках правовой регламентации вопросов защиты прав автора в интернете.*

**М.А. Арыстанбеков**

құқықтық және қаржылық пәндер кафедрасының профессоры, заң  
ғылымдарының докторы

**Е.Е. Серімов**

құқықтық және қаржылық пәндер кафедрасының доценті, заң ғылымдарының  
кандидаты,

**Смагулова Г.С.**

ғылыми зерттеу, ізгілік педагогикасы және педагогикалық тәлімгерлік  
орталығының маманы

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

[mr.serim@mail.ru](mailto:mr.serim@mail.ru)

**ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН-ШАРТТЫ ТҮРДЕ  
БОСАТЫЛҒАНДАР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ**

*Мақалада жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың түсінігі мен негіздері, сондай-ақ жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандарды есепке қоюдың құқықтық негіздері мен тәртібі сөз болады.*

Бас бостандығанан айыру орындарында сотталғандарды ұстау ішкі істер органдарының маңызды міндеттерінің бірінен саналады. Бұл сот төрелігін қамтамасыз ету және құқықты қолдану қызметінің басқа да түрлерімен тікелей астасып жатыр, Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабында адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі делінген [1]. Жазаны өтеу режимі туралы мәселе – қылмыстық-атқару құқығында маңызды мәселелердің бірі. Ол құқық саласы мамандарының ғана емес, басқа да ғалымдардың: заңгерлердің, психологтардың, педагогтардың, қоғамтанушылардың назарында [2, 240].

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың құқықтық негіздері ҚР ҚК-тің 72-бабында қарастырылған. Бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату сотталған адамға қолданылуы мүмкін: 2) ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын; 3) аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін іс жүзінде өтегеннен кейін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген негіздер бойынша жойылған болса, нақтылай айтсақ:

1) екі және одан да көп әкімшілік құқық бұзушылық жасап, олар үшін оған әкімшілік жаза қолданылса немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан дәлелсіз себеппен екі реттен артық жалтарса не бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаннан кейін таңдалған тұрғылықты жері бойынша тіркелу үшін бес жұмыс күні ішінде дәлелсіз себеппен келмесе, сот уәкілетті мемлекеттік органның ұсынуы бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазаның қалған өтелмеген бөлігін орындау туралы қаулы шығара алады;

2) қылмысты абайсызда жасаса, сол сияқты жүкті әйел, жас балалары бар әйел, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркек, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйел, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркек, бірінші немесе екінші топтағы мүгедек қылмыстық теріс қылық, қасақана онша ауыр емес қылмыс жасаған жағдайларда, жаңа қылмыс үшін жаза тағайындау кезінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою не оны күшінде қалдыру туралы мәселені сот шешеді. Егер



сот шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жойса, жаза үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша тағайындалады;

3) қылмысты қасақана жасаса, жоғарыда көрсетілген бөліктегіні қоспағанда, сот оған үкімдердің жиынтығымен жаза тағайындау қағидалары бойынша жаза тағайындайды.

4) көрсетілген жаза мерзімінің кемінде үштен екісін іс жүзінде өтегеннен кейін егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші жойылған болса; тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен үшін іс жүзінде өтегеннен кейін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші ҚР ҚК-тің 72-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша жойылған болса;

5) сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін ғана шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылуы мүмкін.

Жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін;

2) ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін;

3) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштаспаған аса ауыр қылмыс үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде жартысын іс жүзінде өтегеннен кейін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші 72-баптың жетінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында көзделген негіздер бойынша жойылған болса;

4) адам өміріне қолсұғушылықпен ұштасқан аса ауыр қылмыс не осы Кодекстің 120-бабы үшінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында, 121-бабы үшінші бөлігінің 3) және 5) тармақтарында көзделген қылмыстар үшін сот тағайындаған жаза мерзімінің кемінде үштен екісін, сондай-ақ егер бұрын қолданылған шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күші осы баптың жетінші бөлігінің 3) тармағында көзделген негіз бойынша жойылған болса;

5) сотталған адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаған жағдайда, ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін не аса ауыр қылмыс үшін тағайындалған жаза мерзімінің кемінде үштен бірін іс жүзінде өтегеннен кейін қолданылуы мүмкін.

Сотталған адамның бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеген мерзімі алты айдан кем болмауы керек.

Сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам, егер сот оның бұл жазаны одан әрі өтеуін қажет етпейді деп таныса және ол бас бостандығынан айырудың кемінде жиырма бес жылын іс жүзінде өтесе, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін. Егер сот тағайындаған өмір бойына бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан адам процестік келісімнің барлық талаптарын орындаса, ол бас бостандығынан айырудың кемінде он бес жылын іс жүзінде өтегеннен кейін шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін.

Террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, азаптаулар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жасағаны үшін өлімге кесілген түрдегі адамдарға рақымшылық жасалған адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу қолданылмайды. Көрсетілген шектеуліктер он төрт жас пен он он жас аралығындағы

кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелері 2014 жылғы 4-шілдедегі қабылданған № 231-V ҚР ҚПК-тің 480-бабымен реттелінеді. Жазаны орындайтын мекеме немесе орган сотқа заңды шешім қабылдау үшін маңызы бар, оның ішінде сотталған адамның сот үкімі бойынша тағайындалған жазаны өтеген мерзімін растайтын материалдарды, оның қылмыс арқылы келтірген залалды өтегені туралы мәліметтерді, сотталған адамның алкоголизмнен және нашақорлықтан емделгені және оның нәтижелері туралы, міндетті түрде емдеуді қажет ететін өзге де ауруларының бар-жоғы туралы, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасы және басқалары туралы мәліметтерді қоса алғанда, оның жазаны өтеу уақытындағы мінез-құлқын сипаттайтын егжей-тегжейлі деректерді ұсынуға міндетті. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе оның орынбасарының өтінішхатына ынтымақтастық туралы процестік келісім шеңберінде шығарылған, заңды күшіне енген үкім қоса берілуге тиіс. Жазаны орындайтын мекеме немесе орган сотқа сотталған адамның сол кезге қарай түзелу дәрежесі және оның бүкіл жаза мерзімін орындау қажет екені немесе ондай қажеттіліктің болмауы туралы пікірін береді. Сондай-ақ жазаны орындайтын мекеме немесе орган және сотталған адамның өзі сотталған адамның босап шыққаннан кейінгі болжамды тұратын орны мен оның жұмысқа орналасу перспективасы (туыстарының жазбаша келісімі, ұйымның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тұрғын үй, жұмыс орнын беруі) туралы деректерді сотқа ұсына алады.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату мәселелерін сотта қарау барысында сотталушы адамның, қорғаушының, жазалау мекемесінің не органның өкілі, прокурордың қатысуы міндетті. Жәбірлеушінің, азаматтық талапкердің және олардың өкілінің болмауы өтінішхатты қарауға бөгет бола алмайды.

Қарау нәтижелері бойынша сот қаулы шығарады:

1) сотталған адамды жазаны одан әрі өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты қанағаттандыру;

2) жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту;

3) жазаның өтелмеген бөлігін басқа неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы шешім қабылдай отырып, жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Жоғарыда келтірілген бұл процесс туралы 2015 жылғы 2-қазандағы «Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату және жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы» ҚР Жоғары Сот қаулысымен және 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері» қаулысында етене түсініктеме беріледі.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғандардың жеке профилактикасын жүзеге асырудың құқықтық негізі Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» № 271-IV Заңы болып табылады. (7-бапты қараңыз).

1) азаматтарға құқықтық тәрбие беруге қатысады, құқық тәртібінің жай-күйі және ішкі істер органдарының құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі қызметінің тиімділігін арттыруы бойынша шаралар туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

2) құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

3) профилактикалық есепке алуды жүргізеді және профилактикалық бақылауды жүзеге асырады;

4) қоғамдық тәртіпті қорғауға және құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

5) күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

6) өздеріне белгілі болған, өзге де құқық қорғау органдарының құзыретіне жататын дайындалып жатқан немесе жасалған құқық бұзушылық фактілері туралы осы органдарға хабарлайды;

7) қылмыстық қудалауды, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

8) ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша арнаулы оқу курстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

9) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын және пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандардың, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында профилактикалық және жедел-іздігіру іс-шараларын өткізуді қамтамасыз етеді;

10) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес сотталғандарға тәрбиелік ықпал етуді жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандардың профилактикалық және пробациялық мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру барысында ізге түсу электрондық құрылғыларды қолданудың құқықтық негіздері бар, нақтылап айтқанда:

1) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі мен полиция қызметкерлері пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құралатын топтардың алдын ала болу қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 26 наурыздағы № 266 және "Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 301 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қарашадағы № 1180 қаулысы;

2) «Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 маусымдағы № 336 қаулысы;

3) «Жазаны орындауда, арнайы мекемелерде адамдардың ұсталуында және бас бостандығынан айыру орындарынан босағандарды бақылауда заңдылықтың сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 7 бұйрығы;

4) «Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 622 бұйрығы;

Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдар тұрғылықты жерге келгеннен кейін ІІО-нда профилактикалық есепке тұрып, тіркеледі де оған бақылау ісі жүргізіледі (№1 қосымша). Бақылау ісін жүргізудің құқықтық негізі жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарға шығарылған сот қаулысы болып табылады.

Ішкі істер органдары:

1) жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдар тұрғылықты жерге келісімен оған бақылау ісі қозғалып, профилактикалық есепке қойылады;

2) тұрғылықты жері бойынша профилактикалық жұмыстарды жүзеге асырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы № 4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы. 2011ж. 02.ақпан өзгертулер мен толықтырулар).

2. Абрамкин В.Ф. Поиски выхода. Преступность, уголовная политика, места заключения в постсоветском пространстве. - М.: Права человека, 2011.

**Арыстанбеков М.А., Серимов Е.Е., Смагулова Г.С.**

### **ПО ВОПРОСУ ОСВОБОЖДЕННЫХ ПО УСЛОВНО-ДОСРОЧНОГО ОСВОБОЖДЕНИЯ**

В статье рассматриваются понятие и основания условно-досрочного освобождения, а также правовые основы и порядок постановки на учет условно-досрочно освобожденных.

**Arystanbekov M.A., Serimov E.E., Smagulova G.S.**

### **IN THE QUESTION OF EXEMPTIONS ON CONDITIONAL RELEASE**

The article discusses the concept and grounds for parole, as well as the legal basis and procedure for registering parolees.

**УДК 343**

**Әбдіжәми А.Ж.**

Bolashaq академиясы з.ғ.к., қауымдастырылған професор

**Балгожина Д.Г.**

Bolashaq академиясының 7M04202-құқықтану білім беру бағдарламасының

2 курс магистранты

Қарағанды, Қазақстан Республикасы

### **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ**

*Кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күресуді жүзеге асыратын криминологиялық алдын алудың әртүрлі субъектілерінің ішінде ішкі істер органдары қызметі маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылықтарын тудыратын себептері мен жағдайларын толық анықтау, оларды дер кезінде жою туралы нақты негізделген ұсыныстар шығару, шығарылған ұсыныстардың жүзеге асырылуын бақылау, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын ескерту бойынша міндеттерді нәтижелі шешуге мүмкіндік жасайды. Мақалада кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алу бойынша осы және өзге де мәселелер қозғалды.*

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алуды мемлекеттік органдар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар жүзеге асыратын, кәмелетке толмағандар тарапынан жасалған қылмыстылыққа мүмкіндік берген жағдайларды анықтау мен жоюға бағытталған және белгілі бір қылмыстекті факторлар мен жекелей тұлғаларға ықпал етудің шараларын жасайтын ескерту шараларының жиынтығы деп атауға болады.

Мәселен, қылмыстық іздестіру аппараты қылмыстарды ашу мен алдын алуға бағытталған негізгі қызметтерімен қатар, кәмелетке толмағандардың қылмыстығын ескертуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алумен қоғамдық тәртіпті сақтау бөлімшелері, миграциялық полиция, Жол полиция басқармасы, кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-бөлу орындары,

кәмелетке толмағандарға арналған тәрбие колониялары т.б. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алуда маңызды орынды ПМ тергеу аппараты, кәмелетке толмағандар істері бойынша инспекция, бөлімшелік өкілетті милиция алады [1,49].

Ішкі істер органдарына келіп түсетін қылмыстық істердің көп бөлігін кәмелетке толмағандар қылмыстары туралы істер құрайтындықтан, тергеуші олардың қылмыс жасауына мүмкіндік беретін себептер мен жағдайларды зерттеп қана қоймай, жасөспірімнің өмір жағдайы мен тәрбиесіне, оның жеке тұлғасына, қоршаған ортасына, мінез-құлық ерекшеліктеріне баса көңіл бөлгені дұрыс.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы туралы әрбір істе міндетті түрде қылмыстық әрекетке тарту үшін арандату немесе тартудың басқа да түрлері болған, болмаған дерегін тексеру қажет екенін тергеуші әрдайым есінде ұстауы қажет. Жасы үлкен азғырушыны әшкерелеудің, оның қылмыстылық әрекетінің алдын алу үшін де, сондай-ақ қылмыстылық жасағанда кәмелетке толмағанның нақты рөлін анықтау үшін де негізді маңызы бар. Тәжірибеде азғырушыны анықтау белгілі бір қиындықтар туғызады, себебі жасөспірім көп жағдайда азғырушы және қылмыстың өзге де қатысушылары туралы айтпайды. Бұл әдетте азғырушының жалған сезімі, қорқыныш, ал кейде кәмелетке толмағандар мен арандатушылар арасындағы туыстық қарым-қатынаспен түсіндіріледі. Аталған жағдайды тергеушілер құқық бұзған кәмелетке толмағандарды тергеген кезде есепке алған маңызды.

Арандатушылар мен кәмелетке толмағанды қылмыстылыққа тартқан тұлғаларды анықтау үшін кәмелетке толмаған қылмыскердің қылмыс жасау тәсілін, оның айналасындағы достарын, таныстарын, туыстарын зерттеп, олардың ішінен бұрын сотталған тұлғаларды, яғни жасөспірімге теріс ықпал етіп, оны қылмыс жасауға итермелеген жағдайларды анықтау керек [2,14].

Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауының негізгі себептерінің бірі – маскүнемдік. Бірақ, кәмелетке толмағандар масандану жағдайында жасаған қылмыстар туралы істерді тергегенде, тергеушілер кәмелетке толмағандардың спиртті ішімдіктерді пайдалануға және оларды ішімдік ішуге тартқан үлкендердің рөліне байланысты жағдайлар әрдайым көңіл аударуға бермейді.

Кәмелетке толмаған қылмыскердің отбасылық жағдайымен байланысты жағдайларды тексергенде жасөспіріммен бірге тұратын ата-анасы, әпкелері, ағалары және тағы да басқа тұлғалар туралы, олардың мінездемелері, ата-анасының және басқа да туыстарының сотталғандығы туралы да анықтау қажет. Ол туыстар тарапынан кәмелетке толмағанға теріс ықпал болған, болмағанын тексеру үшін қажет.

Қылмыс жасауға бейім тұратын және жасы үлкен қылмыскерлердің теріс ықпалына түсуі мүмкін, жасөспірімнің тәртібін тікелей бақылауды, онымен ескерту жұмыстарын ұйымдастырып, жүргізу кәмелетке толмағандар жөніндегі комиссия мен инспекцияның міндетіне жатады.

Үлкендермен бірігіп топта қылмыс жасаған жасөспірімнің одан кейінгі тағдырына көңіл аудару қажет, бұл онымен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстың сапасын арттырады және сонымен бірге оның тарапынан болатын жаңа қылмыстардың алдын алады, оның түзетілуі мен қайта тәрбиеленуімен айналысатын мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар қызметінің тиімділігін арттырады.

Қылмыстық-процессуалдық заң анықтау, органдарын, тергеушіні, прокурорды және сотты тергеу және соттық істі қарау үрдісінде қылмыс жасауға мүмкіндік берген себептер мен жағдайларды анықтап, оларды жоюға шаралар қолдануға міндеттейді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуда ішкі істер органындағы кәмелетке толмағандар істері бойынша инспекцияға маңызды рөл берілген, олар жүйелі, бағытты алдын алу қызметін ұйымдастырып, жүргізіп отырады [3, 41].

Инспекция кәмелетке толмағандармен белсенді жүргізуге белсене қатысады және олар тарапынан болатын құқық бұзушылықтар мен өзге қоғамға қарсы әрекеттердің алдын алуға қажетті шаралар жасауда. Кәмелетке толмағандар инспекциясы қызметкерлері мен жұртшылықтың күш-жігері, арнайы есепте тұрған жағдайлары нашар отбасыларының балаларымен күнделікті жұмысты ұйымдастыруға бағытталған. Бөлімше инспекторлары қоғамдық тәртіпті қорғау пункттерінде есепте тұрған тұлғалармен жеке алдын алу шараларын жүргізу барысында жағдайлары нашар отбасыларды анықтайды.

Жағдайлары төмен отбасылар мен қолайсыз тұрмыстық ортаға түскен кәмелетке толмағандарды анықтау құқық және адамгершілік тәртібі нормаларынан ауытқыған кәмелетке толмағанға ескерту үшін қажет. Отбасылық тәрбиедегі айқын кемшіліктер көп жағдайда кәмелетке толмағанның жеке тұлғасының әлеуметтікке қарсы бағытының бірінші себебі болып табылады. Отбасындағы жасөспірімнің ауытқушылық тәртібінің алдын алудың маңыздылығы туралы, қылмысты қайталап жасаушылардың ішінде 65,8% әлеуметтікке қарсы бағыты жасөспірімдік жаста көрінген тұлғалар құрайды [4, 31-32].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының алдын алу үшін оның қоғамға қарсы тәртібінің пайда болуының алғашқы кезеңінен-ақ ескерту ықпалында жасалатын ерте алдын алудың белсенді шаралары өте маңызды. Ерте алдын алу кәмелетке толмаған құқық бұзушылармен күрестегі орталық және нәтижелі бағыттардың бірі ретінде қарастырылатынын атап өту керек [5, 8]. И.И.Карпец, «криминология, қылмысты ерте ескерту туралы мәселе шешімін таппаған кезде, құбылыстар шеңберін анықтаудың әлі жарты жолында тұр»- деп атап өткен [6, 55]. Бірақ, сонымен бірге кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күрестегі шараларының тұтас жүйесінің негізгі белгісінің бірі «қандай да бір нақты себептерден қолайсыз өмір оқиғасына ұшыраған кәмелетке толмағандардың тарапынан болған құқық бұзушылықтардың ерте алдын алуды қамтамасыз ету» болып табылады [7, 26].

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығының ерте алдын алу көптеген бағыттардан тұрады [8, 79], бірақ оның айрықша (бастапқы) отбасылық тәрбиемен байланысы күмән тудырмайды.

Ерте алдын алуды жүзеге асыруда кәмелетке толмағандар істері бойынша инспекция «Кәмелетке толмағандар істері бойынша инспекцияның, кәмелетке толмағандарға арналған қабылдау-бөлу орындарының және арнайы оқу-тәрбиелеу мекемелерінің кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылықтарын ескерту бойынша негізгі міндеттері жөніндегі» Жарлығына сәйкес, басқа да бірқатар міндеттерді шешумен қатар, балаларды тәрбиелеу міндетін орындамайтын және өздерінің қоғамға қарсы тәртібімен, кәмелетке толмағандардың құқық бұзуына мүмкіндік беретін ата-аналарды немесе олардың орнындағы тұлғаларды анықтайды.

Қазақстанда қайталап қылмыс жасаушы қылмыскерлердің 50-60% өзінің қылмыстық «карьерасын» кәмелетке толмаған кезінде бастағанын көрсетіп, оны көбіне оған жақын шағын орта арқылы анықталады, тағы да қайталап қылмыс жасаушы үлкен қылмыскермен қарым-қатынасына байланысты. Кәмелетке толмағандардың көбі алғашқы жазасын өтеген соң қараусыз қалып, жасы үлкен балалар (18-20 жас) ортасына түскен. Бұрын жазасын өтеп келген кәмелетке толмағандардың арамтамақтық өмірге бейімділігінен, сондай-ақ олардың әрекет етіп отырған қоғамдық тәртіпке жеккөрінішті қарым-қатынасы салдары негізінен қасақана сипаттағы қылмыстарды қайталап жасайды.

Бұл орайда «Қылмыстық топқа бірігуге мүмкіндік беретін жағдайлар болып өзара көмекті қажет ету мен қылмыстық ойды жүзеге асыру үрдісіндегі қолдау болып табылады» [9, 61].

Кәмелетке толмағандарды қылмысқа тартудың алдын алуда қоғамдық пайдалы еңбек және басқа да азаматтық міндеттерді орындаудан бас тарту мақсатымен, қаңғыбастықпен, қайыршылықпен айналысып жүрген тұлғалармен алдын алу жұмыстарын дер уақытында жүргізудің шешуші маңызы бар. Еңбек етпей кіріс табу

мақсатымен қайыршылардың көбі, осы мақсатта кәмелетке толмағандарды пайдаланып, қайыр сұраумен айналысады. Сондықтан ішкі істер органдары басқа да құқық қорғау органдарымен, жұртшылықпен тығыз қарым-қатынаса отырып, қаңғыбастықты таңдау жолын тудырған себептер мен жағдайларды мұқият анықтап, оны жоюлары қажет, сонымен бірге қаңғыбастықпен айналысып жүрген тұлғаларды дереу анықтап, ұстап, олардың жұмыспен қамтылуына мүмкіндік жасап, қажетті тәрбиелік жұмыс жүргізулері қажет.

Соңғы жылдары ішкі істер органының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекциясы олардың құқық бұзушылықтарын ескерту бойынша жұмысты біршама белсенділендіргеніне қарамастан, олардың қызметінде бірқатар кемшіліктер де кездеседі. Бұл ең алдымен түзелген құқық бұзушы-кәмелетке толмағандардың кейбірін есептен шығару, сондай-ақ алдын алу есебінде тұрған кәмелетке толмағандармен жекелей жұмыстың жеткілікті ұйымдастырылмауы.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен тиімді күрес көбіне жалпы және жеке алдын алуға байланысты. Жалпы алдын алу қоғамның шеңберінде жүзеге асырылады, оның әрекеті қоғамның, мемлекеттің ұйғарымына қатысы бар барлық тұлғалардың қоғамға қарсы тәртібінің алдын алуға байланысты. Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күресте жалпы алдын алу шараларын жүзеге асыру қылмыстың аталған түрімен күресін белсендендіруге бағытталған.

Жеке алдын алудың мақсаты - индивидтің қоғамға қарсы мінез-құлқының алдын алу үшін, болмаса тұлғаның тәртібіндегі қылмыстектілік тенденцияны өзгерту үшін, ауытқыған тәртіпті қайта құру болып табылады. Жеке алдын алу міндеттерін нәтижелі шешу үшін ішкі істер органдарының барлық қызметтері мен бөлімшелері үшін:

- қылмыс жасауға бейім кәмелетке толмағандарді дер кезінде анықтау; олардың тұрмыстағы, өндірістегі тәртібімен, жалпы өмірімен танысу;

- қылмыс жасауға мүмкіндік бермеу үшін қолайлы жағдай жасауға қандай да болсын мүмкіндіктерді пайдалану;

- кәмелетке толмағандарді қылмыс және өзге де адамгершілікке жат әрекеттер жасауға тартатын тұлғалармен күресті түбегейлі түрде белсендендіру қажет.

Жастар саясаты бұл бағытта атқарылатын маңызы зор іс-шаралардың басын біріктіріп, оның негізгі қозғаушы күшіне айналса, онда үмітіміздің ақталғаны.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығын алу үшін келесі бағыттағы шаралар қолданылып келе жатыр:

- ата-анасының қамқорысыз қалған немесе сәтсіз отбасында өмір сүретін балаларды дер кезінде анықтау;

- неке, балалардың отбасында тәрбиеленуі, кәмелетке толмағандарді тиісінше тірбиелемегендігі үшін ат-атналардың жауапкершілігін көздейтін мәселелерді құқықтық реттеуді жетілдіру;

- жеткіншектердің бос уақытына педагогикалық қадағалауды жақсарту;

- демалыстың белсенді нысандарын дамыту, балар мен жеткіншектердің бос уақытын ұйымдастыру;

- ата-аналар мен кәмелетке толмағандар арасындағы құқықтық пропаганданы күшейту.

- кәмелетке толмағандар арасындағы есірткінің заңсыз айналымымен күрес саласындағы құқықтық базаны жаңарту;

- жас есірткіқұмарларды емдеу және ақтау жүйесін жетілдіру;

- “қиын” жеткіншектерді әлеуметтік және психологиялық ақтау бағдарламаларын жүзеге асыру;

- кәмелетке толмағандар арасындағы темекі шегуді және спирттік ішімдіктерді ішуді профилактикалау;

- кәмелетке толмағандарді қоғамға қарсы қызметке, қылмысқа тартумен күресу тәжірибесін кеңейту;

- салауатты өмір салтын насихаттау  
Әрине, кәмелетке толмағандар қылмыстылығымен күресу жүйесінде әртүрлі органдар мен ұйымдардың әрекеттерінің үйлесімділігі оңды нәтиже берері сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Сартаева Н. На грани конфликта с законом (о причинах подростковой преступности)//Фемида.-2013.-№9. 39-44 б.
- 2 Джекебаев У. Соучастие в преступлении: криминологические и уголовно-правовые проблемы.-А.,-1981. – 24 б.
- 3 Антонян Ю. Социальная среда и формирование личности преступника.-М., 1975.- 150 б.
- 4 Миллер А. Противоправное поведение несовершеннолетних. Генезис и ранняя профилактика.-Киев, 1985.- 125 б.
- 5 Кульчинская Е. Формирование антиобщественной направленности личности подростка-правонарушителя.//Вопросы изучения и предупреждения правонарушения несовершеннолетних.- М., 1970.- 110 б.
- 6 Карпец И. Современные проблемы уголовного права и криминологии.- М., 1976.- 132 б.
- 7 Криминология.под ред.Даданова И.Т. – М., 2017.- 203 б.
- 8 Забрянский Д. Изучение и предупреждение преступности несовершеннолетних. –Краснодар, 1979. – 54 б.
- 9 Криминология. Под ред. В.Эминова.- М.,-1997.- 89 б.

**Абдижами А.Ж., Балгожина Д.Г.**

#### **ПРОФИЛАКТИКА ПРЕСТУПНОСТИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ**

Среди различных субъектов криминологической профилактики, осуществляющих борьбу с преступностью несовершеннолетних, деятельность органов внутренних дел является одним из важнейших направлений. Полное выявление причин и условий, провоцирующих преступность несовершеннолетних, вынесение четко обоснованных предложений о своевременном их устранении, контроль за реализацией вынесенных предложений, эффективное решение задач по предупреждению преступности несовершеннолетних. В статье были затронуты эти и другие вопросы по профилактике преступности несовершеннолетних.

**Абдижами А.Ж., Балгожина Д.Г.**

#### **ПРОФИЛАКТИКА ПРЕСТУПНОСТИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ**

Среди различных субъектов криминологической профилактики, осуществляющих борьбу с преступностью несовершеннолетних, деятельность органов внутренних дел является одним из важнейших направлений. Полное выявление причин и условий, провоцирующих преступность несовершеннолетних, вынесение четко обоснованных предложений о своевременном их устранении, контроль за реализацией вынесенных предложений, эффективное решение задач по предупреждению преступности несовершеннолетних. В статье были затронуты эти и другие вопросы по профилактике преступности несовершеннолетних.



**Ерубайев Е.Б.**

Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің магистранты  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[erubaev.9900@mail.ru](mailto:erubaev.9900@mail.ru)

## **МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ САРАЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада бөтеннің мүлкіне қарсы жасалатын қылмыстарды саралау кезінде туындайтын өзекті мәселелер зерттеліп, талданды. Құқық қолдану практикасында үнемі туындайтын меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар саралауға қатысты ең өзекті мәселелер қарастырылады. Құқық қолдану практикасы мен қылмыстық-құқықтық теорияның өзекті мәселелерін шешу контекстінде жасалған қоғамдық қауіпті іс-әрекет үшін әділ жаза тағайындау мәселелері зерттелді.*

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарын бір-бірінен ажыратып көрсетуде, ең басты назарды қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалу мақсатына аудару керек, қарақшылықта, қорқытып алуда әрекет тұрғын, қызметтік, өндірістік үй-жайға не қоймаға шабуыл жасау арқылы пайдакүнемдік ниетті көздейді.

Егер, меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша адамдар тұрақты ұйымдасқан қылмыстық топ құру жөнінде алдын ала келісіп, қарулану мәселесін жолға қойып, қаруланып, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолданып немесе осылай күш қолдану қауіпін төндіру мақсатын белгілеп, қылмыстық құқық бұзушылықты жасайтын болса, онда мұндай жағдайда кінәлілердің әрекеттері ҚР ҚК-нің 192., 194-баптарымен сараланады [1]. Жоғарыда келтірілгендерден өзге жағдайларда тұрақты ұйымдасқан қылмыстық топ құру, азаматтар мен ұйымдарға шабуыл жасау, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен қару қолданып қылмыс жасау туралы деректер болмаса, онда мұндай әрекеттер осы аталған қылмыстарды қарастыратын ҚР ҚК тиісті баптарының тармақтары бойынша ғана саралануы керек.

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды адамдар тобының алдын-ала сөз байласуы бойынша жасалды деп тану үшін деп жазады А.А.Ағыбаев «ол бірнеше адамдардың қатысуымен және олардың алдарына қойған мақсаттарымен қылмыстық әрекетті жүзеге асырудағы ниеттері бірдей болып, жететін нәтижелеріде жасаған жоспарларымен сәйкес келуі керек. Меншікке қарсы жасалатын бір қылмыстық құқық бұзушылыққа бірнеше адамдардың қатысуы олардың жасаған әрекетінің қоғамға қауіптілік дәрежесін ғана емес, олардың өздерінің де қоғамға қауіпті тұлғалар екендігін көрсетеді және олардың әрекеттерінен туындайтын зардап көлемі де өте үлкен дәрежеде болуы мүмкін»[2,149б].

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша ең үлкен қауіптілік бірнеше адам бірігіп жәбірленушіге зорлық көрсетсе немесе оның өмірі мен денсаулығына қарсы күш қолданса туады, оның өзінде көрсететін зорлық түрі мен тәсілі, сондай –ақ қолданған күш көрсетуінің мақсаты міндетті түрде анықталуы керек. Мысалы, кейбір жағдайларда, адамдар тобы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық әрекетін жасағанда, кедергіні жою мақсатын көздеп әрекет етуі де мүмкін, мұндай жағдайларда жәбірленушіге күш қолдану оның қылмыстық жоспарында жоқ, яғни ниетімен қамтылмағандығы айдан анық.

Ал, кедергіні жою, ол көбінесе меншік иесінің қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерін жүзеге асырушыларға жасаған қарсылығы салдарынан туындайды, мұндай кедергілер меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығында бірдей

бола бермейді. ҚР Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысында, меншікке қарсы жиі жасалатын қылмыстардың нақты белгілері беріле отырып, анықтамасы көрсетілген, онда меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық орын алған кезде саралау жүргізу үшін ең алдымен қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалған тәсіліне және оны жүзеге асырған тұлғалардың әрқайсысының атқарған роліне назар аудару керектігі туралы айтылған [3].

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды адамдар тобымен жасалды деп тану үшін, ол қылмыстық құқық бұзушылыққа екі немесе одан да көп адамдардың міндетті түрде қатысуы тиіс. Адамдар тобымен жасалған ұрлық олардың алдын-ала сөз байласуы, ұйымдасқан топпен, яғни істейтін әрекеттері бір ойдан шығып, алдын ала жоспарлануы тиіс және олар қылмыстық құқық бұзушылыққа бір уақытта бірдей қатысуы керек. Сондай-ақ, кездейсоқ кездесіп қалған адамдардың аяқ астынан бірігіп меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасалуы мүмкін емес.

Кейбір жағдайларда, адамдардың бірінен кейін бірі келіп жасаған ұрлығын, ұсақ-түйек жымқыруын, қорқытып алушылығын адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы жасалған қылмыстық құқық бұзушылығы деп саралап жатады, бұл дұрыс емес, өйткені адамдар тобының сөз байласуы бойынша жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп тану үшін олар бір уақытта бірдей әрекет етулері керек. Ал, кейбір жағдайларда меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын ала ұйымдасқан адамдар тобы жасағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған жерде олардың барлығының бір уақытта бірдей болмауы да мүмкін, атап айтқанда, ұйымдастырушы сырттан бақылап, көмектесуші сыртта күтіп тұруы да мүмкін. Мұндай жағдайда, қылмыстық топ мүшелерінің әрқайсысының атқарған ролдерін міндетті түрде анықтамайынша қылмыстық құқық бұзушылықтың әділ бағасы берілмейді.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауды ұйымдастырған немесе оның жасалуына басшылық еткен адам немесе басқа да адамды ұсақ-түйек жымқыру, ұрлық, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу, алаяқтық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу жасауға қажетті құралдар мен заттарды, қылмыстық жолмен алынған қаруларды берсе қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысқаны үшін ол адамда қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Адамдар тобымен жасалған меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық деп тану үшін адамдардың алдын-ала сөз байласуы да жеткілікті. Бірақ алдын-ала сөз байласу меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасалғанға дейін болуы керек. Алдын-ала сөз байласу мен меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың басталуының арасындағы уақыт мерзімі бірдей болуы міндетті емес. Алдын-ала сөз байласу меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасалғанға дейін және жасаудың алдында да болуы мүмкін, ал қылмыстық құқық бұзушылық әрекетін жасау үстінде болуы мүмкін емес.

Егер, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасау әрекеттері басталғаннан кейін адамдар сөз байласып, бір-бірімен келісіп, кеңесе отырып, бірдей мақсатқа жету, пайда табу үшін ұйымдасса, онда мұндай меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық адамдардың алдын-ала сөз байласуы бойынша жасалған құқық бұзушылық болып сараланбайды.

Г.И.Баймурзиннің пікірі бойынша «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықта алдын-ала сөз байласу деген- бұл қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушыларды бір арнаға, бір мақсатқа біріктіріп бір бүтін қылып әрекет жасауды жолға қояды. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың алдын-ала сөз байласуы- олардың қылмыстық құқық бұзушылық әрекетін жасаудағы ұйымшылдықтарын көрсетеді. Қылмыстық құқық бұзушылықта алдын-ала сөз байласу бұл- олардың алдын ала келісуінде ғана емес, сонымен қатар олардың меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерін жасау барысындағы әрекеттерін де қамтиды,

бірақ бұл жөнінде жалпы барлық қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысушыларға алдын-ала ескертілуі керек және олардың атқаратын істері, ролдері де алдын ала бөлінуі керек» [4,816].

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға алдын-ала сөз байласып, жасалатын әрекеттер жайлы алдын ала келісіп және өздерінің жасаған әрекеттерін заңды деп санап және бұл әрекеттің қылмыстық құқық бұзушылық әрекет болып аяқталатынын білмей қалатын жағдайлар болуы да мүмкін. Мұндай жағдайларда меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар адамдар тобының алдын-ала сөз байласуы бойынша жасалған әрекет болып табылмайды. Егер, меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше адамдар тобының алдын-ала сөз байласуынсыз жасалса, мұндай қылмыстық құқық бұзушылықты жай қылмыстық құқық бұзушылық ретінде саралау керек.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық ұйымдасқан топпен жасалуы да мүмкін, адамдар тобының ұйымдасқан топтың қалпына енгенде бұл топтың өзінің алдын ала сөз байласқандығы ғана емес сонымен қатар ол топ мүшелерінің өзінің белгілі бір дәрежеде қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ұйымдасқанымен де сипатталады. Мұндай ұйымдар сол ұйымдасқан кезден бастап қауіпті және өздеріне тән ерекше белгілері бойынша қылмыстық топқа жақын болып табылады. «Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ұйымдасқан топтың мүшелері тек көмектесуші ғана емес, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудағы алдын ала келісілген міндеттерін атқаратын бірнеше топ мүшелерінен тұрады. Сонымен, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасағанда бір немесе бірнеше орындаушылар болу мүмкін, ал топтың басқа қалған мүшелері осы қылмыстық құқық бұзушылықтағы басқа да өздеріне берілген рөлдерді атқаруы тиіс»-, деп көрсетті меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралау туралы С.И.Сейтқазина [5,142-143бб].

Дегенменде, біздің пікіріміз бойынша, меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықта ұйымдасқан топта оның мүшелерінің қайсысының қандай рөл атқарғанына аса үлкен мән берілмейді. Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықта ұйымдасқан топтың басқа топтардан айырмашылығы оның құрамындағы адамдар ортақ мақсатқа жету үшін өзіне берілген тапсырманы қалайда сәтті орындап, пайда табуды ойлайды. Сонымен бірге ұйымдасқан топ мүшелерінің жүзеге асыратын іс-әрекеті аяқ астынан емес, алдын ала дайындалғанда немесе ол қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей жүзеге асырғанда ғана қалыптасады.

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардағы ұйымдасқан қылмыстық топтың не қылмыстық бірлестіктердің мүшесі болып тек сол қылмыстық құқық бұзушылыққа тікелей қатысатын адам ғана емес, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты басқа да істер атқарған адам бола алады, мысалы: басшылық жасау, қаржыландыру, қылмыстық құқық бұзушылық жасайтын меншік объектісін табу, қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушыларды көлікпен қамтамасыз ету.

Меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардан келтірілген пайда көлемі және оны қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың арасында бөлуге қатысты сұрақтар мәселесі осы өзекті мәселемен айналысатын ғалымдар арасында үлкен қызығушылық тудырады [6,1076]. Ия, бұл күні бүгінге дейін шешімін таппаған сұрақ деп деп қарастыруға болады. Егер, меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық қатысушылары қылмыстық топ құрса (алдын ала сөз байласқан топ, ұйымдастырылған қылмыстық топ немесе қылмыстық бірлестік) және қылмыстық құқық бұзушылыққа бірге қатысқан болса, онда оған түскен пайданың тиесілі бөлігі емес, алынған мүліктің немесе ақшаның ортақ сомасы берілуі тиіс.

Меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасыру және де алынған заттарды тапсыру немесе қабылдап алу қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу болып табылады, егер орындаушыға қылмыс жасалуға дейін, қылмыс

жасау кезінде онымен келісілген немесе азғырылған болған жағдайда, ол адамдар тобының бірлесіп жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы болып сараланады.

Меншікке қарсы денсаулыққа зиян келтірумен жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарына тонау, қорқытып алу, қарақшылықты жатқызуға болады. Меншікке қарсы жасалатын қылмыстардағы ұрлық пен тонауды күш қолданумен ұштасқан қорқытып алушылықтан айыру туралы мәселені шеше отырып, соттар тонау мен қарақшылық қылмыстарында күш қолдану меншікті, мүлікті, затты, құқықты иеленіп алудың немесе оны қалайда иеленіп қалудың айласы немесе тәсілі, тіптен кей жағдайларда құралы болып табылады, ал қорқытып алушылық қылмыстық құқық бұзушылығында ол қорқыту әрекетін жасаған тұлғаның талабын орындамаған жағдайда күш қолданумен арқылы жүзеге асырылып, ол мүлікке ие болады.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың ішінде тонау мен қарақшылық мүлікті иеленіп алу үшін күш қолдану әрекетімен бір мезгілде не әрекетті жасап болғаннан кейін жүзеге асатын болса, ал қорқытып алушылық қылмыстық құқық бұзушылығында қылмыс жасаушының ниеті жәбірленушіден талап еткен мүлкін қалайда алуға бағытталатындығымен көрінеді. Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың саралаушы белгілерінің тізімінің арасында, әсіресе қарақшылыққа қаруды немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданумен жасалған, сондай-ақ денсаулыққа ауыр зиян келтірумен, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан әрекеттер тән болып саналады. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша заң нормаларымен қарастырылған басқа саралаушы белгілер қарақшылықпен қатар, тонау және ұрлыққа да тән болып есептеледі.

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардағы қарақшылық қылмысы формальды құрамды қылмысқа жатады, алайда денсаулыққа ауыр зиян келтірген жағдайда қарақшылық қылмысы шабуыл жасалған сәттен емес, заңда көрсетілген зардаптардың кез келген біреуі пайда болған сәттен бастап аяқталған деп сараланады.

ҚР ҚК 192-бабы 3-бөлігінің «б» тармағы «денсаулыққа ауыр зиян келтірумен» деген сөзден кейін «абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан» деген сөздермен толықтырылған. Бұл саралаушы белгі субъективтік жағынан меншікті алумен байланысты қарақшылықтың денсаулыққа ауыр зиян келтірумен ұштасқан тура ниеттегі және жәбірленушінің өліміне әкеп соғуына қатысты абайсыздықтағы кінәнің қосарланған түріндегі қылмыс құрамы орын алғандығын көрсетеді, осыған сәйкес заң шығарушы бұл жерде ҚР ҚК 106-бабының 3-бөлігі бойынша қосымша саралауды талап етпейді [7, 51-53бб].

Қылмыстық заң нормаларына сәйкес меншікке қасы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтың бір түрін бір ғана тұлға бірнеше рет жасаса, онда ондай құрам қылмыстың бірнеше мәрте жасалуы деп танылып, оны жасаушы тұлғаның әрекеті қоғамға аса қауіпті деп сараланады. Сондықтанда ҚР қылмыстық заңының нормаларының талаптарына сай меншікке қарсы жасалған бірнеше құқық бұзушылықтарды саралау барысында, оның жасалу жағдайына, уақытына, орнына, тәсіліне міндетті түрде назар аудару керек.

Егер, бір адам меншікке қарсы бірнеше рет құқық бұзушылықтар жасаса және ол жасаған құқық бұзушылықтар әртүрлі және келтірген зардап көлемі ірі мөлшерде болса, бұл қылмыс жасаушы тұлғаның қоғамға қауіпті екендігін көрсетеді, мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда саралау жүргізу барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше мәрте жасалуы, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы немесе қылмыстардың қайталануы болған болмағандығын анықтау керек.

Өйткені, мұндай меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы нақты саралау оларды жауаптылыққа тарту мәселесін шешуде маңызды роль атқарады. Бірақ, меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілік дәрежесін анықтау барысында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған

тұлғаның бұл қылмысты неше рет жасағанын оңай анықтайды. Бір адамның меншікке қарсы бірнеше рет қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауы, қылмыстық кездейсоқтық емес, яғни қылмыс жасаушы тұлғада меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық ниетінің аяқ астынан пайда болмағандығын көрсетеді.

Қылмыстық заңнамаға саралаушы белгі ретінде қарақшылық, тонау, қорқытып алушылықты жасау кезіндегі қару қолдану бірінші рет Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12-мамырдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарғысымен енгізілді. Осы Жарлыққа сәйкес, кінәлінің қару ретінде өзге де құралдарды ( бәкі, шаппа, асхана пышағы, балта сияқты) қолдануы туралы өзгерту енгізілмеген.

Дегенмен, бұл құралдардың адамға зардап келтіру қабілетінің бар екендігі даусыз. ҚР Қылмыстық кодексінде жауаптылық мәселесіне қатысты саралаушы белгі ретінде қару мен өзге де құралдардың зақымдау күші мен қабілетін неғұрлым толығырақ көрсетілген деуге болады. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 30-желтоқсандағы «Қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы» Заңына сәйкес және жүргізілген сараптама қорытындысы негізінде шабуыл жасау кезіндегі қолданылаған затты тірі немесе өзге де нысандарға нұқсан келтіруге арналғанын анықтау қажет болады [8].

Егер, кінәлі меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасау барысында көрінеу жарамсыз қарумен немесе оқталмаған мылтықпен, тапашамен не оларға ұқсас затпен (тапаншаның макеті, ойыншық қанжар және пышақ т.б.) өмірге немесе денсаулыққа қатері жоқ дене жарақатын келтіруді мақсат тұтпай осы заттарды пайдаланған болса, сот оның қылмыстық әрекетін саралау кезінде жәбірленушінің жасалған шабуылдың адамға қауіптілігінің нақтылығы мен дәрежесін жәбірленушінің ұғына білуін ескеруі қажет, өйткені кейбір адамдар ондай қаруларды шын қару екен деп ұғынып, қан қысымы көтеріліп немесе жүрек талмасы ұстап есінен танып қалуы да мүмкін.

Қару ретінде пайдаланылатын заттар деп, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті дене жарақатын салатын заттарды (асханалық пышақ және бәкі, ұстара, балта, сүйменше, шоқпар, отвертка, тақтайша, тас және басқалар), сондай-ақ күні бұрын дайындалып жасалғанына қарамастан нысананы уақытша зақымдауға арналған нәрселер (механикалық бүріккіш, көзден жас ағызатын және тітіркендіргіш заттармен толтырылған аэрозольды құтылар мен құрылғылар) танылады.

Меншікке қарсы жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қару немесе қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолдануды, қарудан оқ атуды не аталған заттардың көмегімен соққыға жығу, ұрып-соғу, тұншықтыру, қылқындару, басып-жаншу, таптау сияқты жәбірленушіге қарсы әрекеттер жасауды тануға болады. Меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы қарақшылықтың тонаудан айырмашылығы мынадай: қарақшылық – бұл қос объектілі қылмыстық құқық бұзушылық, өйткені мұндай әрекетер орын алғанда меншік пен тұлға бірдеп зардап шегеді, ал, тонауда қылмыстық құқық бұзушылық әрекет тек қана меншікке бағытталады. Тонау – бұл бөтеннің мүлкін ашық түрде ұрлау және құрылысы жағынан материалдық құрамды қылмыстық құқық бұзушылыққа жатады.

Ендеше, меншікке қарсы жасалатын бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың аяқталу кезеңдері де әртүрлі. Тонау қылмыстық құқық бұзушылығы орын алған кезде жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті жоқ әрекет жасалса, ал қарақшылықта жасалатын әрекет ол адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті, сонымен бірге мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтарда нақты түрде күш көрсетпей-ақ, ол жөнінде қорқытудың орын алуы да мүмкін.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалғанын анықтау үшін заң шығарушы оның бұрынғы жасалған қылмыстармен тіптен байланыстырмайды. Қылмысты бірнеше рет жасаған деп тану үшін, бұрын жасаған

қылмысы үшін сотталмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтардың осы түрлерін тағы да жасап жауаптылыққа тартылуын айтамыз. ҚР Қылмыстық кодексінің 6-тарауында көрсетілгендей, бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың ерекшелігі біртекті, бір-біріне ұқсас, жасалу әдістері де бірдей болып келеді. Меншікке қарсы бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп тану үшін Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 6-тарауында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды екінші рет жасауы жеткілікті болып табылады. Егер, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардағы бірнеше рет жасағаны анықталса, онда қылмыс жасаушы тұлғаның әрекетін Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 12-бабы бойынша саралайды [1].

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардағы бірнеше рет жасамаған деп тану үшін, кінәлі адамның қылмыстық әрекеттерінің түрлерін, қылмыс құрамының барлық белгілері мен элементтерін және ол жасаған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жасалуында белгілі бір уақыт аралығын болғандығын анықтау қажет. Сонымен қатар әр қылмыстық құқық бұзушылықты жасау барысында, оны жасаушы тұлғада жаңа қасақана ниет пайда болуы қажет. Субъектінің бірнеше рет меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға оқталғандығы, оның әрекетінің қоғамға аса қауіпті екендігін білдіреді.

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардағы бірнеше рет жасалды деп тану үшін бір адам екі немесе одан да көп меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасап және ол әрекеттердің әрқайсысы жеке-жеке қылмыс ретінде саралануы тиіс. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалғандығын анықтау барысында, кінәлі тұлғаның кәмелетке толмай тұрып жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы есепке алынбауы тиіс.

Сонымен қатар заң бойынша меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа тарту белгіленген мерзім өтіп кетсе, соттылығы жойылса, сот шешімі бойынша соттылықтан белгіленген мерзімге дейін босатылса және бұрын жасаған қылмыстары үшін заң тәртібі бойынша босатылса қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды. Заң нормаларында қылмыс аяқталған және аяқталмаған болып бөлінеді. Сондықтанда меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір текті белгілерін қылмысқа дайындалу мен оқталу сатыларында жасалған әрекеттер арқылы анықтайды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 24-бабында белгіленген тәртіп бойынша меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға оқталған бұрын сотталған адамдарды бірнеше рет меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны бойынша саралайды. Ол меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауға бірнеше рет оқталғаны үшін деп сараланады [9, 87-88бб].

Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың үйге, қызметтік, өндірістік немесе қоймаға заңсыз кіруімен байланысты болуы, оның аса қауіптілігімен және қылмыс жасау тәсілімен және де ол тәсілді бұрын да пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың әрекеттері арқылы анықталады. Меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың қоғамға қауіптілігі оның мекемеге заңсыз кіруі, оның барлық жағдайда да жасалуына кінәлінің күш жұмсау арқылы мүлікке қол жеткізу мақсатында жолында кездескен бөгеттерден өтумен (құлыпты бұзу, терезені сындыру) және үйге немесе мекемеге кіру үшін әр түрлі тәсілдерді қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған кезде қылмыс жасаушы тұлғалар зорлық әрекеттерін де қолдануы мүмкін, басқаша айтқанда, мүлік сақталатын жерге жету үшін қылмыскерге қосымша күш, өзіндік ой, қулық немесе алдау не басқа да (алдауларды) тәсілдерді пайдалануы мүмкін.

Бұзып, сындырып, басып кіру – ол заңсыз, қасақана, мүлік иесінің еркіне қарсы меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасау барысында орын алады. Бұзып кіру ол меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісінің элементі,

ол бөтен адамның мүлкін құқыққа қарсы алу, пайдалану және иемденуге бағытталған, сондықтанда бұзып кіру меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасауға дайындалу емес, оқталу болып табылады. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардағы бұзып кіру субъективтік жағынан әрқашанда тікелей қасақаналықпен жасалады. Бұзып кіру алдын-ала ойластырылған, жоспарланған, ол әрекетті жасау үшін алдын ала келісіліп сөз байласқан мақсатта жүзеге асырылуы керек. Осы жағдайда ғана ол меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың толық тетігі бола алады.

Меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша бұзып кіру болып табылмайды, егер, тұлға мекемеде немесе сақтағышта арнайы органның рұқсатымен немесе ондай рұқсатсыз, бірақ шығармашылық, қоғамдық істер, өзінің мамандық міндеттерін орындау үшін, жеке ісі бойынша бұзған болса.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Қылмыстық кодексі. 04.07.2014ж. қабылданған, 28.12.2022ж. өзгерістермен, толықтырулармен

2. А.Н. Ағыбаев. Меншікке қарсы қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері. Алматы. 2014

3. ҚР Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы.

4. Г.И. Баймурзин. Проблемы дальнейшего совершенствования уголовного законодательства об ответственности за хищения чужого имущества. Алматы. 2012

5. С.И. Сейтқазина. Меншікке қарсы қылмыстар бойынша тергеу және саралау жүргізудің ерекшеліктері. Тараз. 2011

6. Е.О. Алауханов. Тонау мен ұрлықты бір-бірінен ажыратуға қатысты анықталуы тиісті мәселелер. Алматы. 2012.

7. А.А. Пинаев. Проблемы дальнейшего совершенствования уголовного законодательства об ответственности за хищения чужого имущества. Киев. 2014

8. ҚР «Қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы» 2008 жылғы 30-желтоқсандағы Заңы

9. И.Ш. Борчаивили. Понятие и признаки хищения чужого имущества по законодательству Республики Казахстан. Астана. 2012.

**Ерубайев Е.Б.**

### **ОСОБЕННОСТИ КВАЛИФИКАЦИИ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ, СОВЕРШАЕМЫХ ПРОТИВ СОБСТВЕННОСТИ**

В статье исследованы и проанализированы проблемы, возникающие при квалификации традиционно доминирующих в отечественной уголовно-правовой статистике таких преступлений, как хищения против чужого имущества. Рассмотрены наиболее актуальные проблемы, связанные с квалификацией хищения против собственности, регулярно возникающие в правоприменительной практике. В контексте решения актуальных проблем правоприменительной практики и уголовно-правовой теории исследованы вопросы назначения справедливого наказания за совершенное общественно опасное деяние.

**Yerubayev E.B.**

### **FEATURES OF THE QUALIFICATION OF CRIMINAL OFFENSES COMMITTED AGAINST PROPERTY**

The article investigates and analyzes the problems arising in the qualification of crimes traditionally dominant in the domestic criminal law statistics, such as theft against someone

else's property. The most urgent problems related to the qualification of theft against property, which regularly arise in law enforcement practice, are considered. In the context of solving urgent problems of law enforcement practice and criminal law theory, the issues of assigning a fair punishment for a socially dangerous act are investigated.

УДК 347.511

**Есмаганбетов Е. С.**

«Bolashaq» Академиясының 2 курс магистранты  
eldar.es.1999@mail.ru

Әбдіжами А.Ж.

Заң пәндері кафедрасының профессоры, з.ғ.к.,  
«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

### **ШАРТ БОЙЫНША АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕСІ**

*Мақаланың өзектілігі азаматтық-құқықтық қатынастағы шарттардан туындайтын міндеттемелер бойынша жауапкершілікті орындаудың және өтеудің құқықтық табиғаты зерттелген. Шарттан туындайтын бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, деликтілік жауапкершіліктен айырмашылығы талқыланады және автор азаматтық заңнаманы қолдану тәжірибесін көрсетеді.*

Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарына (игіліктеріне) және заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірген тұлғаның жауапкершілігі заңнан тыс қалмайды және өзара жасалған шартпен жауапкершілік көлемі толық қамтылған. Егер олай болмаған жағдайда қоғамдық қатынастардың реттеушісі ретіндегі азаматтық құқықтың құндылығы елеулі түрде төмен бағаланады еді. Негізімен, бір немесе өзге субъектілерге зиян келтіру жағдайларын тиісті назардан тыс қалдыру әртүрлі құқықтық және өзге де өзекті мәселелерді одан әрі туындайтын, бір немесе бірнеше құқық бұзушылықтар жасаған құқық бұзушы тарапынан құқық бұзушылықты одан әрі ауырлатуына алып келеді.

Көбіне азаматтық құқық ғылымы тұжырымында азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың заңсыз әрекетіне байланысты туындайды, бұл заңсыз әрекеттер заңға немесе азаматтық-құқықтық шарттарға негізделіп анықталады деген ұстаным басым болып табылады. Шынымен, назардан тыс қалдыру мүмкін емес бұл ғылыми ұстанымды, алайда тәжірибеде азаматтық-құқықтық жауапкершілік тиісті өтемақы немесе төлем жасалмаса, яғни қаржылық міндеттемені тиісті орындаумен тығыз байланысты. Себебі, кез келген азаматтық-құқықтық шарттың соңында өтем жасау, шығынды толтыру сияқты міндеттеме туындайды, мейлі шартпен әрекеттер орындау қарастырылғанның өзінде, түбінде әрекеттер орындау мүмкін болмаса орнын толтыру үшін қаржылық өтеумен орындауға кедергі жоқ және заңда тосқауыл қарастырылмаған.

Мысалы, А. А. Лукьянцевтің пікірінше, азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің белгілеріне, келесіні жатқызады, олар:

азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық заңда немесе азаматтық құқық нормаларында көзделеді;

азаматтық-құқықтық жауапкершілік, әдетте, қатысушыларға мүліктік ықпал ету шараларымен сипатталады;

азаматтық-құқықтық жауапкершілік азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың заңсыз мінез-құлқына байланысты туындайды, бұл заңсыздық заңға



немесе азаматтық-құқықтық шарттарға негізделіп анықталады;

азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басты мақсаты бұзылған субъективті азаматтық құқықты қалпына келтіру болып табылады және жәбірленушіге тиісті өтемақы беру;

азаматтық-құқықтық жауапкершілік - бұл санкция, бірақ көлемін, айтсақ - бұл азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен де кең ұғым;

ортақ ереже бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілік міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін басталады [1, 70].

Шығындарды өтеу шарттық міндеттемелер бойынша азаматтық құқықтық жауапкершіліктің жалпы нысаны болып табылады.

Борышкер несиеберушіге міндеттемені орындамау немесе тиісінше орындамау салдарынан келтірілген залалды өтеуге міндетті; егер несие беруші бұзылған құқықтарды қорғаудың басқа әдістерін қолданса, заңда немесе шартта қарастырылған, содан кейін ол қай жағдайда болсын борышкерден міндеттемені орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін залалды өтеуді талап етуге құқығы бар. Осылайша, өтемақы тек азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің басқа түрлерінен ерекшеленеді заңда немесе шартта көзделген жағдайларда. Бұл енді, тәжірибеде көбіне шарттан туындайтын жауапкершілік.

Бұл ретте, әрине залал немесе зиян келтіру ол тек деликтілік міндеттемеден туындайтынын және оны шарттық міндеттемеден туындайтын – шығынды өтеумен араластырмау, шатастырмау қажет.

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 935 бабына сәйкес (Бұдан әрі –ҚР АҚ), деликтілік жауапкершілік те жәбірленушінің немқұрайлық кінәсі ескерілмей өрескел абайсыздық кінә нысаны жауапкершілік жүктеуде ескеріледі [2]. Себебі жәбірленуші оған келетін зиянды күтпейді, демек оны жоғарылатылған ұқыптылық сақтамады деп кінәлауға болмайды. Шартты жауапкершілікте жәбірленушінің еш кінәсі ескерілмеуі тиіс, тек жәбірленушінің тәуекелі негізінде келген, жауапкершілік мөлшерін анықтау үшін залалдағы оның үлесі ескерілуі тиіс.

Екі жауапкершілік түрлерінде әр түрлі талап қою мерзімдері белгіленуі мүмкін (ҚР АҚ 187 бап, 178 бап) Деликтілік жауапкершілікте талап қою мерзімі шартты жауапкершілік талап қою мерзімінен ұзақ болуы мүмкін. Шығын орнын толтыру деликтілік жауапкершілікті және тараптар арасындағы міндеттемелік қатынасты тоқтатады.

Шартты жауапкершіліктің жүзеге асырылуы негізгі міндеттемені тоқтатпауы мүмкін, яғни міндеттемені заттай орындау бойынша тараптар арасында шартты қатынас жалғаса беруі мүмкін.

Тәжірибеде кездесетін жағдай, ол деликтілік жауапкершілікті реттейтін нормалар императивті сипатты иеленеді, ал шартты жауапкершілікті реттейтін нормалар диспозитивті сипатты иеленеді. Шартты қатынаста тараптар жауапкершілікке қатысты ережелерді өзгертуге кең мүмкіндіктер иеленеді. Азаматтық құқық теориясымен бекітілгендей деликтілік жауапкершілікте орын толтыру заттай жүргізілуі мүмкін болса, шартты жауапкершілікте көп жағдайда орын толтыру ақшалай жүргізіледі.

Бұл жерде, мына жайтты ескергеніміз жөн, ол деликтілік жауапкершілікте бөтеннің кінәсі үшін жауап беру ұғымы жоқ, мұнда тек біреудің әрекеті үшін, бірақ өз кінәсі үшін жүктелетін жауапкершілік бар (әрекет қабілеті жоқ немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі тұлға үшін оның қамқоршысы, қорғаншысы жауапкершілігі).

Енді болса шартты жауапкершілікте керісінше басқа тұлғаның (үшінші тұлғалар ) кінәсі үшін жүктелетін жауапкершіліктерін айтатын болсақ. Келесі деликтілік жауапкершілікте тұлға жалпы міндетті (ешкімге зиян келтірмеу міндетін) бұзса, шартты жауапкершілікте шартты міндеттемелер, яғни тараптармен шартта келісілген немесе қарастырылған міндеттер бұзылуы орын алады [3,90]. Деликтілік жауапкершілікте құқыққа қарама-қайшылық, көбіне әрекетпен орындалады [4, 17].

Азаматтық-құқықтағы санкция мен жауапкершілік ара-қатынасы туралы айтатын болсақ, басқа құқық салаларында санкциялардың барлығы жауапкершілік шаралары болып табылады, ал азаматтық-құқықта санкциялардың барлығы жауапкершілік шаралары емес (мысалға, жедел әсер ету шаралары, міндеттемені мәжбүрлі заттай орындатқызу, меншік құқығын қорғау шаралары т.б.). Бұл ерекшелік тек азаматтық құқыққа тиесілі және азаматтық-құқықтық санкцияның осы құқық саласында орны өзгеше екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар ҚР АҚ 297 бабын қолданғанның өзінде де бір айыппұл түрін сот төмендетуге хақысы болмайды, ол ҚР АҚ 353 бабында белгіленген “заңды айыппұл” [5].

Яғни, ақшалай міндеттемелер ерекшелігіне байланысты – заңды айыппұл мөлшері төмендетуге жатпайды. Ақша барлық жағдайда жұмыс істейді, пайда әкеледі деп танылғандықтан (презумпция), оның дер кезінде иесіне қайтарылмауы, ақша иесінің белгілі бір пайдаға қол жеткізбегендігі туралы ойға әкеледі. Сондықтан бөтеннің ақшасын заңсыз пайдаланған үшін шартта ерекше белгіленбесе заңды айыппұл өндірілуге жатады. Бұл жалғыз қазақстандық заңнамадағы шешім емес, ал басқа да мемлекеттер заңнамаларында қолданылатын тәжірибе.

Кей жағдайларда айыппұл азаматтық-құқықтық шартты жауапкершілік мақсаттарына, қызметтеріне, негізделетін қағидаларына қайшы келіп жатады (айып, жазалау сипатында болуы; азаматтық құқықтағы тепе-теңдікті бұзуы, яғни несие берушінің негізсіз баюына әкелсе борышқорды жазалауы). Айыппұлдың орын толтырушы сипаты. Әрине айыппұлды өндіру шығын орнын толық толтыру қағидасына сәйкес келе бермейді.

Сондықтан, ақшалай қаражатты заңсыз ұстағаны, оларды қайтарудан жалтарғаны, оларға өзге де кешіктірілгені үшін пайыздарды өндіріп алу төлемі, залалдарды өтеумен және тұрақсыздық айыбын төлеумен қатар азаматтық - құқықтық жауапкершіліктің дербес нысаны болып табылады. Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің бұл түрінің ерекшеліктері оны дербес етіп бөледі, бұл ақшалай міндеттеменің нақты көлемінде жатыр қалыпты азаматтық айналымда беретін ақша болып табылады, кейбір “өсім”, сондықтан басқа адамға (мысалы, несие берушіге) берілетін қолма-қол ақшасы бар адам оларды көрсетілген өсіммен қайтаруы керек, бірақ бастапқыда шартта көзделмесе ондай сома, немесе заңмен белгіленбеген болса, онда талап көлемін едеәуір ұлғайтады ма, әлде жауапкершіліктің көлемін азайтады ма, бұл мәселе тәжірибеде шешу қиындық туғызады.

Демек, шартта орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы шарт көзделуі мүмкін ақшалай міндеттеме, сондай-ақ өсімді өндіріп алу туралы шартта қарастырылмауы тиіс. Жалпы, айыппұлдың есепті болуы, оның белгілі бір деңгейде орын толтыруды жүргізуі, өндіріп алуды жеңіл және жылдамдатуы, міндеттемені бұзбауға ынталандырушы әсері – одан толық бас тартуға мүмкіндік бермейді.

Айыппұлға, жасырын отырған өсімге қатысты жалпы ереже өзінде ескертпе ұстауы тиіс. Ескертпе, айыппұлдың кез келген азаматтық құқықтық шартты қатынас түрінде емес, ал нақты заңда белгіленген қатынастарда қолданылу мүмкіндігіне қатысты болуы туралы. Айыппұл қолданылуы мүмкін қатынастарды ҚР АҚ 20 тарауындағы жалпы ережелерде, қолданылатын қатынастардың белгілерін көрсетіп нақты белгілеуге болады немесе Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінің ерекше бөлімінде көрсетілген нақты бір шарттарға қатысты ережелерде айыппұл қолданылу мүмкіндігі туралы ескертпе жасауға болады не жеке қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерде белгілеуге болатыны анық.

Бұл ретте, шекті мөлшер туралы ереже, ақшалай міндеттемелер бұзылғанда қолданылатын заңды айыппұлға қатысты қолданбау тиіс. Бұл ақшалай міндеттеменің ерекшелігіне байланысты.

Шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікке қатысты – міндеттемеде, ол тараптар арасында пайда болатын құқықтар мен міндеттердің жиынтығы болып

табылады. Мұнда, міндеттемені орындамау және тиісті орындамаудан келген залал орнын толтыру міндеті басты нысана. Яғни, міндеттеме деген құқықтар мен міндеттердің қосылымы екені анық. Ал шарттан туындайтын азаматтық-құқықтық жауапкершілікте ауыртпалық басым болса, яғни, сол міндеттеменің эквивалентсіз болуы онда бұзушының міндеттеме орындауы және оған несие берушінің еш қайтарым міндеттеме орындамауы. Осыдан азаматтық-құқықтық жауапкершілік эквивалентсіз міндеттеме болып табылады. Кез-келген міндеттеме ауыртпалық болмайды, ал тек эквивалентсіз міндеттеме ауыртпалық болып табылады.

Жауапкершілігі сақтандырылған тұлға зиян келтіргенде, несие берушіге төленетін орын толтыру жауапкершілік шарасы болып табылмайды. Себебі ол борышқорға ауыртпалық болып табылады.

Сонымен қоса, жауапкершілік жүктеу кезіндегі міндеттеме барлық уақытта қосымша болып табылмайды. Қосымша міндеттеме деп атаудың өзі орынсыз. Азаматтық-құқықтық қатынастағы шарттан туындайтын жауапкершілік, барлық уақытта қосымша міндеттеме болып табылады. Себебі, ол нақты тараптар арасында шартпен рәсімделген қатынастағы бұзушылықта орын алады. Яғни мұнда тараптар арасында алдымен шартпен орнатылған міндеттеме болса, ол міндеттеме бұзылған соң жаңа, қосымша міндеттеме пайда болады. Яғни, шарттың бұзылуы кезінде несие берушіде жаңа құқықтар (м: залал орнын толтыруды талап ету құқығы), ал бұзушыда несие беруші құқығына сәйкес жаңа міндеттер пайда болады (м: залал орнын толтыру, айыппұл төлеу).

Сондықтан, қосымша міндеттеме туралы азаматтық-құқықтық шарттан туындайтын жауапкершілікке қатысты ғана айтуға болады. Яғни, О.С. Иоффе дұрыс айтатындай – “шартты емес жауапкершілік тараптар арасында ерекше міндеттеме орнатуды – келтірілген зиян орнын толтыруды көздейді.

Шарттан туындайтын жауапкершілікте ерекше міндеттеме пайда болмайды, мұнда тараптар арасында бар міндеттемеге борышқорға қосымша міндеттер жүктеледі [6, 215].

Ал, борышқорға жүктелетін қосымша міндеттердің барлығы қаржылық сипатта, яғни өтеу, шығынның орнын толтыру, жәберіп алған пайданы жабу сияқты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Лукьянцев А. А. Применение гражданско-правовой ответственности при осуществлении предпринимательской деятельности: теория и судебная практика / А. А. Лукьянцев. – Ростов н/Д, 2015. – 70 б.

2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) 1999 жылы шілде айының 01 күні қолданысқа енгізілді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1999 жылғы 47-48 нөмірлерінің жеке қосымшасы.

3. Смирнов В.Т., Собчак А.А. Общее учение о деликтных обязательствах в советском гражданском праве. – Л.: Изд. 1989. – 151 б.

4. Белякова А.М. Гражданско-правовая ответственность за причинение вреда. – М.: МГУ, 1996. – 148 б.

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 1994 жылғы 27 желтоқсандағы, (ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 (өзгертулер мен толықтырулар енгізілген). [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz).

6. Иоффе О.С. Обязательства по возмещению вреда. – М.:Перейзд., 2014. – 289 б.

**Есмагамбетов Е.С., Абдижами А.Ж.**  
**НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВОЙ**  
**ОТВЕТСТВЕННОСТИ ПО ДОГОВОРУ**

Актуальность статьи заключается в том, что изучена правовая природа исполнения и возмещения ответственности по обязательствам, вытекающим из договоров в гражданско-правовых отношениях. Автор рассматривает и показывает проблемы восстановления нарушенных прав, вытекающих из договора, отличие от деликтной ответственности, практический опыт гражданского права.

**Esmagambetov E.S., Abdijami A.Zh.**  
**SOME PROBLEMS OF CIVIL LIABILITY UNDER THE CONTRACT**

The relevance of the article lies in the fact that the legal nature of the performance and compensation of liability for obligations arising from contracts in civil law relations has been studied. The author examines and shows the problems of restoring violated rights arising from the contract, the difference from tort liability, practical experience of civil law.

ӘОЖ 343.3/7

**Н.Дүзбаев**  
«Bolashaq» академиясының магистранты,  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
e-mail: duzbaevdinara2002@mail.ru

**ПАРАҚОРЛЫҚҚА ДЕЛДАЛ БОЛУ – ҚЫЛМЫС**

*Мақалада парақорлыққа делдал болудың заңдық аспектілері қарастырылады. Автор парақорлыққа қатысудан - пара алуды, беруді ұйымдастырушыдан, пара алу немесе беруге айдап салушыдан, парақорлыққа көмектесушіден ажырата білудің маңызының ерекшелігін қозғайды.*

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 368-бабында парақорлыққа делдал болу, яғни пара алушыға және пара берушіге пара алу мен беру туралы олардың арасындағы келісімге қол жеткізуге немесе іске асыруға жәрдемдесу деп көрсетілген. Осы анықтамаға сәйкес парақорлыққа делдал болудың объективтік жағы тек қана белсенді әрекеттен тұратыны айдан анық. Делдалдықтың белсенді әрекеті пара алушы мен пара берушінің іс-әрекетке тікелей байланысты. Пара алушы көп жағдайларда параны делдалсыз тікелей пара берушіден алуы мүмкін. Ал кейбір реттерде парақорлыққа делдал болушы осы екі субъектінің (пара алушы мен пара беруші) арасын жалғастырушы рөлін атқарады.

Парақорлыққа делдалдықтың объективтік жағынан белгісі әрекет болып табылады. Делдал пара берушіден немесе пара алушыдан белгілі бір сыйақы алғанына немесе алмағанына қарамастан, солардың екеуінің мүддесіне ортақ әрекет жасап, пара затын алушыға береді. Парақорлыққа делдалдық пара алу мен пара беруді жалғастыратын қылмысқа қатысудың жеке құрамға бөлінген ерекше түрі болып табылады. Оның мәні: делдал белсенді әрекет жасау арқылы пара алушының немесе пара берушінің сұрауы, өтініші бойынша олардың арасындағы болған келісімге сәйкес пара затын беруді жалғастырады. Бұл ретте делдал өз бастамасы бойынша әрекет жасамайды, мұндай инициатива пара алушыдан немесе пара берушіден болғанда, ал делдал болса осы екеуінің арасы пара затын алу арқылы жалғастырады.

Кейбір реттерде делдал пара затын (ақшалай не мүліктей) беруде үшінші бір жақты пайдалануы мүмкін, бұл ретте үшінші жақ пара заты туралы ештеңе білмеуі қажет. Делдалдықтың ерекшелігі сол бұл қылмыстың субъектісі бір мезетте екі бірдей қылмыстың - пара алу мен пара берудің жүзеге асырылуына көмек болып табылады. Адам делдалдықтың субъектісі болып табылады, егер ол пара алу мен пара беруді жалғастырса және пара алушының немесе пара берушінің инициативасы бойынша белсенді әрекет жасаса.

Парақорлыққа делдалдық формальдық қылмыс құрамына жатады, осыған орай қылмыс құрамы пара затын толық немесе ішінара іс жүзінде пара алушыға тапсырған уақыттан бастап аяқталған деп саналады. Егер пара алушы пара затын алудан бас тартса, онда делдалдық әрекеті оқталғандық ретінде (368-бап) ал пара берушінің әрекеті пара беруге оқталғандық (367-бап) ретінде саралануға жатады.

Парақорлыққа делдалдыққа паракорлыққа қатысудан - пара алуды, беруді ұйымдастырушыдан, пара алу немесе беруге айдап салушыдан, паракорлыққа көмектесушіден ажырата білудің маңызы ерекше.

Пара алуды немесе беруді ұйымдастырған немесе оның жүзеге асырылуына басшылық еткен адам паракорлықтың ұйымдастырушысы деп аталады. Бұл жерде ұйымдастырушы өзі белсенділік көрсетіп, өз еркімен параны беруді немесе параны алуды жүзеге асыруда, ал делдал болса пара алушы мен пара берушінің арасындағы өзара болған келісімді ғана жүзеге асырады.

Пара беруге немесе оны алуға басқа адамды азғыру немесе басқа да әртүрлі жолмен осындай қылмысты жасауға паракорлықтың қатысушыларын көндірген адам айдап салушы деп саналады. Парақорлыққа делдал ешкімді азғырмайды, көндірмейді, ол келіскен екі субъектінің тапсырмасын орындауда пара алушының пара берушімен өз тілектерімен кездестіреді.

Парақорлыққа көмектесушінің делдалдықтың өзгешелігі сол көмектесуші пара беруші немесе пара алушымен ғана байланысты және паракорлықтың жүзеге асырылуына ол құралдар, кеңестер беру, кедергілерді жою арқылы қылмысты іс-әрекеттің жүзеге асырылуына жәрдемдеседі. Ал, делдал болса мұндай іс-әрекеттерді істемейді, ол тек қана екі жақтың келісілген затын бір-біріне беріп жалғастырушылықты жүзеге асырады.

Сонымен, коммерциялық ұйым басқа біреудің мүлкін ұрлау немесе оған құқық алу мақсатында кәсіпкерлік немесе банктік қызметті іс жүзінде жүзеге асыру ниетінсіз құрылған жағдайда, бұл әрекет алаяқтық құрамымен толығымен қамтылады. Бұл әрекеттер жалған кәсіпкерлік ретінде қосымша саралануы керек, тек аталған қылмыстардың нақты жиынтығы болған жағдайда, адам ұрлықпен байланысты емес басқа мүліктік қатынас пайда алған кезде (мысалы, жалған кәсіпорынды адам басқа біреудің мүлкін ұрлау үшін ғана емес, сонымен бірге салықтан босату немесе тыйым салынған қызметті жасыру мақсатында құрған кезде).

Егер, адам заңсыз кәсіпкерлік қызметті жалған тауарларды, мысалы, алкогольді ішімдіктерді, дәрі-дәрмектерді жасау және сату арқылы жүзеге асырса, осы өнімнің тұтынушыларын оның құнына әсер ететін өнімнің сапасы мен басқа да сипаттамаларына қатысты алдау арқылы, бұл әрекет алаяқтықтың құрамын құрайды және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабына сәйкес қосымша саралау талап етілмейді. Көрсетілген іс-әрекеттер тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігінің талаптарына жауап бермейтін жалған тауарларды өткізу мақсатында өндірумен, сақтаумен немесе тасымалдаумен байланысты болған жағдайларда, жасалған іс-әрекет ҚК 190 баптарының тиісті бөліктерінде көзделген қылмыстардың жиынтығын құрайды [3].

Сондай – ақ, ұрлық жасау мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектінің - заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің жарнамасын пайдалану алаяқтықты бүркемелеуге және ұрлыққа қаржы-шаруашылық қызметтің көрінісін беруге мүмкіндік бергенін де айту қажет. Бөтеннің мүлкін иемдену заңды тұлғаның атынан әртүрлі шарттар бойынша жүзеге асырылады: салымдар, тапсырмалар, қызметтер көрсету және т.б. бұл ретте алдаудың бар-жоғын анықтау бөтеннің мүлкін иемдену кезінде жымқыру ниетін белгілеу арқылы ғана мүмкін болады [4, 164б].

Біреудің мүлкін иемденгеннен кейін, ол ресми түрде алаяқтар әрекет ететін заңды тұлғаның меншігіне айналады. Ол бұл мүлікті сата алады, несие ретінде бере алады және т.б. алаяқтардың мұндай әрекеттері мәмілелер тізбегінде көрініс табуы мүмкін. Бұл жағдайда келтірілген залал ұрлық емес, сәтсіз қаржылық – экономикалық қызметтің нәтижесі болып көрінеді. Міндеттемелерді орындамағаны үшін кінәлі ретінде жалған жеке немесе заңды тұлғалар қойылуы мүмкін. Бұл ретте заңды тұлға басшыларынан ұрлық жасау ниетін анықтау оңай емес.

Алаяқтар өзгенің мүлкін иемденіп, жасырынбайды, онымен бірге жасырмайды, бірақ кредиторлардың талаптарын алып тастауға тырысып, зиянды өтеу бойынша жұмыс істеуге деген құлшынысын көрсетеді, өздері ұрлық жасау үшін пайдаланылған заңды тұлғаның банкроттық рәсімінің бастамашысы болады.

«Алаяқтар әр түрлі компаниялармен осы компанияларға тауарлар жеткізуге келісім-шарттар жасайтын «құрметті» компанияны құрған жағдайда мүмкін болады. Бірінші айда кішігірім тапсырыстар жасалады және олар әрдайым толық төленеді. Екінші айда тапсырыстар үлкен көлемде жасалады, бірақ олардың құны толығымен төленбейді, бірақ төрттен бір бөлігі мөлшерінде. Үшінші ай ішінде алдыңғы тапсырыстар үшін нақты төлем нәтижесінде құрылған компанияға деген сенімді қолдана отырып, үлкен сомаға тауарлар алынады, содан кейін алаяқтар жасырылады» мұндай көрініс алаяқтар үшін әдетке айналған көріністердің бірі [5,96б].

Мұндай алаяқтық операцияларды жасау үшін бірнеше айды қажет етеді. Жылдам опциялар да қолданылады. Негізгі акционерлер құрамындағы өзгерістер туралы жарияланбайды, яғни бұрынғы кредитке қабілетті иеленушінің маскасымен қызметі

жалғастырылады. Болашақта компания бұрынғы жеткізушілерден және жаңаларынан көптеген тауарларды сатып алады. Тапсырыстарды алғаннан кейін тауарлар сатылады және алаяқтар жасырылады.

Кейде алаяқтар төлемді кейінге қалдыруға тырысып, жаңа тапсырыс жасайды. Олар мұндай психологиялық техниканы жиі басқарады, өйткені серіктес, біріншіден, жаңа келісімшарт клиентпен байланысты нығайтады деп санайды; екіншіден, жаңа тапсырыс алған кезде клиенттің қаржылық мүмкіндіктеріне сенімділік пайда болады. Сондықтан, алаяқтардың қолына түспеу үшін клиенттен жаңа тапсырысты олардың алдыңғысын төлегеннен кейін ғана қабылдау ережесін алу керек, сонымен қатар тапсырысты бірнеше бөлікке бөліп, алдыңғы бөлігі төленгенге дейін одан әрі жұмыстан бас тартып, әр бөлік үшін есептеуді талап ету керек.

Басқа жағдайларда, алаяқтар алынған тауарларға ақы төлеу көрінісін жасай отырып, төлем құжаттарын жалған жасауға тырысады. Көбінесе бұл үшін жалған төлем тапсырмалары қолданылады. Төлем тапсырмасы іс жүзінде жалған болуы мүмкін, бірақ формасы бойынша нақты. Ол үшін алаяқ өзіне қызмет көрсететін банкке белгілі бір мекен-жайға ақша сомасын аударуды тапсырады және банктің белгісі бар төлем тапсырмасының көшірмесін алады. Қысқа уақыт өткеннен кейін ол сатушыға төлем тапсырмасының қалған көшірмесін ұсына отырып, бұл соманы қайтарып алады. Мұндай жағдайларда алаяқтар үлкен сенімділік беру үшін әртүрлі амалдарға жүгінеді.

Сонымен, автомобиль сататын дүкендерден жақсы киінген ер адам хабарласып, Мерседес маркалы он автомобиль сатып алуға бола ма деп сұрады. Пайдалы сатып алушыға риза болған сатушылар, әрине, мүмкін деп жауап берді. Осыдан кейін ер адам ақша аудару үшін дүкеннің барлық қажетті мәліметтерін жазып, алдымен тек екі көлік сатып алатынын айтты. Содан кейін ол жақын маңдағы банктің мекен-жайын біліп, автокөлік сатып алу үшін төлеуге баратынын айтты. Біраз уақыттан кейін ол төлем тапсырмасын алып, екі көлік алды. Келесі күні ол қайтадан дүкенге қоңырау шалып, ақша келді ме деп сұрады. Ақшаның түспегенін білген кезде, ол ақшаны ұзақ уақыт аударатын банк қызметкерлерімен «сөйлесетінін» айтып уәде береді, бірақ содан кейін жасырынады.

Кейін белгілі болғандай, төлем тапсырмасы жалған болып шықты және ол дүкенге сатушылардың қырағылығын төмендету және автокөліктерді сатуға уақыт табу үшін қоңырау шалды. Мұқият әрекет ететін кәсіпкерлердің экономикалық іс-әрекеті мұндай қол сұғушылыққа қарсы тиімді шараларды әзірледі. Мұндай жағдайларда кейбір кәсіпкерлер төлем тапсырмасын немесе вексельді алып, банкке ақша аудару фактісі бар-жоғын тексеруді сұрайды. Міне, бұл кәсіпкерлермен жалған келісім-шарт жасаудың бір көрінісі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының «Алаяқтық, иемдену және ұрлау туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 27.12.2007 жылғы №51 қаулысы
2. С.М.Рахметов. О понятии мошенничества и его видоизменениях в уголовном праве Республики Казахстан. Астана.2016.
3. ҚР Қылмыстық кодексі. 04.07.2014ж. қабылданған,28.12.2022 ж. өзгерістермен, түзетулермен
4. О.Н. Тлепбергенов.Алдау және сенімге кіру арқылы жасалған алаяқтық үшін жауаптылық.Алматы.2015.
5. Г.М.Атаханова.Алаяқтық қылмысының жасалу жолдары мен жағдайлары. Алматы.2013.

**Торетай А.О.**

## **ОТЛИЧИЯ МОШЕННИЧЕСТВА ОТ ДРУГИХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ**

*В целях совершенствования судебной и следственной практики, в статье рассматриваются проблемы разграничения мошенничества и других преступлений против собственности, совершаемых с помощью обмана и злоупотребления доверием: кражи, присвоения и растраты, ненасильственного грабежа, причинения имущественного ущерба путем обмана и злоупотребления доверием. Приводятся примеры неправильной квалификации данных преступлений из судебной практики.*

**Toretai A.O.**

## **DIFFERENCES FRAUD FROM OTHER CRIMES**

*Annotation. In order to improve judicial and investigative practice, the article discusses the problems of distinguishing fraud and other crimes against property committed through deception and abuse of trust: theft, embezzlement and embezzlement, nonviolent robbery, causing property damage by deception and abuse of trust. Examples of incorrect qualification of these crimes from judicial practice are given.*

УДК:342.714

**Турлаев А.В., Иманбеков М.М.**

Карагандинский университет имени Е.А.Букетова

Караганда, Республика Казахстан

*Turlaev\_a@mail.ru, ymanbekov@rambler.ru*

## **ПРОБЛЕМЫ ОФОРМЛЕНИЯ УТРАТЫ КАЗАХСТАНСКОГО ГРАЖДАНСТВА ЛИЦАМИ, ПОСТОЯННО ПРОЖИВАЮЩИМИ ЗА ПРЕДЕЛАМИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

*В статье рассматриваются проблемы, возникающие при прекращении гражданства Республики Казахстан на примере оформления утраты гражданства лицами, постоянно проживающими за пределами страны и принявшими иностранное гражданство за рубежом.*

**Ключевые слова:** *гражданство, прекращение гражданства, оформление утраты гражданства*

Прекращение гражданства регламентируется главой 3 «Прекращение гражданства» Закона Республики Казахстан «О гражданстве Республики Казахстан». Гражданство Казахстана определяет устойчивую политико-правовую связь лица с государством, выражающую совокупность их взаимных прав и обязанностей. При этом за гражданином Республики Казахстан не признается гражданство другого государства. В этой же главе перечисляются основания прекращения гражданства: 1) выход из гражданства; 2) утрата гражданства 3) лишение гражданства [1]. При этом срок прекращения гражданства в статье 37 «Исчисление срока приобретения и прекращения гражданства» Закона РК О гражданстве [1], определяется следующим образом: «Гражданство Казахстана прекращается в день: 1) Издания Указа Президента Республики Казахстан о выходе из гражданства. 2) Вступления в законную силу приговора суда о лишении гражданства. 3) регистрации его утраты государственными органами. 4) Регистрации выхода из гражданства Республики Казахстан в порядке, предусмотренном межгосударственными договорами Республики Казахстан» [1]. При этом, например, с момента утраты гражданства, до его регистрации может пройти достаточно большой период времени. В соответствии в КОАП РК, лица не сообщившие



в течение месяца о принятии иностранного гражданства подвергаются штрафу в размере 200 месячных расчетных показателей или административному выдворению из страны [2]. Таким образом, предполагается, что лицо, утратившее гражданство Казахстана в месячный срок обратится с заявлением.

Для регистрации утраты гражданства лицо, постоянно проживающее на территории Республики Казахстан, и принявшее гражданство другого государства, в течение тридцати календарных дней подает в органы внутренних дел следующие документы:

1) заявление о регистрации утраты гражданства Республики Казахстан в произвольной форме;

2) паспорт и (или) удостоверение личности гражданина Республики Казахстан (оригинал); в случае утери паспорта и (или) удостоверение личности Республики Казахстан лицо дает письменное объяснение.

3) копия паспорта гражданина иностранного государства или документ, подтверждающий наличие иностранного гражданства;

Должностное лицо составляет протокол об изъятии документов, удостоверяющих личность [3].

Регистрация утраты гражданства лиц, постоянно проживающими за пределами Казахстана осуществляется заграничными учреждениями, на основании документов, подтверждающих наличие условий, предусмотренных в Законе «О гражданстве», загранучреждения составляют заключение о регистрации утраты гражданства Республики Казахстан лиц, постоянно проживающих за пределами Республики Казахстан, по установленной в Правилах форме [4]. Лицо, постоянно проживающее за пределами Республики Казахстан, и принявшее гражданство другого государства, для оформления регистрации утраты гражданства Республики Казахстан подает в загранучреждение следующие документы:

1) заявление о регистрации утраты гражданства Республики Казахстан в произвольной форме;

2) паспорт гражданина Республики Казахстан (оригинал);

3) копия паспорта гражданина иностранного государства или документ, подтверждающий наличие иностранного гражданства;

4) копия решения о выезде в другое государство для постоянного проживания или документ, подтверждающий разрешения о выезде в другое государство для постоянного проживания [4]. При этом большую сложность представляет необходимость предоставления копии решения о выезде в другое государство для постоянного проживания или документ, подтверждающий разрешение о выезде в другое государство для постоянного проживания, в случае если лицо приняло гражданство за рубежом. Таким образом, возникает проблема регистрации утраты гражданства, связанная со сложной процедурой и перечнем документов, необходимых для регистрации его утраты.

Анализ информации из социальных сетей, посвященных проблемам оформления утраты казахстанского гражданства [5], позволяет выделить наиболее типичные случаи:

- Реальная выдача документов осуществляется позже указанной даты в документе, зачастую этот срок значительно увеличивается из-за задержек пересылок иностранных паспортов посредством почты. Соответственно многие лица не успевают оформить утрату гражданства в установленный месячный срок.

- Лица, получившие иностранное гражданство за границей, как правило, не знают о необходимости прибыть в казахстанское консульство, сдать казахстанский паспорт в месячный срок и оформить утрату гражданства.

- Некоторые лица испытывают финансовые и материальные затруднения для того чтобы добраться в консульство Республики Казахстан. К тому же, в случае получения гражданства за рубежом, человеку перед оформлением утраты гражданства, нужно оформить разрешение на выезд на постоянное место жительства за рубежом.

С момента обретения независимости Республику Казахстан покинуло 4,2 миллиона человек. Из них 2,5 миллиона уехало в Россию, более миллиона в Германию, около 225 тысяч в Украину, 70 тысяч в Беларусь, в Грецию 27 тысяч, в Чехию – 8 тысяч, шесть тысяч в Польшу. В Азию уехало около 75 тысяч, в том числе в Туркмению – 20 тысяч, в Израиль, Узбекистан, Кыргызстан по 13 тысяч, семь тысяч в Турцию, в США – 36 тысяч, в Канаду 13 тысяч, в Мали более двух тысяч, около тысячи в Ливии, а также в другие страны [6]. При этом многие лица приняли иностранное гражданство, и не оформили утрату гражданства Республики Казахстан.

Исходя из норм Конституции и официального толкования Конституционного Совета, лица, принявшие иностранное гражданство утратили казахстанское гражданство, но исходя из статьи 37 ныне действующего Закона Республики Казахстан «О гражданстве», гражданство прекращено только у тех лиц, кто официально оформил утрату гражданства в соответствии с законом. Таким образом, исходя из анализа информации из социальных сетей, посвященных проблемам оформления утраты казахстанского гражданства, достаточно большое количество лиц, принявших иностранное гражданство, могут рассматриваться в качестве граждан Казахстана.

Таким образом, представляется необходимым, исходя из Постановления Конституционного Совета от 1 декабря 2003 года, подчеркивающего императивность нормы пункта 3 статьи 10 Конституции о том, что прекращение гражданства Республики должно осуществляться в упрощенном (регистрационном) порядке [7]. При этом предусмотреть упрощенный регистрационный порядок уведомительного характера процедуры оформления утраты казахстанского гражданства, на основании предъявления документов подтверждающих принятие иностранного гражданства и уменьшения количества необходимых документов. Соответственно, по нашему мнению, возможно из пункта 24 Правил приема, оформления и рассмотрения загранучреждениями Республики Казахстан заявлений по вопросам гражданства, утраты и лишения гражданства и определения принадлежности к гражданству [4] удалить подпункт 4: «Копия решения о выезде в другое государство для постоянного проживания или документ, подтверждающий разрешения о выезде в другое государство для постоянного проживания». По нашему мнению, регистрацию утраты гражданства можно осуществлять посредством Заключения о регистрации утраты гражданства лиц, постоянно проживающих за пределами Республики Казахстан на основании документов, подтверждающих приобретение гражданства другого государства.

Данное исследование финансировано Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан. (Грант №АР14870745).

#### **Список использованных источников:**

1. Закон «О гражданстве Республики Казахстан» от 20 декабря 1991 года // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z910004800> (Дата обращения 08.04.2023)

2. Об административных правонарушениях. Кодекс Республики Казахстан от 5 июля 2014 года // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235> (Дата обращения 07.04.2023)/

3. Об утверждении Правил приема, оформления и рассмотрения органами внутренних дел ходатайств (заявлений) по вопросам приема в гражданство Республики Казахстан и восстановления в гражданстве Республики Казахстан, в том числе в упрощенном (регистрационном) порядке, выхода из гражданства, утраты, лишения гражданства и определения принадлежности к гражданству Республики Казахстан. Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 28 января 2016 года № 85. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 4 марта 2016 года № 13391 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013391> (Дата обращения 16.04.2023)

4. Об утверждении Правил приема, оформления и рассмотрения загранучреждениями Республики Казахстан заявлений по вопросам гражданства Республики Казахстан, утраты и лишения гражданства Республики Казахстан и

определения принадлежности к гражданству Республики Казахстан. Приказ Министра иностранных дел Республики Казахстан от 15 сентября 2017 года № 11-1-2/420. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 12 октября 2017 года № 15884// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015884> (Дата обращения 16.04.2023)

5. Надо ли оформлять утрату гражданства Казахстана в Германии // <https://vivaеurope.ru/toeurope/pereesd-v-germanij/nuzhno-li-oformlyat-utratu-grazhdanstv> (Дата обращения 07.04.2023); Утрата гражданства Республики Казахстан // <https://back2russia.net/index.php?/topic/1639-utrata-grazhdanstva-respubliki-kazahstan/page/2/> (Дата обращения 07.04.2023);

6. Озвучено число людей, уехавших из Казахстана за годы независимости // TENGRI.NEWS.KZ от 11 июня 2021 года // [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/ozvucheno-chislo-lyudey-uehavshih-kazahstana-godyi-440013/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/ozvucheno-chislo-lyudey-uehavshih-kazahstana-godyi-440013/) (Дата обращения 07.04.2023)

7. Об официальном толковании статей 10 и 12 Конституции Республики Казахстан. Постановление Конституционного Совета Республики Казахстан от 1 декабря 2003 года N 12 // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/S030000012\\_#z0](https://adilet.zan.kz/rus/docs/S030000012_#z0) (Дата обращения 07.04.2023)

**Турлаев А.В., Иманбеклв М.М.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАН ТЫС ЖЕРДЕ ТҰРАҚТЫ  
ТҰРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҒЫНАН АЙЫРЫЛУЫН  
ТІРКЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Мақалада елден тыс жерде тұрақты тұратын және шетелде шетел азаматтығын қабылдаған адамдардың азаматтығынан айырылуын ресімдеу мысалында Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған кезде туындайтын проблемалар қарастырылады.*

**Тірек сөздер:** азаматтығы, азаматтығын тоқтату, азаматтығын жоғалтуды ресімдеу

**Turlayev A.V., Imanbekov**

**PROBLEMS OF REGISTRATION OF THE LOSS OF KAZAKH  
CITIZENSHIP BY PERSONS PERMANENTLY RESIDING OUTSIDE THE  
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

*The article deals with the problems arising from the termination of citizenship of the Republic of Kazakhstan on the example of registration of loss of citizenship by persons permanently residing outside the country and who have taken foreign citizenship abroad.*

**Keywords:** citizenship, termination of citizenship, registration of loss of citizenship

**Тұрымбет Ә. І.**

Қазтұтынуодағы қарағанды университетінің магистранты

Қарағанды, Қазақстан Республикасы

[romantika\\_2000@mail.ru](mailto:romantika_2000@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент **Байкенжина К.А.**

## **АДАМДАР ТОБЫ ЖӘНЕ АДАМДАР ТОБЫНЫҢ АЛДЫН АЛА СӨЗ БАЙЛАСЫП ЖАСАҒАН АДАМ ӨЛТІРУ ҚЫЛМЫСЫН САРАЛАУ**

ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2003 жылғы 3 шілдедегі. «Қасақана кісі өлтіру туралы істер бойынша сот тәжірибесінде туындаған кейбір мәселелер туралы» қаулысында мынадай түсіндірме бар: «егер оған бірге жасалғаны туралы алдын ала уағдаласқан адамдар қатысса, қатысқан адамдардың кейбіреулері қылмыстық жауапкершілікке тартылмауына немесе есі дұрыс еместігіне байланысты қылмыстық жауапкершілікке тартылмауына қарамастан, алдын ала сөз байласу арқылы қылмыс жасаған деп танылады» [1]

Заңды негіздерге байланысты қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын адамдардың әрекеті, қылмыстық құқық субъектісінің іс-әрекеттері ретінде саралауға жатпайды. Алайда, қылмыс субъектісінің әрекетін істің барлық мән-жайларын және оның адамдар тобының құрамында әрекет еткенін ескере отырып бағалау қажет.

Субъектінің іс-әрекетін адамдар тобының құрамында жасалған деп саралау мүмкіндігін жоққа шығаратын мән-жай бойынша, ғалымдардың пікірі, қылмысқа қатысушылардың біреуі оның субъектісі болып табылмаған жағдайда, әдетте, есі дұрыс емес адамдар (жас балалар және т.б.) қылмыстық құқық субъектілері болып табылмайды, сондықтан олар адамдар тобының құрамында қылмыс жасай алмайды. Қылмыс субъектісі ретінде жауаптылыққа тартуға болмайтын тұлға, өзге де қылмыс субъектілермен бірлесіп әрекет еткенімен, олардың әрекеті, топ құрамында қылмыс жасалған болып есептелмейді.

Қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын адамдармен бірлесіп адам өлтіруді жасайтын субъект қылмыстық нәтижеге қол жеткізу үшін өзінің мүмкіндіктерін барынша арттырады. Мұндай адамдар қылмыстық құқық субъектісіне қылмыс жасауды жеңілдетеді, ал мүмкін болған жағдайда, түрлі айла-шарғы жасайды, мысалы, жас балалар тобын ұйымдастыру ересек адамдар тобына қарағанда едәуір оңайырақ, олар қылмыс жасау әдістерін ойлап табуда, жасауда, қолдануда ересектерден әлдеқайда дамыған болуы мүмкін.

Жәбірленушіге қылмыс жасаған адам қылмыстық құқық субъектілері болып табыла ма, жоқ па, бәрі бір, өйткені ол қайтыс болған адам екеніне назар аудару маңызды. Қылмыс жасаушылар санының өсуі, оның қылмыстық мақсатқа жету мүмкіндігін айтарлықтай молайтады, яғни кедегі санын азайтады. Осылайша, қандай да бір себептермен қылмыстық құқық субъектілері болып танылмаған тұлғалармен бірге адам өлтіруді саралау үшін барлық объективті және субъективті негіздер бар деп айтуға болады.

Алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған адам өлтіру ретінде жасалған әрекетті саралау үшін бірлесіп орындаушылар арасында жәбірленушіні өлтіруге алдын ала сөз байласудың орнатылғандығын дәлелдеу қажет. Сөз байласуды жәбірленушіні өлтіру мақсатында күш-жігерді біріктіру келісімі ретінде анықтауға болады. Алдын ала сөз байласу қылмыстарға қатысушы адамдар зардап шегушіні өлтіру туралы оның өмірінен тікелей айыруға кіріскен сәтке дейін, яғни қастандық жасау

сатысына дейін дайындау сатысында болғанды білдіреді. Қастандық кезеңінде жасалған қатысу қылмысқа қосылу ретінде ғана саралануы мүмкін.

Кісі өлтіруге дайындалу кезеңінде кінәлілер қылмыстық нәтижеге қол жеткізу үшін қасақана қолайлы жағдай жасайды, қатысушыларды, кісі өлтіру құралдарын іздейді, қылмыс іздерін жасыру жөніндегі іс-шараларды белгілейді және т.б. қастандық жасау кезеңінде жәбірленушіні тікелей өмірінен айыруға бағытталған қасақана әрекеттер жүргізіледі.

Сондықтан, егер бір субъект қылмыстың объективті жағын орындай бастаса, яғни жәбірленушіні өмірінен айыру, ал екіншісі осы сәтте оған қосылған болса, онда адам өлтіру алдын ала сөз байласу бойынша жасалған деп сараланбайды. Алайда, егер бірлесіп орындаушылар арасында жәбірленушінің өлімі туралы бұрын уағдаластыққа қол жеткізілгені анықталса, онда жасалған іс-әрекет, бұл жағдайда алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобы жасаған деп саралануы мүмкін.

Адам өлтіруге сөз байласу қылмыс жасалғанға дейін де, одан айырудың алдында де болуы мүмкін. Заң тұрғысынан, адам өлтіруді жасауға келіскенде, ең бастысы, бұл объективті тарап басталғанға дейін болды. КСРО, РСФСР, ҚР Жоғарғы Соттарының шолуларында қылмыстың дұрыс емес саралануына әкеп соғатын ең көп таралған қате-жәбірленушіні өлтіру кезінде бірлесіп орындау және қатысу белгілерінің дәлме-дәл анықталуы болып табылады.

ҚР ҚК 27-бабының адамдар тобының ұғымына сәйкес, егер қылмысты жасауға алдын ала сөз байласпай екі немесе одан да көп орындаушы бірлесіп қатысса, қылмыс адамдар тобы жасаған деп танылатынына назар аударылған [2]. Сонымен бірге алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған қылмыстарға қатысты, егер оған оны бірлесіп жасау туралы алдын ала уағдаласқан адамдар қатысса, қылмыс осындай деп танылатыны көрсетіледі. Алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобын құрайтын қатысушылардың түрі туралы ештеңе айтылмаған.

Алдын ала сөз байласу арқылы кісі өлтіру бірнеше адамды біріктіру нәтижесінде жасалуы мүмкін, олардың біреуі ғана тікелей орындаушы, сондай-ақ бірнеше бірлесіп орындаушы болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, «өлтіруге қатысу» және «өлтірудегі бірлескен орындаушы» ұғымдарын ажыратуға қатысты нақты анықтама берілмеген.

Бұдан басқа, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалған адам өліміне қатысу да болуы мүмкін. Егер, біздің көзқарасымыз кейбір авторлардың логикасын ұстанса, қатысушылардың түрлері мен формаларын бөлу мүлдем артық болады. Мысалы, Г.И.Баймурзин келесі редакцияны ұсынады: «орындалатын рөліне қарамастан, екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыс жасауға қасақана бірлесіп қатысуы қылмысқа қатысу деп танылады» [3, 1486]. Бұл ұсыныстың өзі ерекше қарсылық тудырмайды, бірақ одан әрі автор ҚК-нің 28-бабының 1-бөлігінде топта бірлесіп орындаушылар ғана емес, сондай-ақ айдап салушының, ұйымдастырушының, көмектесушінің рөлін атқаратын басқа да қатысушылар бола алатынын мойындауды ұсынады.

Адам өлтіруді алдын ала сөз байласуымен, яғни ҚР ҚК 99-бабының 2-бөлігінің «ж» тармағында көзделген адамдар тобы жасаған деп тану үшін кінәлілер адам өлтірудің объективті жағын жәбірленушіні өмірінен айыруға бағытталған ниетпен орындағанын анықтау қажет. Адам өлтірудің объективті жағын орындау кезінде кінәлі адам зардап шегушіні өмірінен айыру процесіне қатысады. Мысалы, ол жәбірленушінің өмірлік маңызы бар органдарының аумағына еніп кеткен жарақаттарды тигізуі немесе жәбірленушіні басқаларын өлтіруі кезінде оны кедергі келтіру мүмкіндігінен айыруы мүмкін - жәбірленушінің қолынан, аяғынан, басынан, басқада өлімге әкеп соғатын әрекеттер кезінде ұстап тұруы мүмкін. Кінәлі жәбірленушінің өліміне тікелей әкеп соқтырмайтын және оған қарсылық көрсетпейтін, бірақ басқа адамдардың іс-әрекеттерімен жиынтығында жәбірленушінің өлуіне себеп болатын іс-әрекеттер жасауы

мүмкін, мысалы, адамды бірнеше кінәлінің ұрып-соғуы, соның нәтижесінде оның қайтыс болуы мүмкін.

ҚР ҚК 99-бабының бір тармағында топтың үш түрімен қылмыс жасағаны үшін жауапкершілік қарастырылғанына қарамастан, бұл іс-әрекетке кінәлілерді саралаған кезде нақты жағдайда топтың түрін анықтаудың қажеті жоқ дегенді білдірмейді. Керісінше, топтың түрі жасалған әрекеттің саралануына және жаза тағайындау кезінде ескерілетін қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесіне әсер етеді.

Адамдар тобы жасаған адам өлтіру үшін адам өлтіруге алдын ала сөз байласудың болмауы, сондай-ақ қылмыс жасау кезінде бірлесіп орындаушының болуы тән. Сондықтан адамдар тобы жасаған адам өлтіруді адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасалған кісі өлтірумен де, бірге қатысып жасалған адам өлтірумен де ажырату қажет.

Қарағанды облыстық сотының 2020 жылғы 5 желтоқсандағы үкімі бойынша И.В.Девальд және кәмелетке толмаған А.А.Сидоров, А.А.Шишкин адамдар тобымен Р.В.Прутковты қасақана өлтірді. Сотталушы Ж.В. Архиповамен, А.В.Архиповпен, Р. В. Прутковпен бірге 2020 жылғы 11 сәуірде, Қарағанды қаласындағы Кирпичная көшесінің 2 үйінде орналасқан шеберханада спирттік ішімдіктер ішкен, ішкен кезде Девальд пен Прутков арасындағы жеке қарым-қатынас негізінде жанжал туындаған. Девальд қарым-қатынасын анықтау үшін Прутковқа көшеге шығуды ұсынды. Сидоров, Шишкинмен бірге олардың ізімен шықты. Девальд пен Прутковтың арасындағы кенеттен пайда болған жанжалды көрген кезде Сидоровпен Шишкин Девальдқа қосылып, Прутковты қолдарымен денесінің әр түрлі жерлерінен аяқпен тебе бастады. Девальд, оларды қастарынан өтіп бара жатқан адамдар мен полиция қызметкерлері көріп қоятынын сезіп, барлығына алыстау жерге көшуді ұсынды. Девальд, Шишкин және Сидоровпен келісе отырып, Прутковпен бірге Кузнечная көшесінде орналасқан гараждарға барды, онда Девальд, Сидоров, Шишкин, Прутковты жерге құлатып, оны қолдарымен ұрып және аяғымен тебуді жалғастырды.

Барысында ұрып бастаған Девальдқа кенеттен Прутковты өлтіру ниеті пайда болып, өзімен бірге алып шықан пышақпен жәбірленушінің басынан денесінің басқа да жерлерінен көптеген соққылар жасай бастады. Одан әрі Девальд пышақты Шишкинге және Сидоровқа беріп, оларға Прутковқа қалай соққы жасау керек екендігін үйрете бастады. Шишкин және Сидоров Девальдтың ұсынысымен келісе отырып, кезекпен іс-қимыл жасай отырып, жәбірленушінің денесінің әр түрлі бөліктері мен басына пышақпен соққы жасауды жалғастырды. Прутковты қалай да өлтіруді мақсат еткен Девальд Сидоровқа Архипованың пәтерінен тағы бір пышақ алып келуді ұсынды. Өкелген пышақты пайдаланып, Девальд алдыңғы екеуіне қосылып, Прутковты соққылай бастады.

Аталған іс-әрекеттердің нәтижесінде Прутков қайтыс болды. Жәбірленуші Прутков сот сараптамасының қорытындысына сәйкес алынған жарақаттар салдарынан қайтыс болды деген қорытынды жасады. Сот отырысында Девальд өз айғақтарын өзгертіп, жәбірленушіні өмірінен айырған өзі екенін айтты. хабарлады. Бұл ретте қалған сотталушылардың не істгенін ол білмейтін болып шықты. Алайда, бұл мән-жай соттың пікірінше, Сидоров пен Шишкиннің кінәсін жоққа шығармайды, өйткені олардың іс-әрекеттерінің объективті жағы жәбірленушінің өмірін айыруға бағытталған олардың бірлескен ниетін көрсетеді.

Осылайша, әрбір сотталушының іс-әрекеттері сот ҚР ҚК - нің 99-бабының 2-бөлігінің «ж» тармағымен-адамдар тобы жасаған басқа адамға қасақана қаза келтіру ретінде сараланады, себебі алдын ала сөз байласу белгісі сот отырысында өзінің растауын таппады [4].

Алдын ала сөз байласпай адамдар тобы жасаған адам өлтіруді алдын ала сөз байласумен жасалған адам өлтірумен саралауға қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар. Топтың алдын ала сөз байласуы бойынша адам өлтіру кезіндегі басты айырмашылық

жәбірленушіні өлтіру келісімі іс-әрекет басталғанға дейін әрқашан қол жеткізіледі, ал адамдар тобы алдын ала сөз байласпай адам өлтіру кезінде адам өлтіру келісімі жәбірленушіні өлтіруге бағытталған іс-әрекеттер басталғаннан кейін пайда болады.

Сонымен, Ю. мен Ж. алдын ала сөз байласып, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен келесі мән-жайлар бойынша адам өлтіргені үшін сотталған: Ю. мен И. арасында жанжал туындаған, оның барысында Ю. өзінің төс қалтасында жатқан И-ге пышақпен соққы келтірген, нәтижесінде ішкі органдарды зақымданбаған, бірақ ауыр жарақат алған. Жәбірленуші жәбірлеушіге қарсылық көрсете бастады, осыған байланысты Ю. Ж.-дан көмектесуді сұрады. Ж. Н-дың аяғын ұстағанда, Ю. оның жүрек тұсына пышақпен тағы бір соққы келтірген, ол оқиға орнында қайтыс болған.[5]

Бұл жағдайда И. өлтіруді ниет еткен, бірақ И.тарапынан қарсылық болғандықтан, Ю. Ж.-дан көмек сұраған. Бұл жағдайда адам өлтіруді бірлесіп аяқтау жасалған әрекетті бір топ адамның алдын ала сөз байласуымен жасалған адам өлтіру ретінде саралауды болдырмайды.

Ұйымдасқан адамдар тобына келетін болсақ, ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 10-тармағында бір немесе бірнеше кісі өлтіру ниетімен біріктірілген екі немесе одан да көп адамнан тұратын топ ретінде түсіндіріледі . [6]. Мұндай топ қылмысты мұқият жоспарлайды, алдын ала кісі өлтіру құралын дайындайды, өз қатысушыларының арасында рөлдерді бөледі. Сондықтан адам өлтіруді ұйымдасқан топ жасаған деп тану кезінде барлық қатысушылардың әрекеттерін олардың қылмыстағы рөліне қарамастан, ҚР ҚК 28-бабына сілтеме жасамай-ақ орындау ретінде саралау керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2003 жылғы 3 шілдедегі. «Қасақана кісі өлтіру туралы істер бойынша сот тәжірибесінде туындаған кейбір мәселелер туралы» қаулысы

2.ҚР Қылмыстық кодексі.04.07.2014ж. қабылданған,28.12.2022ж. өзгерістермен, толықтырулармен

3.Г.И.Баймурзин. Сравнительно-виктимологическая характеристика нераскрытых убийств по материалам Алматы. 2008.Алматы.2016

4.Қарағанды облыстық сотының № 401578 қылмыстық іс материалдары

5.Қарағанды облыстық сотының № 502871 қылмыстық іс материалдары

6.ҚР Жоғарғы Сотының Пленумы "Кісі өлтіру істері жөніндегі сот тәжірибесі туралы" 2009 жылғы 27 қаңтардағы қаулысының 10-тармағы.

#### **Турумбет А.**

#### **КВАЛИФИКАЦИЯ УБИЙСТВА СОВЕРШЕННАЯ ГРУППОЙ ЛИЦ, И ГРУППОЙ ЛИЦ ПО ПРЕДВАРИТЕЛЬНОМУ СГОВОРУ**

*В работе рассмотрены ошибки, совершаемые правоприменителем при квалификации убийств, совершаемых группой лиц, группой лиц по предварительному сговору. Верховный Суд Республики Казахстан, изменяя приговоры в связи с неправильным применением уголовного закона, ежегодно дает разъяснения, как должны квалифицироваться соответствующие преступные деяния. Тем не менее на практике нередко допускаются ошибки в связи с неверным пониманием относительно: убийства, совершенного группой лиц, убийства, совершенного группой лиц по предварительному сговору.*

#### **Turymbet A.**

#### **QUALIFICATION OF A MURDER COMMITTED BY A GROUP OF PERSONS AND A GROUP OF PERSONS BY PRIOR CONSPIRACY**

*Annotation. The paper considers the mistakes made by the law enforcement officer in the qualification of murders committed by a group of persons, a group of persons by prior agreement. The Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, changing sentences in*

*connection with the incorrect application of the criminal law, annually clarifies how the relevant criminal acts should be qualified. Nevertheless, in practice, mistakes are often made due to a misunderstanding regarding: murder committed by a group of persons, murder committed by a group of persons by prior agreement.*

УДК 343.2/1

**Шахитзаткан Ж.Ш.**

Volashaq академиясының МЮ-21-2 тобының магистранты  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

## **ОТБАСЫЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҰҒЫМДЫҚ МӘНІ**

*Тұрмыстық қылмыстың алдын алуға бағытталған іс-шаралар дәстүрліден консервативтіге ауысады және оң нәтиже бермейді. Тәжірибе жаңа тиісті зерттеулерді қажет етеді, оның сұраныстары тұрмыстық қылмыстардың алдын-алу тиімділігін арттыру қажеттілігіне байланысты. заңшығарушы «тұрмыстық зорлық-зомбылық» ұғымын «отбасылық-тұрмыстық» шегіне дейін тарылтты. Арнайы заңның қызметі аясынан тұрмыстық қатынастардың өзге компоненттері, және тиісінше, осы салалардағы зорлықшыл әрекеттер, мысалы, оларға жатқызылуы мүмкін тұрғын-үй тұрмыстық зорлық-зомбылығы, ұжымдағы зорлық-зомбылық және т.б. түсіп қалады. Сондықтан, автор отбасылық тұрмыстық қылмыстар ұғымын заңдарда қолдануды негіздейді.*

Отбасылық-тұрмыстық қылмыстардың алдын алу шаралары жүйесі тиімсіз болып отырғанын көріп отырмыз. Отбасы тұрмыстық саладағы зорлық-зомбылық жыл өткен сайын зор масштабтарға ие болып келе жатыр және қоғам мен тұлғаның қауіпсіздігіне қол сұғатын мәселеге айналып отыр. Қылмыстың себептері мен жағдайларын бейтараптандыруға байланысты елдегі қылмыстық жағдайды бақылауға алу үшін құқық қорғау органдарының жекелеген әрекеттері күтілген нәтиже бермеді. Тұрмыстық қылмыстың алдын алуға бағытталған іс-шаралар дәстүрліден консервативтіге ауысады және оң нәтиже бермейді. Тәжірибе жаңа тиісті зерттеулерді қажет етеді, оның сұраныстары тұрмыстық қылмыстардың алдын-алу тиімділігін арттыру қажеттілігіне байланысты.

Зерттеулер барлық ауыр қылмыстардың шамамен 30-40% отбасында жасалатынын көрсетеді. Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында қаза тапқандардың шамамен 40%-ын өздерін қорғай алмайтын балалар, мүгедектер, әйелдер құрайды [1]. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың латенттілігі жоғары деңгейде, ол ең алдымен көптеген отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастың көпшілікке жария болуынан, оның ушығуынан қорқу сияқты бірқатар себептерге байланысты. Нәтижесінде олар орын алған зорлықшылдық жағдайға үнсіз шыдау жолын таңдауын түсіндіреді [2; 7].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы берген анықтамада зорлық-зомбылық ретінде өзіне, өзге тұлғаға, тұлғалар тобына немесе қауымдастыққа қарсы шынайы немесе қауіп ретінде бағытталған, нәтижесі дене жарақаттары, өлім, психологиялық жарақат, дамуында ауытқушылық немесе түрлі зардап болып табылатын (немесе болып табылуы мүмкін) қасақана физикалық немесе биліктік күш қолдану танылады [2; 5].

«Отбасындағы зорлықшыл қылмыстылық» ұғымының анықтамасы «зорлықшыл қылмыстылық» және «отбасы» сияқты терминдерді ашып қарауды талап етеді. Қылмыстық-құқықтық және қылмыстанымдық әдебиеттерде зорлықшыл қылмыстардың ұғымы, белгілері мен түрлері жөніндегі мәселе бойынша әртүрлі, тіпті кейде қарама-



қайшы пікірлер кездеседі. Бірақ зорлықшыл қылмыстарды принципиалды тұрғыда түсінуде айтарлықтай қиындықтар туындамайды. Осы санаттағы қылмыстардың негізгі ерекше сипаты болып оларды жасау кезінде отбасы мүшелеріне физиологиялық және психикалық зорлық-зомбылықты қолдану табылатынын барлық зерттеушілер атап өтеді [3,31].

Барлық қылмыстарды, соның ішінде отбасында жасалатын қылмыстарды зорлықшыл топқа біріктіретін ортақ белгі оларды жасау кезінде тұлғаға қарсы қолданылатын зорлық-зомбылық болып табылатынын ескерсек, осы қылмыстық әрекеттердің шеңберін анықтау мақсатында «зорлық-зомбылық» ұғымының сипаттамасына жүгіну керек. Ол үшін «агрессия» ұғымын сараптаудан бастаған жөн, себебі ол «зорлық-зомбылық» ұғымына мәні бойынша жақын. Батыс елдерінің психологтары Р. Бэрн мен Д. Ричардсонның пікірі бойынша, қандай бір нысанда көрініс таппасын, агрессия мұндай қарым-қатынастан жалтару үшін барлық негіздері бар басқа тіршілік иесіне қарсы зиян келтіруге бағытталған мінез-құлық ретінде танылады. Бұл кешенді анықтама келесідей жеке ережелерді қамтиды: 1) агрессия міндетті түрде жәбірленушіге қасақана, мақсатты бағытталған зиян келтіру болып саналады; 2) агрессия ретінде тірі ағзаларға зиян келтіруді көздейтін мінез-құлық қана қарастырылады; 3) жәбірленушілердің өзіне қарсы мұндай әрекеттерден жалтару ниеті болуы керек [4, 53-б.].

Әрине, агрессияны психологтар ғана зерттемейді, онымен биологтар, медицина қызметкері, әлеуметтанушылар, заңгерлер арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып шұғылданады. Алайда ХХ ғасырдың көрнекті философы Бертран Рассел махаббат пен өшпенділіктің айырмашылығы мәселесі негізінен психологияның құзырына жататындығын атап өтті. Қалай болса да, бүгінгі таңда адамның агрессиялық мінез-құлқының табиғаты мен механизмдерін зерттеуде әсерлі нәтижелерге психология ғылымы қол жеткізгенін атап өткен жөн.

Әлемде агрессия психологиясы саласындағы жетекші зерттеуші ретінде танымал Леонард Берковиц агрессияның жоғарыда келтірілген анықтамасына сүйене отырып, оның соңғы нысаны ретінде «зорлық-зомбылықты» бөліп қарастырды. Мұнымен қоса, ол «зорлық-зомбылық» ретінде басқа адамға елеулі физикалық зиян келтіруге деген қасақана талпынысты түсінеді [5, 32, 286-б.].

Соңғы кезде көптеген зерттеушілер «зорлық-зомбылық» ұғымын жиі қолданатынына қарамастан, оның мағынасы біркелкі түсіндірілмей келеді. Бүгінде «зорлық-зомбылық» термині ғылыми еңбектерде де, ауызекі сөйлеуде де әр түрлі мағынаға ие болып отыр. Нәтижесінде әрекет «зорлықшыл» деп анықталған кезде қандай белгінің ескеріліп тұрғанына әрдайым сенімді болу мүмкін емес.

Сөздіктерде «зорлық-зомбылықтың» үш анықтамасы беріледі: 1) кімге болмасын физикалық күш қолдану; 2) кімге болмасын мәжбүрлі әсер ету; 3) қыспаққа алу, заңсыздық [6, 334-б.].

Отандық заңнамада «тұрмыстық зорлық-зомбылық» ұғымы қолданылады, біздің пікірімізше, ол мағынасы бойынша «отбасылық» немесе «үйдегі зорлық-зомбылық» ұғымдарынан кеңірек. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңының 1-бабының 3-тармағына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылық отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі) ретінде анықталады [7]. Заңның 1-бабының 2-тармақшасына сәйкес отбасы-тұрмыстық қатынастар ретінде ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар түсініледі. Осыдан аталмыш Заң отбасы-тұрмыстық қатынастардағы, некелік-отбасылық қатынастарда тұратын тұлғалар, жеке тұрғын үй, пәтер немесе өзге тұрғын үй-жай ішінде

бірге тұратын тұлғалар, бұрынғы ерлі-зайыптылар арасындағы қатынастардағы зорлық-зомбылықтың алдын алуды реттейді деген қорытынды шығады.

Осылайша, заңшығарушы «тұрмыстық зорлық-зомбылық» ұғымын «отбасылық-тұрмыстық» шегіне дейін тарылтты. Соған сәйкес, Заңның қызметі аясынан тұрмыстық қатынастардың өзге компоненттері, және тиісінше, осы салалардағы зорлықшыл әрекеттер, мысалы, оларға жатқызылуы мүмкін тұрғын-үй тұрмыстық зорлық-зомбылығы, ұжымдағы зорлық-зомбылық және т.б. түсіп қалады.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «тұрмыстық зорлық-зомбылық», «отбасылық зорлық-зомбылық» және «үйдегі зорлық-зомбылық» ұғымдарына қарағанда отбасылық-тұрмыстық қатынастарда жасалатын зорлықшыл әрекеттердің мағынасын «отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылық» термині нақтырақ ашады деп санаймыз.

Соған сәйкес «тұрмыстық зорлық-зомбылық» ұғымын «отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылық» деп ауыстыруды және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV Заңына тиісті өзгерістер енгізуді ұсынамыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Корнейчук С.В., Гладырь Н.С., Карстен Е.Э., Рот Н.И. Соглашение о межведомственном взаимодействии по оказанию помощи жертвам бытового насилия. Алматы, 2014. – 276 с.

2. Женщина и бытовое насилие: Учебно-практическое пособие. – Алматы: научно-исследовательский институт Академии МВД РК и Департамент общественной безопасности МВД РК, 2003. – 131 с.

3. Гаухман Л.Д. Насилие как средство совершения преступления. – М.: Изд-во «Юрид. лит», 1974. – 167 с.

4. Бэррон Р., Ричардсон Д. Агрессия. – СПб.: Питер, 2000. – 352 с.

5. Берковиц Л. Агрессия: причины, последствия и контроль. – СПб.: прайм-Еврознак, 2001. – 512 с. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Русский язык; Издание 16-е., 1984. – 797 с.

6. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы (2015.02.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). [Электрондық ресурс]: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30525704#activate\\_doc=2](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30525704#activate_doc=2)

#### **Шахитзаткан Ж.Ш.**

#### **ПОНЯТИЙНОЕ ЗНАЧЕНИЕ СЕМЕЙНО-БЫТОВЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ**

Мероприятия, направленные на профилактику бытовой преступности, переходят от традиционных к консервативным и не дают положительных результатов. Практика требует новых соответствующих исследований, запросы которых обусловлены необходимостью повышения эффективности профилактики бытовых преступлений. юрист сузил понятие» бытовое насилие «до» семейно-бытовых " пределов. Из сферы деятельности специального закона выпадают иные компоненты бытовых отношений и, соответственно, насильственные действия в этих сферах, например, жилищно-бытовое насилие, насилие в коллективе и др., которые могут быть отнесены к ним. Поэтому автор обосновывает использование в законах понятия семейных бытовых преступлений.

#### **Shakhitzatkan Zh.Sh.**

#### **THE CONCEPTUAL ESSENCE OF FAMILY AND DOMESTIC CRIMES**

Measures aimed at preventing domestic crime are moving from traditional to conservative and do not have a positive effect. Practice requires new relevant research, the requests of which are due to the need to increase the effectiveness of the Prevention of domestic crimes. the legislator narrowed the concept of" domestic violence "to the limit of" family-

domestic". Other components of domestic relations, and, accordingly, violent actions in these areas, for example, domestic violence in housing, violence in the collective, etc., are excluded from the scope of the special law's activities. Therefore, the author substantiates the use of the concept of family domestic crimes in laws.

УДК 349. 3

**Шведчикова Е.В.**

старший преподаватель

ФГБОУ ВО Хакасский государственный университет им. Н.Ф.Катанова,  
Абакан, Российская Федерация

leena\_vik@mail.ru

### **КЛАССИФИКАЦИЯ ВИДОВ СОЦИАЛЬНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ РОССИИ**

*Актуальность данной работы определяется необходимостью создания представлений о многообразии видов социального обеспечения в современной Российской Федерации и особенностях их классификации представленной современной российской юридической наукой в сфере социального обеспечения. Изучением особенностей их нормативного закрепления и регулирования.*

*Социальные права, нормативное закрепление, финансирование, денежные выплаты, государственный бюджет, компенсации, субсидии.*

Спецификой правоотношений в сфере социального обеспечения является их возникновение в результате наступления особых фактов – необходимость получения медицинской помощи; получение инвалидности; наступление старости; материнство; потеря кормильца; признание гражданина беженцем или вынужденным переселенцем; признание человека безработным; в результате временной нетрудоспособности; в результате получения трудового увечья ли профессионального заболевания; смерть застрахованного гражданина.

А.А. Панова подразделяет виды социального обеспечения на две группы в основе которых источник инвестирования: предоставляемые в денежной форме (пенсии, пособия и т.д.) и предоставляемые в натуральной форме (медикаменты, продукты питания и т.д.) [6].

С.А. Бакиева [3] выделяет третью группу прав социального обеспечения-предоставление помощи в виде услуг (содержание в домах-интернатах, уход за престарелыми ) и льгот отдельным нуждающимся лицам, возмещение расходов связанных с оказанием медицинской помощи в санаториях, стационарах, интернатах; различные выплаты единовременных пособий, имеющих адресную направленность (например, выплаты лицам оказавшихся в трудной жизненной ситуации).

В качестве второго критерия классификации могут быть определены категории граждан которым предоставляется социальная поддержка. Данный критерия позволяет выделить следующие виды социального обеспечения:

1. социальное обеспечение граждан, находящихся в нетрудоспособном возрасте (например, дети, пенсионеры);
2. обеспечение граждан, относящихся к трудоспособному возрасту, но в силу определенных причин не имеющих возможность реализовать себя в сфере трудовой деятельности (временные безработные) [7].

Конституция Российской Федерации акцентирует внимание на таких видах социального обеспечения как государственные пенсии и социальные пособия. Эти виды представляют самый распространенный вид социального обеспечения- денежные выплаты, которые выражаются в предоставлении человеку определённой денежной суммы за счет средств государственного бюджета Российской Федерации. Используемое в праве социального обеспечения понятие денежные выплаты весьма многозначно. В рамках данной отрасли права под ним понимаются: денежные пособия, единовременные выплаты, денежные субсидии, и денежные капиталы (например, материнский капитал) и т.д.

